

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті

ӘОЖ: 378.016: 821.512.122 (043)

Қолжазба құқығында

КУДАЙБЕРГЕНОВА КУНИМЖАН ТЫНЫШТЫҚБЕКОВНА

Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесшілер:
филология ғылымдарының докторы,
профессор Б.Кәрібозұлы
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Ш.М.Майгельдиева
Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD доктор, профессор
Хулия Касапоглы Ченгел
Хажы Байрам Вели университеті,
Түркия, Анкара

Қазақстан Республикасы
Қызылорда, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
КІРІСПЕ	7
1 СЫР СҮЛЕЙЛЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ӘДЕБИ БЕЙНЕ» ЖӘНЕ «БЕЙНЕЛІЛІК» МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	14
1.1 Көркем мәтіндегі «әдеби бейне», «бейнелілік» генезисі және көркем образ жасау тәсілдері.....	14
1.2 Сыр сүлейлері шығармаларындағы суреткерлік дүниетаным және көркемдік ойлау.....	25
1.3 Сыр сүлейлерінің жазба айтыс, мысал, дастандарындағы көркемдік сипат пен символдық бейне.....	47
Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....	70
2 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА СЫР СҮЛЕЙЛЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИ БЕЙНЕ ЖӘНЕ БЕЙНЕЛІЛІК МӘСЕЛЕСІН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ	72
2.1 Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларын оқытудың педагогикалық ұстанымдары.....	72
2.2 Сыр сүлейлері шығармаларын оқыту негізінде болашақ кәсіби тіл мамандарын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі және оны оқу үдерісіне енгізудің тиімді тәсілдері.....	81
2.3 Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқытуға арналған құрылымдық-мазмұндық моделді оқу процесіне енгізу эксперименті: өту барысы, нәтижесі.....	110
Екінші бөлім бойынша тұжырым.....	133
ҚОРЫТЫНДЫ	136
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	140
ҚОСЫМША А – Анықтама (Ендіру актісі).....	147
ҚОСЫМША Ә – эксперимент жұмыстарының жоспары.....	148
ҚОСЫМША Б – таңдау курс бағдарламасы.....	150
ҚОСЫМША В – Силлабус (оқу жұмыс бағдарламасы).....	157

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалды:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Бұйрығы. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы: 2018 жылдың 31 қазанда, №604 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №746 бекітілген.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. 2023 жылдың 28 наурызында, №248 бекітілген.

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды.

Эстетика, эстетизм – адамның дүниені эстетикалық тұрғыдан ұғынып – түсіну заңдылықтары туралы, әсемдік заңдарын арқау еткен шығармашылықтың мәнісі мен формалары туралы ғылым. Ғылымның бұл саласы әсемдікті, көркем шығармашылықтың жалпы заңдылықтарын, адамның болмысқа сезімдік қатынасын зерттейді.

Контекст (context) – бір нәрсенің өмір сүретін және оның тұтас немесе толық түсінігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін айналасы немесе қоршаған ортасы; көбінесе тарихи ортасы маңызды әдеби шығармалар үшін қолданылады.

Образ, көркем бейне – шындықты танып білуде әдебиет пен өнерге тән ерекше эстетикалық категория. Көркем шығармада сөзбен сомдалған кез келген құбылысты (көбінесе әдеби қаһарман бейнесін) образ деп атайды.

Әдеби қаһарман – көркем шығармада мінезімен, іс-әрекетімен, ой-толғамымен мейлінше нақтылы дараланып, бейнеленген тұлға.

Сүлей – этнографизм, тынысы кең, суырып салма т.б. өнері жоғары деңгейде қалыптасқан ақын – жыраулар. Олар, әсіресе, Сыр бойынан көп шыққан. Оларды «Сыр сүлейлері» деп атаған (Нысанбай Жаманқұлұлы, Базар Оңдасұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Ешнияз Жөнелдікұлы, Әзілкеш Шымырұлы, Омар Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Шораяқтың Омары т.б.). Жалпы, Сыр бойындағы қисса айту дәстүрінің өкілдері болып есептелетін ақын-жыраулар халық арасында «сүлей» атымен танылған.

Жыр – кең мағынада, поэзиялық шығармалардың жалпы атауы. Көне түркі тіліндегі «иыр» сөзі де қазіргі «поэзия» терминінің мағынасында қолданылған.

Жырау – өз жанынан жыр шығарып айтатын және эпикалық дастандар мен толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі. Жырау атауы «жыр» сөзінен туындайды. Дәстүрлі қазақ қоғамында жыраулар халықтың рухани көсемі, қоғамдық пікір қалыптастыратын қайраткер рөлін атқарды. Хандар мен басқа да ел билеушілері жыраулар пікірімен санасып отырған.

Жыршы – жыр айтушы, таратушы. Қазақ ауыз әдебиетінде өлең, жыр шығаратын, қисса, толғау, дастан айтатын адамдар «жырау», «жыршы», «ақын», «өлеңші», «термеші» деп аталған.

Қисса – (әңгіме, аңыз) - ауыз әдебиетіне тән эпикалық жанр, сюжетті жыр, дастан, кітаби эпос.

Айтыс – ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма – қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы.

Нәзира, нәзирагөйлік (араб тілінен-жауап, ұқсату мағынасында) – Шығыс поэзиясында орта ғасырларда қалыптасқан әдеби үрдіс. Бір ақын жырлаған тақырыпты кейін басқа ақынның қайта жырлауы немесе алғашқы шығармаға

екіншінің «жауап» қатуы. Бұл орайда бастапқы туындының сюжеті, кейіпкерлері, өлең ырғағы, ұйқасы, көркемдеу құралдары пайдаланылады.

Миф – 1) көне аңыз, әңгіме; 2) тарихи – мәдени сананың ерекше күйі.

Символ (symbolon – танымдық белгі, таңба, рәміз, пернелеу). Көркем бейне мен ұғымның аралығында екеуінің де қызметін атқара алады. Алайда символ ұғымнан гөрі астарлы мағынаға бай, ал көркем бейнеден гөрі нақтылы мәнге ие.

Дүр – ең күшті, ерек, мықты, жоғары деңгейде, білімнің биік шыңына шыққан деген мағынада өлеңдерде көп кездеседі. Ақындар бұл сөзді де сөздік қорында көп қолданады. Мысалы, «Дүр Оңғар», «өлеңнің дүрі». «Дүр» сөзі Сыр сүлейлерінің өлеңдерінде көп қолданылады.

Инновациялық технология – алдын-ала жобаланған оқу-тәрбие үдерісін жүйелі және ретімен тәжірибеге ендіру.

Педагогикалық технология – қоғамның қазіргі таңдағы білім беру саласына қойып отырған талаптарына сәйкес анықталған білім мазмұнын жүзеге асыру үшін оқыту мақсатына қол жеткізу жолындағы тұтас дидактикалық жүйе құрайтын амалдар мен іс-әрекеттер тізбегі.

Құрылымдық модельдер – схема, графиктер мен кестелер т.б.

Логикалық модельдер – ой қорытындысы мен шарттарды талдау, негізге алынған іс-әрекеттерді талдаудың әр түрлі нұсқалары көрсетілген модельдер.

Рефлексивті ойлау – сыни ойлауға қарағанда, нәтиже алу процесінің өзін көрсетеді, яғни, қай тәсілмен, қандай әдістермен және қандай еңбекпен бұл нәтижеге жеткені туралы ойлаудың белсенді түрі.

Танымдық компонент – басқа адамдар қалай және олардан не күтуге болатындығы туралы сенім, көзқарас және ойлар арқылы қалыптасады. Біздің алғашқы тәжірибелерімізге және өмірлік қатынастардағы өзімізді қалай сезінгенімізге байланысты біз басқаларға азды-көпті сенетін боламыз.

Құзыреттілік – қабілетті, қатысты деген мағынада. Белгілі бір саланың тұлғаларының білімінің, білігінің, тәжірибесінің сәйкестігінің мөлшері.

Құзыретті қауымдастық (interpretive community) – белгілі бір әдебиетті түсінуге құзіреті жететін немесе ерекше біліктілігі бар және оқулары мәтінді тиянақтауға көмектесетін оқырмандар тобы.

Оқытуды диагностикалау – бұл (белгіленген критерилер бойынша) білімді, біліктілікті бағалау.

Контент – талдау әдісі.

Модульдік оқыту – оқытудың жаңа түрі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Қорқыт Ата атындағы ҚУ – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
ҚР – Қазақстан Республикасы
ҚР ҒЖЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
ЖОО – Жоғары оқу орындары
ЖББ – Жалпы білім беру бағдарламалары
БББ – Білім беру бағдарламасы
БАОӨЖ – Білім алушылардың оқытушының жетекшілігімен жасайтын өзіндік жұмысы
БАОЖ – Білім алушылардың өзіндік жұмысы
ЭТ – Эксперименттік топ
БТ – Бақылау топ

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру талабын алдыға тартуда. Білім берудің жаңа парадигмасының «өмірлік» білім беру идеясына бағыт алуы жеке тұлғаны қалыптастыруда ғылыми-танымдық, ізденімдік-зерттеушілік, шығармашылық әрекеттерге сүйену қажеттілігін көрсетеді. Сондықтан да жеке тұлғаға психологиялық, эмпатиялы-эстетикалық әсер ете отырып білімнің өміршендігін қамтамасыз етуге басымдылық беріледі.

Қазіргі заман ұстаздарының алдында тұрған басты міндеттердің бірі – білім алушылар бойында танымдық-интеллектуалдық және зерттеу мәдениетін қалыптастыру, білімі мен тәжірибесін практикалық тұрғыда қолдана білуге баулу. Яғни, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.

Функционалдық сауаттылықтың ең үлкен ерекшелігі – өзгермелі қоғамда әртүрлі салалардағы қолданбалы білімдер негізінде өмірлік мәселелерді шешу. Қазақстанның тәуелсіз ел атанып, дүниежүзінің өркениетті елдерінің қатарынан көріне бастауы оның экономикалық және материалдық жағдайының мол мүмкіндіктерімен ғана емес, қазақ халқы арқылы ғасырлар бойы бүгінгі ұрпақтың игілігіне айналудағы рухани бай мұрасының тудырған молдығымен де байланысты екені белгілі.

Ал тұлғаның рухани болмысын қалыптастыру оның интеллектуалды жетілуінен кейінгі орынға шегерілмейтін басты қағидаттардың бірі. Тұлғаның эмационалды-эстетикалық, рухани қалыптасуына ықпал етуші көркем өнердің ерекше қасиеті бейнелі қолданыстар мен көркем образ арқылы ашылады. Көркем бейнеде объективті-танымдық және субъективті - шығармашылық ұстанымдар бір-бірімен тығыз байланысып жатады. Әдебиеттің көркемдік ерекшелігі оның бар іс-әрекетті бейнелейтіндігімен және шығармашылық тұлғаның дүниетаным құндылықтарын, ұлттың мұрат-мүддесін, көркем танымын көрсетуімен де маңызды.

Белгілі бір өңірдің ғана емес, тұтас қазақ әдебиетінің жауһар туындылары қатарына қосылатын Сыр өңірі ақын, жыршы, жырау, сүлейлерінің шығармашылығы осындай көркем ойдың жемісі, қазақ әдебиеті делінетін үлкен өнердің құрамдас бөлігі. Сол себепті Сыр сүлейлерінің әдебиет тарихындағы орнын айқындап, көркемдік ерекшеліктерін бүгінгі әдебиеттану ғылымының талап-талғамдарына сәйкес зерделеу аса маңызды.

Осы тұрғыдан келгенде, Сыр сүлейлері шығармаларын оның бейне, бейнелілік тұрғыдан және оқыту әдістерін зерделеу - зерттеу жұмысының өзектілігін дәлелдейді.

Диссертациялық жұмыста Сыр өлкесі қаламгерлерінің шығармашылығын зерделей отырып, қазақ әдебиеті нысанына айналған шығармалардағы әдеби образ және образды қолданыстарды, суреткерлік дүниетанымды, ұлттық мінез

бен көркемдік ойдың көріністерін талдау мақсат етілді. Осы тұрғыдан бүкіләлемдік көркем ой дамуындағы гуманистік және ұлттық өлшемдерін, көркемдік бағыттарын анықтау арқылы ұлттық көркемдік дамудың нақты көрсеткіштерін тани аламыз.

Сыр сүлейлерінің шығармашылығы осыған дейін де біраз зерттеу жұмыстарына арқау болған. Ал біз өз зерттеуімізде аталған тақырып аясында Сыр сүлейлері шығармаларының әдеби мұрасына жалпылама сипаттама жасаумен шектелмей, олардың шығармаларының мазмұндық-құрылымдық ерекшелігін қарастырып, сол арқылы әдебиеттану ғылымындағы сөз образы мен әдеби образ теориясына қатысты мәселелерді сараладық. Осылайша Сыр сүлейлерінің шығармашылық дәстүрін зерттеу, негізінен, суреткерлік дүниетаным, көркемдік ойының қалыптасуы мен даму дәрежесін, стилін, өзіне тән әдеби бейне жасаудағы ерекшеліктерін талдау тақырыптың өзектілігін айқындайды.

Зерттеудің мақсаты: Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнеліліктің генезисі мен көркем образ жасау тәсілдерін анықтап, талдап, оны жоғары оқу орындарында оқытудың педагогикалық шарттары мен негіздерін жасау.

Зерттеу нысаны: Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесін жоғары оқу орындарында оқыту үрдісі.

Зерттеу пәні: Жоғары білім беру жүйесінде Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелілік мәселесін меңгертудің жаңа әдіс-тәсілдері.

Зерттеудің міндеттері:

1. Зерттеу жұмыстың нысанға алынған Сыр сүлейлері Базар жырау, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шораяқты Омары, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Қарасақал Ерімбет және т.б. ақындардың шығармаларындағы ұлттық сипат пен мінез және көркемдік ойлау формаларын жинақтау, жүйелеу және сыр сүлейлері қолданысындағы көркем бейне дәйегін айқындап, жазба айтыстар мен мысал, дастандардағы Сыр сүлейлерінің көркемдік кестесін, бейнелілік нақыштарын ғылыми тұрғыдан негіздеу.

2. Сыр өлкесі қаламгерлері шығармашылығын оқытудың дидактикалық, жеке пәндік ұстанымдарын айқындау және сыр өңірі қаламгерлерінің шығармашылығын оқытудың мазмұндық-құрылымдық моделін жасап, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін жүйелеу;

3. Сыр сүлейлері шығармаларын оқытуға арналған таңдау пәні бағдарламасы, силлабусы және қазақ әдебиетін оқыту бағдарламасы бойынша кешенді жұмыс түрлерін жүргізу және оқытуда білім алушылардың кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесінде жаңа заманға лайықталған онлайн және офлайн оқытуда қолданылатын интерактивті желілік технология атты жаңа әмбебап технологияны ұсыну.

4. Алынған қорытындылар мен негізгі тұжырымдар әдебиетті оқыту курсына қолданылып, тәжірибеден өткізу және «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» таңдау курс

бағдарламасын жасап тәжірибелік-эксперименттік жұмыста оның тиімділігін дәлелдеу.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер, Сыр сұлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелілік мәселесін жоғары оқу орындарында оқытуды теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеп, тиімді әдіс-тәсілдерін айқындаса, оның нәтижесі ретіндегі құрастырылған мазмұндық-құрылымдық модель мен элективті курсты «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламаларының оқу үдерісіне енгізсе, онда болашақ мамандардың кәсіби қарым-қатынас дайындығы интеллектуалдық, рухани жағынан қамтамасыз етіледі. **Өйткені** аталған компоненттер бәсекеге қабілетті, құзыретті мамандар даярлауға мол мүмкіндік береді.

Зерттеудің жетекші идеясы: Сыр сұлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелілік мәселелерін теориялық тұрғыдан жан-жақты зерттеп, оны оқытудың біз анықтаған тиімді жолдарымен жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына енгізсе, ұлттық білім мен ғылымның өркендеуіне үлкен үлес қосылары анық.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері: Зерттеу жұмыстары кезінде қазақ және шетел әдебиеттануындағы көрнекті зерттеуші ғалымдардың еңбектері, сонымен бірге М. Әуезов, З. Ахметов, М. Қаратаев, М. Базарбаев, З. Қабдолов, Р. Бердібай, Р. Нұрғали, Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаев, С. Қирабаев, Т. Кәкішев, С. Қасқабасов, С. Негимов, сондай-ақ, орыс ғалымдары М.И. Тимофеев, А.А. Потебня, Г.Л. Абрамович, Ю.М. Лотман, Аристотель, В. Жирмунский, В.В. Кожин, В.Г. Белинский, М.М. Бахтин, В. Новиков, Ю.И. Папова, Б.Т. Лихачев, В.М. Монахов, Ш.А. Амонашвили, А.В. Карпов, М. Хропченконың еңбектерінің тұжырымдары, әдістемелік ұстанымдары негізге алынды.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық дерек көздері: Жұмыстың ғылыми-теориялық негіздерімен қоса, тәжірибелік және рухани білім беру мәселесін анықтауда ұлттық әдебиеттану ғылымының көрнекті өкілдері: А. Байтұрсыновтың [1], М. Әуезовтің [2], Қ. Жұмалиевтің [3], Ә. Тәжібаевтың [4], Е. Ысмайыловтың [5], Б. Кенжебаевтың [6], З. Ахметовтің [7], М. Базарбаевтың [8], З. Қабдоловтың [9], С. Қирабаевтың [10], Р. Нұрғалидың [11], Ә. Нарымбетовтың [12], С. Негимовтің [13], У. Қалижановтың [14], А. Шәріптің [15] т.б. әдебиет зерттеуші ғалымдардың еңбектері негізге алынды.

Сондай-ақ, зерттеу жұмысына әлемдік теоретик ғалымдар мен орыс ғалымдары В. Абрамович [16], А. Потебня [17], Ю.М. Лотман [18], т.б. пікірлерімен қатар, қазақ ғалымдары С. Сейфуллин [19], М. Әуезов [20], С. Мұқанов [21], Е. Ысмайылов [22], З. Қабдолов [23], З. Ахметов [24], С. Қирабаев [25], Р. Нұрғали [26], С. Негимовтердің [27] еңбектеріне сүйендік.

Қазақ ұлттық мұрағаты мен М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының сирек кездесетін қолжазбалар қорының деректерімен, еліміздің кітапханаларындағы сақталған құжаттар мен ақындардың шығармалар жинағы, әдебиет зерттеушілердің еңбектерін негізгі назарда ұстадық.

Зерттеу әдістері: Поэтикалық шығармаларға әдеби-теориялық талдау жасау және философиялық, педагогикалық, психологиялық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау, озық педагогикалық іс-тәжірибелерді жинақтау, эксперимент жүргізу, сауалнамалық тест алу, эксперимент нәтижелерін өңдеу мен қорытындылау.

Эксперименттік база ретінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Гуманитарлық-педагогикалық институты, «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының 6B01721(5B011700) - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 6B02336(5B020500) - «Қазақ филологиясы» мамандықтарында оқитын білім алушылар мен Болашақ университетінің 6B01721(5B011700) - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында оқитын білім алушылар арасында жүргізілді.

Зерттеудің негізгі кезеңдері: Бастапқы кезеңде (2018-2019 ж.ж.) зерттеу жұмысының тақырыбы, бағыттары, мақсат-міндеттері мен жоспары анықталып, зерттеу тақырыбына байланысты әдебиеттану, тарих, педагогика, психология, философия, әдістеме салалары бойынша ғалымдардың ой-пікірлері жүйеленді. Әдебиеттану ғылымындағы бейнелілік және бейне мәселесінің Сыр сүлейлері шығармаларындағы көрінісі айқындалды. Қажетті материалдар жинақталып, сұрыпталды, талдау жасалды.

Келесі кезеңде (2019-2020 ж.ж.) зерттеу жұмысында негізге алынатын жетекші идеялар, ұстанымдар айқындалып, жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесін оқытудың ғылыми-әдістемелік құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Оқытушыларға арналған семинарлар, жоғары оқу орнында жүргізілетін «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселелерін оқыту» курсы арнайы 3 кредиттік пән ретінде дайындалды. Осы курс аясында әдістемелік оқу-кешені жасалды. Аталған курс бойынша оқыту бағдарламасы, интерактивті технологияны пайдалану арқылы түрлі жаңаша тапсырма түрлері, бақылау, бағалау тестері, БАӨЖ технологиясын жүргізу әдістемесі дайындалды.

Үшінші кезеңде (2020-2022 ж.ж.) зерттеу нәтижелерін жүйелеу, жинақтау, қорытындылау жұмыстары жүргізілді. Онлайн және офлайн оқыту форматындағы оқыту эксперименті интерактивті технологияның жаңаша түрлеріне негізделіп, сандық нәтижелері анықталып, сапалық талдау жасалынды.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен жаңалығы:

Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелілік көрінісі кең көлемде алғаш рет қарастырылып отыр. Әдеби бейне жасаудағы, бейнелілік пен суреткерліктің өткеніне үңілу, бүгінгісін сараптау, болашағын болжау тұрғысынан алғанда аталмыш жұмыстың ғылыми салмағы басым. Ақындар поэзиясындағы суреткерлік дүниетаным тұрғысынан поэзиялық туындыларға талдаулар жасалынып, ақындардың өзіндік ерекшеліктеріне баға берілді. Соның нәтижесінде ұлттық әдебиетке әкелген тың серпін, теориялық бағыт қарастырылды. Төмендегідей мәселелер ғылыми шешімін тапты:

- зерттеу жұмыстың нысанға алынған шығармалардағы ұлттық сипат пен мінез және көркемдік ойлау формалары жинақталып, жүйеленіп және сыр сүлейлері қолданысындағы көркем бейне дәйегі айқындалып, жазба айтыстар мен мысал, дастандардағы Сыр сүлейлерінің көркемдік кестесі, бейнелілік нақыштары ғылыми тұрғыдан негізделді.

- сыр өлкесі қаламгерлері шығармашылығын оқытудың дидактикалық, жеке пәндік ұстанымдарын айқындау арқылы сыр өңірі қаламгерлерінің шығармашылығын оқытудың мазмұндық-құрылымдық моделі жасалынып, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері жүйеленді;

- сыр сүлейлері шығармаларын оқытуға арналған таңдау пәні бағдарламасы, силлабусы және қазақ әдебиетін оқыту бағдарламасы бойынша кешенді жұмыс түрлері жүргізіліп және оқытуда білім алушылардың кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесінде жаңа заманға лайықталған онлайн және офлайн оқытуда қолданылатын интерактивті желілік технология атты жаңа әмбебап технология ұсынылды;

- алынған қорытындылар мен негізгі тұжырымдар әдебиетті оқыту курсына қолданылып, тәжірибеден өткізіліп және «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» таңдау курс бағдарламасы жасалынып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыста оның тиімділігі дәлелденді.

Зерттеудің теориялық-практикалық маңыздылығы: Диссертациялық жұмыстың материалдары мен нәтижелерін жоғары оқу орындарындағы «Қазақ филологиясы», «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларында «Сыр сүлейлері шығармаларын оқыту» атты семинар сабақтарда пайдалануға болады. Сондай-ақ, өлке әдебиетін зерттеуде, ұлттық танымдық ерекшеліктерін айқындауға негіз болып табылады.

- Жоғары оқу орындарының «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ филологиясы» БББ-да «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» тақырыбында таңдау курсы бағдарламасы, пәнді жүргізудің әдістемесі жасалып, тәжірибеден өтті, білім алушыларға арнап әдістемелік құрал жасалынды.

- Зерттеудің бұл практикалық нәтижесін сондай-ақ, орта арнаулы оқу орындары тәжірибесінде, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, қайта даярлау институттары мен жалпы орта білім беретін мектептердің білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

- Сыр сүлейлері қазақ поэзиясының дамуына үлкен үлес қосты және ұлттық әдебиетте ғасырлар бойы қалыптасқан көркем ойлау мен оны ұлттық болмысқа сай көрікті етіп жеткізуде бейне және бейнелілікті кеңінен қолданды.

- Сыр бойы ақындарының шығармалары өзінің идеялық бағыты, танымдық қырлары, көркемдік кестесі жағынан қазақ әдебиетін жаңа бір даму сатысына көтерді, ұлттық болмысқа негізделген тіл, бейнелілік, қазақы дүниетаным көрінісі біртұтас байланысқа, бірлікке айналды.

- Оқытудың жалпы принциптерін негізге ала отырып, әрбір жекелеген пәнді оқытуда білім алушыда қалыптасатын құзыреттіліктерді нақтыласа, сол пәнді оқытуда басшылыққа алатын негізгі ұстанымдар (пәнді оқытудың жекелеген ұстанымдары) айқындалып, оқытылатын пәннің мақсаты анық болады.

Біз құрастырған Сыр сүлейлері шығармаларындағы бейне және бейнелілікті оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен элективті курстың мазмұны кез келген ел әдебиеті мен жекелеген қаламгерлердің шығармашылығын оқытуда тиімді әдістемелік нұсқаулық деуге болады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлділігі мен негізділігі: Зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен; зерттеу әдістер кешенін пайдаланумен; алынған деректердің дәлдігімен, тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмысының жоспарлы кезеңділігімен, бастапқы және соңғы көрсеткіштер нәтижелерінің тиімділігімен, олардың оқу үдерісіне ендірілуімен қамтамасыз етіледі.

Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны, тұжырымдары мен нәтижелері.

Жұмыстың негізгі мазмұны мен нәтижелері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда жарық көрді, халықаралық және республикалық конференцияларда баяндамалар жасалды. Алыс-жақын шетелдердегі халықаралық конференция Ұлыбритания (2021), Түркия (2023), халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми-практикалық конференцияларда, республикалық, облыстық семинарларда жасалған баяндамаларда талқыланған.

Диссертацияда қорытындыланған тұжырымдар алыс-жақын шетелдік басылымда (Ұлыбритания, Түркия) 2 мақала, 7 мақала - ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда жарияланған. Қазақстанда өткен халықаралық конференцияда 8 мақала жарияланды.

Диссертацияның құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспе, екі тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспе бөлімінде зерттеу тақырыбының өзектілігі нақтыланып, зерттеу жұмысының мақсаты, міндеттері, зерттеу пәні мен нысаны, зерттеу жұмысының дереккөздері, ғылыми болжамы, әдіснамалық және теориялық негіздері айқындалып, ғылыми жұмыстың жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы тұжырымдалып, жүргізілген тәжірибелік жұмыстың кезеңдері мен зерттеу әдістері, қорғауға ұсынылған басты қағидалар, сынақтан алынған мәліметтер мен зерттеу нәтижелері бойынша жарияланымдар ұсынылды. Жұмыста Сыр сүлейлері шығармаларындағы «бейне» және «бейнелілік» мәселесі нысанға алынып, теориялық зерттелуін негіздеп, диссертация өзегіне айналып толыққанды зерделенді.

«Сыр сүлейлері шығармаларындағы «әдеби бейне» және «бейнелілік» мәселесінің теориялық негіздері» атты бірінші бөлімде образ

жасаудағы сыр сүлейлерінің шеберлігі, даралығы жан-жақты ғылыми тұрғыдан қарастырылды. «Әдеби бейне» және «бейнелілік» мәселесін теориялық тұрғыдан зерттелуін негізге ала отырып, Сыр сүлейлерінің шығармаларында атқарған ролін анықтап, ақын-жыраулардың шеберлігін тағы бір қырынан ашып, ауқымды мәселе көтеруімен сипатталады.

Сыр сүлейлерін тануда олар қолданған бейнелі сөздердің ерекшелігін саралауда, ой-танымға белгілі дәрежеде ықпал еткен еңбектер қамтылды. Сондай-ақ, Сыр сүлейлерінің ұлттық мүддеге негізделген танымдары мен бейнелі сөз қолданудағы ерекшеліктерін тереңдете зерттей түсіп, әдебиеттану саласында қолға алынуы тиіс жұмыстар сараланды.

«Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы «әдеби бейне» және «бейнелілік» мәселесін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты екінші бөлімде Сыр сүлейлері шығармаларын оқытудың педагогикалық ұстанымдары айқындалып, болашақ кәсіби тіл мамандарын қалыптастырудың құрылымдық мазмұндық моделі жасалынды. Осы енгізілген оқу-таным жұмыстарының арнайы тиімділігін бағалау үшін эксперимент қорытындысы жасалынды. Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларының ұлттық және әлемдік өркениеттегі маңызды орны айқындалды.

Қорытындыда: зерттеудің негізгі қағидалары мен алынған нәтижелер тұжырымдалып, ғылыми әдістемелік ұсыныстар берілді.

Қосымшада: ғылыми-зерттеу жұмысына қатысты енгізу актісі, курс бағдарламасы мен силлабусы, кестелер ұсынылды.

1 СЫР СҮЛЕЙЛЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ӘДЕБИ БЕЙНЕ» ЖӘНЕ «БЕЙНЕЛІЛІК» МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Көркем мәтіндегі «әдеби бейне», «бейнелілік» генезисі және көркем образ жасау тәсілдері

Өнердің мәні мен ішкі-сыртқы табиғатын түсінуге деген талпыныс антикалық дәуірден бастау алады. Ежелгі дәуірден бері классикалық әдебиет үлгілерінде барлық оқиға адамға қатысты айтылатыны байқалады. Аристотель: «Поэзия тарихтан гөрі философияшылдау: поэзия неғұрлым жалпы жайында, тарих - жеке жайында айтады», – [28] дегендей, сөз өнеріндегі өмір шындығы тек адам арқылы, адам образы арқылы жинақталып, адам образы арқылы танылатынын жеткізген. Көркемдік дүниесінің жалпы сипатын Аристотель адамның танымдық және еліктеушілік қасиетімен байланыстырған. Аристотель мен Платонның ойлары кейіннен қаншама теориялардың тууына негіз болды. Көркем шығармадағы әдеби бейне мен бейнелілік туралы өз ойларымен оң баға берген орыс ғалымдары: Л.И. Тимофеев [29], Г.Л. Абрамович [30], А.А. Потебня [31], Л.В. Шепилова [32], В.М. Жирмунский [33], В.В. Кожин [34], В.И. Сорокин [35], ал бұл мәселені қазақ ғалымдары А. Байтұрсынов [36], Қ. Жұмалиев [37], З. Қабдолов [38], З. Ахметов [39] т.б. кезең, уақыт талабы тұрғысынан дамытып отырған.

Жалпы ғалымдар өнердің сипатын екі түрлі ойлау жүйесімен байланыстыратыны белгілі. Бірі – көркем ойлау да, екіншісі – ғылыми ойлау. Осы екі ойлау жүйесінің түбі де, мақсаты да бір. Ғалым А.С. Козлов бұл пікірді қолдай бермейді. «Ғылым мен өнерді мүлдем қарама-қарсы ұғымдар ретінде қарастырып, өнердің өзі жасайтын жеке «шындық әлемі бар», [40] – деген ой білдіреді. Қалай дегенде де өнердің өз тілі бар екені рас. Бәлкім, сондықтан да болар, бүгінге дейін ғылым үшін «өнер дегеніміз не?» – деген қарапайым сұраққа мардымды жауап табылмай келеді.

Бұл мәселе жөнінде Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде көркем өнерді жүйелей келе, сөз өнеріне қатысты: «Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама-қадірінше сөз өнері атқара алады, қандай сымбатты, кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» [41] – деп түйіндейді.

Қазақ әдебиеттану ғылымында Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» [42] атты еңбегінде әдеби бейне мен бейнелілікті творчестволықпен шешкен. «Стиль – өнер ерекшелігі» атты еңбегінде С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Мұқанов поэзиясындағы бейнелілік пен поэтикалық тілінің көркемдігі де шебер талданған. Қ. Жұмалиев еңбектерінде ақын-жазушылардың өзіне тән әдеби бейне жасаудағы ерекшеліктері жайлы салмағы мол салиқалы пікір айтқан. «Әдебиет теориясы» еңбегінің 3-тарауында образ, тип, көркем шығарманың тілі қарастырылған. Есмағамбет Ысмайылов «Әдебиет теориясының негіздері» [43], З. Қабдоловтың «Сөз өнері» [9, б. 83] атты еңбектерінде Аристотель тұжырымына сүйене отырып, әдебиеттану

ғылымындағы ең өзекті мәселелерді теориялық тұрғыдан негіздеген. Образ және образдылық, әдебиеттегі адам, сөздегі сурет деп айқындап берген. Әдебиет теоретигі З. Ахметовтің «Өлең сөздің теориясы» [44], «Қазақтың өлеңінің құрылысы» [45] атты еңбектері әдебиеттану ғылымынан өзінің орнын алды. Зерттеушінің бұл еңбектерінде кең ауқымды ойлау қабілеті тән. Бүгінгі әдебиеттанудағы «бейне», «әдеби бейне», «көркем бейне», «кейіпкер», «тип», «суретті сөз» деген мәселелер туралы А. Байтұрсынұлы былай дейді: «Асыл сөздің сипаттарын білу тыңдаушыға да қажет, Абайдан кейінгі сөзге талғау кіреді: айтушы да, тыңдаушы да сөзді талғайтын болады. Олай болғаны – Абай асыл сөздің нұсқаларын айқындап көрсеткеннің үстіне, аз да болса, асыл сөз сипаттарын айтып та, жұртты хабардар қылды» [46]. А. Байтұрсынұлы көркемдік заңдылығы біреу ғана және ол барлық тілдегі әдебиеттерге ортақ деп пайымдайды.

Көркем бейненің идеялық-эстетикалық мәні, түрлері, мағынасы туралы айту үшін алдымен әдеби бейне, оның түрлері жалпы адамзат мәдениетінен алатын орнын белгілеп алу қажет. Әдебиет – сөз өнері адамға өмірді танытып, дүниетанымын кеңейтіп, көзқарасын қалыптастырады. Көркемөнердің айрықша түрі ретінде әдебиеттің ұлттық және жалпы адамзаттық сипаттарын танимыз. Әдебиет өнеріне тән көркем бейне және бейнелілік деген ұғым бар десек, адам тұлғасын көркем бейнемен беретін болса, көркем сөз құдіретін танытатын оның тілі, яғни суретті сөз, айшықты тілі болып отырады. Көркем бейне мен бейнелілік арқылы суреткер өмір көріністерін, адамның қасиеттерін образды тілмен өрнектеп береді. Демек, бейнелілік ақын не жазушының сөз құдіреті арқылы айтар ойын айшықтап беруі, танытуы.

Әдеби шығармада оның идеялық-эстетикалық рөліне сай бейнеленетін тұлғалар болады. Олар қатардағы адамдар, персонаждар, бас кейіпкерлер болып келеді. Әрбір қаһарман шығармада өзіне тән рухани және қоғамдық қызмет атқаруда көрінеді. Автор идеясын жүзеге асыруда әдеби бейне өз ерекшелігімен көзге түседі. Ол заманның бағыт-бағдарын, арман-мұратын танытушы бейне ретінде көрінеді. Яғни, автор әдеби бейнені суреттеу арқылы өмір көріністерін береді, соны ашу үшін образды тілмен жеткізеді. Міне, әдеби бейне мен бейнелілікті осылай ұғыну орынды болар еді.

Ал әдебиеттегі көркем бейне – адам, ол сөйлейді, әрекет арқылы танылады, күледі, ренжиді. Сондықтан ол жанды тірі тұлға, өзгеріп отырады, әрекет үстінде көрінеді. Қаламгер адам бейнесін жасау үшін өзіне үлкен жауапкершілік алады, соны шынайы жеткізуге тырысады. Сөйтіп, алуан мінезді, түрлі тағдырлы адамдар бейнесін жасау арқылы қаламгер көркем бейне жасайды. Сан қилы тағдыр иелерінің әрекеттерін суреттей отырып, өмір сырын танытып, көркем бейне сомдайды.

Адамның бейнесін жасау үшін өмірлік материалдарды жинақтап, суреткер образ бітімін жасайды, мінезін даралайды. Жазушының шеберлігі, қолданған амал-тәсілдері арқылы образдың қалай ашылғаны көрініс береді. Адамның ішкі бітімі, сырт келбетін (портретін) суреттейді. Кейіпкердің мінезі, характері тартыс үстінде танылады. Сол сияқты кейіпкердің сөйлеу мәнерін

әсерлі бейнелеуге мән беріледі. Көркем шығармада суреттелетін табиғат көрінісі (пейзаж) образды толықтырады. Әдебиеттегі бейне сөзі екі түрлі мағынада қолданылады.

1) Көркем бейне, кейіпкер, тип.

2) Суретті сөз.

Көркем әдіс тұрғысынан образ романтикалық, реалистік деп бөлінсе, әдеби тек тарапынан: эпикалық, лирикалық, драмалық образ деп жіктеледі. Образ, яғни бейне жасалу тәсіліне қарай: юморлық, сатиралық, фантастикалық, трагедиялық, геройлық образ болып бөліне береді. Сонымен әдебиеттегі суреткер жасаған образ адамнан тыс жасалуы мүмкін емес.

Көркем бейнені эпизоттық, типтік, кезектегі бейне ретінде таныту олардың деңгейіне байланысты жазушы шеберлігімен беріледі. Көркем бейнені жекелік және жалпылық деп бөліп қарастыру қаламгер танымымен ерекшеленеді.

Жалпылық бейне әр уақыт өзінің тобы, ортасымен көрінеді. Ол ерекше дара тұлға болғанмен өзінің әлеуметтік тобымен бірге сипат алады. Мәселен, Құнанбай топ көсемі, ақылды би болғанмен, мақсат мүддесі өз тобымен үндес.

Сөз өнерінің ұлттық ерекшелігі дегеніміз – ұлттардың тарихы, мәдениет дәстүрі мен қоғамдық ерекшеліктерінің көркем бейнеленуі. Ол ұзақ уақыттық жасампаздық жолы арқылы қалыптасып, дамиды. Н.В. Гоголь «көркем шығармада ұлттық рухты көрсету үшін автор сезімімен, әсерлі, бейнелі образ жасауында», – дей келе, «шығарма ұлттық сипат алады», – деген ойлар айтады. Жазушының осы пікірін сыншы В.Г. Белинский: «Пушкиннің көңіл-күйлік өлеңдерінің көбі, мазмұны мен формасы жағынан нағыз Европа стилінде жазылған. Бірақ ол өз ұлтының, рухының өкілі болғандықтан өз ұлтының таңбасын басады. Ешкім оның шығармаларын Байрон, Гете шығармаларымен шатастырған емес», – дейді [47].

Оқырман ақын-жазушылардың шығармаларының көркемдік қуатын, әсерін сезінеді. Соның ішінде көркемдік шындық, өмір шындығының бейнелі көрінісін өзіндік көзқараспен суреттеуін ұғынады. Көркемдік шындықты қаламгер образ, бейне арқылы жасайды. Көркем бейне жасауда суреткер танымдық және шығармашылық сипатты байланыстырады. Қарапайым тілмен айтқанда нақты шындық пен ойлау қатар жүреді. Өмір шындығын бере отырып, елестеу, қиялдау, болжау сияқты сипатта болып, образ көркемдігі ойдан шығарылған жаңа дүние болумен айқындалады. Сол себепті де көркем образда өмір шындығымен қатар қиялдан алынған ойлар да кездесуі мүмкін.

Л.И. Тимофеевтің: «Образ – эстетикалық мәні бар, ойдан шығару арқылы әрі нақты, әрі жинақты жасалған адам өмірінің әсем суреті» [48] – деген пікіріне сүйенсек әдеби шығармада суреттелетін өмір құбылыстары мен кейіпкердің бейнесі екен. Әдеби бейне бейнелі сөз арқылы өмір шындығынан жасалған суреткердің танымдық шығармашылығының жемісі болатыны сөзсіз. Әдеби бейне, яғни, көркем образдың өзіне тән ерекшеліктері де бар:

- оқырманға эмоциялық әсерлігі мен танымдық маңыздылығы;
- оқырманға ой-сезім тудыру, танымын тереңдетуге ықпал ету.

Әдебиеттің басты өлшемі – көркемдік. Олай болса, әдеби бейнені жасайтын адамның өзі көркем бейнені құрайды. Сол сияқты «әдеби қаһарман» термині бар. Ол дегеніңіз жеке адамның табиғи болмыс-бітімінде айқындалады. Әдебиет теоретигі М.М. Бахтин пікірі бойынша автордың өз қаһарманына қатысты ұстанған позициясы мен шығарманың жанры кейіпкер сипатына ықпал етуімен негізделетінін айтады [49]. Қаламгер ұстанымы кейіпкер жасауға ықпал етіп, көркем бейнені құрайтынын М.М. Бахтин осылай тұжырымдайды.

Қаламгер шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелілік сөз болғанда стильге тоқталмай кетуге болмайды. Ойды ашу үшін, образ жасау, дүниеге көзқарасты ашатын, жазушының даралық ерекшелігін бейнелейтін дара қасиеті. Академик З. Қабдолов: «Стиль – адам. Адамның сәбилік шағы, жастық кезі, кемеліне келіп толықсыған тұсы болатыны сияқты, стильдің де тұтасқан ғұмыры бар» [50] – дейді. Ғалымның осы пікіріне орай әрбір жазушының стилі қалыптасатын үш кезеңі болады: өзінен бұрынғы үлгіге еліктеу, өзгеден бөлек машықтану, ешкімге ұқсамайтын жеке стиль қалыптастыру мезгілі болады.

Мысалы, гректің Гомері, ағылшынның Шекспирі, немістің Гетесі, француздың Бальзагі, орыстың Толстойы, қазақтың Мұхтары. Бұлардың образ жасау, тіл қолдану, бейнелілік дағдылары бір-біріне ұқсамайды. Осыдан барып қаламгердің көркемдік стилі қалыптасады. Көркемдік стиль қалыптастыруда жазушы таңдаған тақырыбында кейіпкер мінездемесін жасау тәсілдерінде дағды болады. Сондықтан әр жазушының сөз талғау, бейнелеу дағдысын қолдану, көркемдегіш сөздерді орнын тауып қолдану, сөйлем құрау, шешендік мәнерлігі, даралық дағдысы қалыптасады, дамиды.

- Көркемдік стильдің алуан түрлі болуы оқырман қажеттілігінен туады;
- Қоғамдық өмірдің жазушы санасындағы образды сәулесі күрделі, әр алуан;
- Жазушының шыққан ортасы, тәрбиесі, танымы қандай болса, стилі де әр түрлі болады.

Осыдан барып көркемдік ағым, көркемдік дағды деген, яғни, белгілі бір тарихи дәуірде өмір сүріп талғамы ұқсас, дағдысы бір, көзқарастары ұқсас топтар қалыптасады. Бірі - даралық дағды, бірнеше жазушының дағдыластығы, енді бірі - ұстаным. Міне, бұл үш нәрсе бір жазушы шығармасында бейнеленетін қасиет болғанымен өзара қажет нәрсе.

3. Қабдолов дағды мен ағымның ара қатынасын былай түсіндіреді: «Стиль бір жазушыға тән творчестволық ерекшелік болса, ағым – бірнеше жазушыға тән творчестволық бірлік; стиль – әр жазушының дара қасиеті болса, ағым – әр алуан жазушының ортақ сипаты; стиль жалқыға тән ұғым болса, ағым – жалпыға тән ұғым; стиль – әр жазушының көркемдік беті болса, ағым – әр жазушының көркемдік бағыты. Әрбір көркемдік ағымды әр қоғамдағы таптық жағдай туғызады. Әрбір көркемдік ағым - әр дәуірдегі идеологиялық күрестің сөз өнеріндегі көрінісі» [51], – дейді. Ғалымның осы пікіріне сүйенер болсақ, жалпы қоғамдық дамудың белгілі кезеңінде туып, дамып, жойылып отыратын көркемдік ағымдар болатынын байқаймыз. Олай болса көркемдік ағымның ерекшелігі мен маңызы неде?

Белгілі бір тарихи дәуірде туатын көркемдік ағым сол дәуір сипатын береді. Сөз өнерінде ой-пікір бейнесі сол кезеңде өмір сүрген таптың мүддесі мен эстетикалық талабын бейнелейді. Содан барып көркемдік образы бейнеленеді, суреттеледі.

Көркемдік образ, яғни, әдеби бейне туралы сөз қозғамас бұрын «образ», «бейне» туралы айтқан жөн. Образ сөзі – бейне, кейіп, сурет деген ұғымды береді. Образ екі түрлі жәйтте айтылады. Бірі – саяси, ғылыми сөз өнерінде қолданылса, яғни, көріктеу тәсілдері (теңеу, айқындау, балау, кейіптеу, алмастыру, астарлау), екіншісі – тіл образдылығы. Әртүрлі балау сөздер, көрініс суреттері, табиғат суреті, жеке адам суретінен образ жасауға болады. Тілде образды сөйлеу, тіл суреткерлігін мына сөйлемнен көруге болады. Мысалы, «Төңкеріс анасының бүйірін білкілдетіп жатқан, тез арада жарық көрер бөбек сияқты» [52], – бұл балау сөз, бірақ көркем бейне емес.

Олай болса «бейне», «бейнелілік» көрінісінің көркем шығармада берілуінің өзіндік нысаны бар. Сондықтан да, көркем шығармадағы әдеби бейне әдебиеттану ғылымында ең өзекті мәселе екені сөзсіз.

Қазақ әдебиетін зерттеуші ғалымдар көркемдік бейне туралы ой-тұжырым жасай келе, образдың сыры өмір сүру ортасына қатысты екенін айтады. Көркем шығармада адам бейнесі алуан түрлі жолдармен жасалады. Сурет жасау үшін материал жинап, одан адам тұлғасын даралайды. Әлем әдебиетінде қалыптасқан әдебиет өнеріне тән көркем бейне мен бейнелілік қазақ әдебиетінде сол ұғымда танылады.

Поэзия тілін зерттеушілердің бәрі де адам баласының ой-санасы, әсіресе, поэзия тілінде өзінің ізін қалдырады. Адамдар алғашқы дәуірде өз ойын басқаға жеткізу үшін, образ арқылы айтуға дағдыланған. Сондықтан қазақ әдебиеттану ғылымының мамандары тек көркем образдың шығу тегін зерттеушілер үшін ғана емес, жалпы әдебиетті зерттеушілер үшін де көркемдік бейне, оның түрлерінің мәні зор.

Қ. Жұмалиев: «Адам баласының ой-санасы дамып, жоғары сатыға көтерілуімен байланысты поэтик тілде символ, теңеу, метафора, метонимия, антитеза қолданылады» [53] – дейді. Ғалым поэтик тілдің мәні мен стилі оның көркем бейне жасаудағы ерекшелігін айтып, қазақ әдебиеті теориясын белгілі бір белеске шығарды. Ол қазақ әдебиетінің стилі, сөз өнеріндегі ерекшеліктерін саралап берді, яғни, қазақ әдебиетіндегі бейнелілік мәселесіне ғылыми байлам жасады.

Қазақ әдебиетін зерттеуші теоретиктер Аристотель белгілеген негізгі үш тек, яғни жанр (эпос, лирика, драма) грек тілінен аударып алып, өзіміздің төл әдебиетімізден іздеді. Сөйтіп, әдебиет теориясына ұлттық сипат дарытудың жолын, әдісі мен амалын, бейнеліліктің түрін осылай тапты. Ғалымдар теориялық толғамдарын жазушылық шеберлік мәселесімен, бейнелілікпен осылай ұштастырған.

Әдебиеттану ғылымында образды көркемдік әдіс тұрғысынан екіге (реалистік, романтикалық) деп бөледі де, тек тұрғысынан үшке (эпикалық, лирикалық, драмалық образ) бөледі. Ал жасалу тәсіліне қарай (юморлық,

сатиралық, фантастикалық, трагедиялық, комедиялық, қаһармандық, геройлық) т.б. болып жіктеледі.

Қазақ әдебиетіндегі осы образдардың көрінісін көркемдік бейне мен бейнелілікті ғылыми түрде терең зерттеудің, жалпы қазақ әдебиетінің даму жолдарын айқындауда маңызы зор, орны ерекше. Ұлт әдебиетіндегі бейнелілік мәселесінің көрінісін зерттеп, даму жолдарын, жалпы әдебиет теориясына не қосты, осылардың ғылыми негізділігін айқындау - қазіргі кезеңнің туғызып отырған толғағы жеткен өзекті мәселе. Әрине, бұл оңай жұмыс емес, көп зерттеуді, көп талдауларды, әлем әдебиетіндегі ой-пікірлермен салыстыруды қажет етеді.

Сыр сүлейлері шығармаларының поэтикасын тану үшін, жалпы сөз өнері, қазақ әдебиетіндегі орнын белгілеу үшін оларға дербес тоқталып, салыстыра отырып талдау жасау маңызды.

Қазақ әдебиетіндегі көркем бейнені тану көркем өнер құдіреті арқылы көпшілікке ұғынықты суреткер, ақын не жазушы өмір, қоғам, адамдар сырын бейнелеу арқылы белгілі бір тұжырым жасайды. Олай болса, өмірді әдебиет арқылы бейнелеп, көркем сөзді бейнелеу құралына айналдыруға болады. Ал көркем шығармадағы бейнелілік – жазушының кейіпкерін тартысқа түсіру үшін тудыратын бейнесі. Адамның қоғамдық өміріндегі жанды, әсерлі, эстетикалық мәнге ие суреті, жазушының соны көркем шығармада бейнелеу тәсілі. Өмірді образ арқылы ойлау, танып, бейнелеп берудегі жазушының сөз қолданысы. М. Әуезовтің «Абай жолы» романында жүзге тарта әйел кейіпкерлер бар. Әуезов характер жасау арқылы әрбір образын даралап жинақтаған. Қазақ әйелдеріне тән небір жақсы қасиеттерді жинақтап берген. З. Қабдолов: «Зере – әжелердің үлгісі, сарабал, сабырлы, ақыл иесі. Ұлжан – аналардың үлгісі, сылдырлаған шолпысы, былдыраған тілімен, бар сыры мен назын Абайға ғана құпия баян ететін, ақ еті таңдай аппақ Тоғжан – алыстан арайлайтын қол жетпес арман секілді махаббат таңының үлгісі, әні сәніне, сәні әніне астасқан асыл, аяулы Әйгерім – жас жігіттің нақ сүйер сұлу жарының үлгісі», [54] – деп таниды. Қазақ әйелдеріне тән небір аяулы қасиеттерді Әуезовтің осылай беруіндегі суреткерлік, яғни, көркем бейнені типтендіріп, нақтылы, бейнелі, көрініс түрінде суреттеген деп таниды. Бұдан шығатын қорытынды әдеби бейне мен бейнеліліктің ерекшелігі сонда көркем бейне нақтылы, жанды, әсерлі болады. Әуезов жасаған әйелдер образында жалпылық та, даралық та бар.

Кейіпкер сипатына ықпал ету үшін бейне, суреттен шыққан әр сөз өзара қатар түзеп, тіркес құрғанда, өзгеше айшық өрнек пайда болады. Әр сөзді нақты суретке айналдыруда автордың ұстанған ұстанымы болуы шарт. Қазақ лингвистикасын зерттеушілер, академик Р. Сыздықова: «Қазақтың жалпы түркі-моңғол тілдерінің бір құдіреті бейнелігінде» [55] – десе, Ә. Қайдар: «Қазақ тілінің ерке-бұлан қасиеті, бейнелеуіштік, образдық табиғаты кез-келген сөзді термин етіп қолдана беруге көне бермейтіндігінде» – деп ой түйген [56]. Ғалымдардың осы пікіріне сүйенсек, өзге тілдерге қарағанда қазақ тілі бейнелеуіштік қасиетімен өзгелерден ерекшеленеді.

Әдеби бейне – бір бүтін адам өмірінің картинасы. Жазушы әдеби бейнені өмір құбылыстарынан жинақтап, типтендіріп, нақтылы, бейнелі көрініс түрінде суреттеп береді. Жалқылықпен жалпылықтың бірлігі тип болса, осы екеуінің бірігуінен өмірдің көркемдігі мен адамның тіршілігі үстіндегі күрес туады. Адам – көркем образ ұйытқысы. Сондықтан адам сөз өнерінде бейнелеудің негізі болады. Жазушы адамды (кейіпкерді) қоғамдық ортада суреттеп, оның тұрмыс-тіршілігін көрсету арқылы образын ашады. Кейіпкер бейнесін ашу үшін оның түр-тұлғасы, әдеп-салты, киім-кешегі, тұтыну бұйымдарына дейін суреттеуге мән береді. Мысалы, жазушы О. Бөкей шығармасында: «Тортай мінген ақ боз ат», «Қар қызындағы» табиғат пен адам арасындағы байланыс – кейіпкер образын даярлауда, характер беруде ерекше маңызды роль атқарған. Сайып келгенде, көркемдік бейне дегеніміз – адамның қоғамдық өмірінің оқырмандарына ашып көрсетілген эстетикалық мәнге ие суреті, оның жаратылу ерекшелігі.

Әдебиеттану ғылымында образдың басты шартын құрайтын – көркемдік тип, яғни типтік әдеби бейне айқындалады. Типтік образ – қазақтың өмірдегі адамдарды жалпылық және жалқылық сипатқа сай бейнелейтін көркем шығармадағы әдеби бейне. Әлемге әйгілі сыншы В.Г. Белинский тип туралы былай деген: «Ақындарға қарата айтқанда, ұсақ-түйек кездейсоқ құбылыс емес, типте екі пульс – жалқылық пен даралықтың органикалық кірігуі болу шарт», [57] – дейді.

Қазақ ұлттық энциклопедиясында тип туралы: «Типтілік қоғамдық құбылыстардың, оқиғалардың, идеялық ағымдардың, топтардың әлеуметтік маңызы бар өзіне тән ерекшеліктерін білдіретін эстетикалық категория» [58]. Осы пікірді түйіндей келе, өмірдегі мыңның қасиетін бірдің басына жинақтауды тип деп танымыз. Ал жазушы қоғам қасиетін бойына жинаған образ жасау барысымен типтік бейне жасайды. Мысалы: М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай, Абай, Зере т.б. – типтік бейнелер. Ғ. Мүсіреповтың «Оянған өлке» романындағы Жұман бейнесі – заманы өтіп бара жатқан байлардың типтік образы болса, Игілік бейнесі жаңа туып келе жатқан заманға лайық типтік образ. Бұлар бір романдағы образ болғанымен дара-дара, кейіпкер даралығы бар образдар. Типтік бейне әртүрлі әдістермен жасалады. Олар:

- жалпының қасиетін жалқыдан көрсету;
- прототип түп тұлға арқылы жасау (Абай образы);
- фантазиялық тип жасау әдісі (Ежелгі гректердегі Прометей образы).

Жазушы кейіпкерді типтендіру үшін, әуелі кейіпкер характерін типтендіреді. Сөйтіп кейіпкерінің қоғамдық жағдайы, ұстанымы, наным-сенімі, ақыл-ойы, білімі, мәдениеті, тәрбиесі, дағдысын суреттеу арқылы характер жасайды.

Сыр сүлейі Т. Ізтілеуов «ару» бейнесіне қатысты жеке авторлық теңеулерді өте көп қолданады. Мысалы:

Уылжып өне бойы отырасың,
Күмістей сымға тартқан саусақтарың –

Сүйріктей судан шыққан бәрі мүсін.

«Сұлу қыздың кескіні», «Құлпы қыз», «Ақжібек», «Сымбатты сұлу» өлеңдерінде суретті бейнелі сөздермен сұлу қыздың түр-тұлғасын, пішінін суреттейді. Арудың бетін, көзін, қасын, мұрнын, шашын, тісін, саусақтарын, суреттеу үшін тың теңеулер мен эпитеттерді орынды қолдана білген. Арудың көзін, шашын, мойнын, мұрнын, қасын, аузын, саусақтарын ақын:

Күндей ақ, шығып келе жатқан түсің.

Көзің – гауһар, маржан - тісің

Маржандай тізіліп тұр отыз тісің?...

Пісте мұрын, жарқын жүз, түлкі тамақ...

Жарқын жүз, түлкі тамақ, құралай көз,

Қиғаш қас, оймақ ауыз, анық ернін [59].

Келтірілген үзінділерде өмірге ажар беріп тұрған эпитеттер «жарқын», «гауһар», «құралай», «түлкі тамақ» т.б. күрделі эпитеттер заттың өзгеше белгілерін аңғартады, сұлу қыздың бейнесін жасайды.

Ақындардың өмірді бейне арқылы ойлауы, тануы, бейнелеп бере алатынында деуге болады. Шораяқтың Омарының «Жарлы Тәліп» атты шығармасында сұлу қыздың өзгеше белгілерін «нұр сипат», «сыр мінез» деген эпитеттер арқылы образдық бейне жасаған.

Нұр сипат ханның қызы - Гүлайымша,

Сыр мінез, сынық дертің мұнайынша [60].

Қаңлы Жүсіп:

Қалайда өз елінің мықты иесі,

Пысықтың мысын басар зор киесі [61].

Міне, осылай тізе беруге болады, ақындардың сөз қолдануына қарай ой құбылып, кейіпкерлер бейнесі кейіпкер характерін аша түседі. Адам психологиясында болатын өзгерістерді суреттеу немесе астарлап сөйлеу арқылы да образ жасау үлгісін береді. Тіл құдіретін жетік меңгерген Сыр сүлейлері өлең құрылысына да өзіндік ажар, көрік берген.

Сыр сүлейлерінің образ, яғни әдеби бейне жасаудағы шеберлігі, ақындық даралығы ерекше байқалады. Ұлттық әдебиетімізде ой тереңдігі мен мазмұндылығы, тіл құнарлылығы өзіндік сөз саптауымен ерекшеленеді. Бейнелі сөздерді құбылту, көркемдік бейнелеу құралдары арқылы аймақты орамдар, айқындау сөздер, теңеу, эпитет, метафара, қайталау мағыналы сөздерді қолданып әдеби бейне жасап, өлеңмен өрнектеген.

Сыр сүлейлері шығармаларын ғылыми талдау үшін қазақ әдеби тілінің жүйесін жетік білген орынды. Ол үшін әдеби тілдің нормалық құрылысы, тарихы, болашағын білу керек. Сөз арқылы жасалатын көркем әдебиетті тілдік және тілдік-стилистикалық талдаулар барысында «образ», «бейнелілік» деген ұғымды дұрыс түсіне білген жөн.

«Образ» дегенде көз алдымызға адам образы келеді, бірақ сөз образын да естен шығармауымыз орынды.

Академик З. Қабдолов: «Образдың жасалу тәсілдеріне лайық образдың түрлері туады. Образдың жасалу тәсілдерінің әр алуандығы сияқты, оның

түрлері де әр алуан», - деген тұжырым жасаған. Олай болса, образдардың әр алуандылығын Сыр сүлейлері шығармаларынан іздестірейік [9, б. 156].

Мәселен, Т. Ізтілеуовтің «Тұтқын қыз» дастанының басты кейіпкері «Самұрық» жаратылыс заңын бұзамын деген өзімшіл құс. Сүлеймен Пайғамбардың қызметінде жүрген көмекшілерінің бірі. Дастан соңында өз дегені болмай ұятты болып, Қап тауына ұшып кетіп, содан бері ешкімге көрінбегенін ақын:

«Жол табам жалғыз өзім», – дегендердің,

Өшпесе өсірмейді оның бойын, –

деп ойын түйіндеген. Самұрық құс – қиялдан туған фантастикалық бейне. Адамдар бойындағы қасиеттерді құс бойынан көріп тұр, жырда қиял-ғажайып сипат басым. Бұл жерде самұрықтың басты қасиеті – о жар, қара күш пен қимыл айласы басым, өзімшіл. Дастандағы образ ретінде тоқталатын тұтқын қызға келсек, оның бойындағы асыл қасиеті – жан сұлулығы, махаббат мөлдірлігі, досқа берік, арманына жету үшін қиындыққа мойымайтын – романтикалық кейіпкер. Сүйген жігітіне қосылу үшін барлық қиыншылықты басынан өткізеді. Самұрық құсты ағаштың басынан жерге түсіртіп, жігітке берген уәдесінде тұрады.

Қосылып екі ғашық бір-біріне,

Ойдағы уайымның бәрін жойды, –

деп арманға асыққан қыз қиялы да алға ұмтылады. Оқиға дағдыдан тыс жағдайда пайда болып, өрбиді, армандар орындалады.

Реалистік образ – әдебиеттегі адам бейнесінің ең шынайы түрі десек, өмірде болған бар адамдардың бейнесін жасауда Сыр сүлейлері өзіндік ізденімпаздықпен ұштастырған. Мысалы, Базар жыраудың «Мақпал - Сегіз» дастанында Жабы – қарақалпақ батыры, Мақпал мен Сегіз – Сыр елінің қыз-жігіттері. Жырда халықтың тұрмыс-тіршілігі суреттеледі. Басты кейіпкерлер Жабы батыр қалыңдық төлеп Мақпалды алмақшы болады. Мақпалдың Сегіз деген жігітпен сөз байласқан уәдесі болады. Соңында Мақпал мен Сегіз қосылады. Шығармадағы образдар нанымды, мінез-құлқы, іс-әрекеті, қоршаған ортаға қатысы бәрі шынайы болып суреттелген. Базар жырау образ жасауда шындық шеңберінен шықпайды. Реалистік образ жасауда типтендіріп отырған. Бірнеше адамдардың жиынтық бейнесін Мақпал мен Сегіз арқылы берген.

Эпикалық образ (қаһармандық) – адамның кескін-келбетін, мінез-құлқын, іс-әрекетін жинақтап, даралап көрсететін бейне. Портрет пен мінез, диалог пен монолог, түрлі сезімдерді суреттеу арқылы көркем бейне жасауда да Сыр сүлейлері өзіндік ерекшелігімен танылады.

Т. Ізтілеуов Иранның 50 патшасының тарихын 120 мың жолдан тұратын көлемді шығармасы «Шахнамада» тарихи тұлғалар Сал, Зал, Рүстем, Сұһрат т.б. батырлардың ел үшін күрестегі ерлігін дәріштеп көрсеткен. Батыр портретін беруде даралық бар. Мысалы,

Құлағы – киіз үйге үзік болар,

Түктері – болатұғын тартса желі [62].

Саусақтары – шынардың ағашындай,

Тырнағы – тұлпарлардың тағасындай.

Аузы – үңгіріндей асқар таудың,

Мұрны – үйген шақат шамасындай.

«Шахнамаға» арқау болған екі желі бар. Бірі – батырлық, ерлік әрекеттер Сам, Зал, Рүстем, Сұһрат, Бишан т.б. Екіншісі – патшалардың қызметі Апраһсиап, Қаһарман, Жәмшит, Кіршаш, Придон, Кей Қысырау т.б. Осы кейіпкерлердің прототиптері – тарихи тұлғалар. Мәселен, Апраһсиап – тарихи тұлға, түркі-қазақ тарихындағы «Алып Ер Тұңғаны жоқтау» өлеңімен жырланып, бүгінгі заманға жеткен. Сондықтан оның бейнесін ұлттық қаһармандық рухта бағалаймыз.

Комедиялық образ – күлкілі кейіпкер арқылы қоғамдық сипат береді. Шораяқтың Омарының «Қара Шекпен» атты шығармасында адамның қасқырға еткен жақсылығы өзіне пәле болып жабысады. Төрелікті түлкіге шештіреді. Түлкі қасқырды қапқа алдап салады да:

– Тоқпақпен бидай піссе, соғам, – дейді,

Соғуға бұл тоқпағым, «қоғам», – дейді.

Түрленіп түлкі сонда күлімсіреп,

Соққанды көрсетсейші бұған! – дейді.

Сатиралық образда – ызалы күлкі, мазақ, сықақ, мысқыл, кекесін болады. Жорықбай жыраудың «Мыңбайға» деген арнауында Мыңбайдың сатиралық бейнесін:

Бұл Мыңбай секілді көруге тоқ,

Еті май, сүйегі жасық, ішінде боқ.

Әр жерде бір көрініп көшіп жүрсің,

Сабандай қайқақтаған салмағы жоқ, –

деп оны өткір тілмен әжуалайды.

Сыр сүлейлерінің сатиралық образ жасауда алдына әшкерелеушілік мақсат қойғаны байқалады. Адам бойындағы жағымсыз әрекеттерді әшкерелеуде сықақ әртүрлі қызмет атқарады. Т.Ізтілеуов «Құрбанға» атты өлеңінде Құрбанның мінезін:

Болғанмен асылың – адам, атың – Құрбан,

Екенсің ес-ақылың тіпті құрыған, –

деп надандығын жұртқа әшкерелейді.

Дүр Оңғар Дырқайұлының Тобжан биге арнаған өлеңінде әділетсіз, өтірік сөйлейтін биді:

Қанекей қатарыңа тең келгенің,

Көп айтып өтірікті өнерледің.

Кісімсіп құр кеуденді көтерсең де,

Қалған жоқ, халқыңа еш сенер жерің [63] –

деп баяны жоқ жылпос адамдардың ұнамсыз әрекеттеріне жирене отырып, адамдықты танытатын жақсы қасиеттерді ұсынады. Өлеңде ащы ирония бар. Тобжан арқылы даңғой, өзімшіл адамның оқшау мінезі дараланған. Би әрекетін астарлап тәлкек еткен. Өмірдегі кісі күлерлік құбылыстарды Сыр сүлейлері шығармаларына арқау еткен, әзіл-оспақ арқылы юморлық образ берген.

Трагедиялық образ көп жағдайда драмалық шығармаларда мол кездеседі. Сыр сүлейлерінің көркемдік әдіс пен образ түрлерінің көрінісін осылай тізе беруге болады. Десек те, қазақ өркениетіне өзіндік үлес қосқан осынау өнер иелерінің шығармалары қазақ сөз өнерінің мұраларына сай жырланғандығында. Қазақтың ұлттық дүниетанымы, мінез-құлқы, психологиясы, көркемдік ойлауын сүлейлер көркем шындықпен өрнектеген. Ұлттық өнеріміздің сақталуында Сыр сүлейлері жасаған образдар, бейнелі сөздер қазақ әдебиетіне қосылған бай мұра болып отыр. Бұл айтылып отырған жәйт – Сыр сүлейлерінің образ жасаудағы ерекшеліктеріне дәлел екенін көрсетеді.

Сыр сүлейлерінің әрқайсысының ақындық құдіретін танытатын оның көркемдеу тәсілі, көркемдік бейнелеу құралдары болып табылады. Осы тұста Т. Ізтілеуов, Базар жырау, Қаңлы Жүсіп, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары т.с.с. ақындар шығармаларынан көркемдік өрнек, бейнелі сөз қолданыстарын айқын көреміз. Аталмыш ақындар поэзиясы өзіндік поэтик образға бай, қазақ халқының небір шұрайлы сөздерін қолдана білген. Әсіресе, халықтық әсірелеулер, ауыстырулар, салыстырмалар, небір балама сөздер, анықтағыштар мол кездеседі. Зерттеу барысында бұл ақындар поэзиясының түрі, стильдік қорын осы бір екі арнадан ажырату мүмкін емес. Жаһандану кезеңінде халқымыздың осындай асыл қасиеттерін білім беру үрдісіне ендіру арқылы білім алушының өзіндік ұлттық қасиетін сақтап қаларымыз анық.

Осы орайда аталмыш мәселені шешудің бірден-бір жолы – ұлттық құндылықтарымыздың кең қазынасы сақталған, алаштың анасы атанған Сыр бойындағы ақын-жыраулардың шығармашылығын егжей-тегжейлі зерттеу арқылы, қазіргі жастардың бойына адами, қазақи қасиеттерді сіңіру, ұлтжанды, ізгілікті, иманды, адамгершілігі мол тұлғаны қалыптастыру.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезі аралығында бұл өңірде жүзден аса ақын, жыраулар өмір сүрген. Олардың тәлімдік-тәрбиелік мәні орасан зор көркем туындылары, өзекті және гуманистік мәселелерді көтеретін жырлары, адамгершілік, адалдыққа насихаттайтын нақылдары, жас ұрпаққа мирас етіп қалдырған ғибраттары, өсиеттері зерделі зерттеу жүргізуді қажет етеді. Сыр бойы ақын-жыраулары шығармашылығының басты лейтмотиві – адами құндылықтар. Олар көркем туындыларымен, шұрайлы тілімен жастарды өзін-өзі танып білуге, жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа ұмтылдыруға, мейірімділікке, сүйіспеншілікке баулиды.

Сонымен қазақ әдебиетіндегі көркемдік бейне және бейнелілік туралы З. Ахметов: «Бейнелі сөздер ақындық эстетикалық сезімнің дүниені образды бейнелі түрде танып білетін және танытатын, көрсететін көркем ойдың ұрығы іспетті. Әрбір бейнелі сөз – бүтіннің бөлшегі. Ол сөз кестесіндегі көркемдік жасаушы көп әшекейдің бір айшығы ғана», – [44, б. 121] деп жазған.

Жоғарыдағы айтылған пікірлерді жинақтап айтқанда, бейнелілік, әдеби бейне әр халықтың табиғатына, көзқарасына, салт-санасы мен әдет-ғұрпына, мәдени өмірі, ұлттық болмысына, ойлау жүйесіне сай жасалады. Сондықтан да

қазақ әдебиетінде көркемдік бейне мен бейнелілік түрлері ақындық үн және дарынмен өрнектеледі.

1.2 Сыр сүлейлері шығармаларындағы суреткерлік дүниетаным және көркемдік ойлау

XIX – XX ғасырда Сыр елінде өмір сүріп, халық ауыз әдебиетін жете меңгеріп, шығыстық мектеп-медреселерінде оқып, шығыстың әдебиетіне еркін сусындаған ақындарда поэтикалық заңдылықтар жүйесі сараланып көрінеді. Көркем шығармада әр дәуірдің тілдік суреткері өзінше қолтаңба қалдырып отыратыны белгілі. Қазақтың жыраулық өнері мен Қорқыт сарынын үндестіре ғасырлар бойы жалғап келе жатқан Сыр сүлейлері деп аталатын өнер тарландарының орны ерекше. Ежелгі Тұран ойпаты мен оғыз-қыпшақ ұлыстары мекендеген Сыр елінде небір таланттар өмір сүріп, әдеби мол мұралары ұлтымыздың жадында ғасырдан-ғасырға жалғасып келеді. Сондықтан Сыр сүлейлері шығармашылығының ерекшелігін айқындайтын белгілердің бірі ретінде жырау, жыршы, импровизаторлық өнер туралы да қатар айтылады. Сыр сүлейлері ұлтымыздың тіл мәдениетіне өзіндік үлес қосып, тілдік ерекшеліктерін шебер қолданып, әдеби бейне жасай білгені анық. Өздері өмір сүрген ортаның тынысын бейнелеп, сөз құпиясын образдылықпен ашу, сөйлеу мәнерінің еркіндігі, шеберлігі суреткерлікпен ұғындырады. Біздіңше, Сыр сүлейлері небір образды айшықтау, тың теңеу, эпитеттер мен көркем алмастыруларды еркін қолданады. Әдеби бейне жасап, көркемдік құралдарды орнымен қолдану, ойды бейнелі және түйіндеп жеткізу, яғни, образдылық бейнелеу мен кейіпкер іс-әрекетін бейнелеп беруде ақындық қолтаңба қалдырған.

Сыр бойы ақындарының туындыларында өз дәуірінің үні мен сол кезеңнің көкейтесті мәселелерінің сөз етілуі заңдылық. Өйткені ешқандай қаламгер өз қоғамынан тыс өмір сүре алмайды. Сыр сүлейлері шығармаларында әділетсіздік, рухани жұтандық, дінсіздік мәселелері кеңінен сөз етіледі. Бұл айтылған мәселелердің бәрі де бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоймай келе жатыр десек артық айтқандық емес [64].

Сыр сүлейлері шығармаларындағы дүниетаным, пәлсапалық ой-толғамдар мәселесін қазақ пәлсапалық ой-толғамдарының бастау бұлағы қайдан деген сұрақтарсыз айта алмайтынымыз анық. Сондықтан жалпы дүниетаным, оның суреткер туындысына әсер ықпалы деген мәселе туралы сөз қозғауымыз - ғылыми қажеттілік.

Дүниетаным ұғымы туралы көптеген ғалымдар маңызды пікірлер айтқаны белгілі. Бұл ұғым, әсіресе философ ғалымдардың назарына кеңінен алынған. Түсіндірме сөздіктерде дүниетануды «дүниенің даму заңдылығын білу қабілеті, жалпы ой-өріс» деп түсіндіреді. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясында: «Дүниеге көзқарас, дүниетаным – қоғамдық сана мен жеке адам санасының ең жоғарғы деңгейі. Ол өзінің қызметі мен мәдени міндеті бойынша адамның біртұтас дүниедегі бағдарлар кешені болып табылады», - [58, б. 64] делінген. Ал, Ғ. Тұрғынбаев: «Адамның дүниетанымы дамып,

тереңдеген сайын ақиқат деген не, оны жалғаннан, қателесуден қалай айыруға болады, ар, намыс, борыш, жауапкершілік, әділеттілік пен әділетсіздік, зұлымдық пен қайырымдылық дегеніміз не деген сияқты әлеуметтік сұрақтар да қалыптаса бастайды», - [58, б. 8] дейді.

Дүниетаным ұғымы әдебиет зерттеушілері тарапынан да сырт қалған емес. Мәселен, белгілі ғалым Р. Бердібай: «Дүниетаным – белгілі, санаулы қағидалардың қосындысы емес, оны меңгеру, бойға сіңіру процесі де күрделі жол», – [65] дейді. Ал белгілі педагог, әдебиетші-ғалым Т. Ақшолақов көркем әдебиетке тән ерекшелікті саралай келе: «... Ол жазушының өз дүниетанымынан туған. Онда оның жүрек лүпілі, өз ой-сезімі бар, көргені, тоқығаны бар. Өнер адамы өмір жайлы өз толғанысын, ой-сезім түсінігін бейнелейді. Шығармада жазушының бүкіл жан дүниесі ашылады, сүйініш-күйініші көрінеді, – [66] деп атап көрсетеді. Осы тұрғыдан қарағанда, дүниені тану құбылысының шығармашылықпен тікелей байланысты екендігін де естен шығармағанымыз дұрыс. Шығармашылық дүниетаным кез-келген шығармашылық адамдарында болатын өзіне ғана тән дүниетаным, дүниеге көзқарасы және оның төл туындыдағы көрінісін білдіреді. Көркем шығарма жазу үшін дүниетаныммен қоса суреткерлік, шығармашылық қиял қажет. Ал публицистикалық жанрдың бір ерекшелігі – өмірде болып жатқан нақты фактілерге негізделетіндігінде. Осы дүниетаным арқылы суреткердің айналадағы болып жатқан оқиғаларды, құбылыстарды көру мен бағалаудағы өзіндік тұлғасын танимыз. Кез-келген туынды жазушы басында туған жаңа ой, көптеген жылдар бойына жинаған түсінік пайымын білдіреді. Белгілі оқиғаға автор өз пайымы арқылы, таным таразысына сала отырып баға береді. Оның дәлелді немесе жәй ғана айтыла салған сөз болып шығуы жазушы дүниетанымының сонылығына байланысты. Екінші бір мәселе, дүниетаным тек көркем шығармада ғана емес, публицистикалық шығармаларда, ғылыми-зерттеу еңбектерінде де көрініс табады. Бұл әсіресе, гуманитарлық-қоғамдық ғылымдар саласына тікелей қатысты. Дүниетаным ұғымы белгілі бір шеңбермен шектеліп қалмайды. Ол әрдайым жаңа өзгерістер ағымына орай жаңаша сипат алып отырады, дүниетанымның толығына түсуінен кейбір көзқарас түбірімен өзгеруі де мүмкін.

Әдебиеттану ғылымында дүниетаным мәселесі көбіне көркем шығармаға қатысты зерттеліп келеді. Көркем шығарма идеясы, образдар характері, тіптен әрбір деталь мен композициялық құрылым – бәрі-бәрі суреткер дүниетанымының көрінісі екендігіне дау жоқ. Дүниетаным туралы жоғарыда келтірілген пікірлерден мынадай түйін жасауға болар еді: биік дүние тану тұрғысы жоқ жерде, шындықты терең, дұрыс тану мүмкін емес.

Дүниетаным негізінде дүниеге көзқарас қалыптасады дедік. Ол туралы: «Дүниеге көзқарас – бұл, адамның әлемге деген тұтас көзқарасы және оның осы әлемге қатынасы және сол көзқарастарға негізделген сенім, сезімдер және адам өмірінің бағыт-бағдарын айқындайтын идеялар, жүріс-тұрысының қағидалары және құндылықтары», – делінген. Ғалым Саят Ыбырай: «... ұлттық дүниетанымымызда адамды тану, табиғатты тану, Құдайды тану- ауқымы кең,

ажырамас бүтін мәселе» – дейді. Екіншіден, адамның табиғатында хайуандық, нәфсәни табиғаттан басқа рухани қуат бар, міне, осы екі қуатты ажыратып, танымай тұрып, адамшылық орнына келмейді» [67] – деп ата-бабаларымыздың дүниетанымындағы рухани құндылықтарға деген құрметті білдіріп өтеді.

Дүниетаным немесе дүниеге көзқарас, адамның сыртқы дүние, қоршаған ортаға, өзіне-өзінің, басқаларға қарым-қатынасы туралы мәліметтердің жиынтығы. Сонымен қатар, ол адамның бағыт-бағдарын, сенімі мен идеалдарын, принциптерін, ұмтылыстарын білдіреді.

Дүниетаным адамның өзі және қоршаған орта туралы білімімен ғана шектелмейді. Өйткені, ол дүниенің бейнесі ғана емес, ең алдымен, дүниеге деген қатынас. Адам дүниеге бейжай, немқұрайлы немесе қызығушылықпен қарайды, оны не ізгілік, не зұлымдық тұрғысынан бағалайды. Осы қатынастар төңірегінде сыртқы материалдық әлем мен ішкі рухани дүние туралы түсініктер жинақталып, тиянақталады. Сөйтіп, әлем, табиғат, адам, олардың бірлігі мен адамның дүниедегі орны, болмыс пен болашақ туралы түсінік қалыптасады. Ғылымда ұғымдық дүниетаным болса, қарапайым дүниетаным халық даналығына сүйенеді.

Ақындар шығармаларында ұлттық сипаттың эстетикалық қуатын күшейту қызметін атқаратын психо-философиялық ерекшелік – көркемдік ойлау. Ол қазақ халқының сан ғасырлық тарихында қалыптасып, дамып, халықтың дүниетанымымен айқындалып, халқымыздың кемел ойы, дүниетанымын көрсетеді. Жалпы қай халық болсын оның әдебиетінде байқалатын адамзатқа ортақ көркемдік тану, көркемдік ойлау болатыны мәлім. Ал ұлттық өнерімізде көркемдік ойлау жүйесі ойшылдық-даналық тереңдіктер арқылы байқалады. Ғалым С. Негимов: «Көркемдік ойлау – өнер туындысын жарататын және одан эстетикалық нәр алып, қабылдайтын ақыл-ой қызметінің ерекше бір түрі. Мұның ғылыми-теориялық ойлау жүйесінен өзгешелігі бар. Көркемдік ойлаудың табиғаты мен мәні – дүниені көркемдік тұрғыдан игерудегі рухани қабілет екендігімен анықталады. Образдылық - сезімдік тұрғыдан әлемді тану, адам болмысына үңілу, тіршілік-тұрмыс мәнісін бағалау, көңіл-күй құбылыстары және қиял ырқымен жүзеге асатын суретті бейнелі ұғымдар синтезі көркемдік ойлаудың ерекшелігі болып табылады» [68] – деп көрсетеді.

Жалпы, ұлттық ойлау жүйесі, ұлттық дәстүрдің тамырын анықтау мәселесіне келгенде, сол халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпына назар аударған жөн [69].

Ақын Бұдабайдың айтыс өнеріндегі өзіндік сөз қолданысы, айрықша тапқыр, дәл, өткір ой көркемдігімен ерекшеленеді. Бұл айтыс дәстүрлі сөз қағыстыруға құрылған. Су алуға келе жатқан Қарлығаш пен жеңгесіне ойда жоқта кездескен Бұдабай:

Қамысы айдын көлдің буын-буын,
Арқаның атып алдым қаз бен қуын.
Қолында екі шелек, бір тобатай,
Келеді құртайын деп көлдің суын.

Сөз арқауындағы мәселені әсерлі жеткізу үшін ажарлау, құбылту, айшықтаудың алуан түрін қолданған.

Бұдабай айтыста Қарлығаштың портретін өзінің ақындық болмысын берумен қатар ұлттық сипатты даралайтын тілдік-бейнелілік үлгілерін көрсеткен. Айтыста қазақтың сөз өнеріндегі көркемдік ойлау жалғастығы анықталған. Ұлттық мінез-құлық (психология) көркемдік шешіммен қолданылған. Ақын бейнелеу-көріктеу өрнектерді де халқымыздың тұрмыстық-әлеуметтік қатынастарындағы дүниетаным аясында береді.

Ұлттық-этнографиялық дәстүр мен көркемдік таным әлемі рухани өсуіміз бен әдебиетімізде ықпалды орын алып келеді. Бұдабай Қарлығаштың дене пішімін ұлтымыздың сусын, шұбат, қымыз, май шайқайтын ағаштан жасалған ыдысқа теңейді. Ұлы көшпенділердің ұрпағы ретінде малдан алынатын сүт өнімдерін өңдейтін ыдысты ұлтымыздың тіршілік болмысы табиғатпен біте қайнасып отыратынын танып, теңестіруге, пайдалануға машықтанған. Содан ұлттық ұғымдар, түсініктер екшеленіп, жаңа мазмұнға ие болған.

Ақындық поэзиядағы айтыстар адамдардың дүниетанымындағы уақыт пен кеңістікті тұтас қамтуымен ерекшеленеді. Жеке адамдардан құрылатын мыңдаған, миллиондаған, миллиардтаған саны бар адамзат қауымы материалдық және рухани мәдениет салаларындағы құбылыстарды, қасиеттерді қамтиды. Адамдардың шығармашылық танымына негіз болған кемел ақыл-ой дамуының көрсеткіші – ойлау.

«Психология» ғылымындағы «ой», «ойлау сезімі» атауларының жаратылыстағы жанды тіршілік иелерінде болатындығы ғылыми байыпталған. Бұл орайда ақындар айтыстарындағы көркемдік ойлау болмысының психологиялық негіздеріне байланысты ғылыми жүйелеулер қажет.

Шығармашылық тұлғаның дүниетанымы кеңістігіндегі ұғымдарды, логикалық пайымдауларды, тарихи сана желілерін көркемдік жинақтаумен өлеңге айналдырып жырлау – табиғи қабілет-дарынның жемісі. Бұл арада ойлау мен түйсінулерді, түйіндеулерді көркем шындықпен бейнелеу ақынның тілдік қорындағы сөздермен, сөз тіркестерімен орындалады.

Ақындардың айтыс өлеңдері - психологиялық сипаты күрделі шығармашылықпен ойлаудың жемісі. Бұл арада профессор С. Негимовтің ғылыми тұжырымына сүйенсек: «Көркемдік сананың эмоциялық белсенділігі, эстетикалық сезімнің кемелдігі, сергектігі, тез, шапшаң, шабытттану, болжағыштық, тұтанғыштық қасиеттер көркемдік ойлаудың тегеурін қуатын танытады. Эстетикалық талғам – қиыннан қиыстыру, метафоралық талғам – көркемдік ойлаудан туындайды. Ал осының негізінде идея, концепция жасалады» [70].

Ақындар айтыстарындағы өмір сырлары, тіршілік құбылыстары хақындағы үлгілерін біз көркемдік ойлау психологиясы аясында танып бағалаймыз. «Бұдабайдың байдың қызымен жұмбақ айтысы», «Бұдабай мен құдаша қыз», «Сапарғали мен Нұржан айтыстары», «Алты ақынның өмір туралы айтысы», «Ірысты мен он алты ақын» және т.б. осы тектес айтыстар жатады. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуын зерттеуші ғалым

М. Жармұхамедұлы осы мәселені былайша жіктеп қарастырған: «Айтыстың көркемдік жүйесіндегі жұмбақтың алатын орны да елеулі. Сондықтан бұл күрделі мәселе айтыс бейнелеу тәсілі ретінде арнайы тоқталуды қажет етеді [71].

Қазақ әдебиетінің тарихына «Ақындардың жұмбақ айтысы» болып енген бұл әдеби мұралар ұлттық сөз өнеріндегі көркемдік ойлаумен көрнекті туындылар жазудың шынайы үлгілері болып халықтың жүрегінен орын алды.

Сыр сүлейлері «Ырысты мен он алты ақын», «Шәкей сал мен алты ақын», «Кете Жүсіп пен Қуаныш», «Қарасақал Ерімбет пен Шораяқтың Омары», «Шораяқтың Омары мен қызы», «Тұрмағамбет пен Шәді төре», «Тұрмағамбет пен Ермұрат», «Керейт Даңмұрын мен Қаңлы Жүсіп», «Қаңлы Жүсіп пен Төлеген» айтыстары академиялық басылымында жарық көрді [72].

Демек, ақындардың жұмбақ айтулары мен шешулерінен құралатын көркемдік ойлау деңгейлерін салыстыра жырлауды арнайы қарастырудың өзектілігі дәлелденді.

Бұдабай Қабылұлының жұмбақтарды өлеңмен жырлап шешкендері – ақындық дүниетанымдағы көркемдік қиялдың нанымды шешімдері. «Бұдабай мен құдаша қыз» атты айтыстағы қыздың ақыннан сұрайтыны – әйел жынысына еркектердің не себепті құмар болатыны. Бұл – Адам Ата мен Хауа Ананың жұптасуынан басталған адамзат ұрпақтарының өсіп-өнуінің, өркендеуінің жолы. Ақынның уақыт пен кеңістіктегі адамзаттың еркек пен әйел жынысы ұрпақтарына негіз-өнеге болған осы адамгершілік – имандылық қарым-қатынастарының тарихнамалық жолын жүйелей жырлауы саналы тіршілік иелеріне тән шынайылық тағылымын түсінуге, меңгеруге, ұрпақтарын ұмытпауына бағдарлайды:

...Сол уақта Хауа – Ананың жанып түрі,
Ұялып беттен шықты иман, нұры.
«Екеуін бір-біріңе адалсың» деп,
Айтылды сол уақытта ақтық сыры.
Жабрайыл бұл хабарды әкелгенде,
Тұрыпты білмегенсіп Хауа мұны,
Жабрайыл неке қиып, құтпа оқып,
Жұптылық мұрат болды ошал күні [73].

Сұрақ-жауап түрінде өткен бұл жұмбақ айтысында Адам Ата мен Хауа Ана жайлы ғибратты ұғыммен жауап берген. Өңгіме желісіне арқау етіп, нақыл сөз, жұмбақ шартына орай қысқа да, нұсқа айтылуы да шеберлік тәсілдің елеулі бір қыры екені байқалады.

Бұдабайдың ұсынған жұмбақтары ақын ойының тұрмыс, тіршілік заңдылықтарымен негізделген болмысын дәлелдейді:

...Халық жүрер күндіз болып мәлім,
Күндіз дос, түн болғанда сондай залым.
Түн болса дұшпандықты ол ойланып,
Түнімен әр ауылдың ұрлар малын [74].

Бұны қыз шеше алмады. Осы айтыс арқылы біз сайысушылардың ақындық өнері мен дүниетаным тереңдігі сәйкес келуі керектігін түсінеміз. Ал қыздың ұсынған жұмбағы да ақынның өмір сырын көру, қабылдау, түйсіну, тану, бағалау, т.б. күрделі қайшылықты мәселелерді қамтитын жинақтаушылық болмысымен ерекшеленген:

Жұмбағым кіп-кішкентай тарыдай-ды,
Оған айдай бар әлем сыяр жайлы.
Өзі сондай кішкентай болса-дағы,
Өз бетімен еш нәрсе іс қылмайды [75].

Бұдабайдың шешуі («Ол айтқан көзінің қарашығы») де аясына тіршілік қозғалыстарын мол сыйғызатын дене мүшесінің поэтикалық болмысын толық бейнелейді.

«Бұдабайдың сиырымен айтысқаны» атты шығармада иесі мен малдың сайысы жырланған.

Жылқың мен қойың қашан көп боп еді?
Бар еді жалғыз түйең «ойсылқара».
Оны да жоғалтып ап іздеп жүрсің,
Бишара, бір бәлеге ұшырама.
...Шашасың мырза болып тапқаныңды,
Ісіріп қойғаның не қапталымды.
...Шиелі, Ақмешіт пен Тәшкен, Бұхар,
Аралап осыларға болдың мәлім.
Халқына Хорезмнің тағы барып,
Ел кезген жалаң аяқ – сен бір зәлім
Бар екен бір қатының ерге серік
Ер кісі бұзылмайды серті берік [76].
Біреуін тірідей – ақ көрер көзге,
Қасқырдың жеген жері албар іші.
...Жау шығып жақын жерден қарға деген,
Қуады жайылдырмай шықсақ түзге.
Ағызып жанымызды шығарады,
Қонып ап арқамызды шұқып лезде.
Тойған соң жылы қанға қарқылдасып,
Шақырад туысқанын түскен көзге [77].

Мысал-айтыстар – ақындық поэзиядағы көркемдік ойлаудың шынайы көрсеткіші. Өмір шындығының жағымды және жағымсыз жақтарын салыстыра, шендестіре бейнелеп жырлау арқылы қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресінен құралатын тіршілік қозғалыстарының заңдылығын саралайды. Сөз бен саз тоғысқанда туындайтын шығармашылық буырқанысы, домбырамен ғана дараланып халыққа танымал болған ақын тұлғасы да, сол үшін домбырасын қастерлеген ақын тағдыры да танылады.

...Домбыра: - Менсіз сен барып па едің ұлы тойға?
Сөйлеуім менің саған ұнамай ма?
...Шек тағып, бетім түзеп, әдемілеп,

Тартсаңыз онан кейін болмайды ма? [78].

Домбыраның күмбірлеген үнімен, ән-өлеңдердің орындалуында да жаңа шығармалардың суырып салмамен (импровизациялық) тыңдауында да – жалпы шығармашылық толғаныстардың немесе көңіл-күй құбылыстарының барлық сәттерінде домбырасымен сырласатын қазақтың ұлттық діл әлемін де айтыстағы домбыра атынан жырлаған шумақтардан аңғарамыз:

Болғанда мойным қайын, бетім тақтай,
Жүмеке, жөн айтылған сөзге тоқта-ай!
«Ақыл - дос, ашу - пышақ» деген сөз бар,
Ашушаң жан көрмедім сен сияқты- ай!
Нәрсеге арзымайтын шырт етесің,
Ақылың қатарыңнан кем сияқты-ай!
Алжыған қара айғырдай тарпаң басып,
Сырдағы шытырлайсың сең сияқты-ай!
Сөйлеуің зорлық қылып лайық па,
Қатының қойныңдағы мен сияқты-ай! [79].

Ақындардың мысал-айтыстары – этностық әдеби тек жанры үлгісімен жазылған туындылар. Сондықтан, бұл шығармалардың композициясында авторлық кіріспе-арнаулар, негізгі сюжеттік бөлім және қорытынды авторлық түйіндеулер құрылымы болады. Сөз арқауындағы Омар Шораяқұлының «Қарашекпен мен қасқыр», Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Көкқұтан мен шымшық», басқа ақындардағы «Жұманазар мен домбыра», «Тоқты мен қасқыр», «Темірбай жырау мен сиыр», «Бабакбай мен қасқыр», «Салпақ пен ат», «Бұдабайдың сиырымен айтысқаны», «Бұдабайдың атымен айтысқаны», Молдахмет Дабылұлының «Көргенімді жаздым хатқа» және т.б. мысал-айтыстар осындай поэтикалық құрылыммен жырланған.

Тайлақтың бодауына түк таба алмай,
Еріксіз, көп ойланып, қисса жаздым.
Мен болдым кедейліктен үлкен ғарып,
Төленбей тайлақ түгіл жазыр салық,
Тайлақтың иесінен кешірім сұрай,
Өлеңмен барғым келді тарту алып.

Мысал-айтыстың сюжеттік байланысы – Төлебай деген кісіден ақынның тайлақ сұрап алғаны; сюжеттік дамуы – тайлақтың қашып кеткені, оны іздеуі, табуы («Тайлағым басы жатыр, кеудесі жоқ»), «Жегенін анық қасқыр көрді көзім»; сюжеттік шиеленіс – ақынның тайлақтың өлімтігімен тілдесуі, одан жеті қасқырдың жегенін естуі, өзін дұрыс баға алмағанына байланысты өлімтіктен сөгіс естуі).

Сюжеттік шиеленіскен тұсында тайлақтың өлген соң қоштасып жатқан Ыдырыс ақынның жеті қасқырға жолығып, олармен айтысқаны айтылады. Сюжеттің шарықтау шегінде ашулы ақынның соңынан ергені айтылады. Жеті қасқырды әлі де ұстай алмаған. Ол одан тай беруін өтінді. Ал, ақын ағалары бірігіп, тай мен түйенің құнын төлеп, аман алып қалуымен сюжеттік шешім аяқталды.

Айтыстағы осындай эпикалық баяндаулардан адам мен түлік, аң аттарынан адамгершілік сапасын ұлықтаған халық даналығын аңғарамыз.

Шығарманың түйіні ретінде әлеуметтік дүниетаным деңгейлері әртүрлі қасиет иелерінің өзара жуысуының, байланысуының күрделілігі ұсынылған:

Қосылмас кедей менен бай сорпасы,
Ант іштім жоламан деп жатсам да өліп,
Өмірде бай мен кедей жараспас, – деп
Осыған көзім жетті әбден сеніп.

Қазақтың жазба айтыстарында ұлттық мінез, ұлттық бояу, ұлттық құндылық саналған: киіз үй, домбыра, шаңырақ, күбі, дала, аспан шырағы, ай мен күн, жұлдыздар, төрт түлік: жылқы, тұлпар, түйе, қой, салт-дәстүр: құда түсу, базарлық, кәде, қонақасы, достық, қонақжайлылық, кеңпейілділік, жомарттық, аңқаулық, ару қыз т.с.с. ұғымдар өлең жүйесінде айқындалып, ақындардың көркем ойлау ұшқырлығын анықтайды. Аталған ұғымдардың символдық бейне қызметінде тұрғанын көреміз. Ұлттық сипатты сөз еткенде, символдық бейнені бөлек алып қарау мүмкін емес. Профессор Б. Кәрібозұлы: «Поэзияның ұлттық сипаты мен мінезін символдық бейнелерден тыс әңгімелеудің дұрыс болмайтын, себебі символдық образдар жүйесінде ұлттың бірнеше ғасырлар бойында қалыптасқан наным-сенімдері, ой-қиялы, сезім сырлары, арманы т.б. тұтастай көрінеді. Қазақ поэзиясының арғы-бергі тарихындағы символдық образдар қатарына: дала, тау, теңіз, тұлпар, домбыра, бесік т.б. жатады. Символдық образдардың қазіргі әдебиеттегі, өлеңдегі өміріне тереңірек үңілу поэзия парасатын, жеткен жетістіктерімізді бажайлауға, ең бастысы ұлттық сипат пен мінезіміздің тағы да бір қырынан танылуына жағдай жасайды» [80].

Олай болса біз сөз етіп отырған Сыр сүлейлерінің жазба айтысындағы ұлттық мінез бен көркемдік ойлаудың көрінісі әрбір ақынның даралығын көрсетпек.

Түйіндей келгенде мынандай тұжырым жасадық:

- сыр сүлейлерінің жазба айтысында ұлттық мінез, ұлттық сипат және көркемдік ойлау мәселесінің көрінісі анықталды;

- айтыс ақындарының дүниетанымы, өзіндік көзқарасы, көркемдік ойлауы ұлттық мінезді қалыптастырды;

- әдеби бейне мен бейнелілік ақындар тұлғасымен байланысты берілді;

- айтыстарда ұлттық құндылықтар саналатын атауларды жиі кездестіруге болады;

- ұлтымыздың әлеуметтік-мәдени сипатын таныта отырып, ұлттық мінез айқындала түскен;

- ұлттық символға айналған «домбыра», «киіз үй», «шаңырақ», «асау», «тұлпар», «қара нар» т.б. ұғымдар бейнелік қызмет атқарып тұр.

Академик З. Қабдолов «Сөз өнерінде» [9, б.156] көркемдік тілдің тәсілдерін айқындау, теңеу, троп, метафора, кейіптеу, астарлау, алмастыру, меңзеу, кекесін, ұлғайту, әсірелеу, айшықтау деп бөліп көрсетеді. Біздің байқауымызша, Сыр сүлейлері поэзиясында аталған көркемдік тәсілдің барлық

түрлерін қолданылғаны аңғарылады. Бейнелеу тәсілін әрбір сөз иесі өзінше сомдайды. Адамзатқа ортақ таным дүниесі үздіксіз дамуда болады. Сондықтан, әрбір ақынның ешкімге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасы болатыны белгілі.

Сүлейлер поэзиясының образ сомдау тәсілдерін зерделеу барысында туындаған мәселенің бірі әдеби бейне және оның бейнелену мүмкіндіктеріне қатысы еді. Зерттеп отырған нысанамыздың негізгі сипаттары тіл арқылы берілетіндіктен, сөз саптауда жеке ақындардың ерекшеліктеріне тоқталып өткен орынды болмақ. Сыр сүлейлері түрлі әдеби ағымдардың ықпалын көріп, олардың лирикалық образ сомдау әдістерімен де таныс болған. Десек те, қанша ықпалдастық, әдеби үндестік болғанмен, туған жұрттың ежелден қалыптасқан дәстүрлі өзіне ғана тән ерекшеліктерін де сақтап қалған.

Әдеби бейне, образды сөз, яғни, көркем бейне мен бейнелілік арқылы суреткер өмірді бейнелейді. Адам оның өмірін көркем тілмен жеткізе отырып, образ, яғни бейне жасалады.

Сыр сүлейлерінің бай мұраларындағы бейнелілік мәселесін шартты түрде болса да былайша қарастырған жөн:

- поэзиялық айшықты орамдармен берілетін мағыналы сөздер;
- теңеулік бейне жасайтын қолданыстар;
- эпитеттік бейне;
- әсірелеу (гипербола, литота);
- нақыл-ғибрат, бейнелі ойлы, қанатты сөздер;
- сөз қайталау арқылы өлеңге реңк беру;
- дыбыстық үндестік (аллитерация мен ассонанс).
- эпикалық бейне;
- лирикалық бейне.

Сонымен, Сыр сүлейлері шығармаларында ұлттық поэзияның ұлттық сырын аңғартатын, өзгермейтін, тұрақты элементтер де мол. Мұның негізгі төркінін тілден, табиғилығынан іздеген орынды. Тілдің стильдік, бедер, бейнелік қасиеттері белгілі бір уақыт мөлшерінде бір қалыпта көрінеді. Халықтың көзқарасы, өмірді түсінуі, сананың өзгеруі, жетіліп кемелденуінен бейнеленіп, өзгереді. Суреттеу, бейнелеу, көркемдеу тәсілдері бірден емес, бірте-бірте өзгеріп отыратыны белгілі. Зерттеліп отырған Сыр сүлейлері шығармашылығында сыр, бояу, ұлт сипатын білдіретін өрнек, нақыштар жеткілікті.

Поэзия – өз дәуірінің жемісі, сондықтан адам тағдырын образбен байқататын ақын күнделікті тіршіліктегі көріністер арқылы нанымды ой-түйін жасайды. «Ат басына күн түссе, ауыздықпен су ішер, ер басына күн түссе, етігімен су кешер» – деген сөз бар. Бұл поэзияда да, ауызекі сөзде де жиі ұшырайды. Ер жігіт пен жүйрік ат бейнесі көп жағдайда қатар жүреді. Ақындардың өз талантын жүйрік атқа баламағаны кемде-кем болар.

Әлім менен Шөменнің,
Мен едім даңқты шайыры.
Екі енені тел емген,
Күпшек санды күреңмін.

Төсімнен тартса жетпейтін –
Жуандықтан айылы, [81] –

деп Базар жырау жүйрік ат, тұлпар бейнесін әсерлі жеткізеді.

Сүлейлер шоғырындағы көрнекті тұлға –Балқы Базар Оңдасұлы. Ол қазақ поэзиясының тарихындағы ауызша дәстүрлі жыраулық және жазбаша шайырлық-ақындық әдебиетімізде ортақ тұрған ірі тұлға. Он бес мың жолға жуық өлең-жырлары мен бес дастаны сақталған.

Базар жырау – сөзге қанат бітіріп, сөзбен сөзді жалғастырып, қарым - қайратын қосып, ойды тербейтін, бойды билейтін поэзиялық образ жасаудың шебері. Оның ақындық тәжірибесінде әріден келе жатқан дәстүрлі өрнектер, символдық бейнелер, мифологиялық образдар мол. Ойға берік, сөзге жүйрік, талғампаз жырау туралы әдебиет зерттеушісі Ы. Дүйсенбаев: «Ең әуелі ол көркемсөздің шебері, жыраудың толғаулары құйылып тұрса, тілінде де мін жоқ, сөзі саф алтындай таза, кестелі өрнектер, орамды сөйлемдер көп кездеседі. Сонымен бірге ақын адам баласына ортақ ізгілік, адамгершілік, ата-ананы құрметтеу, жар мен перзентті сүю, досты бағалау, еңбек пен өнерді қастерлеп, қадір тұту сияқты асыл дүниелерді зор шабытпен жырлай білген» – [82] деп баға берген.

Базар жыраудың суреткерлік шеберлігіне М. Жұмабаев: «Қолымда Базардың 4-5 ақ өлеңі бар. Мұндай өлеңмен ақынды өлшеуге болмайды ғой. Бірақ осы төрт-бес өлеңде-ақ Базардың сөзге жүйрік, ойлы ақын екендігі сезілетін сықылды» [83] – дей келе, көркемдік тұрғыдан талдап, өнеріне жоғары баға береді де: «Шынында Базардың көр-жерді өлең қылып, көрінгенді мақтайтын құр малтапқыш болмас. Елдің қамын ойлаған, қалса, өзінің ойына терең бойлаған «кеңесі кеңінен келетін» ақын екендігі өлеңінен байқалады», – деп байлам жасайды.

Базардың Сыр сүлейлерінің ішінде ел-жұртқа көбірек танымал болуы терең ойға жетелейтін термелері мен әдеби бейне, образ жасаудағы ерекшелігін М. Әуезов: «Бұл дәуірге аты белгілі ақындар арғы заманнан Сыпыра жырау, Қазтуған, бергінің Алаша Байтөк жырауы, Базар жырауы, Досқожасы болсын – барлығы да зар заман дәуірінен үлкен орын алатын ақындар» – [84] деп тұжырымдайды. Базар жырау туралы зерттеуші ғалымдар: Ә. Диваев, С. Сейфуллин, Ә. Марғұлан, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, Б. Алдамжаров, М. Жармұхамедов, Б. Кәрбозұлы, С. Қосан еңбектерінде Базар толғаулары толық ғылыми мақсатқа сай талданып, тиісті бағасын алған.

Зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты ең алдымен Базар жыраудың әдеби бейне жасаудағы суреткерлік шеберлігін айқындау және өзіндік ерекшелігін сараптай отырып, ғылыми оралымға қосу. Көркем шығармада автор бейнесі – болмыс пен оқырманды байланыстырушы категория. Базар жырау осындай аралық байланыстырушы қызметті атқару үшін, өмірдегі оқиғаларды белгілі бір көзқарас тұрғысынан баяндай отырып, өрнектейді. Мәселен,

Сөйле, десең сөйлейін,
Көңіліңді сөзбен делбейін.

Жез бұйдамы мен наршаң,
Қосыңды артсаң жетелеп –
Елпендеп неге ермейін.
Көптен бері сағынып,
Бас қосқан соң сағынып,
Барымды бүгін сермейін [81, б. 41].

Келтірілген үзіндіден авторлық позиция мен автор бейнесін шатыстырмау керек. Автор бейнесі бейнелену ерекшеліктеріне сай екені аңғарылады. Өлеңде жырау мен тыңдарман аралығындағы уақыт бейнеленген.

Докторант К.Т. Құдайбергенова ақын туралы ойын былай сабақтайды: «Базар жыраудың қай өлең-толғауларын алмайық, бәрінен ақын өмір сүрген кезеңнің тыныс лебі еседі. Сол кездегі қоғамдық ортаның түсінік-танымы, мінез-құлқы диалектикалық тұрғыдан ашылады. Өмір мен заман жайлы терең ой қозғаған жырау шығармаларының тақырыбы да әр алуан. Ол елдің жай-күйін, адам басындағы мұң-зарды, халықтың өткені мен болашағын шебер жырлаған» [85].

Сондай-ақ мұндағы басты кейіпкер – автордың өзі екені байқалады. Өлеңнің өн бойында «автор бейнесі» жетіліп қана қоймайды, өзгеріп отырады. Айтатын ойын бейнелі түрде еселеп арттырып, ағыл-тегіл төгіп тастайды. Адам сезіміне әсер етерліктей бейнелі түрде көз алдына елестете алатын эпитеттер мол.

Не жақсылар өткен жоқ,
Заманында шалқыған.
Не батырлар өткен жоқ,
Жер жаңғыртқан даңқынан.
Не жүйріктер өткен жоқ,
Суырылып озған шаршыдан [81, б. 28].

«Шалқыған жақсылар», «жер жаңғыртқан даңқы», «суырылған жүйрік», – деген сөздер арқылы өзі теңеліп тұрған зат есімнің тұлғасын, ерекше сапалық белгілерін айқындап тұр, яғни эпитеттік бейне жасалған. Өмірді терең барлауға баулитын ақын поэзиясында образдың әр қырынан танытар өрісін кеңейтетін көріктеу құралы эпитет арқылы ойды көркем бейнелі етіп береді.

Образ табиғатын ашу үшін әсерлі, сұлу теңеулерді молынан пайдаланып, суреткерлік қабілетінің қуаттылығын аңғаратын өлеңдері мол. Мәселен,

Жақсы менен жаманның,
Арасы жер мен аспандай.
Мырза менен сараңды,
Өлшестіріп қарасаң,
Ылди мен зәулім асқардай!

Жақсы мен жаманды салыстыра отырып, образды қуат пен бейнелі суреттің сұлу ырғағы мен төгілмелі ұйқасына құрған. Жырау толғауларында эпитеттік бейне ой-қиялға әсер етеді. Эпитеттің қызыл, ақ, көк, қара түр-түске байланысты берілуі мол т.б. Мысалы:

Ақ берен мылтық сыналмас,

Сығанай көздеп сұр мерген
Асырымын атпаса.
Қызыл тілді сайратып,
Халқым көрген қызығын.

Базар шығармашылығында метонимия алмастырудың түрлері мол ұшырасады.

Балдағы алтын ай болат,

Барымды бүгін сермейін, – деп ұғымдардың бірінің орнына бірін қолданып образды ой толғайды. «Ай болат», өткір сапты «балта» мен өзінің ақындық қуатын ауыстыра суреттеу арқылы болмыстың келбетін шынайы қалпында шебер суреткерлікпен бере білген. Құбылысты жанаша сипаттап, оның ішкі табиғатын көрсетуде танымдық қабілеті мейлінше терең екені байқалады. Жоғарыда келтірілген бейнелі сөздерге назар аударсақ, жақсы адам туралы халықтың түсінігі дәстүрлі бояу суреттермен бейнеленген. Сонымен қатар теңеу, эпитеттер халық жадына сіңген, сөйлеу тілінде жиі айтылатын сөз өрнектері екенін аңғарамыз.

Метафоралық бейне – бір нәрсені екінші нәрсеге баспа-бас мағыналық жақындық бойынша ауыстырып ұқсату. Базар шығармаларында,

Кереге жалды сендерсің –

Сақтаулы жүрген сезімім [81, б. 41].

Түбір сөзге «сің» жіктік жалғауы мен «ім» тәуелдік жалғауы жалғанып, «сендерсің – сезімім» метафоралық бейне жасалған.

Ажал – бүркіт, адам – жан,

Жылжуға келмес әл-шамаң [81, б. 47].

Ал «ажал – бүркіт», «адам – жан» екі нәрсені бір-біріне баспа-бас балау арқылы берілген.

Ер қаруы – бес қару,

Екі талай жерлерде,

Сілтей алмайсың сасқанда [81, б. 60].

Міне, осындай көркемдік тәсіл арқылы көз алдына қанатымен жер сабалап ұшқан аққу, ақырған тарпаң асау, ор қоян, алтайы қызыл түлкі, төрт түлік бәрін-бәрін баламалап жеткізген. Базар поэзиясының метафоралық жүйесі ойды көрікті жеткізудің, өмір құбылыстарын көз алдына елестететіндей етіп суреттеген. Оның өлеңді түрліше сәндендіріп, сөздің ішкі иірімдерін безендіруі образ тудыратын көркемдік, баламалы түрде метафоралық образдармен беріледі. Мысалға жүгінер болсақ,

Ажал – бүркіт,

Адам – жан

Осынау образ-символ өзінің көркемдік-эстетикалық қызметін бұлжытпай орындап, белгілі бір ойды, сезімді шебер жеткізген.

Ұлттық тілдегі метафоралық сөз тіркестігін жүйрік білген Базар жырау зерлі тіркестермен бейнелі ойдың көркемдік әсерлігін күшейткен. Базар айшықты сөз үлгілері арқылы образды өрнек жасап, халықтық мақал - мәтелдерді де орынды қолдана білген.

Алмас қылыш сыналмас,

Қиядай тартып шаппаса.

Еңбексіз тапқан дүниенің,
Қадірі болмас кісіге [81, б. 25].

Ер көгерер алғыспен [81, б. 20].

Өнбейтін даудың ізінен
Өспейтін жігіт қуалар.

Жесірдің қамын ойласаң,
Жетімнің көңілі жұбанар.

Ажарсыз сөздің әсері,
Көп кеуіліне қонымсыз.

Ақылсыз кейбір ақымақтар,
Алдағанға мәз болар [81, б. 38].

Халықтық мақал-мәтелдердің синтаксистік құрылысын өзгертіп түрлендіріп отырған. Базар ойды көркем өрнектеуде ойды түйдек-түйдек мақал арқылы түйеді. «Ел жақсыларына», «Не артық?», «Халқы үшін туған қайратты ер» т.с.с. өлеңдерін тек мақал-мәтелмен әрлеп отырады. Сондай-ақ, өзіне тән ажарлы, астарлы сөз қолданыстары да кездеседі, сөйтіп қанатты сөздер тобын құраған. Мәселен,

«Дүние – киік, адам – ит»,
«Тағдыр құйын, адам – қаңбақ».
Өлім – күзет, өмір – жол.
Бірте бірте күн санап
Көнерген сайын төзе алмай,
Солқылдайтын басқанға.

Базардың ақындық табиғатындағы ерекшелік сол лирикалық кейіпкерлік өлеңдерінде сөзге қанат бітіріп, ойды тербейтін поэзиялық образ жасауында халқымыздың бай тілін, рухани қазынасын образдылықпен өрнектеп, лирикалық сезім иірімдерінің жырлануы. Мысалы, Базардың «Дүниені қудым», «Әлі де сенде арман жоқ», «Тездетіп жігіт күнім өтіп кеттің!», «Бір кезде Базар едім...», «Бай да өткен, патша да өткен» деген лирикалық толғау жырларынан оның мың сан толғаныстарды жырлаған сезімге толы ішкі жан дүниесін танитымыз. Лирикалық кейіпкердің үні – көпшілік айтар сыр. Сол себепті де жырау әдеби бейне, яғни, қиял сұлулығы мен сезім сұлулығы ұштасып, сөзсіз ақындық шабыт тудырады. «Дүниені қудым» жырында күнделікті пендешілікпен өтетін өмірге сипаттама бере отырып:

Өткіздім нәлет дүниенің,
Алдағанын шын көріп,
Дүниенің әлегі

Қалды көңіл кірленіп
Талма түс болғанда,
Талықсығанға ұқсаймыз
Дүние – киік, адам – ит
Қуа-қуа ізденіп.

Қазақтың жыраулық-ақындық поэзиясындағы ежелден келе жатқан дәстүрдің бірі – жыраулардың өз тұлғасын даралап көрсетуі десек, Базар шығармаларында образды сурет ойға негізделгенін көреміз. Күнделікті күйбең тірлікте ғана өмір сүрмей ұлы даладағы ұлтымыздың бірлігі мен татулығын ойлаған азамат жыраудың биік парасатты тұлғасы сомдалады. «Халық үшін туған қайратты ер» толғауында осы ойлар суреткерлік тілмен өрнектелген:

Халық үшін туған қайратты ер,
Айырмайды жақынын.
Бірдей көріп жырақпен,
Аңдасаң ақыл тең болмас.
Тәңір берген жігіттің

Өтеді күні мұратпен, – деген жолдардан Базардың өзіндік жан сырын ақтаруынан азаматтық парасаты, көңіл-күй әуендерінің құбылуларына өзіндік тұлғасын аласартпаған салауаттылық келбеті танылады.

Базардың осы дәстүрдің өлеңдерімен ұқсас шығармалары бар. Солардың ішіндегісі – «Бір кезде Базар едім» атты өлеңі. Өлеңнің композициялық құрылымында ол өзінің жастық шағынан осы күнге дейінгі аралықта халық арасындағы беделі мен биігін, сондай-ақ өзінің жақсы да, ақындық азаматтық істерімен жырлайды. Жиырма бестен басталып, қарттыққа жеткенге дейінгі кезеңдерді көркемдік жағынан сипаттауда дәстүрлі жыраулық-ақындық әдебиетте орныққан образдар мен бейнелілік сипаттамалар жиі қолданылады.

Мысалы, «Тоқсанда сары аяздай сартылған», «қалың едік тоғайдағы», «арналған бедеу аттай Базар едім», «халықтың бағлан бақпасы едік», «Бір туған қырғыздан кер құмайдай», «халықтың алтын жүзігі едік», «мен едім қара алтайы қалыңдағы», «бұлбұлдай гүлстанның бағындағы», «мұнардай жауһарланған сағымдағы», «жүйріктей жүзден озған жұма сайын», «көңіл ит шаршамайтын шабандоздай» және т.б.

Ақын өз өмірінің сұлу өрнекті, мағыналы мазмұнын осындай бейнелі, терең сөздермен жырлай келіп, кәрілікке жеткен қалпында мұңдана сөз арнайды:

Килігіп жас жетпіске толығып тұр,
Өр көңілі жеңбес жауға жолығып тұр.
Талпынған әр тарапқа таудай көңілім,
Жабығып осы бүгін торығып тұр...

Дүние бір қорқыттың, бір толқыттың,
Әманның аждаһандай бәрін жұттың.
Болғанда бізбен жолдас сертің қайда,
Бұл күнде ол достықты неге ұмыттың?

Құлаштап, дүние сені қармансам да
Кезі келген шығар ер Қорқыттың.

Базардың осындай дәстүрлі тақырыпқа жырлаумен үндес шығармаларды қазақ поэзиясының тарихындағы ақындар мұраларынан да кездестіре аламыз. Мысалы, Махамбеттің «Мен, мен едім, мен едім», Тұрмағанбеттің «Назым», «Кейінге нені тастап кетемін» деп, Қ. Аманжоловтың Нартайдың «Өздерің білер Нартаймын», «Өзім туралы», М. Мақатаевтың «Автограф» және т.б. шығармалар. Бұны ұлы ақындардың бәрі де тұтынады. Егер Сыр бойындағы жыраулық, ақындық мектептің көш басшысы Базардың шәкірті Тұрмағанбет:

Дүниеден өмір бітіп өтсем де өзім,
Аралап жердің жүзін жүрер сөзім.
Көре алмай кейінгіні кеттім-ау деп,

Арманда болмай-ақ қой екі көзім – деп ақындық сөз мұраларының халық жүрегінде мәңгілік сақталатынын мегзеген. Базар жырау поэзиясының осы секілді ерекшеліктерін ескерер болсақ, оның әдеби мұрасы мен стилін терең зерттей түскен жөн. Өйткені өзінің әдеби әдісі жағынан Базар Шортанбай, Дулаттарға ұқсайды. Бірақ стилі бөлек. Шортанбайда реалистік-сатиралық арна аса елеулі. Оның романтизмі әдеби тілінде емес, идеясында. Ал Базар жырауда романтикалық образдау мен идея бірлескен. Тілі мейлінше тартымды, ұғымды, көпшіл. Метафоралары халық поэзиясына жақын. Ақын замана қайшылықтарын жинақтай отырып, үлкен образ жасайды. Онысы заманды шенеу ғана емес, іздену, күрес сарынымен де байланысты. Осы сипаттарына қарап біз Базар поэзиясы романтикалық толғаудың ХІХ ғасырдың аяғындағы өзгеше бір көрінісі дейміз. Мұның басы – Бұқар жырау болса, ортасы – Махамбет, соңы – Балқы Базар. Әрине, бұлардың заманы мен шығармаларының мазмұны бірдей емес.

Идея жағынан Базар жырау кейбір ескішіл бағыттағы ақындар секілді пайғамбар заманын аңсамайды. Өз дәуірінің үлкен аңғарын танып, сол қайшылықтан шығудың жолын іздейді, тулайды, бұлқынады. Тапқаны уақытты сынау, үздіксіз серпілу, кешегі бір күрестерді мегзеу ғана.

Романтикалық толғаудың тіл мен мазмұн бірлігіне негізделген Базар шығармаларының шынайлығы, көркемдігі, образдылығы оның поэзиясының басты ерекшеліктерінің бірі. Ол екі жақты езгіге түскен шаруа психологиясының ақыны болған. Халық поэзиясы салтын жеке айтушылық дәстүрмен жалғап, толғаудың биік өрнегін жасаған.

Адамдық бітім болмысқа, адамгершілік қасиеттерге қатысты нысанаға алынған, мысалға келтірілген кісі аттары, толғау кейіпкерлері бір қарағанда екінші жоспарда, негізгі мәселенің фонында ғана жырланып өтетіндей болып көрінгенімен, шынтуайтында бұндай ерекшелік толғау жанрының уақыт пен кеңістік алдында мүмкіншілігін молайта түсіп өлең өміріне, адам кейпі бейнесінің деңгейіне жағдай жасап отыр. Базар жырау өзі көтерген мәселенің мәні мен маңызын осы кейіпкерлерінің адамдық мінез-құлқы мен адамгершілік қасиеттерін ашу арқылы дәлелдеп берді. Дәл осындай жанрлық сипат толғаудың әдебиет туындысы тұрғысынан негізгі қызметі өмір мен адам

танытушылық функциясын толық атқарып шығуына мүмкіншілік жасайды. Толғау өлең өміріне әдеби кейіпкерлерді молынан енгізе отырып, жанр жүгін деректі, нақтылы тарихи адамдар туралы айтумен ауырлата түсу Базар жыраудың суреткерлік тұрғыдағы қазақ өлеңіне қосқан үлес жаңалығы. Демек, Базар жырау толғауларына лирикалық сазды әуен, сырлы мұңмен бірге эпикалық қарқын қуат та тән. Осындай сипаттар толғау жанрының мазмұндық жағынан молайып, тақырыптық аясын кеңейткеніне, өмір мен уақытпен үндестігінің артуына дәлел бола алады. Әрине, Базар жырау толғауларындағы аты аталған адамдар әдеби бейнелер емес, теориялық тұрғыдан бұндай кейіпкерлерді көркем шығарманың нысанындағы персонаждар десек те болады. Осы персонаждар арқылы Сыр өңірінің тарихынан, әдеби-мәдени өмірінен аз кем хабары бар адам Базар жырау толғауларын естіп оқығаннан кейін, біліміне білім, білігіне білік қосары даусыз. Демек, Базар жырау туындылары өз кезі үшін де, кейінгі ұрпақ үшін де көркем шығарма ретіндегі қызметін мінсіз атқарған құнды дүниелер.

Толғау жанрының үздік үлгілері күйінде әдебиет тарихына үлкен үлес болып қосылған Базар жырау толғаулары өз кезіндегі әдебиет өкілдерінің шығармашылықтарының дамуына игілікті әсер етті, бұл бағытта жетекші роль атқарды.

Толғау шығармалары арқылы өлең өміріне әдеби бейне мен бейнелілікті молынан енгізе отырып, Базар жыраудың суреткерлік тұрғыдан қазақ өлеңіне қосқан үлкен үлесі бар [86].

Сыр сүлейлерінің белді өкілі, Базар жыраудың шәкірті атанған – Тұрмағанбет Ізтілеуов. Ол туралы М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, Ә. Тәжібаев, Б. Кенжебаев, Р. Бердібай, Ө. Күмісбаев, Ұ. Жанбершиева, Е. Кәрбозов, Л. Құндақбай, Ф. Қожахметова т.с.с. әдебиетші-тілші ғалымдар зерттеу жүргізіп, ой-пікірлерін айтқан. Десек те, ақынның көркемдік кестесі, суреткерлік шеберлігі, өзіндік қолтаңбасын арнайы қарастыру қажет. Ақын поэзиясындағы даралық сипат, жаңа салыстырулар, көркем тіркестер, сөз ұғымын меңгеру, яғни, образдылық, таным деңгейін танытатын қасиеттері оның ақындық бейнесін ашып береді. Шығыс поэзиясы мен халықтық поэзияға тән небір образды айшықтар, классикалық теңеу, эпитеттер, әсірелеулер мен алмастырулар Тұрмағанбет поэзиясында мол ұшырасады. Ақын тілінің өзіндік өзгешілігі сөзінің табиғилығында, айшықты ораммен беруінде жатыр. Ақын поэзиясы дидактикалық, гуманистік сарында болып келеді. «Дидактикалық поэзия – творчестволық бояуы шектеліп, таза ақыл, өсиет тілі алға шығатын өлеңнің көркемдігінен гөрі сөзшендігі мен ақылгөйлігі оның ерекшелігі ретінде көрінетін поэзиялық түр» [87]. Бұл келтірілген анықтамадан дидактикалық поэзияның көне замандардан бастау алып, бертінге дейін өзінің құндылығын жоғалтпағанын көреміз. Сол дәстүр Сыр сүлейлерінде де байқалады.

Сыр сүлейі Тұрмағанбет Ізтілеуов – қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар, ерекше ақын. Оның дидактикалық ағартушылық бағыттағы үгіт-насихат, өсиет өлеңдерінен бастап барлық шығармаларында ұрпақ, ұлт

тәрбиесіне көңіл бөлгенін өз алдында сөз етуге тұрарлық дүние. Оның ақындық, азаматтық позициясы да ұлттық тәрбие, ұрпақ тәрбиесі болған [88].

Т. Ізтілеуов өлең өлкесінде ерекше өзіндік үнімен, өзіне тән жүректі қозғайтын терең ойымен, тыңдаушысын өзіне баурап алып, рухани дүниенді кеңейтетін қазыналы жырларымен қалың оқырманның есінде қалған сөз зергері екені анық. Өлең бойында бейнеленген ақындық таным мен сезімдік танымның оқырман ойында әсер тудыратындығы оның айқын дәлелі. Осылай бейнеленудің өзі өлеңдегі танымның қалай орналасқандығына келіп саятын салмақты түйін.

Т. Ізтілеуов өлеңдері ұлттық нақыш пен көркемдік танымды шебер үйлестірумен ерекшеленеді. Сондай-ақ бірсыпыра өлеңдерінде ойды бейнелеудің өзгеше бағытын ұстағанын аңғаруға болады. «Сұлу қыздың кескіні» өлеңінде:

Жайдары жатық мінез, сөзің шырын,
Боламын хат сияқты баспадағы.
Қиғаш қас, оймақ ауыз, ақ дидарың,
Көңілімде ғашық отын басқарады.

Адамның ең қастерлі махаббат сезімін жырлауда ақын қыз сипатын, образға сай мүсіндеген әдеби бейне, лирикалық образ, нәзік сезім көріністерін тап басып, тамаша бейнелеген. Табиғатты адам өмірімен байланысты жырлап, көктемді, қасын керген, күлім көз, ақық ерін, алтын тұлымды сұлу бейнесінде әсем сурет жасайды.

Күлімдеп, қасын керіп, келді жылым,
Сұлудай ақық ерін, алтын тұлым, –
деген жолдарда жаратылыстың көркемдігін, әсем бейнесін жырға қосады.

Теңеу – адамдардың бейнелі ойының жемісі, ойды жеткізу құралы. Ақын өлеңдерінде теңеу жасаушы амал-тәсілдердің мол болып келуі – ақын дүниетанымының кеңдігін көрсетеді. Ұлттық сана мен халықтық таным негізінде қалыптасып, ұлттық болмысты білдіруде ақын қолданған теңеулер құнды болып отыр.

Образ табиғатын терең ашу үшін Тұрмағанбет әсерлі, сұлу теңеулерді молынан пайдаланған. Мысалы, «Шаһнама» дастанында Залдың дүниеге келуін тамаша портрет жасап, көркем өрнекпен өреді.

Қара емес, қардай аппақ шыққан шашы, (теңеу, эпитет)
Сап-сары, салпы ерін, жік-жік басы, (эпитет)
Әрмен көз, бермен маңдай, бірақ оның (эпитет)
Көзінің жанған шамдай шұғыласы (теңеу) [89].

«Данышпан қарт» дастанында:

- Жігіттей жиырма жасар екен епті,

«Назым» өлеңінде:

- Қаз тұтып қатарына келгендерді,
Асаудай ұсталмаған тебер еді...

«Адамдық іс» өлеңінде:

Кейбіреу сәл бақытқа мас болады,

Шабактай шалпылдаған қайраңдағы.
«Мәрдi дихан» дастанында:

- Алмасша «ә» дегеннен алып түсер,
Тас пенен темiрге сал үшкiрiндi.

немесе:

Сүйiктi шырағымсың шырын жанша,
Тасаттық тәпсi – тақтым бәрi саған,
Iркiлмес iс өтедi бiр раданша.

Үзiндiдегi өткiр теңеулер ақын бойындағы суреткерлiк қабiлетiнiң қуаттылығын аңғартады. «Сымбатты сұлу» өлеңiнде кейбiр бұрын белгiлi сөздерге жаңаша мән берiп, өзiндiк жаңа ұғымды теңеу жасап отырғаны да байқалады.

Сүйiрiктей судан шыққан бәрi мүсiн,
Қиғаш қас, оймақ ауыз, ақық ерiн.

Сұлу жас әйелдiң бейнесiн ақын судан шыққан сүйiрiкке теңеген. «Сүйiрiк» сөзiн әйел бейнесiнде қолдану да ақынның өзiндiк ерекшелiгi. Тiл қорына қосқан жаңа теңеулерiне мына өлең жолдарын да жатқызуға болады. «Тұтқын қыз» дастанының бiр жерiнде:

Көктегi көркейдi қыз толған айдай,
Бедеудей көзi ойнап, қойған байлай.

Халық ауыз әдебиетiнде «бедеудей» деген теңеу бар болғанымен ақынның қолданысында мүлде басқа мағына бередi. Сұлудың өзiн емес, көзiн «бедеудей» деп теңеу тек Тұрмағанбетке ғана тән қолданыс десек болады.

Ақынның сөздi көркемдеуде қолданған теңеулерiнен шығыстық сипаттарды сөз ететiн болсақ, бiраз шығармаларында бейнелеу, көрiктеу құралдарын, образ жасау тәсiлдерiн, әдеби теңеулердi, сөздердi құбылтып, айшықтау әдiстерiн, өлең жүйесiн, өлең құбылысын, ырғақ пен ұйқас заңдылықтарын Шығыс әдебиетiнiң үлгiсiнде қолданған. Шығыста ғашықтар арасындағы сүйiспеншiлiктi гүл, бұлбұл теңеуiмен байланысты суреттейдi. Шығыстық асыл сөздердi ақын жай өз мағынасында қолданбайды, оған барынша мән берiп отырады.

Мысалы, «Ақ Жiбек» өлеңiнде:

– Құлпырып бәйшешектей түрленесiң,
Берген соң лайықтап құдай пiшiн.
Жайқалып қызыл гүлдей сен тұрғанда,
Менiң де басқаменен жоқ жұмысым!

«Сұлу қыздың кескiнi» өлеңiнiң бiр жерiнде:

Қол создым, құштар болып, құлаш жайып,
Миуадай дақ түспеген аспандағы [90].

Миуа – ағаш басындағы дәмдi жемiс екенiн көрсету үшiн қолданылатын сөз. Ал бұл өлеңде Тұрмағанбет қол жетпейтiн биiктегi сұлусың деген мағынада қолданған. Бұл да сөз қолданысындағы өзiндiк жаңалығы. Өлеңде жiгiттiң асқақ арманына айналған сұлу қыздың бейнесiн, ажар-сымбатын суреттеуге асқан шеберлiк таныта отырып, алуан түрлi теңеулермен әсерлi

сипаттайды. Шығыс поэзиясында махаббаттың шынайлығы «Ләйлі - Мәжнүн», «Хұсрау мен Шырын», «Жүсіп пен Зылиха» т.б. ғашықтармен өлшенеді. Тұрмағанбет қыз сұлулығын осылармен қатар қойып, олардың үлгілі істерін паш етеді.

«Көңіліме гүлі егілді махаббаттың» атты өлеңінде Ләйлі-Мәжнүн шынайы ғашықтар ретінде бағаланып:

Тұрғанмен төбемде ай, алдымда күн,
Бұл жаһан сенсіз көзге көрінбес-ақ.
Ізденер бұлбұл – бақша, байлар – ақша,
Ғашыққа дидар әркез, патшаға тақ,
Мәжнүннің мысында болып жүрмін,
Ләйлінің ұқсасында өзіңсің нақ [91].

Ақын өлеңдері образдылық – метафоралық мағынаға ие сөздерге бай.

Рауа ортада отыр болып жүрдей,
Жарқырап екі көзі гауһар, дүрдей.

Бұндағы жүр – сұлу, көрікті, дүр – асыл тас (янтарь) деген мағынаны білдіреді. Сұлудай деген теңеу мен көзді гауһарға теңеу бар, ал «жүрдей» деген теңеулерге Шығыстық әдебиеттің әсері болса керек.

Тұрмағанбет дастандарда халық ауыз әдебиетіне тән теңеулер мол. Сұлулықты толған айға, күнге балау, қыпша бел, құралай көз сияқты тіркестер ауыз әдебиетінде дәстүрге айналған. Тілдің осындай көркемдегіш элементтерін ақын жиі қолданған, яғни, фольклор мен Шығыстық дәстүр тұтасып, эпикалық туындыға айналған.

Ішінде жатыр қатын көркі күндей,
Қан болып тұла бойы, есін білмей.
Алдымнан шығар-ау, деп келді ойлап, –
Киіктің баласындай көзі ойнап.

Қыпша бел, құралай көз, жазық маңдай [91, б. 177].

Теңеулер мен эпитеттерді дастандарынан көптеп тізе беруге болады. Теңеудің сөзді ажарлауда, көркемдікті бұрынғыдан да ұштай түсетінін ескерсек, жоғарыдағы мысалдар дастанның көркемдігін арттырып тұр. Сонымен қатар, Тұрмағанбет өлеңдерінде сөзді зерттеу мағынасындағы қолданым екі нәрсенің ұқсастығына қарай бірі-бірімен ауыстырып суреттеп беру, яғни метафоралар жиі ұшырайды.

Тұрмағанбет поэзиясының метафоралық жүйесіне ой-көзімізбен үңілмесек болмайды. Өзінің ой-пікірін көрікті жеткізу мақсатында метафораны орынды қолданған.

Ақыл – тон аңдағанда тозбайтұғын,
Ғылым – кен, күнде өніп қоздайтұғын.

(«Арқаның ауруы не қозбайтұғын»).

Ой – терең, ойнар – нәһан теңізден де,
Тың тұрған тіл – сүзеген өгізден де. («Ой»).

Бұл өлең жолдарында метафоралар ақыл-тон, ғылым-кең, ой-терең сөздері ешбір жалғаулықсыз, жұрнақсыз бір нәрсені екінші нәрсеге балау

арқылы жасалып тұр. Ақылды тозбайтын тон бейнесінде суреттеу де Тұрмағанбетке ғана тән сияқты. Сондай-ақ, Тұрмағанбет өлеңдерінде көмекші етістіктердің жәрдемімен жасалған метафоралар да бар.

Жасымнан назым сөзге шебер едім,
«Өзімнен шебер кім?» – деп кебер едім.
Әр түрлі хикая мен дастандардың
Ширатқан шым жібектей көгені едім. («Назым»).

Бұл жыр жолдарында ақын өзінің күшін «Шым жібектің көгенімен» байланыстыруын экспрессивтік мәні бар әсерлі ауыстырулар деуге болады.

Назым асыл дүр едің
Жәннәттің айни ұр едің.
Қиядағы сен сұңқар,
Қол жетпес жерде жүр едің. («Құлпы қыз»).

Қиғаш қас, оймақ ауыз, ақ дидарың,
Жайдары жатық мінез, сөзің шырын, [91, б. 78], – деп кісінің келбетін, мінезін ақ көңіл, ашық жүзді деп ұтымды суреттеген. Бұл – айқындау теңеудің дәстүрлі қазақ сөз өнеріндегі «ақ» сөзін қолдану арқылы жасалатын эпитеттер. «Ақ» түстің адалдық, пәк, кіршіксіз сияқты баламалық мағынасы бар. Ақ сәуле, ақ ерке, ақ сұңқар, ақ кептер, ақ иық, ақ жүрек, ақ дидар т.б. «Жүсіпбайға хат» өлеңінде суреткер заттың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа нәрселермен салыстыра отырып, эпитет жасаған.

Қадырдан хат жолдадым Жүсіпбайға,
Ер едің ойы – терең, тілі – майда.
Айтылған өтінішің орындалар,
Болатын бола қойса бұл маңайда [91, б. 171].
Ал Шораяқтың Омарының баласы Шайхыға жазған хатында:
Жұмсақ бол шитысы жоқ ақ мақтадай,
Шыңылтыр болма, балам, шылғи көндей.
Темірдей тілің қатты болғанменен,
Жүр едім жұқарар деп өңдей-өңдей [94, б. 36].

Өлеңдегі эпитет пен теңеулер ақынның ой-пікірін суреткер арқылы беру әдетімен жазылған. Міне, тұрмыс-салтқа, тұтыну бұйымдарына қатысты да айқындау эпитеті жасалған. Теңеудің сан алуан түрін молынан қолданған ақындар екі нәрсені ұқсатып, салыстырып шамалай теңеген. Теңеу жасауда қазақ ұлтының кәсіптік шаруашылығына сай, ботадай боздап, лақтай секіріп, айғырдай ақырып, қара нардай, жүйрік аттай, байлаудағы бедеудей, т.б. төрт түліктің барлық ерекшеліктерін молынан қолдана білген.

Тұрмағанбеттің «Топ жарған төрт ақынға» атты өлеңінде Бейімбет, Сәкен, Сәбит, Ілиясқа арнап сәлем жолдап, ақындарды бабындағы бедеу аттай жарамды деп бағалайды:

Бейімбет, Сәкен, Сәбит, Ілиястар,
Қайткенмен кемеңгерлер көпті бастар.
Бедеудей барлығы да бабындағы,
Ортаға озып келіп олжа тастар [91, б. 192].

Образ табиғатын ашу үшін «бедеу» атқа теңеп, суреткерлік қабілетінің қуаттылығын көрсеткен.

Керейт Даңмұрынның Кете Жүсіпке хатында:

Алтайы түлкі алам десе (эпитет),

Бүркіттей шеңгел салам десе бастар (теңеу),

Төменарық түбегінде,

Шәкей салдан алсын хабар.

Сыр сүлейлерінің хаттарында метафоралық сөз қолданыстар өте көп. Бір нәрсені екінші нәрсеге баспа-бас мағыналық жақындық бойынша ауыстырады.

Жаманның өзі-жерде, көзі-көкте,

Көңілі үрген местей ісік болар.

Сырты – адам, сыйқы – адамдай болмаған соң,

Сүп-суық, көзі көзіне үсік болар [92].

Бұл өлең жолдарындағы сырты – адам, сыйқы адамдай емес, өзі – жерде, көзі – көкте сөздері бір нәрсені екінші нәрсеге балау арқылы жасалып тұр.

Шәкей салға Жұманазардың жауап хатында:

Өлім – қасқыр, пенде – қой,

Аңдыған ажал артында, – деп метафора жасаған.

Шораяқтың Омарының Шайхыға жазған хаттарында:

Әр кезде уағызыма қойғын құлақ,

Сен – көжек, менің қоян – болған кезім.

Есіңе ал, ертелі-кеш бұл кеңесті,

Жауырға нағыз жампоз берер төзім, – дейді.

«Сен – көжек», «мен – қоян» сөздері арқылы балама метафора жасалып тұр. Сол сияқты бір шумақ өлеңде тілдің көркемдегіш құралдары «нағыз жампоз» эпитетін де қолданған.

Керейт Даңмұрынның Шәкей салға жазған жауап хатында:

Бай – ақыл, бәйбіше – ашу, ой – пәкизат,

Дегенің отыз бақан ораза екен.

Байды – ақылды адамға, бәйбішені – ашуға, ойды – пәкизаттыққа ұқсату арқылы метафора жасаған.

Кете Жүсіптің Тұрмағанбетке жазғаны:

Секілді тағат – атаң, сауап – анаң,

Аштық жоқ қанағатпен сүтін емсең.

Қаңлы Жүсіптің Шәкей салға хатында:

Өмірі адамзаттың – соққан желдей,

Бір кетсе, өкінтеді қайтып келмей.

Үстінде жүріп тұрған шаңы пәлек,

Аспан, Жер, Ай менен Күн туып теңдей – десе [93]

Найман Жұманазардың жауабы:

Өлім – қасқыр, пенде – қой,

Аңдыған ажал артында.

Керейт Даңмұрын:

Аға – үлкен жар, іні – лақ,

Секіргенмен кемтілмес.
Білгірлердің – білдірем деп,
Ақылы дана Аплотон,
Не боп еді адам жеңбес.
Қарасақал Ерімбеттің Омарға жазғаны:
Ұлғаяр кішкенедең екі нәрсе,
Бірі – от, біреуі – су абайласаң [92, б. 110].
Жекей қыз:
Сен – шөлдегі біз бұлдырық,
Мен – көлдегі қоңыр қаз.

Сүлейлер жазған хаттардан осылай мысал келтіріп, тізе беруге болады.

Сыр сүлейлерінде халықтық стиль басым, бір сөз өлеңнің басында не соңында бірнеше қайталанып, оның әсерін, мәнін күшейтіп тұрады. Стильдік, тілдік өзгешілік сөйлемнің әсерлілігін күшейтуде қолданылатын бұл әдіс, негізінен, жазба әдебиетке тән құбылыс десек, Сыр сүлейлері осы әдісті орынды қолдана білген.

Шораяқтың Омары Таубайдың Жүсібіне жазған жұмбақ хатында:

Аз деген не?

Көп деген не?

Жер деген не?

Көк деген не? – деп сұрайды [94, б. 66].

Өлеңнің соңында не деген сұраулы сөз бірнеше рет қайталанатын, бірақ сөз қайталаудан өлең маңызы жоғалмай, қайта оған әсірелегіш, күшейткіш рет беріп тұр. «Не» деген сөз арқылы эпифора жасалған.

Шәкей салға Шораяқтың Омарының жауап хатында:

Қырық парыз әр пендеге мейман шығар,

«Қоралы қой дегенің» иман шығар,

Осы жер өлшеуіне сыйған шығар,

Бұзбаққа ойды қадам ұрған шығар.

Ақын осы өлеңде «шығар» деген сөзді сөз соңында он жеті рет қайталап тұрғанмен, өлеңнің әсері мен мәні күшті, тыңдаушысын баурап алады әрі сөйлемнің әсерлілігін күшейтіп тұр. Сөз қайталау арқылы өлең өрнегін жасау - есте сақтауға, тиянақты ұғуға, оның әсерін күшейтуге пайдалы. Еспе қайталау арқылы ақын ойын үстемелетіп отыр.

Академик З. Қабдолов: «Сөз өнерінде жай қайталау, еспе қайталау, әдепкі қайталау, кезекті қайталау болады», – деп оны төртке бөледі [9, б. 156]. Осы пікірді негізге алсақ, Сыр сүлейлерінің шығармаларында қайталаудың барлық түрлерінің кездесетінін байқадық. Өлеңнің басындағы сөздердің қайталануы да (анафора) жиі кездеседі. Сыр сүлейлерінің хат жанрындағы шығармаларында нақыл-ғибрат, бейнелі ой, қанатты сөздерді көп кездестіреміз. Оқырман қауым ғибрат алатын тәрбиелік мәні, тағылымы мол, ықшамды жазылатын бұл үлгі ұлт, ұрпақ тәрбиесіне өнеге болады. Мысалы: 1. Өнер, білім туралы.

Шораяқтың Омары:

Ғылым – қыз, өлең – ұры, ойла інім,

Айырылып тура жолдан қапы қалмай [94, б. 61].
Т.Ізтілеуов: Ақылды азамат қасиеті жайлы:
«Ашсын» деп ақылы толық кілтін тауып,
Көмкердім күміс қаптап, алтын жауып [91, б. 249].
Сабырлы болуға шақырған өлеңдер:
Сабырлылық байқау артық,
Қапыл шошып секіргеннен [91, б. 264].
Адам мінезі туралы:
Деген бар: әлін білген әлек болмас,
Сондай-ақ, сен де әліңді білсең мақтан [91, б. 250].
Береке, бірлік, сыйластық туралы:
Сіз-біз деп бір-бірінді сыйласпасаң,
Маған кел күні ертең қи баспасаң [91, б. 259].
Қарасақал Ерімбет: Достық, жолдастық жайлы:
Сауапты іс – сарқылмайтын кең дария,
Қайғырып досың үшін жортып желсең.
Әйелдің бейнесін жасау:
Сүмбіл шаш, сұңқар мойын, пісте мұрын,
Беріпті иілдіріп айдай пішін.
Сүйріктей судан шыққан бәрі мүсін,
Қиғаш қас, оймақ ауыз, ақық ерін.
Сұлу әйелдің, ару қыздардың бейнесін ақынның сүйрікке теңеуі тіл қорына қосылған жаңалық еді. Сыр сүлейлерінің хат өлеңдерінен ұлағатты ғибрат алатын үлгілік нақылдарды молынан кездестіреміз.

1.3 Сыр сүлейлерінің жазба айтыс, мысал, дастандарындағы көркемдік сипат пен символдық бейне

Ұлттық мінез бен көркемдік ойлау, символдық бейне жасауда Сыр сүлейлері соны ізденістерге барған. Автор мен тыңдаушы бейнесі жазбаша айтыста өзіндік сипатқа ие болады. Шыңдалу жолында ақындар үлкен үйрену мектебінен өткені және дәстүрді шеберлікпен жалғастырғаны байқалады. Сыр сүлейлерінің қай шығармасында болсын ұлттық бейне жасауға ұмтылған. Осы негізде қазақ әдебиетінің әлемдік әдебиеттегі орнын ұлттық мінезді шығармашылық даралығымен бейнелеген.

Қазақ әдебиетінің теоретиктері көркем символ қай халықтың болмасын сөз өнерінде ежелден кең қолданылғанын айтып, айрықша маңыздылығына баса мән берген. Ғалымдар кейде «астарлау» (З. Қабдолов) деп атаса, кейде «символ» (З. Ахметов) деп қолданған, Қ. Жұмалиев: «Психологиялық параллелизмнің бір тарауы, соның дамыған, өскен түрі», - [95] деп символға баға берген. Ал З. Ахметов: «Символ әдебиетте ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне», - [96] дейді.

А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде символға қатысты бірқатар семантикалық категорияларды анықтап, «бейне», «меңзеу», «пернелеу» - деп символмен үндестіреді.

Сонымен символ ұлтымыздың сан ғасырлар бойы қалыптасқан наным-сенімдері, ой-қиялы, сезімінен көрінетін, ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы көрініс беретін балама бейне екен. Қазақ поэзиясында дала, тау, теңіз, шаңырақ, бесік, домбыра, тұлпар, нар, арғымақ, құстар, өлім-ажал, ақырет, бес қару, көңіл құсы, бедеу т.с.с. символдық бейнелер қолданылады.

Докторант К.Т. Құдайбергенованың пікірінше: «Ақындар поэзияны, қилы-қилы символдарды бойына жинақтау арқылы өзінше бір көркем жүйе құрған», - деп, күн мен ай, жұлдыз – таза адамгершіліктің символы екеніне былайша дәлелдеме береді: тентектің жайы белгілі, асау нардай тарпынған, нар көтерер жүк болды (Базар жырау), Тұрмағанбет ақынның «нар жүгі», Ш.Омарының «арабы нар», «нар қорқады жампоздан», - деп ақындар зор тұлғасын образ-бейне, символ арқылы берген - [97] деп тұжырым жасайды.

Мәселен, «Онғар жырау мен Ырысты қыз», «Күдеріқожа мен Ұлбике», «Бұдабай мен Қарлығаш», «Ырысты қыз бен он алты ақынның айтысы», «Керейт Даңмұрын мен Қаңлы Жүсіп», «Он алты ақын айтысы», «Алты ақынның өмір туралы айтысы», «Кете Жүсіп, Тұрымбет, Жиенбай», «Т.Ізтілеуов пен Ш.Омары» т.б.

Сыр елінде Шығыстық дәстүрді қалыптастырған ақын-жыраулар классикалық әдебиет үлгісінде жыр жазып, халықтық дәстүрге негіздеп, ғибраттық, өнегелік сөз айта білген. Олар Шығыстық үлгіні үйрене отырып, жаңа дәстүр қалыптастырған. Мәселен, Т. Ізтілеуов, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Базар жырау, Шораяқтың Омары, Ешниязұлы Жүсіп т.б. Шығыстық дәстүрлі тақырыптарды өз елінің жағдайына сай беріп, гуманистік ағартушылық сарынды көтеріп, ұлттық ұғымға сәйкестендіріп жырлаған [98].

Сыр сүлейлерінің шығармаларында өмір шындығының жағымды және жағымсыз жақтарын салыстыра, шендестіре бейнелеп жырлау арқылы қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресінен құралатын тіршілік қозғалыстарының заңдылығын саралайды. Сондықтан бұл күрделі мәселе айтыс бейнелеу тәсілі ретінде арнайы тоқталуды қажет етеді [69, б. 70].

Қазақ әдебиетінің тарихына «Ақындардың жұмбақ айтысы» болып енген бұл әдеби мұралар ұлттық сөз өнеріндегі көркемдік ойлаумен көрнекті туындылар жазудың шынайы үлгілері болып халықтың жүрегінен орын алды. Сыр сүлейлері «Ырысты мен он алты ақын», «Шәкей сал мен алты ақын», «Кете Жүсіп пен Қуаныш», «Қарасақал Ерімбет пен Шораяқтың Омары», «Шораяқтың Омары мен қызы», «Тұрмағамбет пен Шәді төре», «Тұрмағамбет пен Ермұрат», «Керейт Даңмұрын мен Қаңлы Жүсіп», «Қаңлы Жүсіп пен Төлеген» айтыстары академиялық басылымында жарық көрді.

Поэзияда теңеудің үлкен суреткерлік шеберлік танытатынын түйіндей келе, Сыр сүлейлері айтыстарында кездесетін теңеулерді шартты түрде былай топтастырдық.

1. Тұрмыстық-шаруашылыққа байланысты теңеулер;
2. Табиғат пен өсімдіктерге байланысты теңеулер;
3. Жан-жануарларға байланысты теңеулер;
4. Ұлт кейіпкерлері мен тарихи тұлғаларға арналған;

5. Ару мен жігіт сипатын беретін.

Сыр сүлейлері аталмыш теңеулер арқылы бір қасиетті ғана емес, әр түрлі қасиетті қамтуға тырысқан. Мұны Сыр сүлейлерінің өзіне ғана тән қолтаңбасы деп танымыз.

Ғалым Е. Қоңыров бүкіл қазақ сөздік қорындағы теңеулерді жинастырып, жасалу жолына қарай 10 топқа бөлген. Ғалым: «Теңеулерді метафоралық теңеуге айналдыратын басты белгі – онда теңеу белгісінің көрсетілуі және оның тек қана ауыспалы мағынада қолданылуы», – деп тұжырымдайды [99]. Сайып келгенде, метафора да, теңеу де салыстыруға, ұқсатуға негізделіп жасалады және екеуінің де танымдық мәні зор. Ерекшелігі сонда метафора – қысқарған теңеу, яғни онда теңеуге тән қасиет – белгі көрсетілмейді.

Метафоралық теңеулер де ұлттық дүниетаным мен дәстүрден хабар береді. Сыр сүлейлері адамның жан дүниесі мен іс-әрекетін суреттеу үшін және табиғаттың алуан түрлі құбылыстарын бейнелеу үшін қолданған. Теңеу арқылы ақындар бейнелеп қолдану арқылы кейіпкер бейнелерін әсерлі береді.

Сыр сүлейлері поэзиясындағы суреткерлік дүниетаным, әдеби бейне мен бейнелілік, мысал, айтыс, дастандарындағы ұлттық сипат, ұлттық мінез, көркемдік ойлау, символдық бейнені ашудың маңызы зор. Осы ойды дәлелдей түсетін деректер, дәйектер, тұжырымдар, ұлт мәдениеті мен танымын ашудағы мәнін талдап, оның өзіндік ерекшелігін нақты мысалдар арқылы дәлелдеуге ұмтылды. Зерттеу және оқыту бойынша жасалған тұжырымдар жинақталды.

Өлке әдебиетінде өзіндік орны бар Сыр сүлейлері: Т. Ізтілеуов, О. Шораяқұлы, Б. Қабылұлы, Ә. Жұматайұлы, Ж. Қадірбергенұлы, Н. Кенесарыұлы, Кете Жүсіп, Қ. Ешниязұлы, М. Дабылұлы, Ж. Үрімқұлов, Т. Үркімбаев, Темірбай ақындар өздерінің мысал өлеңдері арқылы тағылымдық маңызы бар ойларын ортаға салған. Мысал арқылы ұлтымыздың, ұрпағымыздың өмірге көзқарасын қалыптастыру арқылы, рухани ойлау дәрежесі биік адамды тәрбиелеуді көздеген. Халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған ізгі қасиеттерін ұрпақ бойына мысал арқылы ғибрат айтып, дұрыстыққа, жақсылыққа шақыру – тәрбиенің ең тиімді жолы екенін білген.

Сыр сүлейлері қазақ әдебиетіне жаңашылдық бағытында мысал жанрын алып келді. Мысал өлеңдер арқылы ой қозғаудың қай кезде де атқаратын қызметі ерекше болған. Сол себепті де қазақ халқына жақын, таныс дүние озбырлық пен зұлымдық, қулық пен сұмдық, даңғойлық пен жауыздық, жалқаулық пен енжарлық, топастық пен надандық, аңқаулық пен залымдық тағы сол сияқты әрекеттерді мысалдап, неден ғибрат алу керектігін айтып, жақсылыққа шақырудың ең бір түсінікті амалын мысалдар арқылы жеткізген. Ең бастысы – мысалданған дүние халық пейілімен үндесіп отырған. Мазмұны бүкпелі болғанымен, идеясы астарсыз, ашық, тура, тілі өткір, шымыр келеді.

Сыр сүлейлері жырлаған мысал өлеңдердің тақырыбы сан алуан, кейіпкерлері аң, құс, өсімдік дүниесі, жануарлар, кейде оқиғаға адамдар да қатыстырылып отырған. Әрбір мысалдың негізгі сюжетіне қоса, нақыл түрінде түйіндеме де беріп отырады. Адам бойындағы мінді, кемшілікті түспалдап әжуа-күлкі етеді. Олар тудырған мысал айтыстары – ұлт әдебиеті мен

мәдениетінің құнды мұрасы. Сыр сүлейлерінің мысал айтыстары, көркемдік кемелдену жолдары қазақ әдебиеті мен сөз өнері сахнасында дәйектеліп, өз орнын алуы тиіс. Ол үшін әрбір ақынның дүниетанымы, көзқарасы, талғамы, қабілеті даралық қасиеттерін танып-білу керек. Сондықтан Сыр сүлейлерінің әрқайсысын жеке дара алып қарастырғанда ғана толық мағлұмат беруге болады. Сол себепті – басты нәрселерге талдама жасауды жөн көрдік.

Көркемдеу, мәнерлеу құралдарының жүйесі Сыр сүлейлерінің көркемдік шеберлігі мен идеялық, эстетикалық көзқарасын танытады. Олардың шығармаларындағы даму, өрлеу дәрежесін айқындайды. Ақындардың өмірді образ арқылы ойлауы, тануы, бейнелеп берудегі ерекшелігі сөз болғанда олардың сөзді орнымен қолдана отырып, ойды бейнелі жеткізуі назарда болады. Өмір шындығы мен құбылыстарды көз алдына елестететіндей етіп суреттеп, образдылық бейнелеу, кейіпкердің іс- әрекетін түрлі әдіспен бейнелеп беруінде.

Мәселен, өлеңге ажар беріп, заттың өзгеше белгісін аңғартатын образ жасауда Т. Ізтілеуов:

Бағасын білімді ердің білмейді ешкім,

Ажарлы айдан артық ақылы жоқтан. (эпитет)

Қоянның көжегіндей ғаріп едім,

Бұл қатын бүркіт пе деп, – бұлдырықтан (теңеу), (Лұқпан Хакім)

Шораяқтың Омары «Жарлы Тәліпте»:

Тәуекел талапты ерге болған нәсіп,

Тастамас талапты ерді тәңірім шөлге. (эпитет)

Сұлу қыздың өзгеше белгілерін -ша, -ше жұрнағы арқылы жасаған, әдеби бейне жасауда өзінше сөз қолданыс аңғарылады.

Нұр сипат ханның қызы - Гүлайымша,

Сыр мінез, сынық дертің мұнайынша.

Қаңлы Жүсіпте образ жасауға шебер, теңеу мен эпитеттердің алуан түрін қолдана отырып, әдеби бейне жасаудың озық үлгісін көрсеткен.

Түлкідей жауыздардан досыңды айыр,

Ер болсаң, есі бүтін сонда мақтан,

Қасқырдай қара жүрек болам десең,

Байланар борбайыңа бір күн қақпан.

Ақын бір шумақ өлеңімен түлкі мен қасқырдың ерекше қасиеттерін бере отырып, әдеби бейне адамның көркем образының картинасын ұтымды жасаған. Ғибраттық, өсиеттік ойлар айтылып, оқырманға тәлім үйреткен.

Сыр сүлейлері өмірден алынған терең мазмұнды ойлары арқылы образды ой түйінін жасай отырып, тәлім-тәрбиелік мәнге көңіл бөліп отырған. Мысалдары, дастандарының басында не аяғында тезис арқылы ой түйіп, оқиғаның мәнін ашуға ой салады. Образ жасаудың шеберлері көркемдік кестесінде терең мағыналы сөздер ұшан-теңіз. Дүниенің образдылық – поэзиялық бейнесін суреттеп бере алған.

«Жер, мекен, туған табиғат халықтың тіл құрамында, сөйлеу нақышында өзінің сурет таңбасын, із-бедерін, жұпар иісін қалдырған», [100] – деп пікір

түйеді М. Базарбаев. Ғалымның осы пікіріне сүйенсек, образдылық суреттік бейне жасау ақынның дүниетанымына сай бейнелі түйіндер жасауына мүмкіндік береді екен. Әрбір ұрпақ алдыңғы толқынның сөйлеу тәсілін, ойдың, бейнелеудің ауызекі дәстүрін алады да, оны кейінгі ұрпаққа жеткізеді.

Кейде ақындардың ақыл-нақыл, ғибрат жырлары тұтастай терең мазмұнға, белгілі үгіт, тәлім-тәрбиеге құрылады. Мәселен;

Жолдасың жарым болса сол сияқты,

Оң келмей өзінменен шеп кел. (Т. Ізтілеуов «Дарақ пен сая»)

Сақтаулы саспағанның сыбағасы,

Асыққан ұшырасар бір тобаға. («Жолаушы мен дана»)

Кейіпкер характерін ашу үшін ойды диалог арқылы беріп, әдеби бейне жасау Сыр сүлейлерінің негізгі әдісі болып табылады. Шораяқтың Омары «Қара шекпен» мысалында қасқыр, қара шекпен, түлкіні сөйлете отырып зұлым, қу, адал адамдардың бейнесін ашады.

Қасқыр:

Қозғалтып қол аяқты қыбыр етпе!

Жемекке сені дереу түзеттім ой.

Түлкі:

Кел, қасқыр, сіз бенен біз бір жыныста,

Әрқашан қауышармыз әр жұмыста.

Қара шекпен:

Кел, қасқыр сөйлесейік жүріп жолмен,

Ажалды кім тоқтатар ұстап қолмен.

Ақын осы мысалда хайуанаттарға адалдық, ақыл-ой, мінездік қасиет беріп әдеби бейне жасаған. Ой құбылтып, кейіпкер атынан жалғаса береді, ақынның сөз қолдануына қарай кесек қимыл-әрекет үстіндегі адам тұлғасын бейнелеуде поэтикалық әсірелеулер, психологиялық толғаныстар, оқыс әрекеттер – бәрі де бейнелі сөздердің әсері ықпалды қолданылысымен жеткізілген.

Қаңлы Жүсіптің «Түлкі, қасқыр, қой» атты мысалында да «Кішіге қызмет ету, әбден сүндет», «Тұщы ақыл – үлкендерге үлкен парыз», «Білімсіз бен би ақыл, пікірім кең» – деп поэтикалық әсермен суреттейді. Мысалдың шешімінде зұлымдық пен қулықты ақылмен жеңу көсемсөздік сарындағы мәнермен жырланған. Ақынның қорытынды шумақтары бүгінгі және болашақ ұрпақтарға аманаттай айтылады. Хайуанаттарды: қой, түлкі, қасқырды сөйлету арқылы адамдар арасындағы алуан түрлі қасиеттерді образ арқылы ашады. Диалог арқылы кейіпкердің мінез бітімі, ой өрісіне адамдық ақыл-ой, мінездік қасиет беріп, суреттеп әдеби бейнелейді. Зерттеуші ғалым З. Ахметов: «Жазушының шеберлігі де оның әр кейіпкерді мінез-бітіміне, ой-өрісіне орай сөйлетуінен көрінеді», [101] – деген. Олай болса, Сыр сүлейлері мысалдарында кейіпкерлерді сөйлете отырып, оның ішкі сырын ашып, әдеби бейне жасағаны көрініп тұр.

Образдылық пен суреткерлік, мағыналық пен эмоция, халық тілінің шұрайлы кестелері Сыр сүлейлері жырларына тән құбылыс деуге болады.

Поэзиядағы образдар, сөз-символдар жүйесі образдың негізінде байланысып отырады. Жазба әдебиетте көп қолданылатын сөз басында, не сөз соңында бір сөздің қайталанып келіп, сөйлемнің әсерлілігін күшейтетін тәсілді де ақындар образ жасауда жиі қолданған. Шораяқтың Омары: «Қара шекпен» мысалында:

- Ау, жаным, менің өзім қасқыр едім,
Орманда неше күндей аш жүр едім.
Қашаннан жаман атқа мәшһүр едім,
Келе атқан мүсәпір боп қашқын едім.

Ақын сөз – образ арқылы «едім» сөзін бірнеше рет қайталап, алдыңғы ойды соңғы оқиға күшейтіп тұр. Аллитерация мен ассонанстар, яғни, дыбыстардың үндесуі арқылы сөзді ажарлап отыру да жиі кездеседі. Т. Ізтілеуов «Лұқпан Хакім» мысалында дауыссыз дыбыстарды сөз басында қолданып сөз өрнегін жасаған.

Жасырын сырынды айтпа қатыныңа,
Жаңа мал біткеннен қарыз алма.

Жанына зақым қылар, жүргізбе ықтан [91, б. 114].

Ал, Қаңлы Жүсіп «Түлкі, қасқыр, қой» мысалында:

Ажырасып бір-бірінен қонбас болды,

Айрылса көңілі тыныш болмас болды, – [93, б. 137].

деп дауысты дыбыстардың үндесуі арқылы өлең өрнегін тарқатқан. Образ жасау үшін жан-жануарлар, құстар мен аңдарды сөйлету, оларға тіл бітіру, астарлап сөйлеудің де әр түрі кездеседі.

Ақындар образ жасауда ақыл, нақыл, ғибрат сөздерді орынды пайдаланады.

1. Тұрмағамбет: Ісі жоқ кем ойлының кеңеспенен.

(Сүлеймен мен кірпік шешен)

2. Шораяқтың Омары: Тәуекел талапты ерге болған нәсіп. (Жарлы Тәліп)

3. Қаңлы Жүсіп:

Бой ұрма, есті ерлер пенделікке

Ғибрат кейінгіге патша ісі.

(Ана мен бала)

Сыр сүлейлерінің ғибраттық үлгіде айтылған сөздерінен осылай мысалдарын тізе беруге болады. Әдеби көркем образ арқылы өмірдегі құбылысқа өзінің бағасын осылай беріп отырған. Өмірді тану, оған баға беру арқылы ақындардың көзқарасы, образ жасаудағы суреткерлік шеберлігі көрінеді. Өмір шындығы мен көркемдік шындық бар. И.А. Гангаров: «Ғалым өздігінен ештеңе жасамайды, өмірдегі бар, бірақ әлі сыры белгісіз шындықты ашады, ал суреткер сол шындық сияқты нәрсені жасайды. Яғни, жазушының байқаған өмір шындығы оның қиялына сәулесін түсіреді, жазушы сол сәулені өзінің шығармасына түсіреді. Көркем шындық деген міне, осы» [102].

Қазақ әдебиеттану ғылымында стильдік ізденістер туралы М. Әуезов: «Әдебиеттің ұлттық түр мәселесінің бір іргелі үлкен мәні – стильде. Теңеу тілі, әр алуан көркемдік шеберлікпен келетін сөз кестесі түгел құрала келіп, жазу стилін қалыптастырады», – деген [103]. Осы пікірге сай Сыр сүлейлері де

өзіндік стиль қалыптастырып, көркемдік шеберлікпен, бейнелі сөздерді құбылтып жазу шеберлігін қалыптастырғаны байқалады.

Мысал айтысын өзіндік таңба іздерімен ауыз әдебиетінде орын алатын, дидактикалық, өсиет-насихат үлгісіндегі, тіпті қарапайым, сонымен қатар, ирония, сарказмге бай жанрлардың біріне жатқызамыз. Сондықтан оған тоқталуды қажет ететін троптың ендігі бір түрі – теңеулер. Өмірдегі ұқсас заттар мен құбылыстардың әр алуандығы сияқты салыстырулар да өзінің эстетикалық әсер-сипаты тұрғысынан бір қалыпты емес. Салыстырулардың әрі әсем, әрі әсерлі болып келуі үшін, сол салыстырылатын заттың нақтылығы мен дәлдігі қажет. Мұнда суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді. Сонда бұлар туралы оқырман түсінігі айқындау үстіне тереңдейді де, өнер туындысының эстетикалық әсері күшейе түседі. Сыр сүлейлері мысалдарынан дәлел келтіре кетейік.

Қасекен, қапта жатыр тайдай тулап,

Үстіне жауды тоқпақ будақ-будақ. (Шораяқтың Омары, «Қара шекпен»).

Мазала сен еңбексіз бос жатқанды.

Масадай күндіз-түні жабыла бер.

Жалқаулар сонда қояр қалықтауды.

(Әлиакбар Жұматайұлының масамен айтысы).

Алжыған қара айғырдай тарпаң басып,

Сырдағы шытырлайсың сен сияқты-ай! (Жұманазар мен домбыра).

Жолықты бір қасқырға құты қашқан,

Аузынан нар бурадай көбік шашқан. (Қарашекпен мен қасқыр).

Айтыс өнеріндегі образдар жүйесінің тағы бір қажетті саласы – мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер. Мағыналық дәлдігі мен өткірлігі ғасырлар бойы ұштала шыңдалып келген сөз маржаны – мақал-мәтел, нақыл сөздерді қай ақын болса да өз ойының ұтымдылығын арттыру үшін қолданып келген. Дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома іспеттес ой орамдары ақын пікірінің логикалық жағынан ұстамды болуын қамтамасыз етуімен қатар, оның сырт түзілісіне де нәр беріп түрлендіріп отырған.

Жұмеке, жөн айтылған сөзге тоқта-ай,

«Ақыл – дос, ашу – дұшпан» деген сөз бар.

Ашушаң жан көрмедім сен сияқты-ай. (Жұманазар мен домбыра).

Қалыпты образдар жүйесінен лайықты орын алатын троптың ендігі бір түрі – эпитеттер. Өз орнында тұрған эпитеттің поэтикалық жүгі өзгелерден артық болмаса, әсте кем емес. Мұнсыз теңеу мен метафоралардың да әсер-күші әлсіреп, көмескі тартар еді. Сондықтан да айтыс ақындары эпитетті талғаммен қолдануға мән берген.

«Нартай мен арақ» мысал айтысында Арақ:

Мен әлі талай жанға сағымдаймын,

Сен тастап кетті екен деп тартынбаймын.

Кебетін сенің ішің маған не жоқ,

Татулас деп айтпаймын, жалынбаймын.

Мысалға алынған өлеңдегі жәй теңеулермен қатар күрделі теңеулер де бар.

Көңілімде арамдық жоқ, аппақ басым,

Халықтың қалып жүрмін жаласына, –

деген жолдарда айтар сөзін анықтау үшін «аппақ басым» ақкөңілмін деген сөздің орнына қолданылып, өлеңге әсер беріп тұр. Айтыста ақын сөзді құбылтып, ұқсас заттармен ауыстырады. Метафора жасауда сөз мағынасын күшейткен. Мысалы, Нартай:

Сұлулықта өткен өмір – бір кең сарай,

Күндерім өтіп жатыр саған орай.

Кейіптеу: арық, асау, көз жасын сорғалатып, буырқанып, айдаһардай ақыртып, талайды орға домалатқан арақ емес, адам мінезіне ұқсайды. Айтыста арақ ақынға келіп адамша сөйлеп тұрса, ақын оны сөзбен тоқтатады. Арақтың қылығы мен қимылы – аумаған адамның мінезі мен әрекетін беріп, кейіптеу жасап тұр. Сөздің бірінің орнына бірін қолданған метонимия да кездеседі. Кішкентай жүрек, сорғалаған көз жасы, т.б. мысалдарды тізбектей беруге болады.

Мақтанба, қойған сені Құдай атып,

Талайды кеттің орға домалатып, –

деген жолдар өткір айтылған ұлы мысқыл, масқара-мазақ етіп құбылтады.

«Бұдабай мен атының» айтысында: Босатып ат дорбамды бермеймісіз? – деп торы ат арқылы сөзді ажарлап отыр. Әдебиет зерттеушісі, ғалым С. Негимов: «Сөздің поэзиялық, көркемдік қасиеттері айтыс мәтінінде айрықша байқалады. Ана тілінің «әшекей-кестесін» жіті аңғартып, сөздің мағыналық байланыстарының шексіздігін, халық тілінің шалқар байлығын, кесек-кесек оралымдарын, сөздік-бейнеліктің өлшеусіз мүмкіндіктерін эстетикалық, творчестволық тұрғыдан танып, қажетке жарату – ақындарға тән ерекшелік», [104] – дегендей, Сыр сүлейлері де мысал айтысында ана тілінің небір шұрайлы сөздерін қолданып, сөздік-бейнелік жасап отырған.

Сыр бойында Қорқыт атадан жалғасқан жыраулық дәстүр мен Шығыс шайырларының жазба әдебиет үлгісі үндестігінің сан ғасырлық үрдісі бар. Шығысқа ортақ рухани әдеби дәстүрлер үлгісі Сыр бойы шайырларында мол сақталған. Қорқытпен тарихи-таным тамыры бір. Осындай ғажайып бай үрдістің көптеген мысалдары Кете Жүсіп шығармаларынан да көрінеді. Себебі Кете Жүсіптің «Сұрмерген» дастаны – Шығыс аңыздары желісімен жазылған терең мағыналы, ой қозғайтын татымды дүние.

Шығарма сырлы да мәнді сөздерге, ерекше көркемдікке толы. Кейіптеу арқылы маралды кәдімгідей көзге көрінер деректі нәрсеге ауыстырып отырған. Құлық, зорлық, қастық сияқты нәрселерді пернелеп, аң бейнесінде көрсеткен. Автор суреттеп отырған нәрсені дәл көз алдына әкеледі. Мысалы, сандуғаштай, қырандай, жұмыртқадай, шидей, құрттай, кіседей сияқты теңеулерді тізбектей беруге болады. Теңеудің алуан түрін қолданған.

Түйлігіп түріп білек, түс ортаға,

Қырандай тартқан аңға томағасын [93, б. 58].

Сөз мәнін өзгертіп айтатын, әсерін күшейтетін метафоралар да баршылық.

Сен – қара ит, мен – қара құс, болған кезде,

Ерлігің емес еді ұмытылар.

Аллитерация:

Қисынға келтіре алсаң, сөз формасын,

Қомсынбай сандуғаштай сайра тілім.

Т. Үркімбаевтың «Ат пен трактор», Ж. Әлиакбардың «Масамен айтысы», «Темірбай мен сиыр», «Жұманазар мен домбыра», «Бұдабай мен сиырының айтысы», т.б. айтыс өнеріндегі образдар жүйесі жалпы халық поэзиясына тән. Айтыс жанрының табиғатына сай адам тағдыры, кейіпкердің көркем образы көркем бейнені жинақтап береді. Сөйтіп ақындар адам мінезін даралауға, кейіпкердің ішкі бітімін образдан гөрі ақиқат өмірдегідей характер жасаған.

Әдеби форманың бірі – көркем образ. Адамдардың барлық қасиеті, белгілері образ арқылы көркем шығармада берілетіні белгілі. Олай болса, Сыр сұлейлері дастандарында ұлттық образдың даралығы, көркемдік амал - тәсілдермен жасалғаны көрініп тұр. Ең алдымен көркем образдар ұлттық, халықтық тілде жасалатынын ескеруіміз керек. Бейнелердің бұлайша сатылай дамуы тек қана өлең жырларда, мысалдар мен айтыстарда ғана емес, сонымен бірге дастандарда да берік орын алған.

Шығыстық үлгіде жазылған дастандарда деректі тұлғалардың тұрмысымен басталып, ертегілік, қиял-ғажайыптық, мифологиялық кейіпкерлермен, оқиғалармен баяндалуы – бәрі де халықтың тарихы мен рухани дүниетанымымен тұтастандыра жырлаған ақындық, романтикалық ойдың нәтижелері Сыр өңірінде жыр-дастандарды өндіріп жазған эпик-шайыр Кете Жүсіптің «Сұрмерген», Қарасақал Ерімбеттің «Дариға қыз», Тұрмағамбеттің «Рауа Бану», «Тұтқын қыз», Базар жыраудың «Әмина қыз», Нұртуғанның «Мәулімнияз-Едіге» т.б. дастандарда образ жүйесін көне бастаулардан алғанымен, оны үнемі өңдеп, заманға сай бейімдей келе, келешек мақсатқа жұмылдыра білуінде деп түсінеміз.

Мәселен, Кете Жүсіп «Сұрмерген» дастанында мергеннің аңға шығып үш маралға кезігіп, бірін атып алып, жеуге кіріскенде марал тіріліп кетеді. Мылтығын қайта кезегенде, маралға тіл бітіп, Ақбай деген адамға барып, жұмбақ сырды білуді өтінген. Ақбай өзі басынан өткен оқиғаны баяндап береді. Алдымен қызды сиқырмен итке айналдырып жібереді, одан торғайға айналдырады, кейін қалыңдығының бұрымындағы сиқырлы жүзікті алып, адам қалпына келеді де, қыз мегеженге айналып, қасындағы жігіт қабанға айналады, Ақбай қызды маралға айналдырып жібереді. Міне, осындай сюжетке құрылған дастанда ақын көп образдылық, бір-біріне қабаттаса келуі, бейнелеу әдісінің тиімді жолы екенін танытады.

Кете Жүсіп образдың сырын ашу үшін қаншама жан-жануарлар, құстар, аңдарды пайдаланған. Түркі тектес халықтар әдебиетінде бұл әдіс ежелден бар. Сөз иесінің бейнелеу тілі өмір шындығымен жанасады. Дастандағы әдеби бейнені ұғынықты тілде бейнелеп берген. Демек, жыр дестесін санадағы мың

сан ойдың, қиялдың жетегімен көркемдеген. Дастандағы ажарлау (теңеу, айқындау), құбылту (метафора, метонимия, кейіптеу, символ, аллегория, гипербола т.б.) айшықтау (арнау, қайталау, шендестіру, дамыту, егіздеу т.б.) – бәрі де ақындық тіл шеберлігін дәлелдейді. Дастандағы мақал-мәтелдер де ақынның өзекті ой желісін көріктендіру үшін елеулі қызмет атқарып тұр. Мысалы, «Қыз көргенді біз көріп, естігенді көз көріп», «Ардақты ерден ат үркер», «Ер өледі намыстан, қоян өлер қамыстан» т.б. Дастанда кесек қимыл-әрекет үстіндегі адам тұлғасын бейнелеуде поэтикалық әсірелеулер, психологиялық толғаныстар, оқыс әрекеттер – бәрі де бейнелі сөздердің әсерлік қалпы қолданысымен жеткізілген.

Базар жырау дастандарында ойын образ арқылы бейнелеп, кейіпкердің әдеби бейнесін, адамдардың жан дүниесімен суреттеген. Базар дастандарындағы адамның тұрмысы, тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасы сөз өнерінің бейнелеу нысаны (объектісі) болады. Адам белгілі ортада өмір сүреді, сондықтан бір бүтін адам өмірінің картинасын көркем образ арқылы өрнектеген «Әмина қыз», «Айна-тарақ», «Мақпал-Сегіз», «Жүсіп-Ахмет» атты дастандарында адам образының сомдалуы жайлы ой-тұжырым жеткілікті. «Мың бір түн» оқиғасынан алынған «Әмина қыз» дастанындағы Әмина сапарда жүрген саудагердің әйелі есіктегі құлмен көңілде болып, күйеуін дұғамен төбетіп итке айналдырып жібергені баяндалады. Дұға күшімен жігіт Әминаны байталға айналдырады.

Деп едім «Байтал болғыр», байтал болды,

Өзіне өз қылғаны қайта болды.

Жеті жыл ит болғаным еске түсіп,

Ұратын себебім сол байталды енді [81, б. 127] –

деп сырын ашқан жігіт образын тартымды береді. Әмина образы арқылы әйел мекерлігін, жеңіл жүрісті әйелдің бейнесін сомдаған әділдік, адамдық, қайырымдылық сияқты адами құндылықтарды дәріптейтін, танымдық өнегесі мол бұл шығармада: «Біреуге ор қазба, өзің түсесің», – деген түйін жатқандай. «Айна-тарақ» дастанында патша қызына сөз салған үш ағайынды жігіттер образын ашуда ежелгі Шығыс фольклорында кездесетін «сиқыр» мотивін қолданған. Оқиғаны баяндай отырып, кейіпкер психологиясын ашуға ұмтылған. Көркем образ иелері Әмина, патша қызы, жігіттер жанды, әсерлі жасалған. Олардың бейнелері, мінез-құлқы, тұрмыс-тіршілігі, мақсаты бейне сурет сызғандай бейнеленген, көркем образдың даралық сипаты да басым. Базар кейіпкер характерін ашуда оның бүкіл әрекетін суреттеуге мән берген. Кейіпкер портретін жасау, оларды мінездеу, даралау жүйелі іске асқан. Мәселен, ханның қызын суреттегенде:

Атақ шыққан сұлулықтан ханның қызы,

Түрленген толған айдай, нұрлы жүзі.

Аңламай әсерімен жастық шақтың,

Қисайған талайлардың басқан ізі.

Халық ауыз әдебиетінде сұлу қызды күн мен айға теңеу дәстүрге айналған. Базар жырау образды суретті ойға негіздеп, «толған айдай» теңеу, «нұрлы жүзді» эпитет арқылы әдеби бейне жасаған.

Тіл ерекшелігі жағынан, тілі біркелкі тартымды, халықтық тілмен жазылған. Өлең жолдарындағы теңеулік құрылымда халықтық таным-түсінік негізге алынған. Базар толған айдай теңеуін – қыздың сұлулығын безендіруге қолданып тұр. Адам сезіміне ерекше әсер етіп, түрлі стильдік қызметте қолданған теңеулерде салиқалы ой айтып, салмақты ой түйген мұндай теңеулер ақын өлеңдерінде өте мол кездеседі. Өлеңнің тілдік бейнесін жасауда теңеулердің танымдық сипаты айрықша сезіледі. Ақын қолданған теңеулік құрылымдағы оқиға түйіні, сөз қадірін білу, сөз қадірін кетірмеу. Дастанның тілі тартымды, көркем баламалар мен айшықтаулар оқиға желісін әсерлі нақыштармен бедерлейді. Бұндай көріктеулер шығарманың психологиялық-философиялық тереңдіктерін де дәлелдейді. Мысалы:

Басында ықтияры болмаған соң,

Бейне бір тағдыр – құйын, адам – қаңбақ. (метафора)

Көлдеуден көк ала үйрек балалайды. (эпитет)

Қызғыш құс көлді қорып жағалайды.

Базардың «Мақпал-Сегіз» дастанының тақырыптық-идеялық, композициялық-сюжеттік, стильдік жақтарынан өзіндік ерекшелігі бар шығарма екендігі белгілі. Тарихи тұлғаларды арқау ете отырып, шығармашылық көркемдік шешіммен жырлау дәстүріндегі дастаны арқылы Базардың да өзіндік үнін байқаймыз. Ал «Жүсіп-Ахмет» – Орта Азиялық сюжетке құрылған батырлық эпос. Дастанның тақырыбы, оқиғасы, құрылысы жағынан қазақтың эпикалық жырларына мейлінше жақын тұрған құнды шығарма. Шығарманың басты қаһармандары Ахмет пен Жүсіпті қазақ батырларына ұқсатып бейнелейді. Олар ізгі жанды, мейірбанды биік парасатты елін, жерін жанындай жақсы көретін ер көңіл батырлар. Дастанда зор шабытпен жырланатын мәселе – ел қорғау, елді қызылбастардан азат ету. Бір қызығы бұл батырлардың іс-әрекеті, мінез-құлқы, ішкі монологтары, жаумен жекпе-жекке шыққандағы сөз саптауы – қазақтың Қамбар, Қобыланды, Ертарғын, Алпамыс батырларын еске түсіреді. Мұның өзі заңды да. «Жүсіп-Ахмет» дастаны – тілдік, көркемдік, идеялық-тақырыптық образдық жүйе жағынан өз алдына зерттеуді қажет ететін дүние.

Сыр елінде өнерге өнермен жауап беріп, сюжетті қайталағанмен, образдарды бейнелеуде өзіндік сарынын танытып «нәзирагөйлік» әдіспен дастандар жазған ақындар көп болды. Түркі дәуірінен басталатын бұл әдіс Сыр елінде кең өріс алған. Мәселен Фирдаусидің «Жүсіп-Зылиха» дастаны негізінде Әли «Қисса-Юсуп», Низамидың «Хосрау-Шырын» сюжетінде Құтып «Хұсрау-Шырын», т.б. Шығыстық үлгідегі дастандарды осы әдіспен жырлау Сыр сұлейлерінде дәстүрге айналған.

Н. Ғабдуллин: «Нәзира» – екі шайырдың бәсекесі емес, өнерге өнермен қайтарылған жауап. Нәзирада алдағы ақын суреттеген оқиғалар мазмұны қайталанғанмен, кейінгі ақынның сол оқиғаларды сипаттап айтуына,

қаһармандардың бейнеленуінде осы шайырдың өзіндік сарынын танытатын ерекшелігі болады», – деп ой түйген [105]. Нәзирагөйлік әдіс туралы М. Әуезов: «Көпке мәлім болған тарихи шындықтар бойынша Шығыста бір классик жырлаған тақырыпты келесі буында тағы бір Шығыс ақыны қайталап, әңгіме ететін тың дастандар шығаратын дәстүр бар еді. Бұлайша әр тақырыптың әр ақында қайталануы еш уақытта аударма деп танылмауы керек. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып жырмен жарысу есепті салт еді. Шығыс поэзиясында бұл салтты заңды деп біліп, осы дәуірде «Нәзира», «Нәзирагөйлік» деп атау берген [106].

Ғұлама ғалым әлем елдері әдебиетімен сан ғасырлық байланыстың нәзирагөйлік дәстүрмен жүзеге асқанын осылай тұжырымдаған. Т.Ізтілеуов осы әдіспен жазған дастандарында кіріспеден басталып, негізгі сюжеті жырлана келе, ақынның өзіндік ой қорытындысымен аяқтайды. Өмір шындығын көркем бейнелеуде автор басты образдарды негізге алу арқылы шығарма шындығын арттырған. Әсіресе, көпшілікке белгілі өмір шындығы мен уақыт тынысын танып, ақын кейіпкер тұлғасын, мінез ерекшелігін көркем бейнелеген.

Т. Ізтілеуовтің «Мәрді диқан», «Данышпан қарт», «Тұтқын қыз», «Рауа Бану», «Сам зая батыр», «Шаһнама» сияқты дастандарындағы поэзияның тілі, бейнелілігі, ақын стилі, әдеби бейнелігі сөз етуге тұрарлық. Оның дастандарындағы ойлау жүйесі мен образдылық жүйе сюжетті беруде үлкен роль атқарады.

Иранның 500 патшасының тарихын 40 мың жолдан тұратын өлеңге сыйғызып, нәзирагөйлік әдіспен ұлттық болмысқа лайықтап, әдеби бейнемен өлең өрнегіне тарқатқан. «Тау тұлға Тұрмағамбетке - 125 жыл» атты еңбектің алғы сөзінде М. Құл-Мұхаммед: «Шығыстың жеті жұлдызының бірі Фирдаусидің «Шаһнама» дастанын қазақша сөйлетіп, өзінің асқан дарын иесі, сөз мәйегін ағызған қас шебер екенін тағы бір дәлелдеді. Мұндай баға жетпес туындының қазақ поэзиясына қосылуы ұлттық әдебиетіміздің мерейін биікке көтерді, ұлттың ұлы қазынасына айналды», – [107] деген пікірі Т. Ізтілеуовке берген әділ баға. Осы орайда ғалым Р. Бердібайдың мына бір пікірі ойды толықтыра түседі: «Қазақ әдебиеті тарихында орны бар, бірақ шығармалары бұл күнге дейін жеткілікті зерттеліп, танылып болмаған ақындар есімі аз емес. Солардың бір тобы Оңтүстік Қазақстанда жасаған шайырлар: Базар жырау, Шәді, Майлы, Шораяқтың Омары, Бұдабай, Т. Ізтілеуов т.б. десе, Т. Ізтілеуов дастандарын зерттеп, зерделеу, халықты жаңа рухани әлеммен таныстыру болмақ», [65, б. 334] – деген. Т.Ізтілеуов дастандарында әдеби бейне жасауға шебер ақын. Ол психологиялық портрет арқылы кейіпкер образының ішкі сезімімен тереңдетілуін орынды қолданады. Ақын дастандарында әдеби бейне жасау үшін халық тұрмысында кездесетін мақал-мәтелдер, ертегілердегі көкжал қасқыр, самұрық құс, айдаһар, жалмауыз кемпірді сөйлетіп, ертегілік мотивке құрады. Диалог арқылы ойды өрбітіп, кейіпкер тілімен образды даралап көрсетеді. Кейіпкер танымының көрінісін автор сөйлеу дағдысымен нақтылайды. Сұлудың бейнесін күн мен айға теңеп, ауыз әдебиетіндегі

суреттеу әдістерін де шеберлікпен береді. Мысалы, «Мәрдi дiқан» дастанында патша қызы Дiләпрузды:

Дiләпруз деген қызы бар едi оның,
Қыпша бел, құралай көз, жазық маңдай.

Сұлулықты осылай бейнелеу ауыз әдебиетiндегi дәстүрлi құбылыс. «Қыпша бел», «құралай көз», «жазық маңдай» сөзiмен күрделi эпитеттер арқылы әдеби бейне жасалған.

Қазақтың мақал-мәтелдерi де орынды түйiнделедi. «Тұтқын қыз» дастанында:

«Жол табам» жалғыз өзiм дегендердiң,
Өшпесе, өсiрмейдi оның бойын.
«Ердiң өзiне қарама, сөзiне қара».

«Рауа Бануда»:

Еңбегiм есесiге еткен еш болар,
Не ексең, соны орасың.

Кейiпкер тiлi арқылы образды даралап көрсетумен кейiпкер танымынан көрiнiс бередi. «Мәрдi дiқан» дастанында ұрылардың әрекетiн дөп басып айтқан патша қызы Мешишаның сөзi бұған дәлел:

Көңiлiнен хабар берер кiм сөйлесе,
Деп дана ақылды ерлер айтқан бұрын.
Жәннатқа бұған ықырар болмасаң да,
Әшепкi етiремiн кесiп мұрын.

Автор сөйлеу дағдысы арқылы сол сәттегi кейiпкердiң психологиялық күйiн, ойын осылай нақтылап берген. Патшаның ақылды, көрiпкел қызының сөйлеу мәнерi өзгеше. Ұрылардың қорқақтық танытып, мойындау беймазалығын автор:

Тiтiредi жиһангездер жапырақтай,
Қорыққаннан қақ жарылды жүрек тақтай.
Гауһарды ханшаға бере бердi.
«Бiр қате бөлiндi» деп ылаж таппай [91, б. 203].

Сондай-ақ ұрлықтың түбi қорлық екенiн патша қызының қаталдығынан туындаған сөздер де кейiпкер тiлiнде ұшырасады.

Артықша айбаттанып, ашу айлап,
Суытып сол сағатта беттiң нұрын.
Дедi: –Ей, шарифатқа шыр салғандар!
Табыңдар тез заматта дiқан дүрiн.

Т. Iзтiлеуов дастандарында араб, парсы тiлiндегi сөздердiң көп қолданылуы байқалады. Диалогтардағы кейiпкер көңiл-күйiмен айтылып жататын кейбiр қолданыстарға түсiнiстiкпен қарағанмен, суреттеулерде ұшырасатын сөздердiң көптiгi шығармаға шырай қоспайды. Сондықтан Т. Iзтiлеуов дастандары өзi өмiр сүрген уақыттың тынысын, проблемасын көтередi.

Әдебиет сыншысы, ғалым Б. Кенжебаев: «Егер жазушы көмескi, солғын бейнелер жасаса, егер шығарманың композициясы айқын, қисынды болмаса,

тілі шұбалаңқы, орашолақ болса, ондай шығарма идеясы қанша жақсы болса да толық, піскен шығарма болмайды», [108] – деп жазуы әдеби процестегі толғағы жеткен ойдың көрінісі болатын. Сол себепті де Т. Ізтілеуов дастандары, заман, адамдардың мінезінің түйінді мәселелерін көтергенмен, адамгершілік, адалдық, адам концепциясын бірінші кезекке көтеру байқалады. Дастандарындағы басты ерекшеліктердің бірі – кейіпкерлердің аздығы, бірақ персонаждардың әрқайсысына әлеуметтік мол жүк артқан, өз-өзімен іштей жауаптасып, қиын-түйін жайлардың жауабын іздеген әлеуметтік-психологиялық шығармаға бетбұрыс жасауы ұлттық поэзияны дамыта пайдалануы еді.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінде кездесетін түс көру мотиві арқылы ойды образда бере біледі. Мәселен, Фирдаусидің түсіне кейіпкері Рүстемнің кіруі оқиға сюжетіне арқау болған. Ирадж екі ағасының қолынан қаза табатынын мынандай түс көріп, жорыған.

Түсімде жеді етімді екі ит талап,
Тамсанып қан-жынымды тұрды жалап,
Ол екі ит осы жақтан Сәлім мен Түр,
Өздерін өлмейтінге жүрген балап [59, б. 218].

Әдеби бейне жасауда Т. Ізтілеуов сипаттаудан гөрі диалог арқылы ойды өрбіту тәсілін көп қолданған. «Мәрді диқанда» диқан:

- Кешегі қойнымдағы жоқ гауһарым.
- Аңқауын қарашы, - деп, - бейшараның,
Еркіміз бұдан былай сізде, - десті.

«Тұтқын қыз» дастанында:

Қыз:

- Бірнеше сұрайтұғын сауалым бар,
Анығын айт, - деп, - ана, бас ұрды қыз.

Самұрық:

- Берейін білгенімше жауабыңды,
Емеспін өтірікті айтқан сірә.

Қаламгер бұл дәстүрді толық игерген. Ең басты ерекшелігі әлеуметтік - тарихи құбылыстарды толық қамту, адам ғұмырының өткенін мысалдап батыл экскурс жасау, сөйтіп оны даму, өсу қалпында суреттеу. Бірінші жақпен баяндау оқиғаның жылдам өзгеріп, құбылып отыруына мүмкіндік берген. Автор кейіпкер бейнесін жасауда олардың басына түскен қиын жағдайлардың салмағын өзіне сезіндіріп, өз атынан баяндауын қолайлы санаған.

Т. Ізтілеуов қаламының қуаты - сол оқиғаларды еркін меңгеруінде, баяндауында мақал-мәтелдерді жиі қолдана отырып, кейіпкер бейнесін, яғни, әдеби бейне жасауда кейіпкерлерінің ой-сезімін жинақы жеткізуінде, сондай-ақ қазақы ой-өрісі де танылып жатады. Әдебиеттанушы В. Новиковтың: «Көркемдік шындық – эстетикалық тұрғыдан өңделген өмірлік шындық» – [109] дегендей, дастандардағы басты кейіпкерлердің негізгі сипаттарын сақтай отырып, шығармашылық өзгеріске жол берген, сөйтіп әдеби бейне жасауға көркемдік таныммен барған. Кейіпкерлерін суреттеуде қазақтың ұлттық киімдерін кигізіп:

Қуанып көз көрмеген киді киім,
Түлкімен құндақ та емес, жанат, тиін.

Бұл үзіндіде түлкі, құндыз бөріктер де қазақтың ұлттық киімдері, сол арқылы қазақ ұғымына жақындатқан. Қазақ ұлтына тән ұлттық характерді көрсеткен.

«Әшкәбус» дастанында Әшкәбус пен Рүстем бейнесі қазақтың батырлар жырындағы Алпамыс пен Қобыланды немесе қалмақ батырларын суреттейтін жерлерге ұқсас. Дастанда Әшкәбус бейнесін былай береді:

Саусақтары шынардың ағашындай,
Тырнағы - тұлпарлардың тағасындай,
Аузы - үңгіріндей асқар таудың,
Мұрны - үйген шоқат шамасындай!

Бұлайша суреттеу батырлар жырында батырлардың бейнесін беруде көп кездеседі. Бұндай әсірелеулер құбылысты шамадан тыс асырып көрсетіп тұрады. Келтірілген мысалда Әшкәбустың аузы асқар таудың үңгіріндей десе, ауыз әдебиетінде Ұлтанның аузы ошақтай деген. Бұл – өте үлкейтіп айту, яғни сол шығарманың идеясын ашуда қажет. Дастанда бұлай асыра суреттеу батырдың батырлығын мадақтау, соны дәріптеу үшін қолданған. Тұрмағамбет дастандарында қазақ фольклорының әсер-ықпалы батырдың көзсіз ерлігін суреттеуде де үндесіп отырады. Рүстем батырдың Әшкәбуспен жекпе-жекке шыққан жерін Тұрмағамбет былай суреттеген:

Жақындап Рүстем де ұруға ептеп,
Білген соң айбынын ашу кетті кептеп.
Садақты тұра сала қолына алып,
Тұсынан өкпеліктің тартты өктеп.

Қазақ халқында түрлі діни сенімге байланысты садақа беру ауыз әдебиетінің сюжетіне енген. Ақын дастандарында халықтық әдет- ғұрыптарды қазақ халқының салт-санасына, тіршілігіне, діни сенімдеріне ұқсатады. Мысалы,

«Боз қасқа барып үйге беремін» - деп,
Аударып көре берді жылап-сықтап. (Данышпан қарт)

Сонымен қатар ауыз әдебиетінде жиі кездесетін қыз ұзату, құда түсу сияқты салттар да бар. Қызға құда түсуді суреттеуде қазақ халқының тұрмыс-салтын сәйкестендіреді.

Бар екен бірінде ұл, бірінде қыз,
Деп: «Құлдық, - етті екеуі де, - ризамыз!

Қақ бөліп, құда болып алтынды алып,
Тату боп үзір-мәзірге болды олар түз. (Данышпан қарт)

Ақын дастандарында қазақ халқында жиі кездесетін бата беру, сыйлық ұсыну, сүйінші беру сияқты ойлар арқылы бейнелілік жасайды. Фольклорлық шығармаларда халықтық кейіпкерлердің сенімді достары да, жанашыр адамы да болады. Ақын дастандарында осындай оқиғалар көп. Кейіпкерлерді суреттегенде де оны қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салтына бейімдеген. Мысалы:

Қуанып көз көрмеген киді киім,
Түлкі мен құндыз да емес, жанат, тиін,
Інжу, дүр тамағына тастар тізді,
Бағасын бәрінің де білу қиын.

Бұл үзіндіде түлкі, құндыз, бөріктер де қазақтың ұлттық киімдері, сол арқылы қазақ ұғымына жақындатқан. Дастанда тағы бір ұқсастық батырдың көзсіз ерлігін суреттеп, образын батырлық әрекеттер арқылы ашады. Рүстем батырдың Әшкәбуспен жекпе-жекке шыққан жерін Тұрмағамбет былай көрсеткен:

Әшкәбус көрді-дағы тұтты қалған,
Қалқанын қақ айырып қылды талқан,
Өкпеден өтіп барып жерге батып,
Батырды аяқтарын арпаң-тарпаң.

Дастандағы батырлық әрекеттер қазақ батырлар жырында да өте мол. Мысалы «Қобыланды батыр» жырында:

Топтап тұрған кәпірге,
Қобыланды жалғыз тиеді.
Бөлек-бөлек қылады,
Бөлінген қойдай қырады... –

деген жолдар Тұрмағамбет дастандарындағы сөз қолданыстар ауыз әдебиетінде жиі айтылатын мотивтерді еске түсіреді.

Түйіндеп айтқанда, қазақтың бай ауыз әдебиетінің Т. Ізтілеуов шығармашылығындағы дәстүрлерін, мотивтерін, сипатын байқадық. Дастандарында шығыс поэзиясына тән өрнектер өзгеше. Мысалы, «Тұтқын қыз» дастанында батыс патшасының қызы мен шығыс патшасының ұлы арасындағы ғашықтыққа беріктік оқиғалары сипатталады.

«Данышпан қарт» дастанында диханның тауып алған алтынын данышпан қартқа апаруы, сондағы қарттың бидай жөніндегі әңгімені баяндауы, адал еңбектің өтеуі қайтады деп ойын қорытындылауы, яғни, данышпан болуды армандау сияқты ойлардан туған. Ал «Рауа Бану» дастанында әйелдің бас бостандығы, сүйіспеншілігі, еріктілігін суреттеуі де шығыс әсерінен болса керек. Дастанда Отанды, халықты сүюі, Рауаның хан болудан бас тартып, халқын емдеп, қолынан келгенше жақсылық жасауы арқылы суреттелген. Ақынның шығыс сюжетінде жазылған бұл дастандарын халықтың рухани қажетіне жаратуы, оның суреткерлік тәжірибесінің молдығын, дүниетанымының биіктігін көрсетеді. Ақын қолданған әдеби бейне мен бейнелілік айқын аңғарылады.

Сүлейлердің дара сүрлеуін салған Ерімбет Көлдейбекұлының бейне жасауы мен кейіпкерді сомдау тәсілі айтарлықтай тың, әрі көркем шешімге құрылған. Ақынның «Атымтай Жомарт», «Сәдуақас Сақи», «Ақташ Сақаба», «Хазірет Ғали мен Дариға қыз», т.б. дастандарының поэтикалық тіл орамы ауыр. Қолданыстан шығып қалған ескі сөздер көп кездеседі. Ақын дастандарында ойды мысалдап айтып, баяндап отырады. Образдық жүйеге орай

халықтық мақал-мәтелдер мол ұшырасады. Ерімбеттің ақындық күші – тілінде, шеберлігі – қазақтың халық тілін мол пайдалана білуінде деп білеміз.

«Атымтай Жомарт» дастаны - ақынның шоқтығы биік шығармаларының бірі. Оқиға Атымтай деген жомарт жанның халыққа жасаған сақилығы патшаларға ұнамайды. Шом, Рум сұлтандары Атымтайды өлтірмек болады, бірақ халық қолдағандықтан барлық қиындықтан аман өтеді, соңында оның игі істеріне тәнті болған шахтар мен сұлтандар достыққа шақыруға мәжбүр болады. Міне, осындай қысқа сюжетке құрылған дастанның ерекшелігі - кейіпкердің аздығы. Ақын әдеби бейне жасауда бас кейіпкер сырын ашуда екі тартыс арнасын қатар өрбітеді. Бірі – халық қамын ойлаған Атымтайдың жанкешті арпалысы, екіншісі – толассыз сәтте онымен айқасқа түсетін шахтар мен сұлтандар. Жомарт жанмен айқасқа түсіп, ақыры онымен достасқан шах пен сұлтандар бейнесін екі жақты сынға салады.

Дастанның өн бойында іштей қажырлы Атымтайдың сақилығын халықпен қарым-қатынасын саралап, оның әлеуметтік астарын іздесе, өзге образдар жайлы көңілдің жыртығын бүтіндеудің жолын қарастырады. Осы орайда, ақын тіліндегі ғасырлар бойы қалыптасқан жалпыхалықтық тұрғыда және автордың өзіндік қолтаңбасын көркем әдеби бейнені жетілдіруге қосқан үлесін танытатын ерекшеліктерді мысалға келтіруге болады.

Халық айтты: «Сіз – бір сұңқар, ол – бір қарға!

Қарға да қаз болмапты, амал бар ма? –

Білдірмей, жансыз салып өлтіріңіз,

Шапқандай, обалы жоқ, жайын жарға» [110].

Ақын фразеология қорын көркемдік мақсатқа орай «Сіз – бір сұңқар, ол – бір қарға, Қарға да қаз болмапты амал бар ма? – деп жүйелі пайдаланған және поэзиялық көркемдіктің ажарын білдіретін тілдік деректер кең қолданыс тапқан. Метафора арқылы ақынның айтар ойын образды жеткізуге қызмет атқарған. Осындағы шах, сұлтандардың мінезін танытуда жалпыхалықтық тілде бас имеу болып қолданылатын, яғни сұңқар мен қарғаны салыстыра отырып, авторлық өңдеумен образды сөз жасаған. «Сұңқар» мен «қарға» кейіпкердің негізгі бейнесін ашып, айқындап тұр. Атымтай Жомарттың айналасындағы жуандарға бас шұлғи бермейтінін, өзінің дара тұлға екендігін білдіруде фразеологизмдерді ұтымды қолданған. Кейіпкердің тегін емес, жомарт кісі екенін, «сақи» бейнелі сөзімен тіркескен, өлең шумағында сұраулық мәнде қолданған.

Сақи тұр риза болмай: «Не еткенің?» – деп

Бітірмей істі неге кеткенің, – деп

Елігі күнде базар, ығы-жығы,

Сақидың қойдан жуас момындығы.

Бұл жерде «сақи» деген ұғымды бейнелеп, образбен балап жеткізген. Келтірген үзіндідегі кейіпкердің момын, жуас кісі екенін, «қойдан жуас» сөзімен тіркескен сөз арқылы оқырманға таныстырады. Ғалым С. Сәтенова: «Шығарма идеясының айқындалуы, тілінің көркемдігі, үйлесімділігі мен әуезділігі, шеберлігі онда қолданған бейнелі фразеологиялық тіркестерге

байланысты. Олар әдеби туындыға образдылық терең мән-мазмұн, тартымдылық, эмоционалды-экспрессивті нәр береді», [111] – дейді. Ғалымның осы пікіріне орай Қарасақал Ерімбет дастандарында тыңнан образды жаңа фразеологизмдер жасау үлгілері молынан кездесетініне көз жеткіздік. Образды бейне жасауда ақынның дастандарының тілдік деректерін дәлелдейді. Бейнені тілдік құрал ретінде оқырманның көңіл-күйіне әсер ете отырып, көркемдік қызмет жасауды сөз таптарының ішінде етістіктің мағыналық байлығы мен синтаксистік байланыс ойды құбылтып отырады.

Ғалиға алты айдан соң кетпек болды,

Ат бағып, өзін баптап күні толды.

Қаласа ханның қызы, күй патшаның,

Мұратын көңілдегі етпек болды.

Үзіндідегі әуеннің құлаққа естілер үнін жан-жақты бейнелеп көрсеткен. Мәтін ішінде өзара мәндес болып келетін етістіктер жанды суретке жан бітіріп бейнеленген. Ерімбет дастандарында теңеудің қолданысы мынандай тұжырымдама жасауға негіз береді. Біріншіден, ақын теңеулерді табиғат көріністерінде, кейіпкер келбетінде ұтымды пайдаланған.

Айбаты арыстандай түрі басқа,

Келеді көрген жанды таңырқатқан.

Ақын кейде жалпыхалықтық тілдегі теңеулерді өңдеп қолданған. Кейде өзіндік тың теңеулерді енгізген. Жырға арқау болған нәрсені бейнелі жеткізу, ұқсастықты дәл тауып, көре білу ақынның тіл шеберлігін көрсетіп, мәнін айқындайды. Ойды көркем, бейнелі етіп жеткізуде өмір құбылыстарын әсерлі эпитеттер арқылы өрнектейді.

Фатима жақсы адам, ақылы сарап,

Атасын артық қылған құдай қалап.

Белгілі идея мен ойды беру қажеттілігінен жүрек қылын шертетін ақындық шеберлігін, сырлы да, сезімді суреткер екендігін көрсетеді.

Қарасақал Ерімбет дастандарында жалпыхалықтық тілдегі көріктеу құралдары (теңеу, эпитет, метафора, метонимия) өзіндік сөз саптау мәнеріне сай елеп-екшеп, шеберлікпен пайдаланып қолданғанына көз жеткіздік.

Сыр сүлейлерінің көрнекті өкілі – Қаңлы Жүсіп Қадірбергенұлының «Мағрупа қыз», «Абыраһанның бастан кешкендері» атты дастандары баяндау әдісімен жазылған. Десек те, бұл дастандарда ақын адам образын жасаудың басқаша тәсілін қолданады. «Мағрупа қыз» дастанында оқиғаны баяндай отырып, кейіпкер портретін, кескін-келбетін суреттеп өтеді.

Мағрупа атты бір қызы –

Һүрлерден артық хош сурет,

Мағрупа көрген жан

Біле алмас анық не түстің [93, б. 106].

деген шумақты метафоралар өрнегі бір-бірімен жымдасып келген. Өлеңнің бірінші тармағында айтылған «һүрлерден артық хош сурет» деген ұғымнан туындайды. Мағрупаның сұлулығын осылай жеткізеді. Жалпы «сұлу» деген

ұғымды бейнелеп, образбен балап жеткізеді. Қыз портретін беруде де анық, көркем ауыстырып, баламалы түрде метафоралық образбен суреттейді.

Шұғыласы ақ жүзінің болды жарық,
Жанғандай қымбат үйде бір шамшырақ.

Дастандағы басты кейіпкердің бірі – Аяс образын жасауға ақын өмір үшін күресе білетін жігерлі жігітті танытады. Кейіпкерлерді іс-әрекет үстінде көрсете отырып, образ сомдайды. Үнді елінде болған бір оқиғаның сюжетімен жазылған бұл дастанда ақынның өзіндік сөз қолданып, әдеби бейне жасаудағы ерекшелігі көрініп тұр. Қысқа сюжетке, үлгі-өнегеге құрылған дастандарында Қаңлы Жүсіп әр кейіпкерді жиынтық образына қарай сөз мазмұнымен сөйлеткен. Поэзиядағы кейіпкер тілі – шығарманың көркемдік бітімін тануда және өлең өрімін талдауда басты нысандарының бірі автор кейіпкер тілі арқылы сөз таңдау, талғау және өрлеу, тіл құралдарын ұтымды пайдаланған. Осы дастанда кейіпкер тілі Аястың:

«Тірідей көзге күйік болғанымша,
Бет алып бөтен жаққа кетем», – деді.

Ал Мағрупаның:

Өзіңсің шын сүйгенім раббана,
Көрмесең көздің жасын өзің тәңірім,
Ойрана осы бүгін көңіл қапа,
Айырып Аястай ғашығымнан,
Бейшара болған дертке мен мұбтала.

Келтірілген мысалдардан кейіпкер тілі Аястың намыс отына бұрқанған ішкі сезім толғаныстарын көрсетеді. Мағрупаның бейнесі кейіпкер тілінде, парасатты, «махаббатқа адал, уәдеге берік» деп дәл бейнеленген. Дастандағы кейіпкер тілі тек оның образын танытып қана қоймай, бір тақырыптағы сөздерді мәтін тізіміне лайықтап сұрыптауда, сөз таңдауда көркемдіктің бір кілті болып табылады. Сәлім, Сәлима сөздері дастандағы кейіпкер тілінің негізгі ұйтқысы болып табылады. Сәлімнің:

Мен-дағы сеніменен кетейін, – деп,
Қасына ағасының бүкті түзін.

Сәлиманың:

«Көтеріп көпке қолым іздегенім,
Деп айтты, – табылды ма жерден келіп».

Кейіпкер тілі арқылы ақын оның жасаған ортасын, қоғамдық жағдайын, мінездемесін суреттеген. Кейіпкерлерді өзара сөйлестіру арқылы ақын кейіпкерлеріне мінездеме беріп, дүниетанымы, наным-сенімдерінен мағлұмат берген.

Қаңлы Жүсіптің суреткерлік қолтаңбасын белгілеуге, қаламгерлік ұстанымын айқындауға тұжырым-түйінді осы жұмыстың өн бойында айтып өттік. Ақын дастандары қазіргі әдебиеттану ғылымында лайықты орнын алар ұлттық рухани байлықтың бірегейі деуге толық негіз бар.

Сыр топырағынан шығып, «сүлей» атанған Балқы Базар, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шораяқтың Омары, Қарасақал Ерімбет, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп

т.б. шығармашылығында әдеби бейне біртұтас қарастырылып, әлі күнге дейін толық зерттелмегені белгілі. Бұлардың қаламы қарымды екенін олардың әдеби бейне жасаудағы шеберлігінен байқалып тұр. Ұлттық мінезді айқындайтын, ұлттық ерекшеліктерді паш ететін сөз саптаулары, образды сөз қолданыстары ұтымды бейнеленеді.

Ойды алуан түрлі тәсілдермен жеткізуде көркемдік құралдардың қай-қайсы болса да, суреткердің белгілі бір идеялық-эстетикалық мақсатына орай қызмет атқаратыны мәлім. Ақын атаулының басты мақсаты – айтатын ойын терең, мағыналы, образды етіп жеткізу болмақ. Ғалым М. Дүйсенов: «Әдебиетте бұрыннан бар метафора, эпитет, теңеулерді қайталамай, қайта санын көбейтіп, түрлерін дамыту ақынның үлесіне тиген міндет», [112] – деген пікірі - әдебиет ойдың жемісі екенін, оның белгілі бір ортада қалыптасып, қаламгердің өзіндік рухани бастау көздері болатынын бейнелеудің өзгеше бағытын ұстағанын аңғаруға болады. Болмыс шындығы мен рухани дүниенің ұқсастықтарын дөп басып көрсетудегі бейнелеу құралдарының орынды, ойды образды жеткізуде айқындаудың ерекшелігін көреміз.

Зерттеуші ғалымдар Ұ.Н. Жанбершиева мен К.Т. Кудайбергенова: «Сүлейлердің тарихи жағдайларды суреттеудегі көркемдік символдарды қолданылуында ақынның дүниетанымы айқындалады», - деп ой түйеді [113].

Осы пікірге орай, жоғарыдағы келтірілген Сыр сүлейлерінің әдеби бейне жасаудағы шеберлігі, көркемдік ізденістерін талдау барысында мынандай тұжырымға келдік:

- Сыр сүлейлері Базар жырау, Тұрмағамбет, Шораяқтың Омары, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Қарасақал Ерiмбет шығармаларының идеялық -көркемдік, тілдік-бейнелілік ізденістері сараланды;

- Кейіпкер тұлғасын ашу барысында бейнелеу құралдарын қолданудағы әр ақынның өзіндік шеберлігі нақты мысалдармен дәлелденді;

- Аталған ақындардың мысал, айтыс, дастандарындағы көркемдік әдіс-тәсілдердің қызметі мен ерекшелігі, ақындық қолтаңбасы ашылды;

- Сыр сүлейлерінің тілдік-бейнелілік, образ жасаудағы көркемдік ерекшелігі, символдық сөз қолданыстары айқындалды.

Сонымен әдебиеттегі әдеби бейне, көркемдік ізденістер мәселесін қозғағанда өлке әдебиетінде өзіндік орны бар ақындардың суреткерлік шеберлігін қазіргі әдеби үдеріс пен тұтас бірлікте қарастырылды. Ақындарды көркемдік әдіс, стиль, бейнелілік тұрғысынан өзара байланыста алып, салыстыра сараптадық.

Қазіргі кезде ұлт тілінің өзіндік ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін зерттеуге басымдық көңіл бөлінуде. Зерттеу жұмысымызда тіл мен ойдың, тіл мен танымның, әдеби бейне мен бейнелілік бірлігін дәлелдеу үшін алдымен образды, оның табиғатын тану қажеттілігі туындайды. Соның негізінде, Сыр сүлейлері шығармаларындағы суреткерлік дүниетаным, әдеби бейне көрінісі, көркемдік бейне негізінде ұлт болмысына, сондай-ақ тілдегі көріктеу құралдарын өзіндік сөз саптау мәнеріне сай елеп-екшеп, шеберлікпен пайдаланып, жетілдіріп қолданғанына көз жеткіздік.

Зерттеу барысында Сыр сүлейлерінің әдеби бейнесін бірнеше топқа бөліп қарастырдық. Зерттеуші ғалымдар пікірін саралай отырып, өзіндік тұжырым жасадық (кесте 1).

Кесте 1 – Сыр сүлейлерінің әдеби бейнеге байланысты негізгі тұжырымдар


Әдеби бейнеге қатысты шетелдік ғалымдардың тұжырымы	Әдеби бейнеге қатысты отандық ғалымдардың тұжырымы	Зерттеу барысындағы біздің тұжырым
1	2	3
<p>А. Потебня пікірінше: «Сөз дегеніміз о баста символ, идея болғандықтан ғана ол ойлауға мүмкіндік беретін орган және жаратылыс пен өзінді одан әрі түсінудің ең негізгі шарты әрі ол көркем шығарманың барлық қасиеттеріне ие», – деген тұжырым айтады.</p>	<p>Қ. Жұбанов символдың қасиеттерін былай жіктеген: «Символ – таңбаға тепе – тең, өмірді өнермен образды түрде игеру, мағынасы шартты, белгілі бір мәдени нысан, символ – өзінің алғашқы мазмұнын мазмұнға форма беруде қолданатын таңба ретінде кездесетін символды кең түрде түсіну» Р. Сыздықова: «Символ – идеяның заттық нысаны, астарлы образ», – деген тұжырым жасайды.</p>	<p>Сыр сүлейлерінің әдеби бейне жасаудағы шеберлігі, көркемдік ізденістерін талдау барысында мынандай тұжырымға келдік. – Сыр сүлейлері Базар жырау, Тұрмағамбет, Шораяқтың Омары, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Қарасақал Ерімбет шығармаларының идеялық – көркемдік, тілдік – бейнелілік ізденістері сараланды;</p>
		<p>– Кейіпкер тұлғасын ашу барысында бейнелеу құралдарын қолданудағы әр ақынның өзіндік шеберлігі нақты мысалдармен дәлелденді. – Аталған ақындардың мысал, айтыс, дастандарындағы көркемдік әдіс – тәсілдердің қызметі мен ерекшелігі, ақындық қолтаңбасы ашылды; – Сыр сүлейлерінің тілдік – бейнелілік, образ жасаудағы көркемдік ерекшеліктері айқындалды. – Сыр сүлейлері ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы балама бейне жасауда, даланы – қазақ мінезіндей кеңдік, тау – биіктік, теңіз – тереңдік т.б. ұғымының бейнелеуі ұлттық сипат, ұлттық мінезді танытады.</p>

1 – кестенің жалғасы

1	2	3
<p>А. Белый: «Символ дегеніміз – табиғаттан алынған және творчество арқылы өзгертілген образ: символ дегеніміз – суретші мен табиғаттан алынған қасиеттерді бастан кешіру сезімін біріктіріп тұрған образ. Осы мағынада алғанда, өнер шығармасының өзі символдық болып келеді», – деп ой түйген.</p>	<p>З. Ахметов: «Символ әдебиетте ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне», – дейді. А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде символға қатысты бірқатар семантикалық категорияларды анықтап, «бейне», «меңзеу», «пернелеу» – деп символмен үндестіреді.</p>	<p>– Сыр сүлейлерінің жазба айтысында ұлттық мінез, ұлттық сипат және көркемдік ойлау мәселесінің көрінісі анықталды; – Айтыс ақындарының дүниетанымы, өзіндік көзқарасы, көркемдік ойлауы ұлттық мінезді қалыптастырды; – Әдеби бейне мен бейнелілік ақындар тұлғасымен байланысты берілді; – Айтыстарда ұлттық құндылықтар саналатын атауларды жиі кездестіруге болады; – Ұлтымыздың әлеуметтік – мәдени сипатын таныта отырып, ұлттық мінез айқындала түскен; – Ұлттық символға айналған «домбыра», «киіз үй», «шаңырақ», «асау тұлпар», «қара нар» т.б. ұғымдар бейнелік қызмет атқарып тұр.</p>
<p>Көркем шығармадағы әдеби бейне мен бейнелілік туралы өз ойларымен оң баға берген ғалымдар: Л.И.Тимофеев, Г.Л.Абрамович және т.б. Л.И.Тимофеевтің: «Образ – эстетикалық мәні бар, ойдан шығару арқылы жинақы жасалған адам өмірінің әсем суреті» - деген пікіріне сүйенсек әдеби шығармада суреттелетін өмір құбылыстары мен кейіпкердің бейнесі деп тануға болады.</p>	<p>Профессор Б. Кәрібозұлы: «Поэзияның ұлттық сипаты мен мінезін символдық бейнелерден тыс әңгімелеудің дұрыс болмайтын себебі символдық образдар жүйесінде ұлттың бірнеше ғасырлар бойында қалыптасқан наным – сенімдері, ой – қиялы, сезім сырлары, арманы т.б. тұтастай көрінеді.</p>	<p>Сыр сүлейлерінің қазақ әдебиетінің дамуына өзіндік үлес қосқаны дәлелденді: – Ауыз әдебиетінен таныс символдардың көрініс табуы – көркемдік жүйенің құндылығын аңғартады; – нар, арғымақ, құс, өлім, дүние, ер қаруы сөздерінің символдық жүйе құраудағы ерекшелігі сараланды. – қазақ әдебиетіндегі жинақтық бейне символдық бейнелеу құралы ретіндегі қызметі айқындалды.</p>

Әдебиеттегі адам бейнесін жасау үшін қаламгер сан түрлі амал-тәсілдерді қолданады. Көркем әдеби бейне жасауға қажетті материал жинап, әдеби тұлғаны даралауға ұмтылады. Болашақ жасайтын бейнені жинақтай келе, типтендіреді де, типтік бітімін, мінезін оқшаулай түседі. Адам бейнесін сырт келбеті, мінезін, портретін мүсіндейді. Көркем шығармадағы табиғат

көріністерінің өзі адамның өмір тіршілігі, көңіл-күйімен байланысты адам бейнесін толықтырып отырады. Әдебиеттегі бейне сөзі екі түрлі мағынада қолданылады: 1). Көркем бейне, кейіпкер, тип. 2). Суретті сөз (сурет 1).




Сурет 1 – Әдебиеттегі бейне сөзі екі түрлі мағынада

Көркем әдіс тұрғысынан образ: 1.Романтикалық, 2.Реалистік деп бөлінеді (сурет 2). Әдеби тек тарапынан: 1.Эпикалық, 2.Лирикалық, 3.Драмалық образ болып жіктеледі (сурет 3).

Образ, көркем бейне жасалу тәсіліне қарай: 1.Юморлық, 2.Сатиралық, 3.Фантастикалық, 4.Трагедиялық, 5.Геройлық образ болып бөлінеді (сурет 4).



Сурет 2 – Көркем әдіс тұрғысынан образдың жіктелуі



Сурет 3 – Әдеби тек тұрғысынан образдың жіктелуі



Сурет 4 – Образ, көркем бейне жасаудың тәсілдері мен түрлері

Көркем бейнені эпизоттық, типтік, кезектегі бейне ретінде таныту олардың деңгейіне байланысты жазушы шеберлігімен беріледі. Көркем бейне жекелік және жалпылық деп бөліп қарастыру қаламгер танымымен ерекшеленеді.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Ойымызды жинақтай келе, Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесі дегеніміз – бұл ұлтымыздың табиғатқа көзқарасына, салт-санасына, әдет-ғұрпына, мәдени өміріне, ұғымы мен түсінігіне тікелей қатысты нәрсе. Сондықтан ойлау жүйесі образды, суретті, ойға негізделгенін байқадық. Сөз шеберлері ару бейнесін, жігіт сипатын, батыр тұлғасын, төрт түлік пен жан-жануарларды т.б. суреттеуде көркемдік айшық, әсемдік өрнекті өлең мен тілді тұтас алып қарайды.

Ұлттық ойлау жүйесі мен ұлттық дәстүрді сақтай отырып сөз өнерін биікке көтерген. Сыр сүлейлері халқымыздың ұзақ жылдар сақтаған мұрасындағы бейнелілік пен мәнерлілікке, суреттілік пен көркем ойлауына мән берген. Айтар ойын поэзиялық тұрғыдан әдемі бейнелеп жеткізген. Көркемдік логикаға құрылған поэзияда ақындық ойды шебер жеткізе білген.

Сыр сүлейлері поэзиялық образды шынайылық пен дәлдікке құра отырып, көркемдікпен безендірген. Қазақ әдебиетінде ой мен сезімді көркем, әсерлі беру суреткерлік қабілетке байланысты десек, бейнелеу тәсілдері ақындардың көркемдік шеберлігі мен идеялық көзқарасын танытады. Ақындар сөзді талғап қолдана отырып, ауыз әдебиетінің жауһар үлгілерін, сөз саптау, сөз таңдау ерекшеліктеріне де сүйенеді. Өлеңнің мәні мен ажары, көркі мен келісімі, өрнегі арқылы адам бейнесі, образ, бейнелілік жарқырап көрінеді.

Талдау барысында, мынандай қорытындыға келдік:

- ұлттық мінезді, образдың типтілігін екі түрге бөліп қарастырдық, ұлттық мінез және типтілік;
- шығарма мазмұны ғана емес, пішіннің өзгеруі мінез ықпалына байланысты болады;
- барлық образдарды қазақ болмысына сай жасаған;

– түрлі кейіпкерлердің мінезін ашуда диалог пен монологты басты тәсіл ретінде қолданған;

– ақындар қолданған тілдің көркемдегіш құралдары теңеу, эпитет, метафора, метонимия, символ т.б. ойды ықшамды, образды барынша бейнелі етіп суреттеуде ерекше қызмет атқарған.

Бұл қалыптасқан жәйттің бүгінгі мәнісіне көз жеткізу үшін кез-келген сүлейлердің зертханасын бұрынғыдай сараптамай, біртұтас шығармашылық құбылыс ретінде қарастырған орынды деп білеміз.

Түйіндей келе, әдебиет үшін аса маңызды зерттеу әдіснамасына байланысты сараптамалар жасалды. Сыр сүлейлері шығармаларындағы бейнеліліктің көрінісі, қалыптасуы, заңдылықтары, диалектикасы сөз етілді.

Сыр сүлейлері мұрасы жалпы қазақ әдебиетінің тарихымен, ұлттық дәстүрлі мәдениетімен тамырласып жатқан түркілік дербес танымның жаңаша тұрпатты жалғасы. Сондықтан да, Сыр сүлейлерін тануда олар қолданған бейнелі сөздердің ерекшелігін саралауда, ой-танымға белгілі дәрежеде ықпал еткен еңбектер қамтылды. Сыр сүлейлерінің ұлттық мүддеге негізделген танымдары мен бейнелі сөз қолданудағы ерекшеліктерін тереңдете зерттей түсіп, өзіндік қырларын ашу әдебиеттану саласында қолға алынуы тиіс жұмыстар деп түйіндедік.

2 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА СЫР СҮЛЕЙЛЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИ БЕЙНЕ ЖӘНЕ БЕЙНЕЛІК МӘСЕЛЕСІН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

2.1 Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларын оқытудың педагогикалық ұстанымдары

Қай пәнді оқытуда да ғылыми негіздер оқыту философиясына, педагогикалық ұстанымдарға, білім алушы тұлғаның психо-физиологиялық ерекшелігіне, мәдени көзқарастар мен аксиологиялық мазмұнды жалпы тұғырнамалық негіздерге құрылатыны белгілі.

«Қазіргі жағдайда дүниені тұтас қабылдауды қалыптастыру мәселесі өзекті бола түсуде. Жоғары білім берудің ең өзекті міндеттері – оқу-тәрбие үдерісін ізгілендіру, даралау – сабақтас немесе әр түрлі пәндерден алынған білімді біріктіруге және жалпылауға мүмкіндік беретін оқытудың интегративті тұғырын қолдану арқылы шешілуі мүмкін. Оқытудағы бұл тұғыр білім алушылардың ғылыми дүниетанымының қалыптасуына ықпал етеді, ол объектілік әрекетті тану процесінде әдістемелік бағдар болып табылады» - деп тұжырымдайды ғалым Ш.М. Майгельдиева [114].

Осыған орай оқытудың басты ұстанымдары тұтаса келіп, қазақ әдебиетінің қажеттілік аясын кеңейтуді, эстетикалық және этикалық қызметін меңгеруді қамтамасыз етуді, оқыту үрдісі арқылы қазақ әдебиетінің бай мұраларын игеріп, әдеби білімін қалыптастыруды көздейді. Солардың ішінде өңірлік әдебиет те қамтылуы маңызды. Себебі өңірлік әдебиет әдеби мұрамыздың галереясындағы өзіндік өрнек-баяуы, таным-тағылымы, әдіс-дәстүрімен ерекшененіп тұратын тұтастың бөлшегі, айшықты өңірі деуге болады. Сыр сүлейлері шығармаларының ерекшелігі мен бейнелі тілінен эстетикалық әсер алу, образдардың берілу ерекшелігін терең түсіне отырып баяндап айту деңгейіне жетуді, патриотизм идеяларын болашақ қоғам иелерінің санасына дарытуды жауапкершілігімізге алуымыз керек.

«Көркем шығарма – әдебиеттің құндылығы. Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру» [115] – деген ұстаз Қажым Жұмалиев.

Білім алушы әдебиет сабағында көркем шығарманың негізгі идеясын танып, болмысымен қабылдай алуы керек. Қабылдау күрделі психологиялық үдеріс. Ол – тыңдаушы өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани болмысымен жүзеге асады. Қандай жақсы көркем шығарма болсын білім алушы қабылдау үшін әрекет жасамаса, жауһар сөздің, шалқар шабыттың бағасын тану қиын. Сөз өнерін бойынан өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп, келтіре алмаса бәрі бос сөз.

Жоғары оқу орнындағы білім алушының ынтасын ояту – оқытушының қолында, яғни, білім алушыға әдеби білім беру, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін педагог әдебиетті оқыту барысында әр түрлі әдіс-тәсілдерді орнымен ұйымдастыру қажет.

Әдебиет сабағындағы ең басты жұмыстардың біріне көркем шығарманы қабылдау, одан әсер алу, көркем туындыны бүкіл болмысымен түсіне білу жатады. Яғни оқытушы осы мақсатпен ізденуі керек, осы мақсатта оны жүзеге асырудың ең тиімді деген әдіс-тәсілдерін сұрыптай отырып пайдалануы керек. Оқушының көркем шығарманы қабылдау белсенділігін, әсерлі сезімін дамытудың жолдарын қарастыруы керек.

Білім алушылардың рухани дүниесін байыта отырып эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру, оқырмандық тұрақты ынта-ықыласты, биік талғамды қалыптастыру маңызды. Сондай-ақ әдеби мұраны және онда бейнеленген құбылысты эстетикалық қабылдауына қажетті білім және біліктілікпен қаруландыру қажет. Логикалық ойын, ауызекі және жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыру, бір сөзбен айтқанда, жеке тұлғаны дамыту, әдеби білімін қалыптастыру десек болады. Сыр сүлейлері шығармаларын оқыту педагогикалық ұстанымдарға сүйенеді десек, оның өзі әдіснамалық тұғырларға негізделуі заңдылық (кесте 2).

Кесте 2 – Әдіснамалық тұғырлардың сипаттамасы

Тұғырдың аталуы мен авторлары	Жоғары мектепте болашақ маман даярлаудың мазмұны мен сипаты
Тұлғаға бағдарланған (В.В. Сериков, В.А. Слостенин, И.С. Якиманская, т.б.)	Тұлғаға субъект ретінде қарау. Тұлғаның өзіндік ерекшелігіне бағыттай отырып, оның әлеуетін, өзіндік сапаларын аша білуге, дамытуға бағдарлау.
Сана мен іс-әрекет бірлігі қағидасы (Н.В. Кузьмина, А.Н. Леонтьев, Л.С. Рубинштейн, Л.Ф. Спирин, т.б)	Тұлғаның мақсат қоя білуі, іс-әрекетін жоспарлауы, орындауы, нәтижеге жете білу.
Құзыреттілік (Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, Дж. Равен, т.б)	Жеке адамның нақты әрекет пен танымдық үдерістерде тиімді әрекеттер жасай қолдануы, қабілеттерін дамытуы, жеке даралық қасиеттері мен сапаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқыту-тәрбие үдерісінде мәдениеттанымдық тұғырдың маңызы ерекше. Бұл тұғыр білім алушылардың зияткерлігін, қазіргі қоғамның жалпы құндылықтарын дамытуға мүмкіндік береді.

Тұлғалық бағдарлы тұғырды басшылыққа алудың басты мақсаты мен қызметі – білім алушы тұлғасының жеке қабілеттері мен қасиеттерін дамыту. Аталмыш тұғырдың көрнекті өкілі И.С. Якиманскаяның пайымдауынша, жеке тұлғаға бағдарланған оқытуда даралау тәсілі барлық білім беру үдерісінің негізгі қағидасы, оның мақсаты – әрбір тұлғаның мүмкіндіктерін ескеріп, танып, дамыту [116]. Бұл ойдан біз жеке тұлғалық тәсіл жағдайында білім алушылардың өзіндік жеке даралық ерекшеліктерінің болуы, қойылған мақсатқа жетудің, яғни, қайталанбас жеке тұлға ретінде әрбір білім алушының тұлғалық дамуын қамтамасыз етудің қажетті шарты деп ой түюге болады. Е.В. Бондаревская жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнында жеке

тұлғаны дамытуға және қалыптастыруға қажетті мынадай 4 компонент міндетті түрде болуы қажет деп атап көрсеткен [117]. Олар:

- аксиологиялық,
- когнитивті,
- шығармашылық-әрекеттік,
- жеке тұлғалық.

Осы жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнының төрт компоненті де негізінен сөйлесу, шығармашылық іс-әрекет арқылы әрбір білім алушыны дамытуға жағдай жасауға, өз бетінше шешім қабылдауға және шығармашылығына, оқу әдістері мен мазмұнын таңдауға толық мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Тұлғаны қалыптастыру мен дамытудың басты шарты ретінде қарастыратын, іс-әрекет теориясында тұлғаны дамытудың оңтайлы шарттарын анықтауға мүмкіндік беретін іс-әрекеттік тұғырды дамытушылар Н.В. Кузьмина [118], Л.С. Рубинштейн [119] және т.б. жатады.

Әдебиетті оқытудың педагогикалық ұстанымдары оқытудың әдіс-тәсілдерін жүйелеудің маңызды шарттары мен оқу материалын ұсынудың қажетті байланыстарын негіздейтін объективті заңдарды ашуға тырысады. Бұл заңдар дидактикалық үдерістің объективті даму динамикасын пайымдауға көмектеседі. Бірақ оларда практикалық әрекетке қатысты тікелей нұсқаулар жоқ, олар тек оның технологияларын жасаудың және жетілдірудің теориялық негізі болады. Қазіргі кезде оқыту ұстанымдары дидактикалық үдерістің белгілі бір тұжырымдамасын құра отырып жүйеге салынатыны белгілі.

Көпшілік зерттеуші-ғалымдар оқытудың қажетті жағдайлары ретінде өз уақытындағы, бірте-бірте, органикалық, тұрақтылық, меңгеру қатандығы, анықтығы, өзіндік іс-әрекеті, тым күрделі не қарапайым болмауы т.с.с. мәселелерді анықтады. Зерттеу нәтижесінде бірнеше ұстанымдарды алға тартты:

- саналылық пен белсенділік;
- көрнекілік;
- жүйелілік пен реттілік;
- беріктік;
- ғылымилық;
- ақпараттың жеткіліктігі;
- шығармашылық-бағыттылық;
- теорияның практикамен байланысы.

Саналылық пен белсенділік ұстанымы білім алушылардың танымдық белсенділігін байқатып, іс-әрекет субъектісі болу арқылы оқыту тиімділігінің артуын көрсетеді. Білім алушылар оқыту мақсаттарын сезінеді, өз жұмысын жоспарлайды, ұйымдастырады, өзін тексереді, білімге қызығады, мәселе көтеріп, оны шеше алады. Егер, педагогтың қызығушылығына сүйене отырып, оқу мотивтерін қалыптастырса; оқушыларды проблемалық ситуацияларын шешуге, проблемалық оқытуға, ғылыми және практикалық мәселелерін іздеуге және шешуге қатыстырса; дидактикалық ойындар, пікірталас сияқты оқыту

әдістері қолданылса; ұжымдық жұмыс формаларын, оқудағы білім алушылардың өзара әсерлесуін ынталандырса, онда оқытуда саналылық пен белсенділікке кол жеткізуге болады.

Жоғары оқу орындарында әдебиетті оқытуда жалпы педагогикалық және жекелеген әдістемелік принциптерге сүйенеміз. Соның ішінде бірнеше жекелеген әдістемелік принциптерге тоқтала кетейік (кесте 3).

Кесте 3 - Педагогикалық және жекелеген әдістемелік қағидалардың түрлері

№	Қағидалардың түрлері	Жасалу жолдары
1	2	3
1	Әдебиетті сөз өнері ретінде оқыту принципі	Әдебиетті оқыту процесін ұйымдастыра отырып, оқытушы сөз өнерімен айналысатынын әрдайым есте ұстауы тиіс, сондықтан әдебиет оқытушысының басты міндеттерінің бірі білім алушылардың рухани қажеттіліктері мен оларды дербес дамыту қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. Оның бірінші сатысы - білім алушының әдеби ойлауында жанрлылықты қалыптастыру; екіншісі - білім алушының әдебиет саласындағы эстетикалық талғамын қалыптастыру; үшінші деңгейі - оқырман шығармашылығын оқу үрдісінің өзінде жеке адамның рухани әлеуетін іске асыру дәрежесіне дейін тереңдету; төртінші деңгейі - көркемдік қорыту мәдениетін қалыптастыру; бесінші деңгейі - көркем шығарманы коммуникативтік оқиға ретінде түсіндіру мәдениетін қалыптастыру.
2	Көркем шығарманы оның пішіні мен мазмұнының бірлігі негізінде талдау принципі	Көркем шығармашылықтың басты заңы мазмұн мен форма бірлігінің заңы немесе мазмұндық нысанның заңы, ол әдеби шығарманың формасы әрқашан мазмұнды, ал мазмұны формалды түрде ұйымдастырылған болып табылады. Бұл заң көркем мәтіннің барлық деңгейінде қолданылады. Жалпы шығарма да, көркем сөз де, әдеби шығарманың өзге де компоненттері де осы бірлікті қамтиды. Қандай да бір ұғымға қатысты мазмұн немесе форма рөлін атқаратынын ажырату қажет. Әдеби бейне немесе бейнелер жүйесі автордың өмірді (мазмұнды) бағалауды білдіру тәсілімен қызмет етеді, бірақ әдеби бейне олардың көмегімен жасалған тәсілдерге қатысты мазмұн рөлін атқарады. Бейнені ашу тәсілдері де мазмұнды және формалды сәттерді қамтиды. Мазмұн мен форманың бірлігі кез келген деңгейде көрінеді және көркем шығарманың тұтастығын анықтайды. Барлығы пішін мен мазмұнның бірлігі негізінде қарастырылады.
3	Тарихилық принципі	Әдеби шығармаға қатысты тарихшылдық қағидасы, біріншіден, оның өз қозғалысында - шығармашылық процестің құбылысы ретінде, екіншіден, оның авторының шығармашылық өмірбаянының элементі ретінде және үшіншіден, тарихи-әдеби қозғалыстың көрінісі ретінде - әдебиеттің даму құбылысы ретінде қарастырылады. Тарихилық принципі шығарманың әдебиеттің, өнердің және шындықтың басқа құбылыстарынан оқшауланып емес, соларға қатысты қаралуын талап етеді, өйткені өнердің әрбір

3 - кестенің жалғасы

1	2	3
		элементі сол уақытта шындықтың элементі болып табылады. Көркем шығарманың тілі оның жалпыұлттық, әдеби тіліне, жазушының тіліне оның барлық көріністеріне қатысты зерттелуі тиіс. Сол сияқты көркемдік бейнелерге, сюжетке, туындыларға да қатысты, өйткені туындының бейнелері, сюжеттері, тақырыптары арқылы шындық құбылыстары - бар немесе бар құбылыстар таңдалады.
4	Нақты автор шығармашылығындағы дәстүр мен жаңашылдық принципі	Дәстүр мен жаңашылдық - әдеби процестің маңызды құрамдас бөліктері. Әлемдік мәдениет контекстінен тыс жасалған әдебиеттің бірде-бір ұлы туындысы жоқ. Шынайы дәстүр әрқашан жаңашылдықты көздейді, ал жаңашылдық дәстүр аясында ғана мүмкін болады.
5	Пәнаралық байланыс принципі	Білім алушының әдеби байланыстың әртүрлі түрлерін (архетиптер, «мәңгілік мотивтер» және т.б.) анықтай білуінен көрінетін курстың байланыстарын белгілеу әдебиет сабақтарындағы пәнішілік байланыстар деп аталады. Бұл дағды студентке бүкіл тарихи-әдеби процесті анық көруге мүмкіндік береді. Олардың көркем мәтінді толық түсінуі үшін оларды «интертекст», «реминисценция», «еліктеу» және т.б. терминдермен таныстыруы қажет.
6	Әдебиет тарихы мен теориясының негізгі ұғымдарын меңгеру принципі	Пән курсына енгізілген ғылыми ұғымдар негізінен теориялық-әдеби сипатқа ие: олар тарихтың орасан зор кезеңдерінде немесе тіпті өнердің бүкіл тарихи өмірінде өз маңызын сақтайтын сөз өнерінің негізгі заңдары туралы түсінік береді.
7	Тарихи-мәдени ақпарат пен рухани-эстетикалық ұғымдарды түсіну принципі	Әдеби білім берудің негізі - көркем шығармаларды оқу және зерделеу, сөз шеберлері туралы өмірбаяндық мәліметтермен және бағдарламаға енгізілген шығармаларды түсіну үшін қажетті тарихи-мәдени фактілермен танысу. Оқу шеңберін кеңейту, оқу сапасын, қабылдау деңгейін және көркем мәтінге ену тереңдігін арттыру әдебиетті зерттеудің барлық кезеңдерінде осы негізді қолдау үшін маңызды құралға айналады.
8	Қазақ тілінде сөйлеудің көркем тәсілдерін меңгеру принципі	Жоғары адамгершілік идеалдары мен эстетикалық қажеттіліктері бар рухани бай, үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруда көркем әдебиеттің маңызы зор. Әдебиет курсы өнердің өмірмен байланысы, формасы мен мазмұнының бірлігі, тарихшылық, дәстүр мен жаңашылдық қағидаттарына негізделеді.
		Тарихи-мәдени мәліметтерді, адамгершілік-эстетикалық көріністерді ұғыну, әдебиет теориясы мен тарихының негізгі ұғымдарын меңгеру, көркем шығармаларды бағалау және талдау дағдыларын қалыптастыру, қазақ әдеби тілінің аса бай мәнерлі құралдарын меңгеру.

Оқу пәні ретінде әдебиет мазмұнының алуан түрлілігі оқытудың әдістері мен тәсілдерінің де түрлі болғанын талап етеді, бұл ретте оқытушы қолданатын әрбір оқыту әдісі білім алушылардың осы әдіске сәйкес келетін қызмет

түрлерімен тікелей байланысты. Әдеби білім берудің міндеттерін шеше отырып, оқытушы жалпы педагогикалық және жеке әдістемелік қағидаттарға сүйенеді, бұл ғылыми-педагогикалық заңдылықтарды өңдеу және әдебиетті оқытудың практикалық тәжірибесі нәтижесінде пайда болған бағыттар.

Сыр өңірі қаламгерлерінің шығармаларын оқытудың сапалы негіздемесін анықтау жалпы дидактикалық және әдістемелік заңдылықтарға сүйенеді және Сыр сүлейлері шығармаларын талдап тану мен оқыту бағыттарын, жетістіктері мен кенжелеген тұстарын жоғары оқу орнының білім алушыларына меңгертудің тиімді жолдарын жүйелеу кезек күттірмес мәселе.

1991 жылдан бергі кезеңде қазақ әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары қалыптасып келеді. Дегенмен, осы практикалық қордың теориялық тұрғыдан жүйеленіп қарастырылуы кешеуілдеп, бірізділікпен жинақталған әдістемесін қолдана алмай келе жатқаны белгілі.

Бұл олқылықтың орнын толтыру және қазақ әдебиетін жоғары мектепте оқытудың заманауи әдістемесін қалыптастыру – уақыты озыңқыратып бара жатқан маңызды мәселе екені белгілі.

Сыр сүлейлері шығармаларын оқыту әдістемесінің дидактикалық негіздерін анықтауда мындай жалпы дидактикалық ұстанымдар басшылыққа алынады:

- Сыр сүлейлері шығармашылығын оқытудың жүйелілігі және жоспарлылығы ұстанымы;
- Сыр сүлейлері шығармашылығын оқытудың білімгер саналылығы мен белсенділігі ұстанымы;
- Сыр сүлейлері шығармашылығын оқытудың қолжетімділік ұстанымы;
- Сыр өңірі қаламгерлерінің шығармашылығын оқытудың пәнаралық байланысы ұстанымы;
- Сыр сүлейлері шығармашылығын оқытудың көрнекілілігі ұстанымы;
- Сыр сүлейлері шығармашылығын оқытудың тәрбиелік ұстанымы.

Бұл жалпы дидактикалық қағидалар: Сыр өңірі қаламгерлерінің шығармашылығын жоғары оқу орындарында т.б. оқу орындарда оқыту үдерісінің негізгі қағидалары ретінде қарастырылады.

- Сыр сүлейлері шығармашылығын оқытудың жалпы дидактикалық қағидаларына қоса, өлке әдебиетін орта мектепте оқытудың жеке қағидалары да басшылыққа алынады:
 - Сыр сүлейлері шығармашылығын қазақтың ұлттық сөз өнерінің жаңа дәуірі және оның дамуы, өркендеуі бағытында оқыту қағидасы;
 - Сыр өңірі ақындары шығармашылығын қазақ әдебиеті тарихы және тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңнің тарихы бағытында оқыту қағидасы және оның тұтас «Тәуелсіздік идеясымен» тығыз байланысы;
 - Сыр сүлейлері шығармашылығын Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алу тарихы мен еліміздің мәдени даму туралы мәліметтерді жинақтай отырып, оқыту қағидасы;

- Сыр сүлейлері шығармашылығын қазақтың ұлттық және адами адамзаттық адамгершілік-эстетикалық құндылықтары бағытында оқыту қағидасы;

- белгілі бір жазушы шығармашылығындағы дәстүр мен жаңашылдықты меңгерту бағытында оқыту қағидасы;

- Сыр сүлейлері шығармашылығын пәннің тарихы мен теориясына катысты негізгі ұғымдарды меңгерту бағытындағы оқыту қағидасы;

- Сыр сүлейлері шығармашылығын жаңа оқыту технологияларын кең арнада қолдана отырып оқыту қағидасы.

Сыр сүлейлері шығармашылығын оқыту мазмұны қазақ әдебиетін жоғарғы мектепте оқыту бағдарламасымен анықталады. Ол бағдарлама оқытушылар үшін қазақ әдебиетінен білім берудің жетекші құралы болады десек орынды.

Осы ретте әдіскерлер шешуі тиіс маңызды мәселе бой көтереді. Ол – қазақ әдебиетінде белгілі бір өңір әдебиетінің ерекшелігін таныту, оның қазақ әдебиетіндегі орнын белгілеу бағытында берілетін білім мазмұнын түбегейлі жаңа тұжырымдамалық негізде қайта жүйелеу. Осы кезге дейін мұндай маңызды мәселе шешімін таппай келе жатыр. Дидактиканың үлкен саласы – білім мазмұнын іріктеу мен сұрыптау және талдау болса, онда осы кезге дейін жинақталған Сыр сүлейлерін сұрыптау, оған теориялық талдау жасау, жоғары мектеп бағдарламасына енгізу - кезек күттірмес мәселе.

Оқу материалдарын сұрыптау мен талдау – терең теориялық білімді, әдіскерлік шеберлікті, мол тәжірибені қажет етеді. Бұл мәселені әдебиеттанушы ғалымдардың өздері де айтып жүр. «Әрине, жаңа кезең көркем әдеби кітабының бәрі бірдей қалам ұшына іліккен жоқ. Кейбір татымды туынды әртүрлі себеппен назарға түспей қалды да. Түспей қалуының бір себебі, әдебиет тарихы баспа жүзін көрген шығарманың құнын айырмай, шетінен тықпалай беруді көтермейді. Қазір не көп – қағаз топаны көп. Проза әлеміне де, өлең өлкесіне де кіруге лайықсыз, әдебиетпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын шалажансар шимайлардың бүгіндері қаптап кеткені жасырын емес. Қара нөпір басылым арасынан ауыз тұшырлық кісі қызығарлық дүниені айырып алудың өзі бірталай жұмыс. Дәмі жоқ, татуы жоқ сүреңсіздіктің насихатталуы бос әурешілдік», - дейді Т. Әбдікәкімұлы [120].

Ал қазіргі барынша шынайы, мүмкіндігінше өмірдің өзі алға қойып отырған тұрмыс күрмеулерінен шыға алатындай амал-тәсілдердің қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне кешеуілдеп келуі – әдіскерлер тарапынан уақыт оздырып алып жатқаны айқын да ашынарлық жағдай. Соның ішінде қазақ әдебиетіндегі өңірлік шығармаларды оқытудың әдістемесін жасау да маңызды ғылыми жобалардың бірі деп ойлаймыз.

Сыр сүлейлері туындылары арасында кеңес дәуіріндегідей авторитарлық пікір орын алмауы керек. Сондықтан білім алушылардың болашақ әдебиетші ретіндегі өзіндік көзқарасы, білім алушы субъект ретіндегі өзіндік ізденіс арқылы білім алу әдістері, жеке тұлға ретіндегі дүниетанымдық ұстанымдары қалыптасуына және олардың адамгершілік, патриоттық, эстетикалық тұрғыдан

жаңа заман адамына лайық болуын қамтамасыз ету – қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі әдіскерлері мен ғалымдардың парызы болып саналады. Бұл ретте әдебиет теориясы бойынша меңгертілетін ғылыми аппараттар – терминдердің де жүйесі айқындалуы керек.

Әдебиет пәнінде қолданылатын көрнекіліктер мол емес, алайда оны тиімді ұйымдастырып, жүзеге асыру педагогтың шеберлігінде. Яғни, АКТ құралдарын пайдаланып, слайд, схемалар, кластерлер құрастырып білім алушыларға көрсете аламыз. Тиісінше білім алушыларға түрлі көрнекіліктер ұйымдастыруды тапсыруға болады.

Қазіргі уақытта қолданылып жүрген ынталандыру, проблемалық оқыту, дамыта оқыту және тәрбиелеу бірлігі, ізгілендіру, жас және дара ерекшеліктерін назарға алу әдістері де оқу процесінде аса маңызға ие болып табылады. Осы тұрғыдан карағанда әдебиетті жоғары мектепте оқытуда қалыптасқан дидактикалық ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, жаңа технологияларға негіздеп оқытудың маңызы ерекше. Жоғары оқу орындарында білім беруде интербелсенді әдістерді қолдану болашақ мамандардың кәсіби дамуына ықпал етеді. Интербелсенді оқытуға қатысты белгілі әдіскер-ғалым А. Әлімов: «Таным әрекеттерін ұйымдастырудың арнаулы әдістемесі ретінде интербелсенді оқу/оқыту білім игеру процесіне қатысушылардың тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «interaktiv» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «inter» дегеніміз «өзара» мағынасында, ал «akt» - «әрекет жасау» дегенді білдіреді», - дейді [121]. Яғни «интербелсенді» дегеніміз білім алушымен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру.

Ғалым В.В. Сериков ұсынған жеке тұлғаға бағдарланған білім беру тұжырымдамасының мәні төмендегідей: «Жеке тұлға дегеніміз – адамның арнайы білім алу және даму аясын білдіретін педагогикалық категория; адам «жеке тұлға болу» тәжірибесін, яғни жеке тұлға қызметтерін атқара білу тәжірибесін меңгеруі тиіс. Оқыту - оқытушы мен білім алушының бірлескен қызметі бола отырып, білім беру субъектілерінің өмір сүру тәсілі ретінде танылады [122]. Автордың келтірілген тұжырымдамалық идеясы қазіргі кездегі бірлескен оқу әрекетін ұйымдастырудың басты қағидасы десек қателеспейміз. Тек осындай заңдылықтар басшылыққа алынған жағдайда жеке тұлға да, басқа субъектілер де бірлесе дамуға мүмкіндік алады деп есептейміз. Әдебиетті оқытуда негізге алынған келесі іс-әрекеттік тұғыр ұғымы психология ғылымына 20-30 жылдары қолданыла бастаған. Интербелсенді оқыту - білім алушының мотивациясын жоғарылатуда да үлкен қызмет атқарады. Интербелсенді іс әрекеттің негізгі мақсаты – өзара түсіністікке, ынтымақтастыққа негізделген оқытушы мен білім алушы арасындағы қарым-қатынас, пікірлесім, тілдесім. Бүгінгі таңда білім беру саласындағы жаңа технологияларды меңгермейінше, сауатты, жан-жақты дамыған, кәсіби құзыреттілігі жоғары маман болу мүмкін емес. Осы ретте, А. Әлімов: «Интербелсенді оқуда/оқытуда үйренушілер қомақты нәтижелерге өзара қарым-қатынас пен әрекеттесу, бірлескен әрекеттер арқылы жететіндігін біледі,

сол себепті де олар үйренудің нәтижесіне деген өз жауапкершіліктерін түсінеді. Сондықтан мұндай сабақтарда жағымды психологиялық климаттың, сенім атмосферасының алатын орны аса маңызды. Интербелсенді оқуда/оқытуда педагог бұрынғыдай барлық күш-жігерін үйретуге жұмсамай, білім алушылармен бірлесе отырып, өздігімен білім алуына тиімді жағдайлар жасайды» [121, б. 94], – дей келе оқу үдерісінде пайдаланатын бірнеше интербелсенді әдістерін ұсынады. Олар: проблемалық лекция, пікірталас лекция, лекция-консультация, лекция-конференция, лекция пресс-конференция, сұрақ-жауап-талдау лекциясы, қатені түзету лекциясы, екі оқытушының лекциясы т.б. Аталған интербелсенді әдістер оқу үдерісінде жағымды әсер мен қолайлы атмосфера қалыптастыратыны анық. Проблемалық лекция турасында ғалым Н.В. Бордовская, А.А. Реан: «Бұл лекцияда жаңа білім проблемалық сұрақтар, міндеттер мен жағдаяттар арқылы енгізіледі. Білім алушылардың таным үрдісі мен оқытушының диалогтық ынтымақтастығы зерттеушілік әрекетке жақындайды. Мәселенің мазмұны оның шешімін табуды ұйымдастыру немесе дәстүрлі және жаңаша көзқарастарды жинақтау әрі талдау жолымен ашылады» [123], – деген анықтама береді. Ал А. Әлімов: «Проблемалық лекцияларда қарастырылып жатқан тақырып бойынша бір-біріне қарама-қарсы пікірлер мен көзқарастар немесе қалыптасқан түсінікке қайшы теориялар көтеріледі. Әрине, олардың барлығы да негізгі мәселелерді қамтитын әрі мазмұнды тұрғыдан ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан маңызды болуы шарт. Зерттеу барысында пайда болған, қалаған сұрақтарды өзіндік жұмысқа тапсырып немесе семинар сабақтарда пікірталас, дөңгелек үстел форматтарында қарастырса болады» [121, б. 82], – деп тұжырымдайды.

Әдіскер-ғалымдардың бұл пікірлерінен проблемалық дәрістің белгілі бір мәселеге құрылып, білім алушыларды зерттеушілік әрекетке бағыттайтынын және белсенділікке баулитыны белгілі. Әрбір педагогтың оқыту ұстанымы – оқу үдерісінің талаптары мен заңдылықтарын ескере отырып, білім алушыны дамытуды көздейтін дидактикалық әдістерден тұратыны сөзсіз. Жоғары оқу орнында әдебиетті оқыту білім алушыларды адамгершілікке тәрбиелеп, рухани дүниетанымын кеңейтеді. Қазақ әдебиетінің асыл маржандары болашақ мамандардың тұлғалық жетілуіне үлкен септігін тигізеді. Сондықтан, білім беру үдерісінің қай кезеңінде де әдебиетті оқыту өзектілігін жойған емес.

Білім алушылардың жеке қабілеттерін ескеру – сабақ үдерісіндегі ең маңызды ұстанымдардың бірі. Себебі, әр білім алушының ойлау қабілеті, ақыл-ой мүмкіндігі бірдей емес. Сондықтан білікті ұстаз ретінде әр оқытушы әрдайым сабағында білім алушылардың жеке қабілеттерін үнемі ескеріп отыруы қажет. Көрнекті әдіскер-ғалым Т. Ақшолақов: «Оқыту - екі жақты процесс. Оның бір басқышында педагог, екінші жақ басқышында білім алушы тұрады» [124] - деуінің мәнін түсіну маңызды. Сондықтан оқытушының білімі мен білігі, сол білімді түсіндірудегі шеберлігі, әдіс ұтымдылығы, әр білім алушының қабілеті мен дарынын шындауы оны түпкілікті нәтижеге әкеледі. Білім алушының жеке тілдік тұлға ретінде өзіндік пікірі, көзқарасы қалыптасқан. Сондықтан оқытушы оның ақыл-ой қабілетін одан әрі қалай

дамытып, дүниетанымын тереңдетуге бағытталған тапсырмаларды жиі беруі қажет. Ол үшін интербелсенді әдістерді қолдану өте тиімді. Мәселен, «Ойлан. Жұптас. Пікірлес», «Болжау», т.б. секілді жаңа стратегияларды қолдану сабақтың сапасын арттырады. Поэтикалық мәтінмен жұмыс істеу деңгейі күрделі тапсырмаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, оқылған шығармадан алған әсерді талқылау, иллюстрациялар жасау, шығарманы тарихи-әдеби контекстке енгізе отырып, мәтінге поэтикалық талдау жасау т.б.

Жалпы оқыту қағидаларын (принциптерін) жүйелі және жан-жақты қолдану өте тиімді. Себебі, барлық қағидалардың талаптары бір уақытта орындалады және де барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл қағидалар сабақ үрдісін тиімді жоспарлау мен өткізуге басшылық жасайды және оқытуда жақсы нәтижеге жету мүмкіндіктерін нақтылап береді.

Жоғарыда айтылған әдебиетті оқытудың негізгі ұстанымдарын ескере отырып, келесі тараушада нақты Сыр сүлейлері шығармаларындағы бейне және бейнелілік мәселесін оқытуға арналған әдістемелік нұсқау ретінде құрастырған құрылымдық-мазмұндық модельге тоқталамыз.

2.2 Сыр сүлейлері шығармаларын оқыту негізінде болашақ кәсіби тіл мамандарын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі және оны оқу үдерісіне енгізудің тиімді тәсілдері

Болашақ кәсіби қазақ тілі мен әдебиеті маманы тұлғасы қалыптасуының басты шарты мен көрсеткіші кәсіптік педагогикалық білім беру саласындағы қажетті құзыреттіліктердің қалыптасуы болып табылады.

Ғалым Ш.М.Майгельдиеваның пікірі бойынша «Оқыту әдістемесі оқу үдерісін жобалау, ұйымдастыру және өткізудегі педагогикалық іс-әрекеттің үлгісі, белгілі бір әдістемелік мәселелерді шешуге арналған оқыту әдістерінің тізбегі ретінде түсініледі. Сондай-ақ, әдістеменің құрылысын нақты мәселелерді шешу үшін деңгейлеп-саралау түрде жүргізу керек. Бұл оқытудың бірыңғай интегративті тұғырына негізделген әдістердің нұсқалық құрамдас бөлігі. Дегенмен, олардың барлығы белгілі бір технологиялық құрылымды болжайды: әдістер иерархиясы, олардың реттілігі және т.б.» [125].

Осы ережені негізге ала отырып, біз қазақ әдебиетінің құбылыстарын оқытудың оқу-тәрбие үдерісін модельдеуге әрекет жасау қажет деп санаймыз, өйткені модельдерді пайдалану арқылы шындықты дәлірек түсінуге және дұрыс қолдануға қол жеткізуге болады. «Модель» сөзі «үлгі», «норма» деп аударылады. Оқытуда оқыту әдістерінің тізбегі әрқашан осы үдерістің өзіне тән кезеңдеріне сәйкес құрылады. Бұл кезеңдік тәсілді әдебиетті оқытудың ерекшеліктері жүзеге асырылатын процестің сол сәттерін жазуға мүмкіндік беретін модельде айқын көрсетуге болады. Зерттеу жұмысы бағытындағы басқа да ғылыми зерттеулерді талдап қорытындылау, оқытудың педагогикалық ұстанымдарын айқындау жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту арқылы тілдік бейнелеу амал-тәсілдерін, көркемдік сипатын аша отырып, жоғары білім беру

жүйесінде болашақ кәсіби тіл мамандарды қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасауға мүмкіндік берді.


Жоғары оқу орнында әдебиетті оқыту білім алушыларды адамгершілікке тәрбиелеумен қатар, рухани дүниетанымын дамытады. Қазақ әдебиетінің сөз маржандары болашақ тіл мамандардың тұлғалық кәсіби жетілуіне әсер етеді. Сондықтан, жоғары оқу орнының оқу үдерісінде Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқытудың өзектілігі өте маңызды. Сыр бойы ақын-жырауларының шығармашылығын жалпы әдебиеттану мәселесінде кеңінен сөз етіп, нақты мәнін түсінбей, келешек ұрпақ бойынан ұлтымызға тән болмыс пен тіл мәдениетін, сөз байлығын көре алмасымыз анық. Құнарлы тіл тереңдігін тануға мүмкіндік беретін Сыр ақындарының шығармашылығы жастардың сана-сезіміне ақылдылық, азаматтық рухын беретіні анық. Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар Сыр сүлейлері атанған бірнеше ақын-жыраулар, жыршы, термешілердің шығармаларын көркемдік-стильдік жағынан заманауи педагогикалық техникамен оқыту, білім алушының өзін-өзі дамуына ықпал етіп, кәсіби маманды қалыптастыру процесі келесі мазмұнды сипаттамаларды қамтиды.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың қолданылатын технологиясы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыратын оқытудың белсенді әдістеріне сүйенеді.

Көркем әдебиетте суреткерлер заманды адам арқылы, адамды оның характері арқылы, ал адамның характерін оның іс-әрекеттері арқылы танытатындығын білім алушылар көркем шығармалар негізінде теориялық тұрғыдан талдайды. «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» таңдау курсының оқу барысында қазақ тілі мен әдебиеті мұғаліміне тән іскерліктер қалыптастырылады.

«Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» таңдау пәні арқылы – білім алушылар әдебиет атты әсемдік әлемінің қыр-сырымен жүйелі танысады. Осылайша, қазақ әдебиетіндегі «бейне» және «бейнелілік» ұғымдарына түсінік беріп, Сыр сүлейлерінің мысал, айтыс, дастандарына тоқталып, оны жанрлық, көркемдік, стильдік ерекшелігіне талдау жасаумен қатар, рухани-адамгершілік тәрбие тұлғаның басқа адамдарға және өзіне деген көзқарасының негізі болып табылады. Сондықтан жастардың қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі шығармалары арқылы кәсіби тұлға болып жетілу процесі тұлғаның толыққанды қалыптасуына ықпал ететін тұтас оқу-тәрбие үдерісі ретінде түсіндіріледі.

Басқа ғылыми зерттеулерді талдау және жалпылау теориялық зерттеу жұмысының бағыттары жоғары оқу орнының оқу үрдісінде Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелілік мәселесін оқытудың ғылыми – әдістемелік негіздері арқылы болашақ тіл мен әдебиет пәні мұғалімдері, филолог мамандарды қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасауға мүмкіндік берді (Сурет 5).



Сурет 5 - ЖОО-да Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері арқылы болашақ әдебиет пәні мұғалімдерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Суретте көрсетілгендей, бұл компоненттер қоғамдық ортада дамып, тұлғаның қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар Сыр сүлейлері атанған бірнеше ақын-жыраулар, жыршы, термешілердің шығармаларын көркемдік-стильдік жағынан заманауи педагогикалық техниканы меңгеруге мүмкіндік береді, білім алушылардың өзін-өзі дамытуына көмектеседі. Кәсіби құзіреттілігін жетілдіруге негізделген жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесін оқыту арқылы болашақ кәсіби тіл мен әдебиетші мамандарды қалыптастырудың тұтас педагогикалық процесі, атап айтқанда сабақтан тыс «Ә. Қоңыратбаев» атындағы әдебиет үйірмесінде, «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» таңдаулы курсына, «Ақындар мүшәйрасында», «Сыр сүлейін сұрасаң» ашық тәрбие сағаттарында, «Қызылордалық ақындармен кездесу» кеші сияқты бағдарламаларында қолданылады.

Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту үрдісінде болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтарында оқитын білім алушыларға интербелсенді әдістер мен оқытудың жаңа технологияларын, АКТ қолдана отырып дәріс, практика және БАОӨЖ, БАӨЖ сабақтары өткізілді.

Зерттеу тақырыбымыз «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелілікті оқыту». Бұл мәселе туралы біршама ғалымдар зерттеу жүргізгенімен, бейнелілік пен бейне жасаудағы ерекшеліктерін арнайы зерттемеген. Әдебиетке берілетін басты бағаның бірі - көркемдік сипатқа қатысты болатынын ескерсек, біз қарастырып отырған мәселенің маңыздылығы талас тудырмайды. Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелілік мәселелерін зерттей отырып, жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына ендіріп, тиімді әдістермен оқыту, Сыр сүлейлері шығармаларын кең тарату үшін керек деп тұжырымдаймыз.

Зерттеудің ғылыми болжамында қарастырылғандай, Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелілік мәселесін жоғары оқу орындарында оқытуды теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеп, элективтік (таңдау) пән ретіндегі ұсынылатын мазмұны мен әдістемелік жүйесі айқындалса, онда болашақ тіл, әдебиет пәні мұғалімдерінің мәдени-танымдық, кәсіби құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік беріледі әрі білім алушылардың пәнге деген қызығушылығы артады, соның арқасында мамандар даярлаудың сапасы көтеріледі. Ол тұлғаның мәдени-ұлттық танымдық қатынастар жүйесіне толық кіруге, қоғамда қазақ ұлтының толыққанды субъектісі ретінде ұлттық кодты қабылдауға, өз ұлтының мүддесін қорғауға, ұлттық құндылықтарды игеруге және саналы түрде түсінуге мүмкіндік береді. Ұлттық мәдениеттің дамуына өзіндік үлес қосып, оқытудың әлемдік білім тәжірибелерімен сабақтаса, үйлесімде болу тенденциясын басшылыққа ала отырып, білім алушылар «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» таңдау курсына оқу барысында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғаліміне тән іскерліктер мен кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастырады.

Е.В. Бондаревскаяның жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнында жеке тұлғаны дамытуға және қалыптастыруға қажетті компоненттерді нақтылағанын жоғарыда айттық. Осы жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнының төрт компоненті де негізінен сөйлесу, шығармашылық іс-әрекет арқылы әрбір білім алушыны жекелеген дамытуға жағдай жасауға, өз бетінше шешім қабылдауға және шығармашылығына, оқу әдістері мен мазмұнын таңдауға толық мүмкіндік береді деп тұжырымдаймыз. Біздің зерттеуімізде автордың ұсынған компоненттерінің ішінен когнитивті, яғни (танымдық), шығармашылық-әрекеттік, жеке тұлғалықты таңдауымызға негіз болды, соның ішінде тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнының төрт компоненті ішінен үшеуін таңдадық, атап айтқанда сөйлесу, шығармашылық іс-әрекет арқылы әрбір білім алушыны жекелеп дамытуға жағдай жасауға, өз бетінше шешім қабылдау мен шығармашылығын арттыруға және Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті ЖОО-да оқытудың оқу әдістері мен мазмұнын таңдауға мүмкіндік жасады [125, б. 57].

Осыған орай, жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері арқылы болашақ кәсіби тіл мамандарын қалыптастыратын келесі компоненттердің өлшемдері мен көрсеткіштерін қарастырамыз.

1. Когнитивті (танымдық) компонентінде қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар Сыр сүлейлері атанған бірнеше ақын-жыраулар, жыршы, термешілердің шығармаларын көркемдік-стильдік жағынан заманауи педагогикалық техникамен оқыту, білім алушылардың өзін-өзі қалыптастыруына, әдеби білімін тереңдетуіне ықпал ете отырып, ең алдымен, өз ұлтының тілі мен мәдениетін білуге деген қызығушылығын арттыру керек деген тұжырымдарды ескерген жөн. Бұл компонент негізінен білім алушылардың танымдық мүдделерін анықтайды.

Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларын қалыптастыратын танымдық компонентте білім алушыларды тәрбиелеу көрсеткіштері: өз ұлтын терең тануға деген қызығушылығы (Сыр сүлейлерінің шығармаларын білу қажеттілігі, ондағы «әдеби бейне», «бейнелілік» категориялары жайлы білім ұғымдарын ұғыну, оларды өмірде пайдалануға ұмтылу, оқу-тәрбие процесінде Сыр сүлейлерінің мұрасының игерілуі, шығармаларын жанрлық, тақырыптық ерекшеліктеріне қарай сараптай алуы) қалыптасады.

Маңызды педагогикалық шарттардың бірі – қазіргі заманғы материалды пайдалану кезінде танымдық компонентті қалай сақтау керек. Мысалы, білім алушыға «әдеби бейне», «бейнелілік» мәнін түсінуге, ақын-жыраулар, жыршы-термешілердің шығармаларын көркемдік-стильдік жағынан заманауи педагогикалық техникамен меңгеруге, өзін-өзі жетілдіруге жетелейді. Оқытушының педагогикалық шеберлігіне байланысты әртүрлі әдістерді қолданудың көптеген жолдары бар.

Бұл жағдай Сыр сүлейлерінің шығармашылығы туралы, оның бағыттары, өзгешелігі, жаңалығы мен жетістігі, ерекшеліктері мен ұқсас тұстары туралы

шығармаларын қолдана отырып, мәселеге қатысты зерттеулермен, пікірлермен танысуы білім алушылардың үздіксіз өзін-өзі жетілдіруге деген талпынысын туғызумен қатар, болашақ кәсіби қазақ тілі мен әдебиетші мамандығын қалыптастыру параметрлерінің жоғары мотивациялық-танымдық көрсеткіштерін сипаттайды.

2. Шығармашылық – іс-әрекеттік компонентінде оқыту үрдісінде оқытушының сапалы білім беру мақсаттарына қол жеткізу үшін білім алушылардың іс-әрекеті түрлерінің бірлігі ретінде мақсатты түрде ұйымдастырылған және педагогикалық білім беру үдерісін талқылауды көздейді: оқу үрдісі; сабақтан тыс іс-шаралар; қоғамдық – мәдени іс-шаралар.

3. Жеке-тұлғалық компонентінің ерекшелігі (өлшемі – рефлексивті – бағалау, кәсіби жетілдіру) әр түрлі іс-әрекетте жүзеге асырылатын Сыр өңірі қаламгерлерінің шығармаларын, оның мазмұнын қолдана отырып, білім алушыларға кәсіби, коммуникативтік, ақпараттық, жалпы мәдени және әлеуметтік-қызметтік құзіреттілігін қалыптасуын сипаттайды. Осылайша, Сыр сүлейлерінің шығармаларын қолдана отырып, болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғаліміне тән білімдерді, дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыратын танымдық, шығармашылық іс-әрекеттік, рефлексивті бағалау компоненттерінің бірлігінен, тұтастық – жүйелілік, мазмұндық – маңыздылық бірлігінен тұрады. Сонымен бірге болашақ тіл мамандарының Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті жоғары оқу орындарында оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері моделінің үш компоненттері (танымдық, шығармашылық-іс-әрекеттік, жеке тұлғаға бағдарланған рефлексивтік-бағалау) бойынша білім алушылардың Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті жоғары оқу орны жағдайындағы оқу үрдісіндегі меңгерген деңгейлерін (жоғары, орта, төмен) айқындау болып табылады.

Қарастырылып отырған мәселе бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі талдау көрсеткендей, Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті жоғары оқу орны жағдайында жаңаша әдістемелік технологиялық әдістер жүйесімен оқыту арқылы осы компоненттердің ерекшеліктерін анықтайды Олар: мәдени – танымдық (Сыр сүлейлері шығармаларының негізінде), шығармашылық – іс-әрекеттік (қазақ тілі мен әдебиеті педагогтеріне тән іскерліктерді қалыптастыру), (нәтижесі, оқыту үрдісінде Сыр сүлейлері атанған бірнеше ақын-жыраулар, жыршы-термешілердің шығармаларын көркемдік-стильдік жағынан заманауи педагогикалық техниканы қолдану, шығармашылық ізденістері, өзін-өзі кәсіби жетілдіруі, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруы (білім алушылардың көркем әдебиетте, суреткер заманды адам арқылы, адамды оның характері арқылы, ал адамның характерін оның іс-әрекеттері арқылы танытатындығын көркем шығармалар негізінде теориялық тұрғыдан талдауы); тілдік-мәдени қатынас өзін-өзі жетілдіруге мүмкіндік беретін субъектінің ұлттық болмысына тән тілдік-мәдени қатынастар жүйесін қалыптастыру.

Осыған байланысты, біз Сыр сүлейлерінің шығармаларымен (мәдени танымдық, шығармашылық-іс-әрекеттік (тілдік-мәдени қатынасы), жеке-

тұлғаға бағдарланған компонентінде рефлексивтік бағалауды қалыптастыратын мазмұндық-құрылымдық модель негізінде болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мамандарына Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелілік мәселесін жаңа технологиялық тәсілдермен оқытуды тереңірек қарастырдық [126].

Осы тұрғыдан аталған бөлімде жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлерінің шығармаларындағы көркемдік тәсілдерді оқыту жағдайында тіл мамандарына кәсіби-тұлғалық сапаларын тиімді дамытуда қолданылатын формалар, әдістер, құралдар көрсетіледі. Формаларға инновациялық дәріс, семинар-тренинг, мастер-класс, бірлескен жоба, дәріс-конференция, *debate* және т.б. әдістерге диалог, өзара-әрекеттестік, *SWOT analysis* және т.б. құралдарға пәндер мазмұнына қосымшалар, психотренингтік бағдарламалар, ережелер, ақпараттық, коммуникациялық, электрондық құралдар, цифрлық платформалар және т.б. таңдалып алынды. Бұлардың барлығының да білім алушыларды жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту жағдайында кәсіби-тұлғалық сапаларын нәтижелі дамытуда ықпалы үлкен.

1. Танымдық (Сыр сүлейлері шығармалары негізінде) - Сыр сүлейлерінің шығармашылығы туралы, оның бағыттары, өзгешелігі, жаңалығы мен жетістігі, ерекшеліктері мен ұқсас тұстары туралы кеңінен мәлімет алады.

2. Шығармашылық – іс-әрекетті жүзеге асыруда Сыр бойы ақын-жыраулары әдеби мұрасының қазақ әдебиеті тарихында өзіндік шығармашылық мектеп дәстүрін қалыптастырғандығын көрсетеді, оның нәтижесінде теориялық білімді практикада қолдана білуге, мәтінді талдауға қатысты еңбектермен жүйелі танысып, салыстыра зерттеуге дағдылану мүмкіндігі пайда болады.

3. Жеке-тұлғалық бағдарланған рефлексивтік-бағалау компонентінде көркем туындылар туралы, ақын-жыраулар шығармашылығы туралы жан - жақты баға беруге, талдау жасауға үйреніп, Сыр сүлейлері шығармаларын талдау кезінде байқалатын стильдік ерекшеліктерін түсінуге ықпал етеді.

Нәтижесі – мақсатқа тікелей байланысты мәселелерді шешу жолдарын түсіну.

Рефлексия – Сыр сүлейлері мұрасының игерілуі, жариялануы жөніндегі тың деректер жайлы түсінеді, шығармаларын жанрлық, тақырыптық ерекшеліктеріне қарай сараптай алады. Сыр сүлейлері атанған бірнеше ақын-жыраулар, жыршы-термешілердің шығармаларын көркемдік-стильдік жағынан заманауи педагогикалық техниканы меңгереді. Атап айтсақ, бұл білім алушылардың танымдық ойлау қасиеттері мен өзін-өзі дамыту бағытын анықтап, Сыр сүлейлері шығармаларындағы ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға бағытталған іс-әрекеттегі олардың ішкі ресурстарын анықтайды [127].

Модельдегі өлшемдік бірліктер қазақ тілі мен әдебиеті мамандарына Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесін жоғары оқу орындарында оқыту үрдісі жағдайында тіл мамандардың кәсіби-тұлғалық

сапаларын дамытудың танымдық, шығармашылық іс-әрекеттік, жеке-тұлғаға бағдарланған компоненттеріне сәйкес өлшемдері мен көрсеткіштері көрсетіледі (кесте 4).

Кесте 4 – Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесін жоғары оқу орындарында оқыту үрдісі және оны зерттеу әдістемелері арқылы болашақ тіл мамандарын қалыптастыру өлшемдері, компоненттері мен көрсеткіштері

Сыр сүлейлері шығармаларын ЖОО – да оқыту үрдісі арқылы болашақ тіл мамандарын қалыптастыру өлшемдері, компоненттері	Сыр сүлейлері шығармаларын ЖОО – да оқыту үрдісі арқылы болашақ тіл (филолог) мамандарын қалыптастыру көрсеткіштері	Зерттеу әдістемелері
1	2	3
<p>1.Танымдық компоненті. Өлшемі – мәдени таным (Сыр сүлейлері шығармаларын ЖОО – да оқыту үрдісін жүзеге асыру қажеттілігі)</p>	<p>– білім алушылардың Сыр сүлейлері шығармашылығы, ондағы «әдеби бейне», «бейнелілік» категориялары жайлы танып білуі; – ақындардың өлеңдеріндегі көркемдік құралдардың қолданысын талдай отырып, оның ұлттық, танымдық мәніне үңілу; – Сыр сүлейлері қолданған бейнелілік, яғни образдап сөйлеу ұлттың бар болмысы мен дүниетанымынан хабардар ететін құндылығын танып – білу; – пәннің мазмұнындағы дәстүрлі жыраулық поэзияның және ақындық поэзияның табиғи сабақтастығы, – көркемдік-стильдік жалғастық мәселелерін ғылыми – теориялық тұрғыда түсінуі; –мәдени сөз өнерінің құндылықтарын терең талдауға деген көзқарас; – өз ұлттың тіл мәдениетін терең білуге деген қызығушылық (қазақ әдебиетінде образ ұғымының маңызы білуге деген талпыныс және т. б.); – Сыр сүлейлері жазба айтыстарындағы ұлттық мінез, ұлттық сипат ұғымдарын түсіну, оларды өмірде пайдалануға деген ұмтылыс); – Сыр сүлейлерінің шығармашылығы туралы, оның бағыттары, өзгешелігі, жаңалығы мен жетістігі, ерекшеліктері мен ұқсас тұстары туралы кеңінен мәлімет алуы;</p>	<p>1) Сыр сүлейлері шығармаларының кәсіби тұлғаның қалыптасуына көзқарасын анықтау үшін жоғарғы оқу орнының оқытушыларына дайындалған сауалнама. 2) Студенттердің «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік» туралы білім деңгейін анықтауға арналған авторлық сауалнамасы. 3) Студенттерге ЖОО – да Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқытудың маңыздылығын анықтауда авторлық сауалнамалар жүргізу. 4) Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті контент – талдау әдісі.</p>

4 – кестенің жалғасы

1	2	3
<p>2. Шығармашылық– іс-әрекеттік компонент. өлшемі –шығармашылық белсенділік (тілдік – мәдени қатынасы)</p>	<p>Білім алушылар Сыр бойы ақын – жыраулары әдеби мұрасының қазақ әдебиеті тарихында өзіндік шығармашылық мектеп дәстүрін қалыптасқандығын көрсетеді, оның нәтижесінде теориялық білімді практикада қолдана білуге, мәтінді талдауға қатысты еңбектермен жүйелі танысып, салыстыра зерттеуге дағдылануы, – болашақ тіл мамандарына Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелілік мәселесін жаңа технологиялық әдіс-тәсілдермен меңгеруі практикада жүзеге асады.</p>	<p>1) Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті ЖОО – да интербелсенді оқытудың тиімді жаңашылдық әдістері мен технологияларын контент -талдау.</p>
<p>3. Жеке - тұлғалық бағдарланған компонент. өлшемі – рефлексивті бағалау арқылы ұлттық болмыс пен кәсіби өзін – өзі жетілдіру</p>	<p>Сыр сүлейлері шығармаларындағы бірнеше ақын – жыраулар, жыршылардың шығармаларына жаңаша көзқараспен жан-жақты баға беріп, шығармаларына талдау жасай отырып білімдерін жинақтау; - рефлексия нәтижелері: Сыр сүлейлерінің мысал, айтыс, дастандарындағы әдеби бейненің көрінісін өсиеттік, аңыздық, дастан хикаялық, мысал айтыстар деп топтап талдау, үйрену. Т. Ізтілеуовтің «Лұқпан Хакім», «Ата мен бала», Ш.Омарының «Маймыл», «Жарлы Тәліп», Жүсіп Қадірбергенұлының «Ағайынды үш жігіт», «Жүкті қыз», Бұдабай Қабылұлының, Ү. Жұманазардың, Т. Үркімбаевтың, мысалдарын ғылыми талдауы; – көркем туындылар туралы, ақын-жыраулар шығармашылығы туралы жан – жақты баға беру, талдау жасау; - Сыр сүлейлерінің шығармаларын жанрлық, тақырыптық ерекшеліктеріне қарай сараптап түсіндіру тәсілдерін талдау; – оқыту үрдісінде студенттерге өзін жетілдіруге мүмкіндік беретін ұлттық – мәдени – қарым – қатынас жүйесі.</p>	<p>Өзін – өзі жетілдіру. А. Маслоу. Болашақ тіл мамандарының Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті меңгеруін білдіретін кәсіби мәнді қасиеттерін анықтау.</p>

Кестеде келтірілген әдістердің Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесін жоғары оқу орындарында оқыту үрдісі және оны зерттеу әдістемелері арқылы болашақ тіл мамандарын қалыптастырудың

компоненттері мен критерийлері және олардың эксперименттік іс-әрекеттегі көрсеткіштері анықталды.

Жоғарыда аталған критерийлер бойынша Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесін жоғары оқу орындарында оқыту арқылы болашақ тіл мамандарын қалыптастырудың танымдық, Сыр бойы ақын-жыраулары әдеби мұрасының қазақ әдебиеті тарихында өзіндік шығармашылық мектеп дәстүрін қалыптастыру қажеттілігінің болуы негізінде жүзеге асырылады. Білім алушылар Сыр сүлейлерінің шығармаларын қолдана отырып, болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы мамандарының қалыптасу дәрежесін сипаттайтын негізгі компоненттер мен өлшемдерге сәйкес келетін көрсеткіштерді анықтауға мүмкіндік берді. Олардың негізінде Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелікті (жоғары, орта, төмен) оқыту арқылы білім алушылардың Сыр сүлейлері атанған бірнеше ақын-жыраулар, жыршылардың шығармаларына жаңаша көзқараспен жан-жақты баға беріп, шығармаларына талдау жасай отырып алған білімдерін жинақтап, білім алушылардың кәсіби, коммуникативтік, ақпараттық, жалпы мәдени және әлеуметтік-қызметтік құзіреттілігінің қалыптасу деңгейлері анықталды. Олардың төмен, орта, жоғары деңгейлері төмендегі кестелерде айқындалған, әрі қарай біз үш деңгейдің сипаттамаларын ұсынамыз (кесте 5).

Кесте 5 – Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесін жоғары оқу орындарында оқыту үрдісі арқылы болашақ тіл мамандарының қалыптасу деңгейлері

Денгейлері	Жоғары	Орташа	Төмен
Негізгі көрсеткіштері			
1	2	3	4
– Танымдық компоненті көрсетіші – мәдени – танымдық (ЖОО Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесін оқыту негізінде) осы ұғымдарды түсіну.	Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесінің мәнін дұрыс және толық айқындауда, Сыр сүлейлерінің шығармаларын жанрлық, тақырыптық ерекшеліктеріне қарай сараптап қана қоймай, сонымен қатар Сыр сүлейлері шығармаларын қолдану кезінде әдеби бейне және бейнелілік ұғымдарды білу; –өз ұлтын терең білуге құмарлық, (Сыр сүлейлері	Сыр сүлейлерінің шығармасын қолдану негізінде әдеби бейне және бейнелілік мәнін анықтауда дұрыс пікірлердің болуымен сипатталады.	Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәнін қате анықтау немесе Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті қолдану негізінде әдеби категорияларды түсіне алмау.

5 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
	<p>шығармаларын білу қажеттілігі және т. б.; түсініктерін ұғыну, оларды өмірде пайдалануға ұмтылу;</p> <p>Сыр сүлейлері шығармашылығы туралы, оның бағыттары, өзгешелігі, жаңалығы мен жетістігі, ерекшеліктері туралы кеңінен мәлімет іске асыру қажеттілігі.</p>		
<p>Шығармашылық іс – әрекеттік компоненті.</p> <p>Өлшемі – шығармашылық белсенділік</p>	<p>Білім алушылар әдебиет атты әсемдік әлемінің қыр – сырымен жүйелі танысып, Сыр сүлейлері шығармашылығын толық игере алуы; Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар Сыр сүлейлері атанған бірнеше ақын – жыраулар, жыршы – термешілердің шығармаларын меңгеруге жоғары белсенділіктерін танытуы.</p>	<p>Сыр сүлейлері шығармаларын түсінеді, бірақ заманауи көзқараста сабақтастыра алуы орша деңгейде.</p> <p>«Әдеби бейне», «бейнелілік» ұғымдары туралы түсінігі орташа.</p>	<p>Білім алушылардың мәселеге қатысты зерттеулермен, пікірлермен танысуға, шығармашылық ізденіске талпынысы төмен.</p>
<p>Жеке – тұлғалық бағдарланған компоненті,</p> <p>Өлшемі – рефлексивті бағалау арқылы кәсіби тұлғалық өзін-өзі жетілдіру</p>	<p>Сыр сүлейлері шығармаларына жаңаша көзқараспен жан – жақты баға беріп, шығармаларына талдау жасай отырып білімдерін жинақтайды.</p> <p>Сыр сүлейлері атанған бірнеше ақын-жыраулар, жыршы – термешілердің шығармаларын көркемдік - стильдік жағынан заманауи педагогикалық техниканы жоғары деңгейде меңгереді.</p> <p>Білім алушылар Сыр сүлейлері шығармаларындағы ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға бағытталған іс – әрекеттегі олардың ішкі ресурстарын дамыта алады.</p>	<p>Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесіне деген көзқарасты саналы түрде меңгеруінің орташа деңгейі; өзінің резервтері мен мүмкіндіктерін түсінеді, бірақ оларды сабақтан тыс оқу – тәрбие процесі негізінде ұйымдастырылған үйірмеде ескермейді;</p> <p>- білім алушылар Сыр сүлейлеріндегі әдеби бейне және бейнелілік мәселесін қазіргіден болашаққа қолдану үшін сабақтарда және сабақтан тыс уақытта сирек қолданады.</p>	<p>Сыр сүлейлері шығармаларын пайдалану негізінде әдеби бейне және бейнелілік мәселесін қате анықтау.</p>

Қорыта айтқанда, біз ұсынған модельді оқу үдерісіне қолданғанда, модель компоненттерін ескере отырып білім алушылардың аталған тақырып бойынша білім деңгейлерінің сипаты төмендегідей болады:

Жоғары деңгей: Сыр сүлейлерінің шығармаларына деген қызығушылығы бар. Қазақ әдебиеті үшін Сыр сүлейлері шығармаларының маңызы жоғары деп санайды. Заманауи көзқараспен сабақтастыра алады. «Әдеби бейне», «бейнелілік» ұғымдарына түсінігі бар. Ұлттық тәлім-тәрбиеде өзіне көмекші құрал ретінде қолданады.

Орташа деңгей: Білім алушылардың мақсатқа жетудегі Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесіне деген көзқарасты саналы түрде меңгеруінің орташа деңгейі; өзінің резервтері мен мүмкіндіктерін түсінеді, бірақ оларды сабақтан тыс оқу-тәрбие процесі негізінде ұйымдастырылған үйірмелерде, курстарда ескермейді.

Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесі қазіргіден болашаққа қолдану үшін сабақтарда және сабақтан тыс уақытта сирек қолданады. Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесін оқу үрдісінде талдауға мүмкіндік беретін білімнің, дағдылардың, қасиеттердің орташа жиынтығы байқалады. Сыр сүлейлерінің шығармаларын түсінеді, бірақ заманауи көзқараста сабақтастыра алмайды. Кейбір тақырыптарға қызығушылығы бар. «Әдеби бейне», «бейнелілік» ұғымдары туралы түсінігі орташа.

Төменгі деңгей: Сыр сүлейлері шығармаларының маңызын түсінбейді. Қызығушылығы орташа. «Әдеби бейне», «бейнелілік» ұғымдары туралы түсінігі жоқ. Сыр сүлейлері шығармаларының ұлттық тәрбиедегі орнын түсінбейді. Сыр сүлейлерінің шығармаларын талдау кезінде көрінетін жеке ерекшеліктердің төмен танылуы; өзінің резервтері мен мүмкіндіктерін жеткіліксіз түсінеді, іс-әрекеттің әртүрлі кезеңдерінде табысқа ұмтылмайды; еңбек нарығында болашақ маманның бәсекеге қабілетті мінез-құлқы қалыптаспаған. Сабақтарда және сабақтан тыс үйірмелерде өз мүдделерін қорғай алмайды; проблеманы стандартты түрде шеше алмайды; осы бағытта Сыр сүлейлерінің шығармалары туралы білім алуда ақпаратты қалай жинау және өңдеу керектігін білмейді. Сыр сүлейлері шығармаларындағы «әдеби бейне», «бейнелілік» ұғымдарын бағалау мен өзін-өзі бағалауды жүзеге асыруға, Сыр сүлейлерінің шығармаларын жанрлық, тақырыптық ерекшеліктеріне қарай сараптауға өз бетінше талдауға және рефлексиялауға мүмкіндік беретін білім-білік, қасиеттер жиынтығы жеткілікті қалыптаспаған.

Зерттеуімізде дайындаған модельдің құрылымындағы компоненттер (танымдық, шығармашылық - іс-әрекеттік, жеке-тұлғалық мазмұнға сәйкес өлшемдерін, атап айтқанда, мәдени таным (білім алушылардың өзін-өзі танытуына мүмкіндік беретін Сыр сүлейлері шығармалары); шығармашылық белсенділік (нәтижесі болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мамандарына Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелілік мәселесін жаңа технологиялық тәсілдермен меңгеруі практикада жүзеге асыруы); рефлексиялық - бағалау (білім алушы жастардың тұлғалық өзін-өзі жетілдіруі);

оны сипаттайтын көрсеткіштерін эксперименттік-тәжірибе жұмысымызда дәлелдеуді керек етеді.

Жоғарыдағы бөлімде айтылғандай болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мамандарының жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерін оқытудың бастапқы деңгейін айқындау жоғары оқу орнының тұтас педагогикалық үдерісінде жүзеге асырылды. Ол болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мамандарының қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар Сыр сүлейлері атанған бірнеше ақын-жыраулар, жыршы-термешілердің шығармаларын көркемдік-стильдік жағынан заманауи педагогикалық техниканы меңгереді, білім алушы өзін-өзі дамытады; Сыр сүлейлері шығармашылығын зерттеуге үйренеді, теориялық білімді практикада қолдана білуге, мәтінді талдауға, салыстыра зерттеу дағдыларын, мәселеге қатысты зерттеулермен, пікірлермен танысуы білім алушының үздіксіз өзін-өзі жетілдіру деңгейін анықтауға бағытталған.

Осыған орай біздің зерттеуімізде жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерін оқытудың әдістемесін жасау міндет етіп алынды. Бірақ, айту керек келесі тұжырымды: «Барлық ғылым салаларында кез келген зерттеу бағыттарының әдіснамалық негізділігі жүзеге асырылған жұмыстардың дәйектілігін көрсетеді. Баршамыз білетіндей педагогика мен психология зерттеу нысаны ортақ адам болғандықтан бір-бірімен тығыз байланысты ғылым салалары. Адам психикасы, оның ұжымдағы барлық тұлғалық сапалық белгілерінің көрінісін осы ғылымдар зерттейді. Сондықтан бұл ғылымдардың зерттеу әдістері барлық жағынан өзара ұқсас. Барлық алынатын ғылыми нәтижелер ақпараты, ми қабілетінен бастап тұлғаның даму жолдары бойынша мәліметтер осы зерттеу әдістері арқылы жүзеге асады. Зерттеу әдістері көмегімен ақиқат танылады, құбылыстардың заңдылық байланыстары айқындалады. Зерттеуші өз саласының әдістерін жетік және терең меңгерген жағдайда ғана ғылыми еңбегі сәтті шығатыны белгілі» [128].

Осыған орай, «Әдістеме» ұғымына сипаттама берейік, біріншіден, ол гректің «methodike» сөзінен жол дегенді білдіріп, екіншіден, төмендегі мағыналарда мазмұндалады: 1) әдістер жиынтығы; 2) оқыту немесе ғылымды зерттеу әдістері туралы ілім; 3) педагогиканың жеке пәндерден берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін саласы [121, б.124].

Әдістеме білім алушыларды тәрбиелеу мен оқыту үдерістерінің заңдылықтарын зерттейді. Ол заңдылықтардың жеке пәндерді оқытудағы көрінісін және әр пәнді оқытудың өзіне тән заңдылықтарын пәндік дидактика қарастырады. Бұлардың әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оқыту әдістемелері болады.

Сыр өңірі ақын-жырауларының шығармашылығы мектеп бағдарламасында қарастырылып, оқып үйретілгенімен, олардың өмірі мен шығармашылығы және әдеби мұраларына жоғары оқу орындарында пайдалану қарастырылмаған деуге болады. Жоғары оқу орнында, біріншіден,

студенттердің Сыр өңіріндегі ақын-жыраулар шығармашылығы жөніндегі түсініктері кең өрісті болуы қажет. Екіншіден, Сыр сүлейлері шығармаларының ұлтжандылық тәрбие беру мүмкіндіктерін оқу процесінде қолдану үшін оның тиімді әдістемелік бағытын белгілеу қажет [126, б. 108].

Осы орайда зерттеу жұмысымызда жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерін оқыту әдістемесін қолдану барысында «әдістеме» ұғымына берілген көптеген ғалымдар еңбектеріндегі анықтамаларға сүйендік:

- «педагогикалық үрдістің ұйымдастырушы-тәсілдік құралы» [129];

- «анықталған жоспарлы нәтижеге жету үшін орындалатын процедуралардың ретке келтірілген жүйесі» және т.б.

Демек, әдістеме тәрбиелеу мен оқытудың әдістері мен тәсілдерінің кешенін пайдалану тәртібі дегенді білдіреді. Сондықтан оқытудың әдістемесі - кез келген пәнді оқытудың ғылыми дәлелденген әдістер, ережелер, тәсілдер жүйесі мен оқыту теорияларын қолдану болып есептеледі. Бүгінде әдістеме білім берудің жаңа инновациялық және сандық технологияларын пайдалану элементтеріне негізделеді.

- Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын кәсіби даярлау жүйесінде ЖОО-да Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерін оқыту әдістемесін қолдану маңызды роль атқарады. Әдістеме білім берудің педагогикалық жаңа технологияларын пайдалану элементтеріне негізделеді.

- Әдістемені жасаудың мәні болашақ қазақ тілі мен әдебиеті маманы ретінде білім алушының Сыр сүлейлері шығармашылығын зерттеуге үйретіп, теориялық білімді практикада қолдана білуге, ғылым салаларынан алған білімдеріне сүйеніп, әлемдік білім тәжірибелерімен сабақтаса, үйлесімде болу тенденциясын басшылыққа алады. Білім алушыларға «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» таңдау курсының оқыту барысында қазақ тілі мен әдебиеті мұғаліміне тән іскерліктерді қалыптастыру. Ұсынылып отырған әдістеме ұлттық мәдениеттің дамуына өзіндік үлес қосып, оқытудың әлемдік білім тәжірибелерімен сабақтаса, үйлесімде болу тенденциясын басшылыққа ала отырып, білім алушыларға қазақ тілі мен әдебиеті мұғаліміне тән тұлғалық кәсіби сапалары мен іскерліктерін қалыптастыруға бағытталады.

Сыр сүлейлерінің шығармаларындағы дидактикалық мәселені оның ғибраттық үлгісін әр қырынан таныту басты міндет деп санадық. Сыр сүлейлері жырлаған мәңгілік тақырып адамгершілік категориялары, ар-ождан, өнегелік, сенімділікті насихаттайтын, дидактикалық талғамы мол мұра ретінде бағалы екенін байқаймыз [127, б. 298].

Зерттеу тақырыбымыздың тәжірибе-эксперименттік бөлімі Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті 6В01721 (6В011700) – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының екінші курсына арналған «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» атты таңдау курсының

оқу процесіне енгізу арқылы жүзеге асты. (Таңдау курсының оқу және жұмыс бағдарламасы қосымшада берілді).

Біздің таңдау курсымыздың мақсаты - білім алушыларға Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту бойынша ғылыми-теориялық түсінік беру. Осыған орай оқытушының алдында бірнеше міндеттер қойылып тұр:

- білім алушыларға Сыр сүлейлерінің шығармашылығы, ондағы «әдеби бейне», «бейнелілік» категориялары жайлы білім беру;

- қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар Сыр сүлейлері атанған бірнеше ақын-жыраулар, жыршы, термешілердің шығармаларын көркемдік-стильдік жағынан заманауи педагогикалық техникамен оқыту, студенттің өзін-өзі білімдендіруіне ықпал ету;

- Сыр сүлейлерінің мұрасының игерілуі, жариялануы жөніндегі тың деректер жайлы түсіндіру, шығармаларын жанрлық, тақырыптық ерекшеліктеріне қарай сараптау;

- «әдеби бейне», «бейнелілік» ұғымдарын әдебиеттану заңдылықтары бойынша ғылыми-теориялық тұжырымдауға дағдыландыру;

Күтілетін нәтижелер төмендегідей:

- білім алушыларға Сыр сүлейлерінің шығармашылығы, ондағы «әдеби бейне», «бейнелілік» категориялары жайлы білім қалыптасады;

- қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар Сыр сүлейлері атанған бірнеше ақын-жыраулар, жыршы, термешілердің шығармаларын көркемдік-стильдік жағынан заманауи педагогикалық техниканы меңгереді, студенттің өзін-өзі білімдендіреді;

- Сыр сүлейлерінің мұрасының игерілуі, жариялануы жөніндегі тың деректер жайлы түсінеді, шығармаларын жанрлық, тақырыптық ерекшеліктеріне қарай сараптай алады;

- «әдеби бейне», «бейнелілік» ұғымдарын әдебиеттану заңдылықтары бойынша ғылыми-теориялық тұжырымдайды.

Таңдау курсының күнтізбелік жоспарындағы тақырыптар бойынша дәрістер оқытылып, практикалық сабақтар жүргізілді.

Аталмыш курсты меңгеру кезінде ғылыми әдебиеттерден ақпаратты өңдеу, курс тақырыптарына сәйкес арнайы зерттеу жұмыстарымен (монографиялар, мақалалар) танысу, зерттеу тақырыбына байланысты көркем шығармаларға жан-жақты баға беру, талдау және синтездеу жұмыстарды қарастыру басты басымдылық болып табылады.

Сабақ барысында компьютерлік техника, оқу-әдістемелік және қосымша білім беру құралдары, тыңдалым және айтылым дағдыларына сәйкес интеллектуалдық тапсырмалар дайындау, бейнеролик дайындау, СТО технологиясының «Раундробин» стратегиясы арқылы ғылыми хабарлама (жазбаша дөңгелек үстел) және т.б. әдіс-тәсілдер қолданылады. Таңдау курсы семестрдің соңында емтиханмен аяқталады. Білім алушы өз білімін пән бойынша ауызша сұрақ-жауап арқылы тапсырады. Болашақ 6B01721 (6B011700) - Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының білім

алушыларына Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту әдістемесін жасауда маман дайындаудың дәстүрлі әдістемесін жетілдіру заңдылық.

Сонымен қатар оқу үдерісіндегі қойылған мақсаттың икемділігі және оған жетудегі әдіс-тәсілдердің білім алушылардың қызығушылығына, мамандықтың ерекшелігіне сай таңдалуы, педагогикалық үдерістің субъект-субъект қатынасында құрылуы, сапаны қалыптастыруда нәтижеге жетудің алғышарттарының бірі ретінде, білім алушыға тек білімді меңгертіп қана қоймай, мәселеге қатысты зерттеулермен, пікірлермен танысуы, білім алушылардың үздіксіз өзін-өзі жетілдіруге деген талпынысын туғызады және болашақ мамандығына қажетті құзыреттіліктерге қол жеткізуге септігін тигізеді. Мұндай жағдайда білім алушы ізденіп, алға қойған мақсатқа жетудің амалдары мен тәсілдерін таңдайды, оның орындалуын және нәтижесін бақылайды, өзін-өзі жетілдіреді. Университет қабырғасында алған білімі мен дағдысын, тәжірибесін болашақта мектептегі оқушыларды оқытып-тәрбиелеуде қолданады. Бұл идеяны жүзеге асыруда болашақ маман ретінде білім алушының жоғары оқу орнындағы оқу және оқудан тыс жұмыстарын ғылыми негізде ұйымдастыру маңызды роль атқарады.

Зерттеу тәжірибеміз бойынша білім сапасын арттыру жолдарын қарастыратын болсақ, арнайы курста түрлі дидактикалық дамытпалы ойындар, шығармашылық тапсырмалар қолдандық. Курсты өту барысында оқытудың жаңа технологияларының тиімділігін бірнеше әдіспен сараладық. Әр сабақ соңында Quiz тест, рефлексия, жағдаят, Case-study және т.б. білім алушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттыруға бағытталған әдістер арқылы тақырыптың игерілуі мен түсініктілігі бағаланып отырды. Атап айтсақ, «Суреттердің қатесін тап», «Адасқан сөздер» дидактикалық ойындарында білім алушылар орны ауысқан сөздерден сөйлем құрайды. Сондай-ақ, креативті ойлау арқылы білім алушыларды шығармашылыққа үйретуде, тілдері мен ойларын дамытуда мына жұмыстарды алдық:

- 1) бес жолды өлең, эссе;
- 2) РАФТ, INSERT;
- 3) қолжазба күнделігі;
- 4) еркін жазу;
- 5) миға шабуыл,
- 6) SWOT талдау
- 7) «Блум таксономиясы»
- 8) «Венн диаграммасы»
- 9) «DEAL»
- 10) «ДЖИГСО»

11)«Ақылдың алты ойлау қалпағы» сияқты стратегиялардың берері көп болды.

Осы стратегиялардың кейбіріне тоқталайық:

1. INSERT. Пәнді оқу және онымен танысу барысында білім алушы:
«V» – «Мен білемін»;

« – » – «Мен білмеймін»;

«+» – «Мен үшін жаңа ақпарат»;

«?» - «Мені таңқалдырады» белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады.

INSERT - оқығаныңызды түсінуге, ойыңызды бағыттауға және өз ойыңызды жеткізуге үйрететін өте тиімді әдіс, себебі әңгіменің соңына тез жету, оқығанын есте сақтау, оның мағынасын толық түсіну – қиын жұмыс деп санаймыз.

2. «DEAL»

D – Describe – баяндау, суреттеу (оқығанды, көргенді сипаттау, сынау, өлшеу).

E – Explain – түсіндіру (құбылыс немесе оқиға бойынша не білетіндерін, түсінгендерін суреттеу).

A – Analyse – талдау (ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін атау).

L – Links – байланыс (болжамдар немесе қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру).

3. Алты қалпақтың әрқайсысы ойлаудың түрлі элементтерін, аспектілерін білдіреді. Білім алушыларға қалпақ беріледі (рас қалпақ немесе ойдан шығарылған), олардан мәселені талқылау барысында барлық ой операцияларын (ойлану, талдау т.б.) осы қалпақтың түсіне сәйкес келетін шекте жүргізу сұралады. Білім алушылар топтарға бөлініп, бір топқа бір түсті қалпақ беріледі. Оқытушы әңгімені жүргізеді, бағыттайды.

4. SWOT талдау. *Strengths* – ағылшын сөздерінен қысқарған – күшті жақтары, *Weaknesses* – әлсіз жақтары, *Opportunities* – мүмкіндіктері, *Threats* – қауіптер). Баламаларды салыстырудың жиі қолданылатын әдістерінің бірі.

Білім алушының өзіндік ізденуіне викториналық сұрақтар ойынын ұйымдастыру да өз әсерін тигізеді. Сұрақтарға дұрыс жауап беру үшін студенттің көп оқуы, ізденуі қажет. Себебі бұл – жарыс.

Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру үшін басқа да жұмыс түрлері мен көптеген әдістерді қолдануға болады. Мысалы: Викториналарды әр түрлі өткізуге болады.

1. Сұрақтар жазбаша түрде қойылады және бір уақытта жазбаша жауаптар беріледі.

Мазмұнына қарай викториналық сұрақтардың екі түрі бар:

1. Пән бағдарламасы мен материалдары туралы сұрақтар.

2. Пән бағдарламасынан тыс материалдарға байланысты танымдық сұрақтар.

Сонда білім алушының логикалық ойлау қабілеті шыңдалып, өз ойын тез жеткізу үшін сөздер мен сөз тіркестерін тиімді қолдану дағдысы қалыптасады.

Білім алушыларға өзіндік жұмысты бергенде мынаны ескеру қажет: тапсырма әр студенттің білімі мен дағдысына сәйкес келіп, шығармашылыққа жетелеуі керек.

Сонымен қатар білім алушыларды әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету керек (оқу орнындағы электрондық залда бар әдебиеттердің ақпараттық қорын

толық пайдалану: интернет көзі, электрондық оқулық, электрондық оқыту бағдарламалары және т.б.).

Мәселен, білім алушылар интернет көздерін пайдалану арқылы қажетті жаңа деректерді, тың жаңалықтар мен ақпараттарды алып, жеке веб-сайт ашып, алған материалдарын жүйелеп, талдайды.

Соңында мониторингтік диагностика жүргізген жөн:

- білім алушы өзін-өзі анықтайды: қандай жаңалық аштым?
- өзін-өзі бағалайды: алған нәтиже қандай?
- өзін-өзі дамытады: бұл менің қолымнан келеді ме? т.б.

Дамыта оқыту жүйесі бойынша сабақтарды даярлау және өткізу этаптары:

I. Әдістемелік іс-әрекет жағдайында мақсат пен міндеттерді меңгеруі;

- сабақтың мазмұны
- оқу жағдайын ескеру
- әдістемелік тәсілдерді қолдану

II. Келесі сабақтың моделін жоспарлау.

- сабақтың негізгі мақсаттарын анықтау (аралық міндеттер мен шешу жолдары).

- сабақтың әр кезеңіндегі білім алушының негізгі әрекет түрлерін анықтау.

- білім алушы әрекетін ұйымдастыру әдіс-тәсілдерін таңдау.

III. Сабақты жүргізу.

- Әр сабақтағы баланың іс-әрекетін ұйымдастыру.
- Білім алушымен жанама қарым-қатынас.
- жұмыс барысын бақылау жұмысы.

IV. Рефлексия (Сабақтың қорытынды бағасы).

- қойылған мақсатқа жету.
- тақырып бойынша өзгерістер енгізу.
- оқыту нәтижесіне талдау (жетістіктер мен кемшіліктер).

Дамыта оқыту білім алушылардың ізденгіштік-зерттеушілік іс-әрекетіне тән. Оған тән сипаттар:

- білім алушының алдына ізденуді жүзеге асыру қажеттілігін тудыру керек;

- іс-әрекеттің бастапқы кезеңі – білім алушылардың алдына олардың әрекет жағдайын жаңаша талдап, оны жаңаша түсінуді талап ететін оқу міндеттерін қою. Дамыта оқыту технологиясы – білім алушы құзыреттілігін дамытуда аса маңызы бар технология.

Quiz – бұл тест, викторина түріндегі бақылаудың түрі. Білім алушылардың тақырыпты игеру деңгейі мен қызығушылықтары, белсенділіктерін анықтауда және келесі тақырыпқа деген ынталарын оятуда әр сабақ соңында Quiz тест әдісін жүргізудің маңызы зор.

Рефлексия – (лат. Reflexio – кейінге оралу) – бейнелеуді, сондай-ақ таным белсенділігін зерттеуді білдіретін 118 термин. Көрнекті ғалымдар

Ш.А. Амонашвили [130], Б.С. Гершунский [131] т.б. педагогикалық рефлексияны жаңаша ойлау стиліне жатқызған.

Педагогикада «жағдаят» әдіснамалық тұғыр ретінде негізделмегенімен, жалпы педагогикада «педагогикалық жағдаят», «проблемалық жағдаят», «тапсырмалық жағдаяттар», «мәнге бағытталған жағдаят» болып ғылыми түсінік ретінде қолданылып келеді [132].

Case – study әдісі – білім алушылардың сыни ойлауын дамытып, сабақтың мазмұнын ерекше құруға, шығармашылық мүмкіндігін дамытуға жағдай жасайды. Әдістің мақсаты – білім алушылардың бірлескен танымдық диалогтық іс-әрекетінде [133] Сыр сүлейлері шығармаларын талдау және практикалық шешім шығару болып табылады. Әдебиетті оқытуда білім алушылардың ғылыми ізденушілігін арттыру үшін жоба қорғау, топтық, жұптық жоба жасау, мүшайра айтыстарын ұйымдастыру жұмыстарының маңызы зор. Білім алушылар зерттеудің топтық, жұптық жұмыстары арқылы бір қорытындыға келуге, ортақ шешім қабылдауға дағдылары қалыптасады. Эксперимент барысында «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыда ойлауды дамыту» (RWCT) технологиясы бойынша өткен дәріс сабақтарына тоқталсақ (кесте 6).

Кесте 6 – «Оқылым мен жазылым арқылы сыни тұрғыда ойлауды дамыту» (RWCT) технологиясы бойынша сабақ үлгісі

1	2
Сабақтың тақырыбы:	Пәнге кіріспе. Мазмұны: 1. Пәнді оқытудың мәні мен маңызы. 2. «Әдеби бейне», «бейнелілік» ұғымдары туралы түсінік. 3. Сыр сүлейлері шығармалары туралы ақпарат.
Сабақ түрі	Дәріс
Сабақтың жалпы мақсаты:	Білім алушыларға пәннің мақсаты мен міндетін түсіндіру, оның қалыптасуы жайлы жалпы түсінік беру
Оқу/оқыту нәтижесі:	оқытушы пән және тақырып бойынша SMART мақсатты оқу/оқыту үдерісінде тиімді пайдаланады; – көрнекі құралдар арқылы студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырады; – сұрақ – жауап, талдау жүргізеді; – білім алушылар SMART мақсат қою мәселесін түсінеді.
Сабақтың көрнекілігі:	Интерактивті тақта, ғылыми негізделген дәріс тезисі, слайд, оқулықтар мен ғылыми еңбектер.
Түйінді идеялар:	Аудиторияға психологиялық жағымды орта қалыптастыру, студенттердің пәнді игеруге деген мотивтерін жоғарылату.
Ұйымдастыру кезеңі:	1. Презентация арқылы ғылыми негізделген дәріс мәтінін түсіндіру; 2. Дәріс – сұқбат арқылы аудиторияға пән аясында білім деңгейін анықтауға бағытталған сұрақтар беру; 3. Студенттерді сабақты қабылдауы мен сұрақтарға жауап беруіне қарай (қабілетіне) топтастыру; 4. Қабілеті төмен білім алушыларға қосымша сауалдар қою арқылы дәріске деген қызығушылығын оятуға ұмтылу.

6 – кестенің жалғасы

1	2
Тапсырмалар:	Силлабуста берілген практикалық, БАӨЖ сабақтың SMART мақсатын анықтау, презентация әзірлеу.
Кері байланыс:	Сабақ біткеннен сауалнама және Quiz тест/ білім алушының рефлексиясы
Қорытынды/ бағалау:	Дәрістегі белсенділігіне қарай білім алушыларды балдық рейтингтік әріптік жүйемен бағалау.

Дәрісте болашақ педагог мамандарға пәннің қажеттілігі, онда көтерілетін негізгі мәселелер, өзектілігі туралы сөз болады. «Әдеби бейне», «бейнелілік» ұғымдарына түсінік беріледі. Зерттеу нәтижесі бойынша ғылыми айналымға еніп отырған Сыр сүлейлері мұрасының игерілуі, жариялануы жөніндегі тың деректер жайлы түсіндіреді, шығармалары жанрлық, тақырыптық ерекшеліктеріне қарай сарапталады. Сабақ қорытындысында білім алушылармен кері байланыс орнату үшін болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері үшін дайындалған «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелікті оқыту» курсы бойынша көзқарасын анықтауға арналған сауалнама арқылы білім алушыларға сұрақ (сауалнамадағы сұрақтарға «иә» десеңіз – 2 балл, «жауап беру қиын» десеңіз – 1 балл, «жоқ» десеңіз – 0 балл) қойылады.

Атап айтсақ, Сіз «Сыр сүлейлері туралы не білесіз, білгіңіз келе ме?», «Сыр сүлейлері шығармаларымен таныссыз ба?», «Сыр сүлейлері» деген ұғымды білесіз бе, бұрын естідіңіз бе?», «Сіздің кәсіби тұлға болып қалыптасуыңызға Сыр сүлейлерінің ғибраттық ойлары қажет пе?», «Сыр сүлейлерінің шығармаларын оқып, танысуға қарсы емессіз бе?», «Әдеби бейне» және «бейнелілік» ұғымдары жайлы түсінігіңіз бар ма?», «Сыр сүлейлерінің дүниетанымы мен көркемдік ойлауын айқындап бересіз бе?», «Сыр сүлейлерінің жазба айтыстарын білесіз бе?», «ЖОО-да Сыр сүлейлерін оқытуда қандай бағыттарды ұстанған дұрыс?», «Сыр сүлейлері шығармаларымен терең танысып, меңгеру үшін Сізге не қажет?»

Білім алушылардың рефлексиясы: – Сабақ барысында қандай тың мәліметтер алдым? – Мен үшін не түсініксіз болды? – Қай тақырыпты тереңірек білгім келеді? – Сабақты қандай әдіспен өткен сіз үшін қолайлы? Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік туралы Quiz тест жүргізілді.

Тест сұрақтары:

1. Бейне (образ) дегеніміз не ? Суретті сөз, бейне, сурет, портрет, әсемдік, сұлулық.
2. Әдеби бейненің түрлерін белгілеудің неше факторы бар. Аттарын атаңыз: әдістік, тектік, тәсілдік; түр мен тек; прототип; типтендіру; амал – тәсіл,
3. Көркемдік әдіс тұрғысынан келгенде бейне (образ) неше түрге бөлінеді?

4. Әдеби тек тарапынан келгенде образдың неше түрі бар, аттарын атаңыз? Эпикалық, лирикалық, драмалық образ.

5. Жасалу тәсілдеріне қарай бейне (образ) неше түрге бөлінеді? 5,8, 3,4,7.

6. «Сүлей» сөзінің араб және қазақ тіліндегі мағынасы: салауи (тума талант); діндар; сақа; ақын; жазушы.

7. Бейнелілік (образдылық) дегеніміз не? Суреттілік, сөздегі сурет; типтендіру; суреттеу; прототип; адам бейнесі. Табиғат бейнесі.

8. Әдебиеттегі көркемдік әдістің түрлері қалай аталады? Романтизм, реализм; постмодернизм; модернизм; типтендіру; тек; түр.

9. «Сыр сүлейлері» деген ұғым қай ғасырдан пайда бола бастады? XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың бас кезі; XV ғасыр; XVI ғасыр; XII ғасыр; XIV ғасыр.

10. «Сыр сүлейлері» деген атау Қазақстанның қай қаласына тән? Қызылорда, Тараз; Шымкент; Алматы; Өскемен.

Дәрістен кейін білім алушылардың рефлексиясын анықтау оқытушы үшін өте маңызды. Себебі, әрбір сабақты жоспарлауда олардың берген жауабы үлкен роль атқарады. Пәннің алғашқы дәрісіндегі білім алушылардың рефлексиясы жақсы нәтиже көрсетті. «Сабақ барысында қандай тың мәліметтер алдым?» – деген сауалға дәрісхана толығымен пәннің тың әрі қызықты тақырып екенін айтса, «Мен үшін түсініксіз не болды?» – деген сұраққа кейбір білім алушылар Сыр сүлейлерінің жазба айтыстары жайлы толыққанды ақпарат алғысы келетіні жайлы айтты. «Қай тақырыпты тереңірек білгім келеді?», – деген сауалға білім алушылар «Әдеби бейне» және «бейнелілік» ұғымдары жайлы түсінігі, Сыр сүлейлері шығармашылығы жайлы оқып білгісі келетіндерін жеткізді. Ал, сабақта қолданған жаңа технологияға барлық білім алушылар оң пікірлерін білдірді. Оқу үдерісінде педагог пен білім алушылар үшін танымдық диалогтық өзара іс-әрекеттегі жұмыстың маңызы зор. «Бірлескен диалогтық танымдық диалогтық іс-әрекет» (С.М. Джакупов) [134] тұжырымдасы бойынша топтық, жұптық жұмыстарды жүйелі жүргізуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, білім алушылардың болашақта кәсіби іс-әрекеттерінде адамдармен бірлескен іс-әрекетте жұмыс жасауына да әсері бар (кесте 7).

Кесте 7 – «Топтық» жұмыс арқылы өткен практикалық сабақ жоспары

Сабақтың құрылымы	Сабақта өткізілген топтық жұмыстың сипаттамасы
1	2
Сабақтың мазмұны:	Қазақ әдебиетін оқыту технологиясы Жоспар: 1. Әдебиетті оқыту әдістемесінің қысқаша тарихы. 2. Сыр сүлейлері, олардың шығармаларының мазмұны. 3. Сыр сүлейлері, олардың шығармаларын оқытудың технологиялары мен әдістері (Сын тұрғысынан ойлау технологиясы)
Сабақтың түрі:	Практикалық сабақ
Сабақтың мақсаты:	креативтілік, коммуникация, командалық жұмыс, сыни ойлау
Топта жұмыс істеу үдерісін модельдеу	Екі топқа бөлу: – «Эмигрант» тобы; – «Ирридент» тобы.

7 – кестенің жалғасы

1	2
Сабақтың негізгі идеясы:	Білім алушыларды өзара бірлескен танымдық диалогтық іс – әрекеттестікте жұмыс жасауға баулу, Сыр сүлейлері, олардың шығармаларын оқытудың технологиялары мен әдістері (Сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы креативтілік, коммуникация, командалық жұмыс)
Оқу/оқытуда күтілетін нәтижелер:	– Сыр сүлейлері, олардың шығармалары туралы зерттеушілер пікірімен танысады, мәдени – танымдық маңызын біледі. – Миға шабуыл, сын тұрғысынан ойлау әдістері арқылы шығармашылық ойлау қабілеттері артады; – Өзара бірлескен танымдық жұмыс жасауға дағдыланады.
Оқу/оқытуда әдіс тәсілдер:	Сын тұрғысынан ойлау, топтық жұмыс, кері байланыс. Ұйымдастыру кезеңі: 1.Сыр сүлейлері, олардың шығармаларын оқытудың технологиялары мен әдістерінің маңыздылығына тоқталу. 2. Білім алушыларды қабілеттеріне қарай топқа бөлу. 3. Топтың ережесі мен талаптарын түсіндіру. 4. Білім алушылар арасынан тәуелсіз сарапшылар сайлау. 5. Қорытынды.
Көрнекіліктер:	Интерактивті тақта, слайд
Тапсырмалар:	«1 – Сұңқар» тобы: «Сыр сүлейлері, олардың шығармалары туралы зерттеушілер пікірлері бойынша топтық жұмысқа арналаған тапсырмалар? -Жоба - Пікірсайыс. Топта жұмыс істеу не үшін қажет? бірлескен өзара іс - әрекет арқылы топпен қалай жұмыс жасау керек? -Топпен жұмыстың ережелері ғылыми негізде дәлелдермен қорғау. «2 – ші Қыран» тобы: «Сыр сүлейлері, олардың шығармаларын оқытудың технологиялары мен әдістерін» нақты, ғылыми негізде дәлелдермен қорғау.
Сын тұрғысынан ойлау:	Жағдаят, проблемалық сауалдар қою.
Кері байланыс:	Білім алушының рефлексиясы.
Қорытынды нәтиже:	Дәрістегі белсенділігіне қарай білім алушыларды балдық рейтингтік әріптік жүйемен бағалау

Білім алушылар арасынан құрылған тәуелсіз сарапшылар екі топтың пікірсайыстағы және жағдаяттағы білдірген пікірлері мен ортақ шешім қабылдаудағы түсініктерін ескере отырып қорытынды жасады және бағалады. Сабақтың нәтижесін анықтау мақсатында кері байланыс орнатып, білім алушының рефлексиясын білу мақсатында төмендегідей сұрақтар қойылды.

Білім алушылардың рефлексиясы: – Сабақ барысында қандай тың мәліметтер алдым? – Мен үшін түсініксіз не болды? – Қай тақырыпты тереңірек білгім келеді? – Сабақты қандай әдіспен өткен сіз үшін қолайлы? Практикалық сабақтан кейін және бірлескен танымдық диалогтық өзара іс – әрекеттегі жұмыс бойынша өткен сабақтың, сабақ барысында қолданылған интербелсенді әдістердің нәтижесін көру мақсатында білім алушылардың рефлексиясын

анықтадық. «Сабақ барысында қандай тың мәліметтер алдым?» - деген сауалға білім алушылар Сыр сұлейлерінің жанрлық ерекшелігін, көпқырлылығын білдік десе, «Мен үшін түсініксіз не болды?», – Базар жыраудың өмірі мен шығармашылығы, «Әмина қыз», «Айна-тарақ», «Жүсіп Ахмет» дастандарындағы көркемдік образы жайлы толыққанды білгілері келетінін жеткізді. «Сабақтың өтілу барысына көңілдеріңіз толды ма?» – деген сауалға білім алушылар оң пікір білдірді.

Әрбір оқытушы үшін білім алушының қабілетін анықтау, табиғатын тану, жеке даралық ерекшеліктеріне қарай жұмыс жасау орынды. Бұл ретте білім алушылар үшін оқытушылармен бірлескен танымдық диалогтық іс-әрекеттер, психологиялық-педагогикалық консилиум құру арқылы сабақ жүргізудің тиімділігі жоғары.

Консилиум – білім саласындағы сарапшылардың, мамандардың мәжілісі, өзара кеңесуі. Психологиялық-педагогикалық консилиум қандай да бір мәселені (мысалы білім алушылардың қабілетін) талқылайтын және бағалайтын мамандардың бірлестігін білдіреді. Консилиум мәжілісіндегі оқыту үдерісінің сапасын арттыру бойынша оқытушылардың жұмысы жағдайында білім алушылардың болжамды үлгерімдерін, үлгермеушіліктің себептері талқыланып және әлсіз тұстарды жеңу бойынша шешімдер қабылданды. Әрбір педагог сабақтың нәтижесін өзара сабақ пен ашық сабақтың қорытындысынан анықтайды. Сонымен бірге, ашық сабақ өткізу оқытушының тәжірибе алмасуына да үлкен септігін тигізеді [135].

«Қазақ әдебиетіндегі әдеби бейне және бейнелілік» пәнінің маңыздылығын айқындау үшін «Базар жырау толғауларындағы персонаждар және оны оқыту» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Сабақ кафедра оқытушыларымен бірлескен психологиялық-педагогикалық консилиум құру арқылы жүргізілді. «Базар жырау толғауларындағы персонаждар және оны оқыту» тақырыбындағы практикалық сабақты жүргізуге құрылған консилиумда оқытушы-профессорлардың ұсынысы бойынша негізгі үш бағыт таңдап алынды. Олар: Базар жырау толғауларындағы персонаждар ерекшелігі, Базар жырау толғауларының жанрлық сипаты және оның тарихи маңызы. Сонымен бірге, практикалық сабақты тиімді өткізу мақсатында сұрақ-жауап-талдау әдісі ұсынылды. Аталған ұсыныстар негізінде сабақтың SMART мақсаты айқындалып, практикалық сабақтың ғылымилығын, сапасын және тиімділігін арттыру мақсатында сабақ жоспары жасалды (кесте 8, 9).

Кесте 8 – Практикалық сабақ бойынша жоспардың үлгісі (сұрақ-жауап-талдау)

Кафедра:	Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика
1	2
Сабақты өткізген оқытушы:	Құдайбергенова К.Т.
Пәні:	«Сыр сұлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелікті оқыту»

8 - кестенің жалғасы

Оқу тобы/курсы:	Кял – 18 – 1/ 2 – курс
Сабақтың тақырыбы:	«Базар жырау толғауларындағы персонаждар және оны оқыту»
Сабақтың түрі және өту әдісі:	Дәріс сабақ, сұрақ – жауап – талдау әдісі
Уақыты мен өтетін орны:	2021 ж. 11 сәуір, сағат 10.30/ 105 – дәрісхана

Кесте 9 – Сабақтың тиімділігін арттыру мақсатында жасалған үлгі – жоспар

р/с	Оқу фрагментінің атауы/ мазмұны	Интеракция	Оқу фрагментінің әдісі	Оқу фрагментінің мақсаты	Уақыты
1	Кіріспе сөз	Оқытушы/ Студент	Сұрақ – жауап	Өткен сабақтарға шолу, жаңа сабақпен байланыстыру	7 мин.
2	Танымдық сұрақтар	Оқытушы/ Студент	Сұрақ – жауап	Білім алушылардың жаңа тақырыпқа зейінін аударту	7 мин.
3	Базар жырау толғауларындағы персонаждар және оны оқыту ерекшелігіне тоқталу	Оқытушы/ Студент	Консилиум	Талдау Базар жырау толғауларындағы персонаждарға талдау жасау	5 мин
4	Базар жырау толғауларындағы табиғатын ашу	Оқытушы/ Студент	Консилиум	Талдау «Базар жырау толғауларына» жанрлық талдау жасау	5 мин.
5	Базар жырау толғауларындағы тарихи маңызын саралау. Оқытушы/ Студент Консилиум	Оқытушы/ Студент	Консилиум	Талдау «Базар жырау толғауларындағы деректермен жұмыс	5 мин
6	Көрнекілік	Оқытушы/ Студент	Талдау	Базар жырау толғауларымен жұмыс жасау	6 мин
7	Тапсырма	Студент	Эссе	«Базар жырау толғау – термелеріндегі ұлттық болмыс» тақырыбында эссе жазу. Эссе барысында білім алушыларға Базар жырау толғау – термелері тыңдатылады	13 мин.
8	Кері байланыс	Оқытушы/ Студент	Сұрақ – жауап	Білім алушылардың рефлексиясы	2 мин
9	Қорытынды				2 мин

Сабақ соңында білім алушылардың эссесі консилиумға қатысқан оқытушыларға тексеруге берілді. Сабақтың Smart мақсаты жоспар бойынша толық орындалғаннан кейін сабаққа қатысушы оқытушылардың пікірі тыңдалып, қажеттіліктері бар білім алушыларға интенсивті, арнайы қолдау көрсету жөніндегі ұсыныстары айтылады. Практикалық сабақ тақырыбына деген білім алушылардың рефлексиясы жақсы нәтиже берді. Білім алушылар: «Тақырыпты игеру барысында қолданылған Базар жырау толғау-термелері ұлттық болмысымызды аша түсті, Базар жырау толғау-термелері аудиторияға жағымды атмосфера тудыртты, ұлттық санамызға, рухани дамуымызға, тілге, жерге, елге деген құрметімізді, сезімімізді оятып, эссе жазуға ықыластарын арттырды. Ал көпшілік студенттер «Базар жырау толғау-термелері ұлттық сана-сезімді қалыптастырады», – деген пікір білдірді. Білім алушылардың пікірлерін анықтау мақсатында төмендегідей сауалдар қойылды: – Базар жырау толғау-термелеріндегі әдеби бейне және бейнеліліктің ерекшелігі неде? – Базар жырау толғау-термелерінің жанры қандай? – Базар жырау толғау-термелеріндегі ұлттық болмыс ретіндегі маңызы? – Сабақ барысында қандай тың мәліметтер алдым? - Сабақ сізге ұнады ма? – Сабақ тақырыбының Сіз үшін қандай маңызы болды? - Сабақтан кейінгі көңіл -күйлеріңіз қандай және т.б. Пәннің мақсаты мен міндетін орындап, оны білім алушыларға өз деңгейінде игертуде БАОӨЖ, БАӨЖ сабақтарының тиімді ұйымдастырылуы да маңызды.

Мұндай жұмыс түрлерінің нәтижелі болуы білім алушылар мен оқытушылардың кәсіби шеберлігіне байланысты. Сабақтан тыс жұмыстарда әдеби пікірлер сайысы, конференция, кездесулер, поэзия кеші, әдеби апталықтар, ашық пікір, жоба қорғау, термелер тыңдау, іскерлік ойындар, диспут, мұражайлық сабақ, есеп беру, көркем сабақ, іздендіру сабағы, ғылыми семинарлар, т.б» [136] – деген пікір білдіреді. Сондай-ақ ғалымдар оқу-танымдық өзіндік жұмыстарды дидактикалық шарттары мен ерекшеліктеріне орай бірнеше топқа жіктеп көрсетеді:

1. Жаңа теориялық материалды, білімді меңгеруге арналған өзіндік жұмыстар. Өзіндік жұмыстардың бұл тобының дидактикалық шарттары мен ерекшеліктері теориялық білім, оның кәсіби сипатына байланысты анықталады. Мұндай жұмыстарға: жоспар құру, тезис, конспект жасау, логикалық сұрақ – тапсырмаларды орындау, эссе жазу, Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне, бейнелілік тәсілдерін талдаған ғылыми түсініктерді талдау.

2. Түпнұсқа шығармаларға сүйене отырып, жаңа практикалық білім алу.

3. Креативті бағыттағы өзіндік жұмыстың мақсаты – оқу материалдары негізінде шығармашылыққа ұмтылу және сол арқылы жаңа нәрселерді ашу, жаңа материалды меңгеру. Дәрісханадан тыс жұмыстың бұл түріне Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелеу туралы материал жинақтау, іріктеу, қорытынды жасау, талдау, әдіс-тәсілдер жатады. Оның қажетті жобалық жұмыстармен дидактикалық байланыста маңызы зор. Жұмыстың қорытындысына байланысты сабақта конференция, хабарламалар, баяндамалар жасалынды [137].

Бүгінгі күні бүкіл дүниежүзілік білім беру тәжірибесіне сүйенсек, жылдам қарқынмен оқыту үрдісін жетілдіруде білім алушылардың өз бетінше білім алу және білімді шығармашылықпен игеру деңгейін арттыруға баса назар аударылуда. Оқытушылар білім алушылардың өзіндік жұмыстарын орындау барысында білімді жеке тұлғаға бағыттап оның қабілетін, дарынын дамытуға, білім алушылардың өздігінен білім алуына ықпал етуі тиіс. Пәнді оқытуда қалыпты сабақ беру әдісін жаңа мазмұнда ұйымдастырып, тиімді әдіс-тәсілдер мен озық технологияларды пайдалану, студенттердің өздік жұмысының сапалы болуына, өзіндік жеке тұлға болып қалыптасуына әсер етеді.

Өзіндік жұмыстары үлкен тәрбиелік мәнге ие, ол болашақ ұстаз тұлғасын қалыптастыруда маңызды роль атқарады. Оқытушылар болашақ мамандар даярлауда білім алушылардың өзіндік жеке тұлға болып қалыптасуын басты назарда ұстау керек.

Педагогикада өзіндік жұмыс деп берілген тапсырманы оқытушының басшылығымен, оның тікелей қатысуынсыз, білім алушылардың өздері атқаратын жұмыс түрлерін айтады. Білім алушылар өзіндік жұмыстарды орындай отырып, сыни және шығармашылық ойлауы дамып, түрлі ақпарат көздерінен белгілі тақырыпта жаңа ақпарат таба білуге, өз ойын, пікірін қосуға үйренеді. Сондықтан да берілген өздік жұмысы тапсырмасының мазмұны мәселелік жағдаят туғыза отырып, студенттердің ойлау қабілетін дамытуы тиіс. Өзіндік жұмыстың тиімділігі оны дұрыс ұйымдастыруға байланысты. Ол үшін мынадай жағдайларды ескерген жөн:

- білім алушылардың өздік жұмыстарын жоспарлау, тақырыбын белгілеу;
- өздік жұмыс мазмұнын түрлендіру;
- пайдаланылатын әдіс-тәсілдерін анықтау;
- білім алушылардың жұмыстарына бағыт беріп, басшылық жасау;
- жұмысты тексерудің тиімді тәсілдерін белгілеу;
- өздік жұмыстың қорытындыларын шығару.

Білім алушылардың қандай әдіс-тәсілдерді пайдаланатынын анықтап, жұмыстарына бағыт беріп отыру керек. Сондай-ақ, барлық білім алушылардың жұмыстарына бірге қорытынды шығарып, кеткен қателері болса түзеп, әр уақытта оқытушы басшылық жасап отыруы тиіс. Оқытушының басшылығымен жүргізілетін білім алушының өз бетінше жұмысы екі қызметті атқарады: кеңесшілік және бақылаушылық. Білім алушылардың өзіндік жұмысының кеңесшілік қызметі:

- үйге берген тапсырманы орындауда көмек көрсетеді;
- БАӨЖ тапсырмасына қажетті әдіс-тәсілдерін таңдауға көмектеседі;
- білім алушыны ізденушілік, шығармашылық жұмыстарға бағыттайды.

Білім алушының өзіндік жұмысының бақылаушылық қызметі:

- білім алушының жұмысын бақылауға мүмкіндік беріледі;
- білім алушының жеке, дербес, дара ерекшеліктерін тануға жол ашылады

[138];

Төмендегі кестеде 2-курс білім алушыларының өзіндік жұмыстарының бірі ретінде дипломдық тақырыптарына орай, өндірістік практикада «Сыр

сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелікті оқыту» курсы бойынша мектептің жаңа оқу бағдарламасына сәйкес сабақтастыра отырып құрған қысқа мерзімді жоспарларын мысал келтіре отырып айтуға болады. БАӨЖ тапсырмасына орай жасалған студенттердің ҚМЖ үлгісін (қосымшада) ұсынып отырмыз.

Білім алушылардың білім, білік, дағдыларын бақылауға ҚМЖ үлгілері арқылы кеңінен мүмкіндік ашылады. Білім алушылардың өздік жұмысын ұйымдастыруда әр түрлі тапсырмаларды орындауға болады. Бұл тапсырмалар белгілі бір шығармашылық жұмысқа бағытталады немесе ғылыми жұмыстың бір бөлігі ретінде орындалады. Оқытылатын пәннің тақырыптары әрбір жекелеген модульге байланысты болып келеді. Оқыту үрдісінде білім алушылардың өздік жұмысын ұйымдастырудың басты негізінде оқытудың модульдік технологиясы үлкен мәнге ие. Әр модульдің тақырыптары мен материалдары алдыңғы модульге негізделеді, оны жүйелей отырып, бекітеді. Сонымен қатар БАӨЖ ұйымдастыруда әр студенттің игеріп жатқан мамандығына сәйкес әр түрлі тақырыптар мен тапсырмаларды ұсынуға болады.

Біз қарастыратын келесі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) қазіргі кездегі жоғары оқу орнының бітіретін мамандарға қойылатын жоғары талаптардың бірі, жаңа форматтағы ұстаздар дайындауда кеңінен қолданылатын жаңашылдық бағыттардың бірі.

Ақпаратты табу, құрастыру және мәліметтермен жұмыс істеу, сыни ойлауын қалыптастырып, құрал-жабдықтардың, қосымшалардың үлкен мүмкіндіктерін пайдаланып, соның негізінде өз жұмысын бағалау және өзін-өзі кәсіби жетілдіруге мүмкіндік береді.

Курсты өту барысында оқытудың жаңа технологияларының тиімділігін бірнеше әдіспен сараладық. Әр сабақ соңында Quiz тест, рефлексия, жағдаят, Casestudy және т.б. білім алушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттыруға бағытталған әдістер арқылы тақырыптың игерілуі мен түсініктілігі бағаланып отырды.


Білім алушылар арасында оқырмандар конференциясын құру олардың жылдам ойлай алу қабілеттері мен сөйлеу машығын қалыптастырады. Пікірталас арқылы Т. Ізтілеуовтің «Тұтқын қыз», «Мәрді диқан», «Данышпан қарт», «Шахнама» дастандарындағы көркем образдардың ерекшелігіне талдау жасалды. Әрбір сабақтың нәтижесін анықтау мақсатында білім алушылармен кері байланыс орнатып отыру шарт. Ал аудиториядан тыс БАӨЖ сабақтарын ұйымдастыру, сол арқылы білім алушылардың зерттеушілік қабілетін арттыру, оларды жоба жазуға дағдыландыру арқылы әрбір сабақтың оңды нәтижесін береді. Студенттерді эссе, жоба жазуға машықтандыруда Case – study әдісінің маңызы зор. Бұл әдіс бойынша сабақ ұйымдастыруда оның жоспары мен бағытын айқындап алу маңызды.

Кейстің атауы: «Шораяқтың Омары мен Кете Жүсіп шығармаларындағы типтік образдар және характер».

Пәні: «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелік мәселесін оқыту».

Тақырыбы: «Шораяқтың Омарының «Өсиет», «Жарлы Тәліп», «Қара шекпен» мысалдарындағы типтік кейіпкер» (сурет 6).

Бағыты: «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелілік»



Сурет 6 - «Шораяқтың Омарының «Өсиет», «Жарлы Тәліп», «Қара шекпен» мысалдарындағы типтік кейіпкер» тақырыбындағы CASE – тің SMART мақсаты

CASE-тің міндеттері:

- Шораяқтың Омарының «Өсиет», «Жарлы Тәліп», «Қара шекпен» мысалдарындағы типтік кейіпкермен танысу;
- Шораяқтың Омарының «Өсиет», «Жарлы Тәліп», «Қара шекпен» мысалдарындағы типтік кейіпкерлерге тоқталу;
- Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнеліліктің көрінісі туралы зерттеулерімен жұмыс жасау;
- Шораяқтың Омарының «Өсиет», «Жарлы Тәліп», «Қара шекпен» мысалдарындағы типтік кейіпкерлерге талдау жасау;
- Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнеліліктің мағынасын ашу (кесте 10);

Кесте 10 – CASE құрудың кезеңдері

№	Атқарылатын жұмыстар
1	Кейс материалдарымен танысу
2	Туындаған мәселені шешуге арналған жұмыстар
3	Мүмкін болатын шешімдерді таңдау және әрі қарай жетілдіру мақсатындағы талқылау жұмыстары
4	Тақырыпқа қатысты өзекті мәселелерін анықтау
5	Қорытындылау. Жоба, эссе қорғау.
6	Рефлексия (тест, сауалнама)

Ғылыми жоба жасау білім алушылардың ғылыми көзқарастарын, зерттеушілік дағдысын қалыптастыруға, сараптау мен талдай алуға үйретеді. Сондықтан мұндай ғылыми жобаларды жасауға байланысты берілетін тапсырмалар өз кезегінде өзекті мәселеге арналуы тиіс.

Қорыта айтқанда, әдебиетті оқытудың дәстүрлі және дара ұстанымдары мен оқытудың жаңа технологиясын басшылыққа ала отырып жүргізілді. Берілген білімнің нәтижесі ең алдымен мазмұн, әдістеме және қорытынды нәтижеге тікелей байланысты. Пәнді игеру және зерттеу барысында төмендегідей қиындықтар кездесті:

- Қазақ әдебиетіндегі көркемдік бейне және бейнеліліктің түрлері;

1. Реалистық, романтикалық образ (көркемдік әдісіне қарай);

2. Эпикалық, лирикалық, драмалық (тегіне қарай);

3. Юморлық, сатиралық, фантастикалық, трагедиялық, комедиялық, қаһармандық (жасалу тәсіліне қарай) ұғыну;

- Сыр сүлейлері шығармаларындағы көркемдік бейне және бейнеліліктің түрлері мен аражігін ажырату;

- Сыр сүлейлері қолданған әдеби бейне және бейнеліліктің ерекшеліктері:

1. Поэзиялық айшықты орамдар, теңеулік және эпитеттік бейне, метафоралық бейне.

2. Әсірелеу, нақыл-ғибрат, бейнелі-ойлы қанатты сөздер, сөз қайталау арқылы рең беру, эпикалық, лирикалық бейне аражігін ажырату;

Сыр сүлейлері қолданған әдеби бейне және бейнеліліктің ерекшеліктері жайлы ғалымдардың зерттеулерін іздеу, дереккөздермен жұмыс жасау. Аталмыш қиындықтардың шешімі өзара сабақтарға қатысу мен ашық сабақ нәтижелері бойынша, студенттерді қабілетіне қарай оқыту, кәсіби тұлғалық сапалары мен мәдени-танымдық шығармашылықтарын арттыру жұмыстары арқылы шешімін тауып отырды. Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқытудың маңыздылығы ғылыми тұрғыдан дәлелденіп қорытынды эксперимент (2.3. тараушада толығымен сипатталады) жасалды.

Қорыта келгенде, болашақ «қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау» БББ-ның «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» пәні – ұлттық мәдениеттің дамуына өзіндік үлес қосып, оқытудың әлемдік білім тәжірибелерімен сабақтаса, үйлесімде болу тенденциясын басшылыққа алды. Білім алушылар «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» атты таңдау курсына оқу барысында қазақ тілі мен әдебиеті мұғаліміне тән іскерліктерді қалыптастырды. Жоғарыдағы айтылғандар болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің жоғары оқу орындарының Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту қажет деп тұжырымдауымызға негіз болды.

2.3 Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелікті оқытуға арналған құрылымдық-мазмұндық моделді оқу процесіне енгізу эксперименті: өту барысы, нәтижесі

Педагогикалық зерттеудің ең өнімді әдісі педагогикалық эксперимент болып табылады. «Эксперимент» сөзі латынша «experimentum» - қазақша «сынама», «тәжірибе», «сынақ» деген мағынаны береді. Педагогика саласындағы ғалымдар берген «педагогикалық эксперимент» ұғымының көптеген анықтамалары бар. Соның бірнешеуі мынадай: педагогикалық эксперимент - педагогикалық құбылыстар, фактілер, тәжірибелер зерттелетін таным әдісі (Ю.В. Василькова); педагогикалық эксперимент - алдын ала әзірленген теориялық болжамдарды немесе гипотезаларды тексеру және негіздеу мақсатында оқытушылар мен білім алушылардың педагогикалық қызметін арнайы ұйымдастыру (Э.А. Соснин); педагогикалық эксперимент - педагогикалық процесті нақты ескерілетін жағдайда қайта құрудың ғылыми алға қойылған тәжірибесі (И.П. Подласый) және педагогикалық эксперимент - заңдылықтарды ашу және қолданыстағы практиканы өзгерту мақсатында зерттеушінің өзі зерттейтін педагогикалық құбылысқа белсенді араласуы (А.В.Коржунов) [139].

Осылайша, «педагогикалық эксперимент» ұғымын сипаттайтын көптеген түсіндірмелер авторлардың анықтамаларының мазмұндас екенін айқындайды, өйткені барлығында педагогикалық эксперимент - білім беру қызметін ғылыми негізделген және қисынды құрылған ұйымдастыру, оның мақсаты ғылыми гипотезаларды тексеру үшін ұсынылған білімнің жаңа педагогикалық тәсілдерін растауды (теріске шығаруды) іздеу болып табылады.

Осыны негізге ала отырып, педагогикалық эксперимент - зерттеушінің ғылыми гипотезасын растау (теріске шығару) үшін нақты ескерілетін жағдайларда жасауға бағытталған білім беру қызметін өзгертудің ғылыми алға қойылған тәжірибесі екенін анықтаймыз. Тәжірибелік жолмен оқу-тәрбие қызметінің жаңа тәсілдері, әдістері, нысандары, жүйелері практикаға жолдама алады. Экспериментатор (ғылыми-педагогикалық қызметкер) педагогикалық жағдайларды пайдалана отырып, оқыту мен тәрбиелеу процесінің барысын өзгертеді.

Толық ауқымды эксперименттерден басқа, ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің фрагментарлық эксперименттерді де жүргізуге толық мүмкіндігі бар. Педагогикалық экспериментті ұйымдастыру және өткізу үдерісінде мұғалімнің алдында екі міндет түр: алғашқысы – ол эксперименттік топтардың жағдайын бағалау және нәтижелерін анықтау, содан кейін - эксперименттің өзінен педагогикалық немесе тәрбиелік оң (теріс) әсерді ескеру. Педагогикалық эксперименттің жоспарын жасау кезінде мақсат-міндеттерді нақты тұжырымдап, педагогикалық шарттар мен орындалу уақытын белгілеп, мәселенің бастапқы деңгейін және білім алушылардың тәрбиеленуі мен оқытылуын, олардың тұлғааралық қатынастар құрылымына мән беру керек. Педагогикалық эксперимент әрқашан теориялық зерттеуге ғана емес, нақты педагогикалық проблемалар мен міндеттерді шешуге де бағытталуы тиіс. Бұл

ретте формализм болмауы керек. Эксперимент жүргізу кезінде ғылыми гипотезаға басымдық беріледі. Оны зерттеу - құбылыстарды байқаудан оның ішкі мазмұнын тану механизмін көрсетеді. Эксперимент нәтижесінде алынған қорытындылардың дұрыстығы оны жүргізу шарттарының сақталуына тікелей байланысты.

Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті біз құрастырған құрылымдық-мазмұндық модель арқылы оқытудың тиімділігін дәлелдеуге арналған педагогикалық эксперимент үш: анықтаушы (диагностикалық), қалыптастырушы және қорытынды кезеңдерден тұрды. *Эксперименттің мақсаты:* Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелілікті оқытудың тиімді тәсілі құрастырылған мазмұндық-құрылымдық модель мен элективті курстың тиімділігін дәлелдеу; оның теориялық-әдіснамалық негізін жасау. *Эксперимент алаңы* ретінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті мен «Болашақ» университеті.

Диагностикалық экспериментте бастапқы кезеңде ғылыми еңбектер негізінде зерттеудің негізгі бағыттары айқындалды. Экспериментке қатысушы студенттердің әдебиет теориясынан білімі сауалнамалар арқылы анықталып, *эксперименттік топта* Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 6B01721 (5B011700) – қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының екінші курсының (85 студент), *бақылау тобына* «Болашақ» университеті 6B01721 (5B011700) – қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының екінші курсы студенттері (75 студент) алынды. Педагогикалық эксперимент 2018-2022 жылдар аралығында жүргізілді.

Диагностикалық эксперименттің мақсаты – Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнеліліктің жоғары оқу орны жағдайында оқытудың алғашқы мәліметтеріне сүйене отырып, оқыту үрдісіндегі тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалану жолдарын анықтау, сонымен бірге болашақ тіл мамандарының Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті жоғары оқу орындарында оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері моделінің үш компоненті (танымдық, шығармашылық – іс-әрекеттік, жеке-тұлғалық бағдарланған) бойынша білім алушылардың Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті жоғары оқу орны жағдайындағы оқу үрдісіндегі меңгерген деңгейлерін (жоғары, орта, төмен) айқындау болып табылады. Осы орайда болашақ тіл мамандарына Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті жоғары оқу орындарында оқытудың жолдары мен тиімді әдіс-тәсілдерін анықтау үшін төмендегідей әдістемелер кешені дайындалды және пайдаланылды:

1) Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті контент-талдау әдісі;

2) Білім алушыларға Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқытудың маңыздылығын анықтауда авторлық сауалнамалар жүргізу;

3) Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті Жоғары оқу орындарында интербелсенді оқытудың тиімді жаңашылдық әдістері мен технологияларын контент-талдау;

4) А.В. Карповтың рефлексияның жеке дара өлшемдерін анықтауға бағытталған психодиагностикалық сұрақнамасы;

5) Өзін-өзі жетілдіру. А. Маслоу әдісі бойынша (Болашақ тіл мамандарының Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті меңгеруін білдіретін кәсіби мәнді қасиеттерін анықтау (кесте 11).

Кесте 11 – Болашақ тіл мамандарына ЖОО-да Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқытудың бастапқы деңгейін зерттеу әдістемелері

№	Компоненттері мен өлшемдер	Әдістеменің аты
1	Танымдық компонент, өлшемі – әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерін меңгеру.	1) Сыр сүлейлері шығармаларының кәсіби тұлғаның қалыптасуына көзқарасын анықтау үшін жоғарғы оқу орнының оқытушыларына дайындалған сауалнама; 2) Білім алушылардың «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік» туралы білім деңгейін анықтауға арналған авторлық сауалнама; 3) Білім алушыларға ЖОО- да Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқытудың маңыздылығын анықтауда әр түрлі авторлық сауалнамалар жүргізу.
2	Шығармашылық –іс-әрекеттік компонент, өлшемі – шығармашылық белсенділік	1) Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті контент – талдау әдісі; 2) Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті ЖОО – да интербелсенді оқытудың тиімді жаңашылдық әдістері мен технологияларын контент – талдау.
3	Жеке – тұлғалық компоненті, өлшемі – кәсіби тұлғалық өзін – өзі жетілдіру	1) А.В.Карпов ұсынған рефлексияның жеке дара өлшемдерін анықтауға бағытталған психодиагностикалық сұрақнамасы. 2) Өзін – өзі жетілдіру А. Маслоу (Болашақ тіл мамандарының Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті меңгеруін білдіретін кәсіби мәнді қасиеттерін анықтау.

Кестеде көрсетілген диагностикалық әдістемелердің көмегімен алғашқы алынған нәтижелерді қарастырамыз.

Болашақ тіл мамандарының Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті жоғары оқу орындарында оқу үрдісінде меңгеруі бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мақсаты мен міндеттері, модельдің компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және деңгейлеріне сәйкес алынған нәтижелері ашып көрсетіледі.

Біз зерттеу мақсатына сәйкес Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті жоғары оқу орнында оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін анықтау үшін ең алдымен тақырыпқа қатысты филологиялық,

фиолософиялық, педагогикалық-психологиялық ғылыми әдебиеттердің теориялық талдауын жүзеге асырдық.

Айқындаушы эксперимент кезеңінде жоғары білім беру жүйесінде Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті жоғары оқу орнында оқытудың тәсілдерін айқындау мақсатында білім алушылармен сауалнамалар жүргіздік. Сондай-ақ осы міндетті шешу үшін ЖОО-да жүзеге асырылатын тақырыпқа қатысты тәрбиелік іс-шаралардың жоспарлары мен бағдарламаларын талдауда (оқытушылар мен білім алушылардың ЖОО-да, мектептегі оқу, кәсіби практикаларындағы болашақ тіл мамандарының педагогикалық-психологиялық іс-әрекетін) құжаттарды талдау әдісін қолдандық.

Анықтаушы экспериментті зерттеудің 1-кезеңіндегі танымдық компонентінде, өлшемі ретінде - әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерін меңгеру ұстанымы бойынша ЖОО-да Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік туралы білімдерін айқындау мақсатында білім алушыларға сауалнама әдісін өткіздік.

1) Білім алушыларға «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік» туралы білім деңгейін анықтауға арналған авторлық сауалнамасы;

2) Білім алушылармен ЖОО-да Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқытудың маңыздылығын анықтауда авторлық сауалнамалар жүргізу;

3) Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті контент-талдау әдістері жүргізілді.

Айқындаушы эксперименттің шығармашылық - іс-әрекеттік компонентінде, өлшемі - шығармашылық белсенділік бойынша Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерінің кездесу жиілігі контент-талдау әдісінде анықталып, анықтаушы эксперимент барысында ЖОО-ның оқу үрдісінде Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерін тиімді қолданудың интербелсенді әдіс-тәсілдерін контент-талдау әдісі негізінде кездесу жиілігі айқындалды.

Айқындаушы эксперименттің 3-ші компонентінде жеке-тұлғалық компоненті, өлшемі - кәсіби тұлғалық; өзін-өзі жетілдіру бойынша Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерін контент-талдау негізінде анықтап, болашақ тіл мамандарына Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті жоғары оқу орындарында оқытудың жолдары мен тиімді әдіс-тәсілдерін таңдауға мүмкіндік берді. Жүргізілген қалыптастырушы эксперименттен кейін білім алушылардың Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті жоғары оқу орнында оқытудың интербелсенді тәсілдерін меңгеруі мен рефлексивтілігінің қалыптасу ерекшеліктері айқындалды. Зерттеуші білім алушылардың рефлексивтілігінің қалыптасуы ерекшеліктерін зерттеуде А.В. Карпов [140] ұсынған рефлексияның жеке дара өлшемдерін анықтауға бағытталған психодиагностикалық сұрақнамасын қолдандық. Содан соң өзін-өзі

жетілдіретін тұлғаның жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерінің меңгеруін білдіретін кәсіби мәнді қасиеттерін анықтау үшін қолданылған А. Маслоу ұсынған «Өзін-өзі таныту тесті» жүргізілді.

Қалыптастырушы эксперимент кезеңінде Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті жоғары оқу орнында оқытудың интербелсенді тәсілдерін меңгеруін анықтайтын авторлық сауалнамалар, олардың кездесу жиіліктерін контент-талдау арқылы зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді математикалық статистикалық өңдеу үшін Фишердің бұрыштық критерийлері қолданылды.

Зерттеуде қолданылған әдістемелердің сипаттамаларын берейік.

Контент – талдау әдісі.

Контент – талдаудың бірліктерін 2 топқа бөлеміз: сапалық және сандық. Контент-талдаудағы анализдегі сапалық бірліктер мәтіннен нені санау керек дегенді білдіреді. Ал сандық бірліктер қалай санау керек деген сұраққа жауап береді. Сапалық бірліктерге категорияларын жатқызуға болады.

Контент-талдаудың категориялары ретінде зерттеулердің концептуалды схемасын құрайтын кілттік ұғымдарды қарастырамыз. Категориялар неғұрлым ұсақ, сапалық бірліктерге, кішігірім категорияларға бөлінуі керек.

Контент-талдау әдісінде мәтіндегі белгілі бір тақырыптың аргументациялық интензивтілік деңгейін көрсету формуласы ұсынылады.

$$V_{kic} = \frac{K_{zl} + K_{em}}{\sum (2K_{zl} + K_{em})} \cdot 100\% \quad (1)$$

$K_{гл}$ – мағыналы бірлік негізі болған жағдайлар (даулар немесе кикілжің жағдайлар).

$K_{вт}$ – қосалқы (категориялар, тәсілдер).

Айқындаушы экспериментте контент-талдау әдісінің осы формуласын негізге ала отырып, Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті шешу тәсілінің сапалық бірліктерінің кездесу жиілігі саналды. Бұл зерттеулер төңірегінде мәтіннен, шешендік сөздерден Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік (астарлы және т.б.) тәсілдерінің кездесу жиілігін санадық. Концептуалды схемасын құрайтын кілтті ұғымдар ретінде Сыр сүлейлерінің шығармаларын қарастырдық. Сонымен қатар, контент-талдау арқылы білім алушылардың Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті интербелсенді әдістер арқылы меңгерген тәсілдерінің кездесу жиілігі анықталады. Сапалық мәліметтердің сандық бағалануы, олардың кездесу жиілігі болып табылады.

Сонымен эксперименттік-тәжірибелік жұмыстың алғашқы айқындаушы эксперименттің бірінші кезеңінде танымдық компоненті (өлшемі ретінде – әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерін меңгеруін оқытушылар мен

тәлімгерлерге жүргізілген сауалнаманың сандық және сапалық нәтижелеріне тоқталайық.

Эксперименттік-тәжірибелік зерттеу барысында оқу үрдісінде болашақ тіл мамандарының Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесін қаншалықты меңгергені туралы көзқарасын анықтап, зерттеу мақсатында жоғарғы оқу орнының оқытушыларына дайындалған сауалнама жүргізілді. Сауалнама қандай мағлұматтар негізінде нақты қорытынды жасауға болатынын болжамдайды.

Төмендегі сауалнамада Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларының кәсіби тұлғаның қалыптасуына көзқарасын айқындау мақсатында білім алушылармен жүргізілген сауалнама көрсеткіштерімен қатар, олардың (n=30) пайыздық мөлшері көрсетілген (кесте 12). Сауалнамада он сұрақ қамтылады. Сауалнама бойынша жүргізілген зерттеудің нәтижелерін сұрақтардың жауаптарының эмпирикалық мәліметтері сапалық тұрғыда талданып төменде сипатталған (сурет 7).

Анықтаушы эксперименттің танымдық компоненті бойынша тәжірибелік зерттеудің осы кезеңінде бақылау және эксперименттік топта білім алушылардың «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік» туралы білім деңгейін анықтауға арналған авторлық сауалнамасы 2018-2019 оқу жылдары 2-курс студенттеріне жүргізілді (кесте 13).

Кесте 12 - Сауалнама нәтижесі төмендегідей болды


Сауалнама	Бақылау тобы (БТ)			Эксперимент тобы (ЭТ)		
	«Иә»	«Жауап беру қиын»	«Жоқ»	«Иә»	«Жауап беру қиын»	«Жоқ»
1	2	3	4	5	6	7
1. Сіз Сыр сүлейлері туралы не білесіз?	(8%)	(8%)	(1,3%)	(10,5%)	(4,7%)	(1,2%)
2. Сыр сүлейлері шығармаларымен таныссыз ба?	(8%)	(8%)	(10,6%)	(14%)	(4,7%)	(1,2%)
3. Қазақ әдебиетіндегі әдеби бейне, бейнелілік туралы ғылыми түсінік қалыптастыру маңызды ма?	(12%)	(5,3%)	–	(10,5%)	(4,7%)	(2,3%)
4. Қазіргі уақытта Сыр сүлейлері шығармаларындағы көркемдік дүниетанымды білу маңызды ма?	(8%)	(5,3%)	–	(14%)	(4,7%)	–
5. ЖОО-да оқыту – тәрбие жұмыстарын жүргізуде Сыр сүлейлері жасаған образдың түрлерін саралап өту дұрыс деп ойлайсыз ба?	(12%)	(10,6%)	–	17,6%)	(9,4%)	–
6. Поэзиялық айшықты орамдарды оқытуда Сыр сүлейлерінің дүниетанымы мен көркемдік ойлауын ескеру қажет пе?	(16%)	(10,6%)	–	(17,6%)	(2,3%)	–
7. ЖОО-да қазақ әдебиетін оқыту үрдісінде Сыр сүлейлерінің жазба айтыстарындағы ұлттық мінез, ұлттық сипатты ашу маңызды ма?	(8%)	(5,3%)	(10,6%)	(14%)	(4,7%)	(1,2%)

12 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
8. Ұлттық сипатқа байланысты Сыр сүлейлері қолданған бейнелілікті пайдалану арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби тұлғасын қалыптастыруға бола ма?	(8%)	(5,3%)	–	(10,5%)	(4,7%)	–
9. ЖОО-да сапалы білім, саналы тәрбие беруде Сыр сүлейлері шығармаларын етене таныстыру қажет пе?	(4%)	(18,6%)	(4%)	10,5%)	(11,7%)	(2,3%)
10. ЖОО-да тәрбие беруде Сыр сүлейлерінің адамгершілік, ізгілік, имандылыққа байланысты ойларын пайдалану тиімді деп ойлайсыз ба?	(8%)	(5,3%)	(1,3%)	(7%)	(4,7%)	(7%)
Барлығы	30,6 %	41,3 %	28%	42,3%	31,7 %	25,8%

Кесте 13 – Диагностикалық эксперименттің танымдық компоненті бойынша

Эксперимент топ атауы	Пайыздық өлшемі	Иә	Жауап беруге қиналамын	Жоқ
БТ	/n саны	23	31	21
БТ	/% пайызы	30,6 %	41,3 %	28%
ЭТ	/n	36	27	22
ЭТ	/%	42,3%	31,7 %	25,8%



Сурет 7 – Диагностикалық эксперимент бойынша бақылау және эксперимент тобы білім алушыларының «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік» туралы білім деңгейін анықтауға арналған сауалнамасы бойынша диаграммасы

Біз Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті жаңаша әдістемелік технологиялық бағдарламалар жүйесімен меңгеру деңгейіне қайта диагностикалық зерттеулер жүргіздік. Оның эксперименттік және бақылау топтарындағы нәтижелерге салыстырмалы талдау жүргіздік.

Бұл контент-талдау зерттеулерінде Сыр сүлейлерінің шығармаларындағы бейнелілік тәсілдерін бірнеше категорияларға бөліп, мәтіндерден анықтап, талдау жасадық. Контент-талдауда стандартты бірлік ретінде мынаны алдық:

а) сыр сүлейлері шығармаларындағы шешу тәсілдері, пікірлерімен ұшқыр ой-қорындылары;

б) халық ауыз әдебиетінен алынған аңыз-әңгімелер, жыр, дастандар және т.б.

Контент-талдаудың категориясы ретінде алынған зерттеу объектілерінің, яғни Сыр сүлейлері шығармаларындағы бейнелілік тәсілдерінің кілттік концептуалды ұғымдарын қалыптастыру. Бұл жұмыс бойынша негізінде талданатын құжаттардың жеке элементтеріне осы категориялардың кездесу жиілігін сенімді және жүйелі түрде тіркеп отыру керек. Бұл зерттеу жұмысы бойынша: категориялар Сыр сүлейлерінің шығармаларындағы бейнелілік тәсілдерінің кездесу жиілігі болып табылады.

14-кестеде көрсетілгендей, осындай алынған мәліметтер статистикалық тұрғыда өңделіп талданды. Контент-талдаудың бірліктерін екі топқа бөлеміз: сапалық және сандық. Контент-талдаудағы сапалық бірліктер мәтіннен нені санау керек дегенді білдіреді. Ал сандық бірліктер қалай санау керек деген сұраққа жауап береді. Сапалық бірліктерге категорияларын жатқызуға болады. Контент-талдаудың категориялары ретінде зерттеулердің концептуалды схемасын құрайтын кілттік ұғымдарды қарастырамыз. Категориялар неғұрлым ұсақ, сапалық бірліктерге, шағын категорияларға бөлінуі керек. Бұл зерттеулер төңірегінде мәтіннен, Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдері т.б. шешу тәсілдерінің кездесу жиілігін санадық. Концептуалды схемасын құрайтын кілтті ұғымдар әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерін қарастырдық:

A1 – Базар жырау;

A2 – Т.Ізтілеуов

A3 – Ш.Омары;

A4 – Қарасақал Ерiмбет;

A5 – Қаңлы Жүсіп;

A6 –Кете Жүсіп;

A7 – Күдеріқожа Көшекұлы;

A8 – Дастандар;

A9 – Айтыстар;

A10 – Толғаулар;

A11 – Жыраулар.

V₁ – ақпараттың толықтығында бірнеше тәсілдердің кездесу жиілігі анықталды.

Кесте 14 – Эксперименттің қалыптастырушы кезеңіндегі шығармашылық – іс – әрекеттік компоненті бойынша Сыр сүлейлерінің шығармаларындағы бейнелілік мәселесін шартты түрде кездесу жиілігін контент – талдау әдісімен пайыздық көрсеткіштерін сандық және сапалық талдау

Сыр сүлейлерінің шығармаларындағы бейнелілік тәсілдері	Поэзиялық айшықты орамдармен берілетін мағыналы сөздер Б₁	Теңеулік бейне жасалатын; Б₂	Эпитеттік бейне Б₃	Әсірелеу (гипербола, литота) Б₄	Нақыл – ғибрат, бейнелі ойлы, қанатты сөздер Б₅	Сөз қайталау арқылы өлеңге рең беру; дыбыстық үндестік (аллитерация мен ассонанс) Б₆	Эпикалық бейне Б₇	Лирикалық бейне Б₈
A ₁ – Базар жырау	0,43	0,30	0,25	–	0,42	0,3	0,38	0,38
A ₂ – Т.Ізтілеуов	0,43	0,37	0,37	–	0,42	0,37	0,42	0,42
A ₃ – Ш.Омары	0,40	0,30	–	–	0,42	1,6	–	–
A ₄ – Қарасақал Ерiмбет	0,4	0,33	0,5	0,4	0,4	0,4	–	–
A ₅ – Қаңлы Жүсіп	0,5	0,30	0,44	0,40	0,5	0,40	0,33	–
A ₆ – Кете Жүсіп,	0,38	0,5	0,33	0,35	0,5	0,35	0,35	–
A ₇ - Күдерiқожа Көшекүлы	0,44	1,6	1,6	–	0,43	1,6	–	–
A ₈ – дастандар	0,43	0,40	0,40	1,6	0,42	0,40	0,38	–
A ₉ – айтыстар	0,43	0,37	0,37	0,37	0,42	0,37	0,37	–
A ₁₀ – толғаулар	1,6	0,4	0,33	0,30	0,37	0,35	0,5	–
B ₁ – ақпарат толықтығы	0,66	0,39	0,64	0,58	0,79	6,0	0,62	0,072

Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдеріне орай: поэзиялық айшықты орамдармен берілетін мағыналы сөздер **Б₁**, астарлы ойлау тәсіліне келетін болсақ, мәселен, Базар жырау шығармаларында оның кездесу жиілігінің орташа арифметикалық мәні – 0,4. Базар жырау бұл тәсілді адам психикасына, ой – санасына түрткі салатындай елеулі әсер ете алған, көпшілікті өз сөзіне иландыра білген тұлға.

Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдеріне орай (15 – кесте) бойынша төмендегідей қарастыруға болады:

- поэзиялық айшықты орамдармен берілетін мағыналы сөздер **Б₁**
- теңеулік бейне жасалатын **Б₂**
- эпитеттік бейне **Б₃**.
- әсірелеу (гипербола, литота) **Б₄**;
- нақыл – ғибрат, бейнелі ойлы, қанатты сөздер **Б₅**;
- сөз қайталау арқылы өлеңге рең беру;
- дыбыстық үндестік (аллитерация мен ассонанс) **Б₆**.

- эпикалық бейне Б₇,
- лирикалық бейне Б₈

Б₁, Б₂, Б₃, Б₄, Б₅, Б₆, Б₇, Б₈ осы тәсілдерінде Базар жыраудың ерекше қолданғаны байқалады. Мәселен, мақал-мәтелдермен қарсыласын бастырмалату, нақыл-ғибрат, бейнелі ойлау әсіресе Базар жырау мен Кете Жүсіп шығармаларында кеңінен қолданылған.

Т.Ізтілеуов өзіндік ерекшелігі кіші жүзге тән таптаурыны мен психологиясы мінез-құлқына сәйкес келетін сипаттарының бірін аңғартады. Поэзиялық айшықты орамдармен берілетін мағыналы сөздер Б₁, теңеулік бейне жасалатын Б₂, эпитеттік бейне Б₃, нақыл-ғибрат, бейнелі ойлы, қанатты сөздер Б₅; сөз қайталау арқылы өлеңге рең беру; дыбыстық үндестік (аллитерация мен ассонанс) Б₆ тәсілдерінен айқын көруге болады.

Ал, Шораяқтың Омары шығармаларындағы сөзге шешендігі, тапқырлығы айтылады. Ауыз әдебиетінен қалған рухани мұралардан Ш.Омары туралы мәліметтерде оның сөз саптауында шешендік өнерінде қолданған тәсілі, поэзиялық айшықты орамдармен берілетін мағыналы сөздер Б₁, нақыл-ғибрат, бейнелі ойлы, қанатты сөздер Б₅; сөз қайталау арқылы өлеңге рең беру; дыбыстық үндестік (аллитерация мен ассонанс) Б₆ тұспалдап айту, астарлап айту тағы басқа тәсілдерінен айқын көрінеді. Осы Сыр сүлейлері шығармаларындағы поэзиялық айшықты орамдармен берілетін мағыналы сөздер Б₁ ең көп ақпарат толықтығын көрсететін орташа арифметикалық мәні – 0,54 көрсетті.

Кесте 15 – Сыр сүлейлерінің шығармаларындағы бейнелілік тәсілдерінің кездесу жиілігінің % пайыздық көрсеткіштері мен олардың орташа арифметикалық мәні

Категориялар көлемі немесе тәсілдері	Б1	Б2	Б3	Б4	Б5	Б6	Б7	Б8
Категориялар көлемі δ % орташа арифметикалық мәні	0,54	0,3	0,32	0,37	0,4	0,4	0,4	0,3

Бұл статистикалық сандық көрсеткіштен байқағанымыз болжамға сәйкес келуінде. Сыр сүлейлері шығармаларындағы бейнелілік тәсілінде шешу тәсілдері «тұспалдап» айту, «астарлап» ойлау арқылы қарым-қатынасты орнықтыра реттей білген. Бұл әлеммен өзара әрекетінің айрықша ерекшелігін көрсетеді.

Айқындаушы эксперименттің жеке-тұлғалық компоненті бойынша үшінші зерттеу кезеңінде білім алушылардың ЖОО-да Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерін қолдануда және жалпы қарым-қатынаста рефлексивтілігінің көріну дәрежелерін анықтауда А.В. Карповтың рефлексияның жеке дара өлшемдерін анықтауға бағытталған психо-диагностикалық сұрақнамасын қолдандық. Айқындаушы эксперименттің нәтижелерінде анықталғандай, С.М. Жақыпов «бірлескен танымдық диалогтық

қарым-қатынас» тұжырымдамасы тұрғысы негізінде білім алушылардың рефлексивтілігінің пайыздық үлесінің көрсеткіштері 16-кестеде көрсетілген.

Бұл кезеңде айқындаушы экспериментке қатысқан 160 зерттелушіден 114 зерттеушілерде (А) тобындағы студенттердің қарым-қатынас рефлексивтілігінің деңгейі жоғары, яғни «эффектісі барлар» 38%-ын қамтыса, (Б) тобындағы зерттелуші 186 студенттерде қарым-қатынас рефлексивтілігінің деңгейі төмен, яғни «эффектісі жоқтар» 62% пайызын көрсетті (кесте 16).

Кесте 16 – Білім алушылардың қарым – қатынас рефлексивтілігі бойынша пайыздық үлесінің көрсеткіштері

Топтар	Қарым – қатынас рефлексивтілігінің деңгейі жоғары: «эффектісі бар»			Қарым – қатынас рефлексивтілігінің деңгейі төмен: «эффектісі жоқ»			Қосындылары
	Зерттеушілер саны	% үлес		Зерттеушілер саны	%үлес		
АЭТ	61	(38%)	А	99	(62%)	Б	160

Эксперименттік зерттеудің жеке-тұлғалық компоненті бойынша үшінші кезеңінде кәсіби өзін-өзі жетілдіретін тұлғаның Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерін меңгеруін білдіретін кәсіби мәнді қасиеттерін зерттедік.

Эксперимент кезеңінде студенттердің көп қырлы тұлғалық қасиеттерін анықтайтын Маслоудың «Өзін-өзі таныту» тесті назарға алынды. Осы сынақ үшін анықтаушы эксперимент нәтижесінде алынған орташа арифметикалық мәндер 17-кестеде келтірілген.

Кесте 17 – Білім алушылардың өзін-өзі сәйкестендіру параметрлерінің орта арифметикалық көрсеткіштері

Эксперимент түрлері	Өзін – өзі сәйкестендіру параметрлері				
	Құндылық бағдарлар	Мінез – құлықтың икемділігі	Қарым – қатынас	Танымдық қажеттіліктер	Шығармашылық
Қалыптастырушы кезең	5,2	5,2	4,4	4,4	4,4

Зерттеудің мақсатына сәйкес тұлғаның қарым-қатынаста өзін-өзі көрсету ерекшеліктерін анықтайтын осы тесттің 5 шкалалары – (құндылықтық бағдарлар, мінез-құлықтың икемділігі, қарым-қатынас, танымдық қажеттіліктер мен шығармашылық) бойынша зерттеу жүргіздік.

«Өзін-өзі таныту» тесті бойынша алынған нәтижелерге негізделе отырып, біз зерттелуші білім алушылардың айқындаушы экспериментте анықталған өзін-өзі таныту деңгейінің пайыздық мөлшерін таптық. Бұл нәтижелер бізбен келесі 18-кестеде көрсетілді. Зерттелушілердің өзін-өзі таныту сипаттамалары нәтижелерінің талдауы көрсеткендей, олардың 52-ы «Құндылықтық бағдарлар» шкаласы бойынша төмен нәтижеге ие болып, олардың құндылықтары өзін-өзі танытатын тұлға құндылықтарына сай келмейтіндігін білдірді. Зерттелушілердің 36%-ы өзін-өзі танытатын тұлға құндылықтарын жартылай бөліссе, ал тек 12%-ы мұндай құндылықтарды жоғары қабылдайтынын көрсетті.

Зерттелушілердің «Мінез-құлық икемділігі» шкаласы бойынша алынған нәтижелерден, олардың 56%-ы бұл шкаладан төмен балл алып, өзгермелі жағдаяттарда өздерінің тез және адекватты жауап беру және бейімделу қабілеттерінің төмендігін білдірді.

Кесте 18 –Білім алушылардың экспериментте анықталған өзін – өзі жетілдіру деңгейінің пайыздық мөлшері

Шкалалар	Деңгейі					
	Жоғары		Орташа		Төмен	
	Зерттеушілер саны	%	Зерттеушілер саны	%	Зерттеушілер саны	%
1. Құндылықтық бағдарлар	19	12	58	36	83	52
2. Мінез – құлық икемділігі	32	20	38	24	90	56
3. Қарым – қатынасшылдық	26	16	45	28	89	55
4. Танымдық қажеттіліктер	16	10	48	30	96	60
5. Креативтілік	23	14	50	31	87	55

Зерттелушілердің 24%-ы мұндай қабілеттердің орташа деңгейін, ал 20%-ы жоғары деңгейде қалыптасқандығын көрсетті.

«Қарым-қатынасшылдық» шкаласы бойынша 56%-ы білім алушылардың терең әрі тығыз субъект – субъектілік қарым-қатынасты орнатуға қабілеттерінің төмендігін білдірсе, 16%-ы білім алушылардың бұл қабілеті жоғары деңгейде қалыптасқандығын көрсетті. Ал 28%-нда контакттылықтың орташа деңгейі анықталды.

Зерттелуші білім алушылардың 60%-ы «Танымдық қажеттіліктер» шкаласынан, ал 55%-ы «креативтілік», яғни шығармашылық шкаласынан төмен балл алуы олардың өнер мен шығармашылыққа аз қызығушылығын білдірді. Білім алушылардың 30%-ы орташа қызығушылықты, ал тек 10%-ы таным мен шығармашылыққа жағымды қатынас пен ЖОО-да да Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдері туралы білімдерді алуға талпыныстарын, олардың кәсіби тұлғалық шығармашылық бағыттылығын көрсетті.


Диагностика жасалып, қатысушы екі топ анықталғаннан кейін педагогикалық эксперименттің қалыптастырушы кезеңінде Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелілік мәселелерін оқытуда эксперимент тобында «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» атты элективті курс әзірленіп, оқу процесіне енгізілді. Ал, бақылау тобында зерттеу тақырыбына қатысты мәселелер білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарында ЖОО компонент болып саналатын «Халық ауыз әдебиеті», «Хандық дәуір әдебиеті», «XIX ғасыр әдебиеті» деген пәндер аясында қарастырылды. Жасалған жұмыстарды төмендегіше сипаттаймыз.

Қалыптастырушы эксперименттің 1-кезеңіндегі танымдық компонентінде, өлшемі ретінде – әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерін меңгеру 2020-2021 оқу жылының 2-ші академиялық кезеңінде «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік» мәселесі туралы жоғары оқу орындарының білім алушыларына дайындалған сауалнама жүргізіліп, бақылау және эксперименттік топқа кірген 2-курс білім алушыларына арнайы курсты оқытқаннан кейін екі жылдан соң қайтадан жүргізіп пайыздық көрсеткіштерін төмендегі 19-кестеде көрсеттік. Біз, зерттеу жұмысымыздың соңында бақылау эксперименті бойынша салыстырмалы зерттеу жүргіздік.

Зерттеудің қалыптастырушы экспериментінің 1- кезеңінде танымдық компоненті бойынша екі топтың 2- курс білім алушыларына жоғары оқу орындарының «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» курсынан кейінгі жүргізілген сауалнаманың нәтижелері төмендегі кестелерде бейнеленген және гистограммада көрсетілген (сурет 8).


Кесте 19 - Қалыптастырушы экспериментке дейінгі және кейінгі танымдық компоненті бойынша бақылау және эксперимент топтары білім алушыларына «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік» туралы білім деңгейін анықтауға арналған сауалнамадан алынған тәжірибелік мәліметтердің салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері

	Бақылау тобы		Эксперимент тобы	
	Экспериментке дейінгі кезең 2019 – 2020	Эксперименттен кейінгі кезең 2021 – 2022	Экспериментке дейінгі кезең 2019 – 2020	Экспериментте н кейінгі кезең 2021 – 2022
«Ия» деген жауап	30,6 % (23)	53,4% (40)	42,3 % (36)	91,8% (78)
«Жауап беруге қиналамын»	41,3 % (31)	33,3 % (25)	31,7 % (27)	8,2% (7)
«жоқ» деген жауап	28 % (21)	13,3% (10)	25,8 % (22)	0% (0)



Сурет 8 - Қалыптастырушы экспериментке дейінгі (2019 – 2020 ж.ж) екі топтың «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік» туралы сауалнамадан алынған тәжірибелік мәліметтердің салыстырмалы пайыздық көрсеткіштерінің гистограммасы

Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі (2020-2021жж) эксперимент тобына «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» таңдау курсынан оқытқаннан кейінгі сауалнамадан алынған тәжірибелік зерттеу мәліметтері айтарлықтай оңды әсер етті, бақылау тобынан алынған сандық және сапалық мәліметтерін салыстырып интерпретациялау кезінде айырмашылықтарын айқын көруге болады (сурет 9).



Сурет 9 - Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі (2020 – 2021 ж.ж) екі топтың «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік» туралы сауалнамадан алынған тәжірибелік мәліметтерінің салыстырмалы пайыздық көрсеткіштерінің гистограммасы

Қалыптастырушы эксперимент барысында эксперимент тобына жүргізілген «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» атты таңдау курс бағдарламасы өз нәтижесін бергенін анық көруге болады. Білім алушыларға Сыр сүлейлерінің шығармашылығы, ондағы «әдеби бейне», «бейнелілік» категориялары жайлы түсінік беру, қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар Сыр сүлейлері атанған бірнеше ақын-жыраулар, жыршы, термешілердің шығармаларын көркемдік-стильдік жағынан заманауи педагогикалық техникамен оқыту, білім алушының өзін-өзі білімдендіруіне ықпал еткенін байқауға болады. Зерттеу нәтижелерінің репрезентативтілігі, яғни, келешекте осы тақырыптың әрі қарай да практикада қолданысқа ие болатындығын аңғартады.

Екінші кезекте қалыптастырушы экспериментке дейінгі және кейінгі эксперименттік және бақылау топтарының 160 білім алушыларына шығармашылық – іс-әрекеттік компонент, өлшемі – шығармашылық белсенділік бойынша теориялық білім қалыптасу деңгейлері зерттелді. Осыған орай, диагностикалау мақсатында қалыптастырушы экспериментке дейінгі жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқытуды кезінде білім алушылар ізденіс, зерттеу және талдауға негізделген шығармашылық жұмыстарға жұмылдырылды. Білім алушылардың «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» барысында әртүрлі іс-әрекетте: оқу, аудиториядан тыс, ғылыми жобаларда, айтыс мұшайралары, клуб жұмыстары арқылы бақылады. Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту арқылы білім алушылардың кәсіби тұлғалық шығармашылығын анықтауда шығармашылық – іс-әрекеттік компонент бойынша білім алушылардың теориялық білімінің көрінуін оқу іс-әрекетінде білім алушы өзіне прагматикалық сипаттағы сұрақтар қойып, («Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» атты таңдау курсы маған, кәсіби даму тұрғысынан не береді? Оның маған келтірер пайдасы бар ма?») деген сауалдарға жауап берудегі шығармашылық ізденісі, оның сабақ тақырыбына деген қызығушылығы мен ынтасының артқанын байқадық. Сонымен қатар, білім алушылардың Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту курсында Сыр сүлейлері атанған бірнеше ақын-жыраулар, жыршы, термешілердің шығармаларын көркемдік-стильдік жағынан заманауи педагогикалық техникамен оқып талдап, меңгеру, білім алу технологиясы мен әдістерін түсініп қолдану арқылы таңдау курсқа деген талпыныстарын байқадық. Осыған орай, қалыптастырушы экспериментке дейін шығармашылық – іс-әрекеттік компоненті бойынша Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті контент-талдау әдісімен тәжірибелік зерттеу жүргізілген. Осы зерттеу негізінде Сыр сүлейлерінің шығармаларындағы бейнелілік тәсілдерінің кездесу жиілігі контент-талдау әдісімен анықтауға мүмкіндік берді (кесте 20).

Кесте 20 - Сыр сүлейлерінің шығармаларындағы бейнелілік тәсілдерінің кездесу жиілігі контент-талдау әдісінің кездесу жиілігінің көрсеткіштері

Сыр сүлейлерінің шығармаларындағы бейнелілік тәсілдері	Поэзиялық айшықты орамдармен берілетін мағыналы сөздер Б₁	Теңеулік бейне жасалағын; Б₂	Эпитеттік бейне Б₃	Әсірелеу (гипербола, литота) Б₄	Нақыл – ғибрат, бейнелі ойлы, қанатты сөздер Б₅	Сөз қайталау арқылы өлеңге рең беру; дыбыстық үндестік	Эпикалық бейне Б₇	Лирикалық бейне Б₈
Категориялар көлемі немесе тәсілдер	Б ₁	Б ₂	Б ₃	Б ₄	Б ₅	Б ₆	Б ₇	Б ₈
Кездесу жиілігінің δ % орташа арифметикалық мәні	0,54	0,3	0,32	0,37	0,4	0,4	0,4	0,3

Қалыптастырушы экспериментке дейінгі бұл зерттеулерден алынған мәліметтер (3.1. параграфта қарастырылған) Б₁, Б₂, Б₃, Б₄, Б₅, Б₆, Б₇, Б₈ осы тәсілдерінде Базар жыраудың ерекше қолданғанын зерттеген едік. Мәселен, эпитеттік бейне, нақыл-ғибрат, бейнелі ойлы, қанатты сөздер Б₅, әсіресе Базар жырау мен Кете Жүсіп шығармаларында кеңінен қолданылғаны аталмыш параграфта сипатталған.

Қалыптастырушы эксперименттің шығармашылық – іс-әрекеттік компонент, өлшемі - шығармашылық белсенділік бойынша зерттеудің екінші кезеңінде «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» таңдау курсына тиімді интербелсенді әдістер арқылы болашақ тіл мамандарының кәсіби шығармашылық қабілетінің қалыптасуы зерттелді. Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерін оқытудың тиімді интербелсенді әдістерін контент-талдау әдісімен кездесу жиілігі сарапталды, ол (21-кестеде) келтірілген.

Кесте 21 - Қалыптастырушы эксперименттің шығармашылық – іс-әрекеттік компоненті бойынша білім алушылардың «Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті» арнайы курсына тиімді қолданған жаңашылдық әдістері мен технологияларын контент – талдау әдісі арқылы кездесу жиілігін сандық және сапалық мәліметтерінің пайыздық көрсеткіштері

ЖОО – да әдеби бейне және бейнелілікті оқытуда қолданылған жаңашылдық әдістері мен технологиялары	«Оқылым мен жазылым арқылы сыни тұрғыда ойлауды дамыту» (RWCT) технологиясыБ ₁	Case – study әдісіБ ₂	АКТБ ₃	«DEAL» Б ₄	INSERT Б ₅	«Топтық» жұмысБ ₆	БАӨЖ – ді Блум таксономиясы бойыншаБ ₇	БАӨЖ сабақтарындағы CASE – STUDY әдісіменБ ₈	Сын тұрғысынан ойлау, топтық жұмыс, кері байланыс Б ₉
Зерттелуші нысандары									
А1 – БОӨЖ	0	0	0,1	–	–	–	–	–	0,2
А2 – БАОӨЖ	0,2	0,1	–	0,1	–	–	–	0,1	0,3
А3 – білім алушылар мүшәйрасындағы ақындар айтысы	0,2	0,3	0,2	0,3	0,1	–	–	0,1	0,2
А4 – Ә. Қоңыратбаев атындағы әдебиет үйірме жұмысы	0,6	4,1	0,2	0,2	0,1	1,1	0,1	0,3	0,1
А5 білім алушы – оқытушы	0,5	1,4	0,6	0,3	0	0,4	0,2	0,4	1,2
Кездесу жиілігінің арифметикалық орташа мәні	0,65	0,48	0,45	0,25	0,56	0,46	0,39	0,115	0,698

ЖОО – да әдеби бейне және бейнелілікті оқытуда қолданылған жаңашылдық әдістері мен технологиялары

- оқылым мен жазылым арқылы сыни тұрғыда ойлауды дамыту» (RWCT) технологиясы – 0,65%
- case – study әдісі – 48,4%
- АКТ (ақпараттық – коммуникациялық техникалар) – 45,2%
- «DEAL» – 5,2%
- INSERT – 0,56%

- «Топтық» жұмыс – 0,46
- БАОӨЖ – ді Блум таксономиясы бойынша – 0,39%
- БӨЖ сабақтарындағы CASE – STUDY әдісімен – 0,115%
- сын тұрғысынан ойлау, топтық жұмыс, кері байланыс (рефлексия) – 0,66%

Қалыптастырушы экспериментте шығармашылық – іс-әрекеттік бойынша білім алушылардың жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқу үрдісінде жаңашылдық әдістері мен технологияларын қолданудың тиімділігін контент-талдау әдісі арқылы алынған мәліметтердің кездесу жиілігін пайыздық көрсеткіштері Case – study әдісі $B_2=0,115\%$, сын тұрғысынан ойлау, топтық жұмыс, кері байланыс – $B_9=0,69\%$ – ды көрсетті. Оқылым мен жазылым арқылы сыни тұрғыда ойлауды дамыту (RWCT) технологиясы - $0,65\%$ - ын көрсетсе, АКТ (ақпараттық - коммуникациялық техникалар) - $0,45\%$, «DEAL» – $0,9\%$ -ын, БАОӨЖ-ді Блум таксономиясы бойынша – $0,39$ – ын, БАӨЖ сабақтарындағы CASE – STUDY әдісімен $B_8 = 0,115$ - ын, сын тұрғысынан ойлау, топтық жұмыс, кері байланыс $B_9=0,66$ -дық көрсеткіштерін көрсетті. Оқытушылар білім алушыларға Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқу үрдісінде қызығушылығын арттырып, әр түрлі оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдаланып, адамның рухани құндылығын арттыратын поэзиялық шығармаларды өз бетімен оқуға ізденуге тәрбиеледі. Осындай өзекті мәселелерді шешу жолының бірі ретінде Ә. Қоңыратбаев атындағы әдеби үйірме жұмысы арқылы білім алушылардың бойындағы әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамыту көзделеді. Ә. Қоңыратбаев атындағы әдебиет үйірмесі – білім алушыларға поэзияны оқыту, сол оқыған шығармасындағы тілдік – көркемдік ерекшеліктерді таба білуге үйретіп, әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану арқылы көркем шығарманың тілін түсінуге, сөз мағынасымен жұмыс жасауға дағдыландырды. Білім алушылардың өз бетінше ізденіп, шығармашылықпен жұмыс істей білуге үйретті. Лирикалық шығарманы жан – жақты талдай білуге дағдыландыру сияқты қабілеттерін дамыту мақсатында жұмыс жасады.

Білім алушылар Сыр бойы ақын-жыраулары әдеби мұрасының қазақ әдебиеті тарихында өзіндік шығармашылық мектеп дәстүрін қалыптасуын көрсетеді, оның нәтижесінде теориялық білімді практикада қолдана білуге, мәтінді талдауға қатысты еңбектермен жүйелі танысып, салыстыра зерттеуге дағдыланды, болашақ тіл мамандарына Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелілік мәселесін жаңа технологиялық тәсілдермен меңгеруі практикада жүзеге асты (кесте 22).

Кесте 22 - Қалыптастырушы экспериментте шығармашылық іс – әрекеттік компоненті бойынша білім алушылардың «Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» курсына тиімді қолданған интербелсенді әдістерді контент – талдау әдісі арқылы кездесу жиілігі сандық және сапалық мәліметтерінің көрсеткіштері

Білім алушылардың Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқу үрдісінде интербелсенді әдістерді қолдану тәсілдері	Кездесу жиілігі								Сын тұрғысынан ойлау, топтық жұмыс, кері байланыс ^{Б9}
	«Оқылым мен жазылым арқылы сыни тұрғыда ойлауды дамыту» (RWCT) технологиясы ^{Б1}	Case – study әдісі ^{Б2}	АКТ ^{Б3}	«DEAL» ^{Б4}	INSERT ^{Б5}	«Топтық» жұмыс ^{Б6}	СОӨЖ – ді Блум таксономиясы бойынша ^{Б7}	СӨЖ сабақтарындағы CASE – STUDY әдісімен ^{Б8}	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
БТ 75 (w _i)	5	15	7	–	4	7	4	5	47,2
ω%	7,8	23	10,2	–	5,8	10	5,8	7,8	60,2
ЭТ 85 (w _i)	65,5	48,4	45,2	25	56,5	46,7	43,5	45,8	82,2
(ω%)	68,7	58,6	65,5	3,1	70,8	61,4	60,4	56,7	72,5

Білім алушылардың қалыптастырушы экспериментте шығармашылық іс-әрекеттік компоненті бойынша жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқу үрдісінде қолданған тиімді интербелсенді әдіс ретінде сын тұрғысынан ойлау, топтық жұмыс, кері байланыс, Б₉ – дың кездесу жиілігінің орташа арифметикалық мәні – 72,5% болып, басқа тәсілдермен салыстырғанда басымырақ екенін көрсетті.

Қалыптастырушы эксперименттің шығармашылық іс-әрекеттік компоненті бойынша зерттеудің осы кезеңде, білім алушылардың «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» атты арнайы курста Сыр сүлейлері атанған бірнеше ақын-жыраулар, жыршы, термешілердің шығармаларын көркемдік – стильдік жағынан заманауи педагогикалық техникамен оқыту арқылы білім алушылардың өзін-өзі дамытуына ықпал еткен шығармашылық тұрғыда психологиялық ерекшеліктері зерттелді. Осыған орай, ең алдымен, біз Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерін практикада қолданудың шығармашылық тұрғысын айқындап контент-талдау әдісі арқылы жіктедік. Білім алушылардың жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерін меңгеруіне әсер

ететін семинар сабақтарда, БАОӨЖ және БОӨЖ тиімді қолданылған интербелсенді әдістердің кездесу жиіліктері сандық және сапалық өңделіп талданды. Контент-талдау әдісінде мәтіндегі белгілі бір тақырыптың аргументациялық интензивтілік деңгейін көрсету формуласы ұсынылды.

$$Y_{kic} = \frac{K_{gl} + K_{em}}{\sum (2K_{gl} + K_{em})} \cdot 100\% \quad (2)$$

K_{gl} – мағыналы бірлік негізі болған жағдайлар (шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдері).

K_{em} – қосалқы (категориялар, тәсілдер)

Қалыптастырушы эксперименттің шығармашылық – іс – әрекеттік компонентін контент – талдау әдісінің осы формуласын негізге ала отырып, болашақ тіл мамандарының ЖОО – да Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерін меңгерудің тиімді әдіс-тәсілдерінің сапалық бірліктерінің кездесу жиілігі саналды. Контент – талдау арқылы білім алушылардың ЖОО – да Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті тиімді интербелсенді тәсілдер арқылы меңгерудің кездесу жиілігі анықталып, сапалық мәліметтердің сандық бағалануы, олардың кездесу жиілігі болып табылып, жоғарыда көрсетілген формула бойынша есептелінді.

Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқу үрдісінде тиімді интербелсенді әдістер арқылы білім алушылар қалай меңгергендігін айқындау мақсатымен анықтаушы экспериментте білім алушылар Сыр сүлейлері шығармаларын қандай интербелсенді әдістер арқылы әдеби бейне және бейнелілікті терең меңгергенін зерттелді. ЖОО – да Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерінің оқытудың тиімді интербелсенді әдістері контент-талдауға салынып, 22 кестеде келтірілген.

Зерттеу жұмысы бойынша «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» атты таңдау курс бағдарламасы өз нәтижесін берді. Келешекте осы тақырыпты әрі қарай да практикада қолдануға болады деп ойлаймыз.

Қалыптастырушы эксперименттің жеке – тұлғалық компоненті, өлшемі – кәсіби тұлғалық өзін-өзі жетілдіру бойынша эксперименттің үшінші қорытынды кезеңінде зерттелуші білім алушылардың Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті шешуде астарлы сөйлеу мен қарым – қатынас рефлексивтілігін танытудың психологиялық ерекшеліктері зерттелді.

Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерін қолдануда және жалпы қарым-қатынаста рефлексивтілігінің көріну дәрежелерін анықтауда А.В. Карповтың [140, с.64] рефлексияның жеке дара өлшемдерін анықтауға бағытталған психодиагностикалық сұрақнамасын қолдандық. Айқындаушы эксперименттің нәтижелерінде анықталғандай, С.М. Джакупов [134, с. 84] «бірлескен

танымдық диалогтық қарым-қатынас» тұжырымдамасы тұрғысы негізінде білім алушылардың рефлексивтілігінің пайыздық үлесінің көрсеткіштері 23 - кестеде көрсетілген.

Бұл кезеңде айқындаушы экспериментке қатысқан 160 зерттелушіден 114-і (А) тобындағы білім алушылардың қарым-қатынас рефлексивтілігінің деңгейі жоғары, яғни «эффектісі барлар» 38%-ын қамтыса, (Б) тобындағы зерттелуші 186 білім алушыда қарым-қатынас рефлексивтілігінің деңгейі төмен, яғни «эффектісі жоқтар» 62%-ын көрсетті.

Кесте 23 - Эксперимент бойынша білім алушылардың қарым – қатынас рефлексивтілігі бойынша пайыздық үлесінің көрсеткіштері

Топтар	Қарым – қатынас рефлексивтілігінің деңгейі жоғары: «эффектісі бар»			Қарым – қатынас рефлексивтілігінің деңгейі төмен: «эффектісі жоқ»			Қосындылары
	Зерттелушілер саны	% үлес		Зерттелушілер саны	%үлес		
АЭТ	61	(38%)	А	99	(62%)	Б	160
ҚЭТ	115	(72%)	А	45	(28%)	Б	160

Эксперименттік зерттеудің жеке-тұлғалық компоненті бойынша үшінші кезеңінде кәсіби өзін-өзі жетілдіретін тұлғаның Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерін меңгеруін білдіретін кәсіби мәнді қасиеттерін зерттедік.

2. Осы кезеңде білім алушылардың әр қырлы тұлғалық қасиеттерін анықтайтын Маслоудың «Өзін-өзі таныту» тесті қолдануға алынды. Осы сынақ үшін анықтаушы эксперимент нәтижесінде алынған орташа арифметикалық мәндер 24-кестеде келтірілген.

Кесте 24 - Эксперимент қалыптастырушы кезеңі мен қорытынды кезеңінде айқындалған білім алушылардың өзін-өзі сәйкестендіру параметрлерінің орташа арифметикалық көрсеткіштері

Эксперимент түрлері	Өзін – өзі таныту параметі				
	Құндылық бағдарлар	Мінез – құлықтың икемділігі	Қарым – қатынас	Танымдық қажеттіліктер	Шығармашылық
Қалыптастырушы кезең	5,2	5,2	4,4	4,4	4,4
Қорытынды кезең	6,2	7,2	8,4	7,4	9,4

Зерттеудің мақсатына сәйкес тұлғаның қарым-қатынаста өзін-өзі көрсету ерекшеліктерін анықтайтын осы тесттің 5 шкалалары (құндылық бағдарлар, мінез-құлықтың икемділігі, қарым-қатынас, танымдық қажеттіліктер мен шығармашылық) бойынша зерттеу жүргіздік.

«Өзін-өзі таныту» тесті бойынша алынған нәтижелерге негізделе отырып, біз зерттелушілердің айқындаушы экспериментте анықталған өзін – өзі таныту деңгейінің пайыздық мөлшерін таптық. Бұл нәтижелер бізбен келесі 25-кестеде көрсетілді. Зерттелушілердің өзін-өзі таныту сипаттамаларының нәтижелерінің талдауы көрсеткендей, айқындаушы экспериментте олардың 52%-ы «Құндылықтық бағдарлар» шкаласы бойынша төмен нәтижеге ие болып, олардың құндылықтары өзін-өзі танытатын тұлға құндылықтарына сай келмейтіндігін білдіріп жоғары көрсеткішті көрсетсе, ал қалыптастырушы экспериментте ол көрсеткіш 15%-ға төмен шаманы көрсетті. Айқындаушы экспериментте зерттелушілердің 36%-ы өзін-өзі танытатын тұлға құндылықтарын жартылай бөліссе, ал қалыптастырушы экспериментте 45%-ға жоғарылады, 38%-ы мұндай құндылықтарды жоғары қабылдайтынын көрсетті.

Айқындаушы экспериментте зерттелушілердің «Мінез-құлық икемділігі» шкаласы бойынша алынған нәтижелерден, олардың 56%-ы бұл шкаладан төмен балл алып, өзгермелі жағдаяттарда өздерінің тез және адекватты жауап беру және бейімделу қабілеттерінің төмендігін білдірсе, ал қалыптастырушы экспериментте 7,5%-ға түсті.

Кесте 25 - Білім алушылардың экспериментте анықталған өзін – өзі жетілдіру деңгейінің пайыздық мөлшері

Шкалалар	Қалыптастырушы кезеңде						Қорытынды кезеңде					
	Ж		О		Т		Ж		О		Т	
	N	%	n	%	N	%	N	%	n	%	n	%
1. Құндылықтық бағдарлар	19	12	58	36	83	52	62	38	73	45	25	15
2. Мінез – құлық икемділігі	32	20	38	24	90	56	68	42	80	50,5	12	7,5
3. Қарым – қатынасшылдық	26	16	45	28	89	55	85	54	62	38	13	8
4. Танымдық қажеттіліктер	16	10	48	30	96	60	76	48	68	42	16	11
5. Креативтілік	23	14	50	31	87	55	88	55	60	37,5	12	7,5
Ескерту	Жоғары - Ж		Орташа - О		Төмен - Т		Жоғары - Ж		Орташа - О		Төмен - Т	

Қалыптастырушы экспериментте зерттелушілердің 24%-ы мұндай қабілеттердің орташа деңгейін көрсетсе, қорытынды экспериментте 50,5%, ал 20%-ы жоғары деңгейде қалыптасқандығын көрсетсе, қорытынды экспериментте 42% -ға артты.


Қалыптастырушы экспериментте «Қарым-қатынасшылдық» шкаласы бойынша 56% студенттердің терең әрі тығыз субъект – субъектілік қарым - қатынасты орнатуға қабілеттерінің төмендігін білдірсе, ал эксперименттен кейін 8%-ы төмендігін көрсетті. Қалыптастырушы экспериментте 16%-ы қабілет жоғары деңгейде деп көрсетсе, ал эксперименттен кейін 54%-ы білім алушыларға бұл «Қарым-қатынасшылдық» шкаласының жоғары деңгейде қалыптасқандығын көрсетті.

Ал қалыптастырушы экспериментке дейін орташа байланыс деңгейі 28%-дан 38%-өскені анықталды. Сосын эксперименттен кейін анықталған нәтижелерді «Өзін-өзі жетілдіру» тесті бойынша, яғни қорытынды кезеңде көрсетеміз (кесте 26).

Кесте 26 - Тәжірибеден кейін анықталған білім алушылардың өзін-өзі сәйкестендіру параметрлерінің орташа арифметикалық көрсеткіштері

Эксперименттің түрлері	Өзін – өзі таныту параметрі				
	Құндылық бағдарлар	Мінез – құлық икемділігі	Қарым – қатынас	Танымдық қажеттіліктер	Шығармашылық
Қалыптастырушы эксперимент	5,5	5,2	4,4	4,4	4,4
Қорытынды эксперимент	4,7	5,0	5,3	5,0	5,2

Бұл көрсеткіштердің визуалды бейнесі 10- суретте көрсетілген (сурет 10).



Сурет 10 - Зерттелуші білім алушылардың эксперименттен алынған өзін – өзі жетілдіру параметрлерінің орташа арифметикалық көрсеткіштерінің салыстырмалы көрінісі

Қалыптастырушы экспериментте зерттелуші студенттердің 60%-ы «Танымдық қажетіліктер» шкаласынан, ал 55%-ы «Креативтілік», яғни шығармашылық шкаласынан төмен балл алуы олардың өнер мен шығармашылыққа аз қызығушылығын білдірсе, ал қорытынды кезеңде зерттелуші студенттердің 11%-ы «Танымдық қажетіліктер» шкаласынан, ал 7,5%-ы «Креативтілік», яғни шығармашылық шкаласынан төмен балл алуы олардың өнер мен шығармашылыққа деген қызығушылықтарының өзгерістерін білдірді.

30%-дан 42%-ға дейін білім алушылардың орташа қызығушылықтары артты, ал тек қалыптастырушы экспериментте 10%-ы таным мен шығармашылыққа жағымды қатынас пен жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдері туралы білімдерді алуға талпыныстарын білдірсе, ал қорытынды кезеңде 48%-ы таным және шығармашылыққа 55%-ға жағымды қатынасы артып, олардың кәсіби тұлғалық шығармашылық бағыттылығын көрсетті.

Сыр сүлейлері шығармаларына жаңаша көзқараспен жан-жақты баға беріп, шығармаларына талдау жасай отырып білімдерін жинақтады. Сыр сүлейлері атанған бірнеше ақын-жыраулар, жыршы-термешілердің шығармаларын көркемдік-стильдік жағынан заманауи педагогикалық техниканы жоғары деңгейде меңгерумен қатар, білім алушылар Сыр сүлейлері шығармаларындағы ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға бағытталған іс-әрекеттегі олардың ішкі рухани ресурстарын дамыта алды.

Міне, теориялық және экспериментальдық зерттеу нәтижесі жоғары оқу орындарында болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мамандарына тек Сыр сүлейлері шығармаларындағы ғана емес, жалпы қазақ әдебиетіндегі әдеби бейне және бейнелілік мәселесін біз ұсынған модель мен элективті курс бағдарламасына сәйкес оқытса, онда болашақ мамандардың кәсіби қарым-қатынас дайындығы интеллектуалдық, рухани жағынан қамтамасыз етіледі. Өйткені аталған компоненттер бәсекеге қабілетті, құзыретті мамандар даярлауға мол мүмкіндік береді деген ғылыми болжамымыз педагогикалық-психологиялық, математикалық өлшем әдістерімен толық дәлелденгендігін көрсетті.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Зерттеу жұмысы бағытындағы ғылыми-зерттеулерді талдап қорытындылау ЖОО-да Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту арқылы тілдік бейнелеу амал-тәсілдерін, көркемдік сипатын аша отырып, жоғары білім беру жүйесінде Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелілікті оқыту негізінде болашақ кәсіби тіл мамандарын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасауға мүмкіндік берді.

Модельдің тиімділігін айқындау үшін тәжірибелік-эксперимент жұмысын жүргізу қажет болды. Біз зерттеу барысында болашақ (тіл мен әдебиет пәнін оқытатын) филолог мамандарға Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби

бейне мен бейнелілік мәселесін жаңа технологиялық тәсілдермен оқыту арқылы кәсіби-тұлғалық сапаларын дамуы деңгейінің өзгеруін бақылау үшін диагностикалық әдістерді таңдадық.

Біз әзірлеген және енгізген оқу-таным жұмыстарының арнайы тиімділігін бағалау үшін эксперименттік және бақылау топтарындағы нәтижелерге салыстырмалы талдау жүргіздік.

Болашақ тіл мамандарының Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті ЖОО жағдайында оқу үрдісінде меңгеруі бойынша тәжірибелік – эксперименттік жұмыстың мақсаты мен міндеттері, модельдің компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және деңгейлеріне сәйкес алынған нәтижелері ашып көрсетіледі. Эксперимент барысында алынған нәтижелерге талдау жасалып өңделді.

Қалыптастырушы эксперимент барысында эксперимент тобына жүргізілген «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» атты арнайы курс бағдарламасы өз нәтижесін бергенін анық көруге болады. Білім алушыларға Сыр сүлейлерінің шығармашылығы, ондағы «әдеби бейне», «бейнелілік» категориялары жайлы білім беру, қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар Сыр сүлейлері атанған бірнеше ақын – жыраулар, жыршы-термешілердің шығармаларын көркемдік – стильдік жағынан заманауи педагогикалық техникамен оқыту, білім алушылардың өзін-өзі білімдендіруіне ықпал еткенін байқауға болады. Зерттеу нәтижелерінің репрезентативтілігі, яғни, келешекте осы тақырыптың әрі қарай да практикада қолданысқа ие болатындығын аңғартады.

Екінші кезекте қалыптастырушы экспериментке дейінгі және кейінгі эксперименттік және бақылау топтарының 160 білім алушысына шығармашылық – іс-әрекеттік компонент, өлшемі – шығармашылық белсенділік бойынша теориялық білім қалыптасу деңгейлері зерттелді. Осы орайда, диагностикалау мақсатында қалыптастырушы экспериментке дейінгі ЖОО – да Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту кезінде білім алушылар ізденіс, зерттеу және талдауға негізделген шығармашылық жұмыстарға жұмылдырылды. Білім алушылардың «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» барысында әртүрлі іс-әрекетте: оқу, аудиториядан тыс, ғылыми жобаларда, айтыс, мүшайраларда, клуб жұмыстары арқылы бақыладық.

Зерттеу нысанасына Базар жырау, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шораяқтың Омары, Қарасақал Ерімбет, Қаңлы Жүсіп, Кете Жүсіп, Күдеріқожа Көшекұлы т.б. сияқты ақындардың шығармалары арқау болды. XIX – XX ғасырда Сыр елінде өмір сүрген қазақ поэзиясына жанаша көркемдік ізденіс әкелген ақындардың туындылары алынды. Қарастырылып отырған мәселелердің сипатына, ауқымына қарай іріктелген ақындардың жекелеген поэзиялық туындылары контент-талдау әдісімен игерілді. Нәтижесінде болашақ тіл мамандарына Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерін оқытудың салыстырмалы көрсеткіштері деңгейінің сапалы өсуінің

оң динамикасын айқын көрсететін жоғарыда келтірілген статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, келесі тұжырымдар жасауға негіз бар:

Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесін оқытудың ғылыми – әдістемелік негіздері арқылы болашақ әдебиет пәні мұғалімдерін кәсіби тұлға ретінде қалыптастырудың құрылымдық – мазмұндық моделін жүзеге асыру оқытушы мен білім алушы арасындағы өзара әрекеттестіктің оң динамикасына ықпал етеді;

Дәрісханадағы және дәрісханадан тыс оқу іс-әрекеттерінде Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерін оқытудың педагогикалық ықпал ету үдерісі болашақ әдебиет пәні мұғалімдерін кәсіби тұлға ретінде қалыптастырудың құрылымдық – мазмұндық моделін жүзеге асыру жағдайында, заңдылықтар мен ұстанымдарды ескере отырып, ұсынылған модель аясында педагогикалық жағдайлар кешенін құру кезінде, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және шығармашылықпен жүзеге асырылуы, білім алушылардың Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік тәсілдерін заманауи АКТ техникаларымен оқытудың тиімділігін арттырады. Болашақ тіл мамандарын кәсіби даярлаудағы заманауи талаптардың жоғарылауын қамтамасыз етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әр дәуірдің суреткері шығармаларында өзінше қолтаңба қалдырады. Қазіргі кезде тіл, оның ішінде ұлт тілінің және бейнелілік мәселесінің өзіндік ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін зерттеу бағытына басымырақ көңіл бөлінуде. Осылардың негізінде зерттеу жұмысымызда тіл мен ойдың, тіл мен танымның, бейнелілік пен әдеби бейненің бірлігін дәлелдеу үшін алдымен әдеби бейне мен бейнеліліктің теориялық негіздерін тану қажеттілігі туындайды. Соның негізінде Сыр сүлейлері шығармалары негізінде ұлт болмысына, тарихына, салт-дәстүр, ұлттық санасына, өзіндік ерекшеліктеріне қатысты дүниелердің сырына көз жеткіздік. Сондай-ақ, Сыр сүлейлерінің жалпыхалықтың тілдегі көріктеу құралдарын өзіндік сөз саптау мәнеріне сай елеп-екшеп, шеберлікпен пайдаланып, жетілдіріп қолданғанына көз жеткіздік.

Зерттеу жұмысымыздың бірінші міндеті - Сыр сүлейлері Базар жырау, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шораяқты Омары, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Қарасақал Ерiмбет және т.б. ақындардың көркемдік ойлауын және суреткерлік дүниетанымын айқындау болатын. Осы міндетті шешу барысында көптеген әдеби-теориялық еңбектер мен ғылыми-тұжырымдамалық мақалалар талданып, нәтижесінде мынадай қорытындыға келдік: көркемдік бейне – адамның қоғамдық өмірінің оқырмандарына ашып көрсететін суреті. Ал, көркемдік образ – яғни, әдеби бейне сурет дегенді білдіреді, бірі – көріктеу тәсілі болса, екіншісі – тіл образдылығы. Сыр сүлейлерінің әдеби бейне, образды сөз қолданысын көркем тілмен жеткізуін талдай келе, поэзиялық айшықты орамдармен берілетін элементтердің мол екені айқындалды.

Сыр сүлейлерінің жазба айтысындағы бейнелілік пен ұлттық сипатты қарастырдық. Ұлттық мінез бен көркемдік ойлау, символдық бейне жасауда Сыр сүлейлері өзіне бағдар етіп, соны ізденістерге барған. Автор мен тыңдаушы бейнесі жазбаша айтыста өзіндік сипатқа ие болады. Шыңдалу жолында ақындар үлкен үйрену мектебінен өткені және дәстүрді шеберлікпен жалғастырғаны сөз болды. Сыр сүлейлері қай шығармасында болсын ұлттық бейне жасауға ұмтылған. Осы негізде қазақ әдебиетінің әлемдік әдебиеттегі орнын ұлттық мінезді шығармашылық даралығымен бейнелеген. Мәселен, «Оңғар жырау мен Ырысты қыз», «Күдеріқожа мен Ұлбике», «Бұдабай мен Қарлығаш», «Ырысты қыз бен он алты ақынның айтысы», «Керейт Даңмұрын мен Қаңлы Жүсіп», «Он алты ақын айтысы», «Алты ақынның өмір туралы айтысы», «Кете Жүсіп, Тұрымбет, Жиенбай», «Т.Ізтілеуов пен Ш.Омары» т.б.

Осы негізде қазақ әдебиетінің әлемдік әдебиеттегі орнын ұлттық мінезді шығармашылық даралығымен бейнелеген ақындар ұлттық кейіпкер бейнесін жасаған.

Біз сөз еткен сүлейлер шығармаларында сыр, бояу, ұлт сипатын білдіретін өрнек, нақыштар жеткілікті екені сараланды. Ақындардың өлеңдеріндегі көркемдік құралдардың қолданысын талдай отырып, оның ұлттық, танымдық мәніне үңілу, ұлттық бар болмысынан хабар берудегі қызметіне тоқталумен құнды болып келеді. Сыр сүлейлері қолданған

бейнелілік, яғни образдап сөйлеу ұлттың бар болмысы мен дүниетанымынан хабар беруімен құнды.

Диссертациялық жұмыстың келесі міндеті - жоғарыда аталған ақындар өлеңдері, мысал, айтыс, дастандарындағы символдық бейне жасау тәсілдерін саралау болатын. Сыр сүлейлерінің мысал, айтыс, дастандарындағы әдеби бейненің көрінісін өсиеттік, аңыздық, дастан хикаялық, мысал айтыстар деп топтап талданды. Т.Ізтілеуовтің «Лұқпан Хакім», «Ата мен бала», Ш. Омарының «Маймыл», «Жарлы Тәліп», Ж. Қадірбергенұлының «Ағайынды үш жігіт», «Жүкті қыз», Бұдабай Қабылұлының, Ү.Жұманазардың, Т. Үркімбаевтың, мысалдары ғылыми айналымға түсті. Сыр сүлейлерінің мысалмен ой қозғауы арқылы мысал айтысын тудырғаны сөз болды. Мысал өзіндік ерекшелігі бар жанр болғандықтан, ақындардың сөз саптауы мен образды, бейне жасаудағы ерекшелігі де ашылды. Күлдіру, әшкерелеу, ой қозғау, ойды қиялмен жеткізу шеберліктері дәлелденді.

Ақындардың өмірді образ арқылы ойлауы, тануы, бейнелеп берудегі ерекшелігі сөз болғанда, ойды бейнелі жеткізуі назарда болды. Іс-әрекетті түрлі әдіспен бейнелеп берудегі, кейіпкер бейнесін жасаудағы сөз қолданыстары ашылды. Образдылық пен суреткерлік, халық тілінің шұрайлы кестелері Сыр сүлейлеріне тән құбылыс деген тұжырым жасап отырмыз.

Сыр сүлейлерінің мысал, дастандарындағы әдеби бейнеге талдау жасап, біршама оң нәтижеге қол жеткіздік. Мысал, дастандардағы образдылықты салыстыра отырып, авторлардың айтпақ ойын, сөз қолданысындағы ерекшеліктеріне тұжырым жасадық.

Талдау барысында, мынандай қорытындыға келдік:

- Ұлттық мінезді, образдың типтілігін екі түрге бөліп қарастырдық, ұлттық мінез және типтілік;

- шығарма мазмұны ғана емес, пішіннің өзгеруі мінез ықпалына байланысты болады;

- Барлық образдарды қазақ болмысына сай жасаған;

- Түрлі кейіпкерлердің мінезін ашуда диалог пен монологты басты тәсіл ретінде қолданған;

- Ақындар қолданған тілдің көркемдегіш құралдары теңеу, эпитет, метафора, метонимия, символ т.б. ойды ықшамды, образды барынша бейнелі етіп суреттеуде ерекше қызмет атқарған.

Келесі міндет өлке әдебиетін оқытудың әдіснамасын, ғылыми-теориялық негіздерін, дидактикалық жеке пәндік ұстанымдарын айқындау. Бұл міндетті шешу барысында оқытудың жалпы принциптеріне талдау жасай келе, жоғары оқу орындарында әдебиетті оқытудың жекелеген принциптерін анықтадық. Олар: Әдебиетті сөз өнері ретінде оқыту принципі; көркем шығарманы оның пішіні мен мазмұнының бірлігі негізінде талдау принципі; тарихилық принципі; нақты автор шығармашылығындағы дәстүр мен жаңашылдық принципі; пәнаралық байланыс принципі; әдебиет тарихы мен теориясының негізгі ұғымдарын меңгеру принципі; тарихи-мәдени ақпарат пен рухани-эстетикалық ұғымдарды түсіну принципі; қазақ тілінде сөйлеудің көркем

тәсілдерін меңгеру принципі. Аталған принциптерге сипаттама беріліп, әдебиетті оқыту әдістемесіндегі орны анықталды.

Зерттеу жұмысының соңғы міндеті-студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуда оқытудың мазмұндық және құрылымдық моделін жасау және оны оқу процесіне енгізудің тиімді әдістерін жүйелеу. Бұл мәселе ЖОО-да әдебиетті оқыту процесін біршама жылдан бері зерделеп, біліп келе жатқандықтан, Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелілік мәселелерін теориялық тұрғыдан жан-жақты зерттеп, оны оқытудың біз анықтаған тиімді жолдарымен жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына енгізсе, ұлттық білім мен ғылымның өркендеуіне үлкен үлес қосатынын бірден түсіндік. Сондықтан Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелілікті оқытудың мазмұндық-құрылымдық моделін жасап, оны оқу процесіне қалай енгізу керектігі көрсетілді. Соның нәтижесінде «ЖОО-да Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» атты элективті курс бағдарламасы жасалып, силлабусы әзірленіп, оқыту үдерісіне енгізілді. Бұл жұмыстардың тиімділігі эксперимент арқылы дәлелденді.

Сонымен қатар ақындар поэзиясындағы суреткерлік дүниетаным тұрғысынан поэзиялық туындыларға талдаулар жасалынып, ақындардың өзіндік ерекшеліктеріне баға берілді. Соның нәтижесінде ұлттық әдебиетке әкелген тың серпін, теориялық бағыт қарастырылды. Төмендегідей мәселелер ғылыми шешімін тапты:

- нысанға алынған шығармалардағы ұлттық сипат пен мінез және көркемдік ойлау формалары жинақталып, жүйеленді;

- Сыр сүлейлері қолданысындағы көркем бейне дәйегі айқындалып, жазба айтыстар мен мысал, дастандардағы Сыр сүлейлерінің көркемдік кестесі, бейнелілік нақыштары ғылыми тұрғыдан дәйектелді;

- Сыр өлкесі қаламгерлері шығармашылығын оқытудың дидактикалық, жеке пәндік ұстанымдары айқындалды;

- Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуда оқытудың мазмұндық және құрылымдық моделі жасалып, оны оқу процесіне енгізудің тиімді әдістері жүйеленді.

Алынған қорытындылар мен негізгі тұжырымдар әдебиетті оқыту курсына қолданылды, тәжірибеден өткізілді, алынған нәтижелерге сараптама жүргізілді. Сондықтан диссертациялық жұмыстың материалдары мен нәтижелерін жоғары оқу орындарындағы «Қазақ филологиясы», «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларында, сондай-ақ, өлке әдебиетін зерттеуде, оның ұлттық-танымдық ерекшеліктерін айқындауда, ал, зерттеудің практикалық нәтижесін орта арнаулы оқу орындары тәжірибесінде, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, қайта даярлау институттары мен жалпы орта білім беретін мектептердің білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

Біздің зерттеу жұмысымызда Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелілік мәселесі әдеби-теориялық тұрғыда алғаш рет қарастырылды. Бұған дейінге көптеген зерттеу еңбектері Сыр сүлейлерінің мол

мұрасын мұрағаттар мен халық арасынан теріп, жинап, ғылыми орта мен көпшілікке таныту болған. Әдеби бейне жасаудағы, бейнелілік пен суреткерліктің өткеніне үңілу, бүгінгісін сараптау, болашағын болжау тұрғысынан алғанда аталмыш жұмыстың ғылыми салмағы басым деп айта аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 318 б.
- 2 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1979. – 198 б.
- 3 Жұмалиев Қ. XVIII – XX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1967. – 436 б.
- 4 Тәжібаев Ә. Есімдегілер. – Алматы: Жазушы, 1993. – 400 б.
- 5 Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: ҚМКӘБ, 1956. – 340 б.
- 6 Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы: Жазушы, 1986. – 400 б.
- 7 Ахметов З. Современное развитие и традиции казахской литературы. – Алматы: Наука, 1978. – 328 с.
- 8 Базарбаев М. Көрікті ойдан – көркем сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 368 б.
- 9 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976. – 376 б.
- 10 Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 288 б.
- 11 Нұрғали Р. Қазақ әдебиеті. – Алматы: Рауан, 1994. – Б. 64 – 67.
- 12 Нарымбетов Ә. Қазіргі қазақ поэмасы. – Алматы: Ғылым, 1977. – 240 б.
- 13 Негимов С. Шәкәрімнің көркемдік шеберлігі. // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1991. - №2. – Б. 52 – 56.
- 14 Қалижанов У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы: Білім, 1998. – 256 б.
- 15 Шәріп А. Сұлтанбек Қожанұлы – әдебиетші. – Алматы: Ер-Дәулет, 1994. – 98 б.
- 16 Абрамович Г.Л. Введение литературоведение. Пособие для учительских институтов. – Москва: Учпедгиз, 1953. – 318 с.
- 17 Потебня А.А. Эстетика и поэтика. – М: Искусство, 1976. – 614 с.
- 18 Лотман Ю.М. Структура художественного текста. – М: Искусство, 1986, – 384 с.
- 19 Сейфуллин С. Шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1969. – 365 б.
- 20 Әуезов М. Жыраулық өнер. 20 томдық шығармалар жинағы. 1985. - Т.16. – 433 б.
- 21 Мұқанов С. Таңдамалы шығармалары. 16 томдық. – Алматы: Жазушы, – 1972. - 286 б.
- 22 Ысмайылов Е. Өмір мен өлең. Әдебиет жайлы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1968. – 254 б.
- 23 Қабдолов З. Арна. Зерттеу, сын, эссе. – Алматы: Жазушы, 1988. – 256 б.
- 24 Ахметов З. Әдебиеттің көркемдік мәні. // Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. // Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі. 2003. – 208 б.

- 25 Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. Қысқаша очерк. ЖОО студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Білім, 2003. – 224 б.
- 26 Нұрғали Р. Өнердің эстетикалық нысанасы. – Алматы: Мектеп, 1979. – 192 б.
- 27 Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 208 б.
- 28 Аристотель. Әлемдік философиялық мұра: 20 т. – Алматы: Жазушы, 2005. – Т.3. – 568 б.
- 29 Тимофеев Л.И. Основы теории литературы – 4-е изд. – М.: Просвещение, 1971. – 464 с.
- 30 Абрамович Г.Л. Введение в литературоведение: учебник для студентов филологических специальностей педагогических институтов. – 6-е издание, исправленное и дополненное. – Москва: Просвещение, 1975. – 352 с.
- 31 Потебня А.А. Теоретическая поэтика. – Москва: Высшая школа, 1990. – 344 с.
- 32 Шепилова Н.А. Моделирование непосредственно образовательной деятельности с использованием дидактических игр в дошкольной образовательной организации. // Гуманитарно-педагогические исследования. - 2020. - Т. 4, № 1. – С. 20 – 29.
- 33 Жирмунский В.М. Теории литературы. Поэтика и стилистика. – Ленинград: Наука, 1977. – 407 с.
- 34 Кожин В.В. Становление классического стиля в русской литературе. // Теория литературных стилей. Типология стилистического развития нового времени. – М: Наука, 1976. – № 65. – 94 с.
- 35 Сорокин В.И. Теория литературы. Начальный курс. Пособие для учителя. Государственное Учебно – педагогическое издательство Министерства просвещения РСФСР. - 1960. - 280 с.
- 36 Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
- 37 Жұмалиев Қ. Очерки из истории казахской дореволюционной литературы. – Алма – Ата: Мектеп, 1968. – 434 с.
- 38 Қабдолов З. Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996. – 256 б.
- 39 Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиет терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
- 40 Казлов А.С. Специфика искусства. Основы литературоведения. – Москва: Наука, 2003. – С. 13 – 14.
- 41 Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. [Мәтін]: зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 206 б.
- 42 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы, – Алматы: Мектеп, 1969. – 243 б.
- 43 Ысмайылов Е. «Әдебиет теориясының негіздері». – Алматы: Жазушы, 1940. – 158 б.
- 44 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 310 б.
- 45 Ахметов З. «Қазақтың өлеңінің құрылысы». – Алматы: Мектеп, 1979. – 147 б.
- 46 Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Алматы: Сардар, 2009. – 348 б.

- 47 Белинский В.Г. Халық өлеңдері туралы. – Алматы: Жазушы, 1987. – 240 б.
- 48 Тимофеев Л.И. Основы теории литературы. – Москва, 1971. – 118 с.
- 49 Бахтин М.М. Автор и герой эстетической деятельности. Проблема отношения автора к герою (Эстетика словесного творчества). – Москва, 1979. – 18 с.
- 50 Қабдолов З. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, Ұлттар, 1988. – 595 б.
- 51 Қабдолов З. Әуезов және оның көркемдік әлемі. – Алматы: Жазушы, 1986. – 253 б.
- 52 Құдайбергенова К.Т. Әдеби бейне және бейнеліліктің теориялық негіздері. // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.- 2020. - №4. - Б. 215 – 221.
- 53 Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы: Жазушы, 1958. – Т.1. – 25 б.
- 54 Қабдолов З. Менің Әуезовім. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014. – 314 б.
- 55 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
- 56 Қайдар Ә. Тарихи лексикология және этнолингвистика. – Алматы, 1988. – 280 б.
- 57 Белинский В. Собрание сочинений в трех томах // Пол.сбор.соч.– М: Художественная литература. 1959. – Т.3 – 241 с.
- 58 Қазақ ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ университеті, -Т. 3-5, Энциклопедияның бас редакциясы, 2006. – 704 б.
- 59 Ізтілеуов Т. Шығармалары. – Алматы: Дешті Қыпшақ, 2007. – 588 б.
- 60 Шораяқтың Омары. Шайыр. – Алматы: Жазушы, 1984. – 74 б.
- 61 Тұяқбаев Ғ. Қаңлы Жүсіп. – Астана: Фолиант, 2013. – 272 б.
- 62 Ізтілеуов Т. Назым. – Алматы: Жазушы, 1972. – 265 б.
- 63 Дүр Оңғар, Қызылорда, Қоғам, 2009. – 128 б
- 64 Құдайбергенова К.Т. Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және суреткерлік дүниетаным. «Жаһандану дәуіріндегі инновациялық менеджмент пен технологиялар» атты VIII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция - Бирмингем (Ұлыбритания) - 2021. – Б. 360 - 368.
- 65 Бердібай Р. Әр жылдар, ойлар. –Түркістан: Тұран, 2007. – 630 б.
- 66 Ақшолақов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. – Алматы: Рауан, 1994. – 224 б.
- 67 Ыбырай С. Мәдени мұралардың танымдық негіздері. (ғылыми – конференция материалдары). – Ақтау, 2004. - 260 б.
- 68 Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының көркемдік әлемі. – Қызылорда:Тұмар, 2008. – 243 б.
- 69 Құдайбергенова К. Базар жырау мен Т.Ізтілеуов шығармалары: әдеби бейне және бейнелілік мәселелері. «Қазақ тарихы» журналы. - Алматы, 2020. - №3 (179). – Б. 68-71.

- 70 Негимов С. Қазақтың сал-серілері. – Алматы, 2009. – 75 б.
- 71 Жармұхамедұлы М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. – Алматы: Мұраттас, 2001. – 293 б.
- 72 Жармұхамедов М. Алғы сөздер. Айтыстар. – Алматы, 1995 – 352 б.
- 73 Жолдасбеков М. Қазақ өнерінің антологиясы. 2 – том, – Алматы: Жазушы, 1988. – 352 б.
- 74 «Айтыс», – Алматы: Жазушы, 1965. – Т.2. – 252 б.
- 75 Мұқанов С. Айтыс. // Алғы сөзін жазған Құраст.: Ш.Ахметов, Б.Ысқақов. – Алматы, Жазушы, 1965. - Т.1. –556 б.
- 76 Ахметов Ш. Айтыс. // Құраст.: Б.Ысқақов, М.Байділдаев. – Алматы, Жазушы, 1965. – Т.2. - 664 б.
- 77 Қабылұлы Б. Шығармалары. – Алматы: Мұраттас, 1994. – 152 б.
- 78 Дабылұлы М. Шығармалар жинағы. – Қызылорда: Қоғам, 2009. – 120 б.
- 79 «Айтыс», – Алматы: Жазушы, 1988. – Т.2. – 352 б.
- 80 Кәрібозұлы Б. Сырлы сөз сипаты. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. - 281 б.
- 81 Базар жырау шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1986. – 200 б.
- 82 Дүйсенбаев Ы. Эпос және ақындар мұрасы, – Алматы: Жазушы, 1987. – 33 б.
- 83 Жұмабаев М. Базар жырау. // Ақжол, 1923. - № 374. – 5 б.
- 84 Әуезов М. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 238 б.
- 85 Кәрібозұлы Б., Құдайбергенова К.Т. Базар жырау мен Тұрмағамбет Ізтілеуов шығармаларындағы әдеби бейнелер. «Жастар - білім, ғылым, қоғамның қозғаушы күші» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары – Талдықорған. 2019. – Б. 154-161.
- 86 Кудайбергенова К.Т. Литературный образ и образность в произведениях поэтов-сказителей земли сыра Базар жырау и Т. Изтлеуова. // «Известия НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук». - Алматы, 2020. - № 2 (330) – С. 202-211.
- 87 Қосан С. Балқы Базар жырау. – Алматы: Сейітжанова, 2012. – 268 б.
- 88 Chengel H.K., Zhanbershieva U.N. Kudaibergenova K.T. A look at national education in the works of the storyteller Turmagambet Iztileuov. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Педагогика және психология» журналы, – Алматы, –2023. - №3(56). – Б. 33-39.
- 89 Жанбершиева Ұ.Н. Тұрмағамбет Ізтілеуовтің әдеби мұрасы. – Алматы: Арыс, 2013. – 332 б.
- 90 Ізтілеуов Т. Шахнама. – Алматы: Жазушы, 2004. – 360 б.
- 91 Ізтілеуов Т. Назым. – Алматы: Жазушы, 1972. – 265 б.
- 92 Дайрабай Т. Керейт Даңмұрын. – Алматы: Жазушы, 2000. – 130 б.
- 93 Тұяқбаев Ғ. Қаңлы Жүсіп. – Астана: Фолиант, 2013. – 272 б.
- 94 Шораяқтың Омары. Шайыр. – Алматы: Жазушы, 1984. – 74 б.

- 95 Жұмалиев Қ. XVIII-XX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1967. – 436 б.
- 96 Ахметов З. О своеобразии казахского литературного процесса начала XX века. // Известия АН Каз ССР. Сер. филол. - 1990. - №2. – С.282 – 290.
- 97 Құдайбергенова К.Т. Сүлейлер поэзиясындағы символдық бейнелердің қолданылуы. // Қазақ білім академиясының Баяндамалары. – 2020. - №4. – Б. 371-380.
- 98 Kudaibergenova K.T., Botabayeva Zh.T., Bashenova A.M. National Tradition and Literary-Cultural Connection in the Works of Syr Storytellers. The Europe and the Turkic World: Science, Engineering and Technology Materials of the VIII International Scientific-Practical Conference, Konya (Türkiye). - 2023. –Vol. II. - P. 306-310.
- 99 Қоңыров Е. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 192 б.
- 100 Базарбаев М. Өлең сөздің патшасы, сөз – сарасы. Алматы: Жазушы, 1973. – 256 б.
- 101 Ахметов З. Қазақ әдебиеті энциклопедиясы. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан даму институты, 1999. – 752 б.
- 102 Гангаров И.А. Русские писатели о литературном труде. Т 3, – Москва, 1955. – 95 с.
- 103 Әуезов М. 50 том шығармалар жинағы. 4 – том, – Алматы: Ғылым, 2001. – 456 б.
